

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері,
әдебиет сыншысы, жазушы-публицист
С.Әшімбаевтың 70 жылдығына арналған

«ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ:
ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ» атты
халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 6 қазан, 2017 жыл

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдимаңұлы**

Ғылыми редактор
филология ғылымдарының докторы, профессор **А.Б. Темірболат**

Жауапты шығарушы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Е.М. Солтанаева**

«Ұлттық интеллигенция: қарыз бен парыз» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 238 б.

ISBN 978-601-04-2908-6

Жинаққа көрнекті қоғам қайраткері, сыншы, публицист С. Әшімбаевтың 70 жылдығына арналып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2017 жылдың 6 қазанында өткен «Ұлттық интеллигенция: Қарыз бен Парыз» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енді. Конференцияда жасалған баяндамалар негізінен С. Әшімбаев шығармашылығының сыр-сипатын, сыншылық келбетін, азаматтық ұстанымын, қайраткерлік істерін, адами болмысын, еңбектерінің эстетикалық құндылығын сараптауға арналды. Конференцияда жасалған баяндамалар сын өнері мен қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін қозғайды.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, қалың көпшілікке арналған.

МАЗМҰНЫ

Мутанов Ғ.М. Алғы сөз. Қарыз бен парыз.....6

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

<i>Оразалин Н.М.</i> Тереңдік пен кемелдік кеңістігі.....	12
<i>Дзюба С.В.</i> О роли интеллигенции в построении современного гражданского общества.....	18
<i>Қалижанов У.Қ.</i> С. Әшімбаевтың рухани әлемі.....	26
<i>Елубаев С.</i> Сағат пен Шәрбан.....	33
<i>Қойгелдиев М.Қ.</i> Сағат Әшімбаевтың «Талант пен талап» мақаласына байланысты	36
<i>Ергөбек Қ.</i> Жанын жалау еткен	43
<i>Дәдебаев Ж.Д.</i> Сағат Әшімбаевтың қазақ әдеби сынындағы орны	50
<i>Молдабеков Ж.Ж.</i> Рухани кемелденудің таңбалары, тұғырлары	53
<i>Қастай Д.</i> Сағат Әшімбаев – әдеби сынның майталманы.....	59

1-СЕКЦИЯ. С. ӘШІМБАЕВ – КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ, ПУБЛИЦИСТ

<i>Медеубекұлы С.</i> Заманның сөзін сөйлеген қоғам және мемлекет қайраткері, сыншы, замансөз зергері Сағат Әшімбаев туралы	63
<i>Доспанбетов Ұ.</i> Шындық пен талантқа мұндастық.....	73
<i>Сарбалаұлы Б.</i> Кенен қаламгер, кемел қайраткер	81

2-СЕКЦИЯ. С. ӘШІМБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ СЫННЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Ісімақова А.С.</i> Сағат Әшімбаев – қазақ әдеби сынының сарапшы сарбазы.....	96
<i>Негимов С.</i> Сағат рухымен сырласу.....	100
<i>Мұсалы Л.Ж.</i> Ақиқатқа іңкәр, парасатқа құштар ғазиз жүрек	104
<i>Мәмесейіт Т.</i> Сымбаты бөлек сыншыл ой.....	107

<i>Бөпежанова Ә.</i> Азаматтық формуласы немесе	
Әшімбаев жұлдызы	117
<i>Кеңшілікұлы А.</i> Сыншыл парасат иесі.....	125
<i>Нүсіпова Ә. С.</i> Әшімбаевтың сыншылық-қайраткерлік тұлғасы... ..	129

3-СЕКЦИЯ. С. ӘШІМБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ- ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

<i>Нұғыман С.</i> Әшімбаев және әлем әдебиеті	139
<i>Арықбаев Б.Т.</i> Әшімбаев формуласы	144
<i>Қастай Д.</i> Журналистиканың басты кредосы – ақиқат: журналист	
Сағат Әшімбаевтың авторлық телехабарларының ерекшеліктері ...	150

4-СЕКЦИЯ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Темірболат А.Б.</i> Программированное обучение в образовательном процессе.....	154
<i>Болатова Г.Ж.</i> С. Әшімбаев еңбектерінің оқыту үдерісіндегі маңызы.....	159
<i>Қазыбек Г.Қ.</i> Кино өнері және дубляж аударма	164
<i>Әбдіқұлова Р.М., Мекебаева Л.А. Ж.</i> Аймауытұлының «Қара баксы» әңгімесіндегі көркемдік баяндау тәсілдері.....	170
<i>Қалқабаяева С.Ә.</i> Әдебиетті оқыту арқылы кәсіби құзіреттілікті менгерту.....	175
<i>Үмбетәев М.Б.</i> Әдебиетті орта мектепте оқытудың кейбір жолдары.....	179
<i>Асқарова А.Ш.</i> Сағат Әшімбаевтың сыни мақалаларын әдебиет сабағында оқытудың тиімділігі.....	186
<i>Ниязова Ф.</i> Жоғары мектепте оқу үрдісін ұйымдастырудағы лекцияның орны.....	192
<i>Набиуллина Г.М.</i> Ислам в современной башкирской прозе	200
<i>Баязитова Р.Р.</i> Некоторые особенности традиционного этикета башкир в творчестве М. Акмуллы	204

<i>Солтанаева Е.М.</i> Қ. Ысқақов шығармалары негізінде көркем пейзаж функцияларын оқыту	211
<i>Оспанова А.А.</i> Дархан Қыдырәлиевтің «Мұстафа Шоқай» еңбегі туралы	216
<i>Шортанбаев Ш.А. Ж.</i> Аймауытов пен Қ. Ысқақовтың романдарындағы пейзаждың көркемдік қызметін оқыту жолдары	222
<i>Оспанова Г.Т.</i> Интерактивті оқыту технологияларын студенттердің педагогикалық рефлексиясын дамыту құралы ретінде пайдалану мүмкіндіктері	226

ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев рухани жаңғыру міндеттерін алға қойғанда, ең алдымен ұлт зиялыларына сенім артқаны анық. Рухани жаңғыру дәл бүгінгі таңда ұлтымыз үшін аса маңызды, ең қажетті және сәт сайын әр азамат ешбір даурықпа - дабырасыз табиғи жолмен жүзеге асыруға атсалысатын үзіксіз үдеріс болуға тиіс. Өйткені, ғасырлар бойы бодан болып келген, күні кеше ғана азаттығын алған елдің санасында әлі де болса сол бодандықтың сарқыншағы жойыла қойған жоқ. «Батпандап кірген аурудың мысқалдап шығатыны» рас. Сондықтан да әрбір ұлт жанашырының рухани асыл құндылықтарымызды заман талабы, уақыт қажеттілігіне сәйкес қайта түлетуі үшін күрескені - барынша маңызды. Бұл күресте әлбетте ең алдымен зиялы қауымның атқарар ролі зор.

Әу баста латынның «ақылды», «ойлы» («intelligens») деген ұғымынан басталып, кейін интеллигент, соңғы жылдары жана қазақы атуға ие болған «ұлт зиялысы», «зиялы қауым» дегенде әуелі оның мазмұны мен айқындамасы, тарихи тамыры ойға келеді.

«Халықтың қуаттылығы және сақталып қалуы оның адал ойлы, сезімтал және істің жөнін білетін интеллигенциясына байланысты», - дегенді кезінде орыстың ең озық ойлы жазушыларының бірі А.П. Чехов айтқан еді. Шындығында, құлдық-күндік санадағы пендені азат санадағы адам қатарына алып шығатын ең үздік және сапалы зиялы қауым ғана ұлтын болашаққа жетелеп, оның ары мен ожданына айналады.

Жұрттың ұғымында «интеллигент» яғни «зиялы адам» – білімді, дарынды, адами құндылықтарды бойына мейілінше мол жинаған, оқығаны да, көкейіне тоқығаны да көп адам. Сонымен бірге ол – жақсылыққа жаны құмар, жамандық атаулының бәрімен күресуге дайын және өзін сол күрестің құрбаны ете алатын азамат. Дей тұрсақ та қазіргі әлеуметтанушылар мұндай айқындама он тоғызыншы және жиырмамыншы ғасырдағы оқығандар мен зиялыларға ғана тән, ал батыстық өркениетте ондай категорияға ең соңғы заманауи танымды терең игерген, жоғары білімді және сапалы кәсіби құзыретті адамдар жатады деп жүр. Кейбір саясаттанушылар бүгінгі зиялы қауымның бойында өзін өзі ұлт жолына құрбан ету сезімі жоққа тән, олар «ой айтушылар», «пікір өндірушілер» санатында ғана дегенді де айтады.

Қалай болғанда да бұл анықтамалардың бірінің біріне қайшылығы жоқ. Зиялы тұлға - ақылы мен парасатын қоғамға ой салып, халқының өркениет жолында дамуы үшін қажырлы еңбек етіп, қажеттілік туып жатса, өзін құрбан етуге дайын адам деп қабылдаған орынды.

Зиялы адамның бойына тән білімділік, біліктіліктен басқа зор қасиеттің бірі - адами болмысының тазалығы. Мәдениетті адам ғана «зиялы» деген атқа лайық десек ойымыз олқы болып қалады. Бұған қосымша жан дүниесінің де еркіндігі керек. Д.С. Лихачев «Орыс интеллигенциясы туралы» деген хатында «зиялы адам үшін еркіндік-адами категория, оның жан дүниесі ар-ұяттан құралған, ең бастысы оның болмысына таным бостандығы, түйсік тәуелсіздігі тән»- дегенді айтқан еді. Дәл осы тұста А.И. Солженицын де ішкі еркіндіктен ада, түйсігі тәуелді интеллигент өкілін оқығансымақтар қатарына жатқызды, «осындай жандүниесі азат емес адамдар билікке және байлыққа құмар болады» деген пікір білдірді. Л.Н. Толстойдың «Воскресение» романының бас кейіпкері айдауда жүрген төңкерісшіл интеллигенттерді көргеннен кейін, ол зиялылардың бойында өздері таңдаған жолға құлай берілу, сол үшін өмірін құрбан етуге дайын болу қасиеті барына көзі жетеді. Сол бас кейіпкер - Дмитрий Нехлюдовтің: «Бұлардың қарапайым адамдардан басты айырмашылығы-адамгершілікке деген талабы қатардағы адамдардың талаптарынан әлдеқайда жоғары» дейтіні де бар еді. Кейіпкері арқылы айтылған Л.Н.Толстойдың зиялы тұлғаларға деген бұл бағасы әрқашанда маңызды.

Қазақ интеллигенциясы, яғни қазақ зиялы қауымы әр ғасырда әр заманның талабы мен сұранысына қарай әр деңгейдегі міндеттерді атқарды. Қазақтың зиялы қауымы қай заманда да болған, олар қашанда ұлтының ұяты үшін өз заманының озық ойын ортаға салып, халқының санасын алға сүйреген.

Ғасырлардан аты қалған тұлғаларды зиялы етіп қалыптастырған айналасындағы басқа да ондаған, тіпті жүздеген көш бастап, сөз ұстағандар болғаны тарихтан белгілі. Демек, ұлтының болашағы үшін күреске шыққан жыраулар мен жыршыларды, билер мен сұлтандарды, ақындар мен серілерді өз уақытының зиялысы десек артық емес. Халқының болашағы үшін өзін құрбан етіп, күреске шығу - зиялы адамның ең басты қасиетінің бірі десек, онда кешегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске бастап, халықты соңына ерткен тұлғаларды қай категорияға жатқызамыз?

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында орысша, еуропаша оқығандар, шындығында, ұлттық интеллигенцияның жаңа сапасын ала

келді. Олар әлемдік саясаттан хабардар, жергілікті жердің экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси ахуалын жете білген, ұлтының алдында тұрған міндеттерді айқын сезіп, ұлт азаттығы үшін жүйелі түрде әрекет еткен еді. Жаппай сауаттандыру арқылы ең алдымен халықтың санасын адамзаттық өркениетке бастау - сол кездегі зиялылардың басты парызы болды. Хат таныған жұрттың саяси білігін көтеру мақсатында газет-журнал, кітап шығарып таратты. Бір-екі адам атқара алмайтын бұл іске мүдделері ортақ, мақсаттары бір зиялы қауым керек-тін. Сол қауымға қазақ оқығандары ұйытқы бола білді.

Жаңа қазақ интеллигенциясы дегенде біз ең алдымен Алаш қайраткерлерін ауызға аламыз. Негізінен бақуатты әулеттен, тәрбиелі отбасынан шыққан бұлардың бір де бірі қарақан басының қамына қызмет етпеді. Олардың жанын ауыртқаны - ұлтының жағдайы еді. Сол себептен де білімі мен білігін халқының болашағына жұмсады. Ақыры сол жолда құрбан болды. Сондықтан да оларды қазақ халқы бір сәтке де есінен шығармайды, ерекше ардақтайды. Алаш қайраткерлері, яғни қазақтың жаңа сападағы интеллигенциясы зиялы адамға керек тағы бір қасиетті айқындап кетті. Ол –биік саналы, тұлғалық қасиет иесі болу. Олар халқына шын жанашырлықпен қарап, соның келешегі үшін күресті де ұлттық интеллигенцияға керек қабілеттің бар екендігін іс жүзінде айғақтап кетті.

Кейін кеңестік, тоталитарлық саясат жүргізілген кезде зиялы қауым білім мен ғылымды, әдебиет пен өнерді алға сүйреу арқылы, қазақ деген халықтың да әлемдік өркениетке ілесе алатындығын дәлелдеуді басты парыз санады. Бұлар билікпен ымыраға келе жүріп ұлтының ұятына кір жұқтырмау үшін бойындағы бар дарын-қабілетін жеке басына емес, халықтың мүддесіне арнады. Бодандыққа шырмалып, құрдымға кетіп бара жатқан ұлттық тіл, салт-дәстүр, әдеп пен ғұрыпты сақтап қалу жолында күресе білді. Дәл осы кезде кеңестер одағының құрамындағы өзге ұлт интеллигенциясының да, қазақ зиялыларының келесі толқынының алдында да, өз елінде, өз жерінде «Біз кімнен кембіз?» деген сұраққа жауап табу, өздерінің ешбір ұлттан кем еместігін таныту парызы алға шықты. Соның бір ғана айғағы - Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я»- сының жарыққа шығуы кеңестік кеңістікті дүр сілкіндіріп, өзге республикаларда да ұлттық рухты көтерді. Бұл басылымды Батыста кеңес үкіметінің құлауына ықпал еткен кітаптың бірі санап, А. Солженициннің «Архипелаг Гулаг» кітабымен шендестірді. Белгілі ғалымдардың ұлттық құндылықтарды жарыққа шығару талпыныстары, бұрын одақ көлемінде жабық, бірақ шет елде ашық тақырыптардың там-тұмдап айтыла бастауы коммунистік наным мен сенімнің пердесін ысырғандай болды.

«Жариялылық» пен «демократия» және «қайта құру» деген горбачевтік ұрандарды ұлттық сананың қайта оянуына өте тиімді пайдаланған да, сананың бодандықтан арылуына жұмсаған да зиялы қауым өкілдері еді.

Дәл осы тұста Сағат Әшімбаев есімі елден ерек жарқ ете қалды. Ол Ұлттық телеарнаға басшы болып келген жылдары телекөрсетілімдердің арасына сыналап ұлттық қадыр-қасиеттерді насихаттайтын бейне түсірілімдерді қосты. Патшалық отарлаудың кеңестік отарлауға ұласқан кезеңдерінде ұлт алдында тұрған ең өзекті мәселелерді қозғаған, халықтың намысын қайрап, рухын оятқан оның авторлық бағдарламалары еді. Көптің көкейінде жүрсе де ашық айтылмайтын мәселелерді жария түрде қоғамға ой салды. Ең қуатты ақпарат құралы арқылы жеткен ашық ойлар көрерменге ресми түрде айтылғандай әсер етті.

Зиялы адамда болуға тиіс адалдық пен әділдік Сағаттың бойына ата-ананың қасиетінен, қазақ фольклоры мен әдебиетінің асыл жауһарлары арқылы дарығаны анық. Әсіресе, ұлы Абайды жаттап өскен ол данышпан айтқан пікірлерді бүгінгі болмыспен саралай отырып, әлеуметтік–философиялық қорытындылар жасауға ұмтылды, кешегі қазақ пен бүгінгі қазақты салыстыра келе кемшілігін көріп, жұртының ар-ожданына дабыл қақты. Қазақ деген халықтың әлемдік өркениет көшіне ілесуіне, қайта түлеп, рухани жаңғыруына мұрындық болғысы келді. Ұлы Абайдың «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деген ұлағатына сай халқына қалтқысыз адал қызмет етті. Бұл – оның азаматтық ұстанымы еді. Университетте сабақ берген ұстазы Мырзатай Жолдасбеков: «Сағат шығармашылығының өн бойынан адамға сүйіспеншілік, өмірге іңкәрлік айқын аңғарылады», - деген еді. Расында, адамға сүйіспеншілік, өмірге іңкәрлік зиялы адамға тән десек, олар Сағат Әшімбаевтың әр сөзінен, әр ісінен айқын аңғарылатын. Замандасы Мұрат Әуезовтің: «Сағат Әшімбаев - өзіне дейінгі күрескер зиялы қауымның өнегесінен үлгі алған, тағылымын бойына молынан сіңірген, ғажап білімді адам» дегені де шындық.

Оның «Қарыз бен Парыз» бағдарламасы ұлттық санаға айырықша серпін берді. Осы жылдары мен Мәскеуден оқудан оралған едім. Кеңес одағының ордасынан ұлттық рухқа шөлдеп оралған біз секілді жастарға Сағаттың «Қарыз бен Парызы» кеберсіп келген аңқамызға нәр тамызғандай болды. Көкейімізге ұлтымыз оянған екен, халқымыздың арасынан ұлты үшін басын бәйгеге тігіп, ақиқатты ашық айта алатын тұлғалар шыққан екен деген сенім және үміт ұялатты, біздерді, жастарды жігерлендірді. Әр хабарды асыға күтіп, ынтыға көріп, артынан хабардан туған ойларымызды ортаға салатынбыз. Меніңше бұл әр отбасында, ұлтының рухын аңсаған әр топта

қайталанды. Ашығын айтсам, ол жылдар көкірегі ояу, көзі ашық азаматтар қоғамда үлкен өзгерістер күтті. Сол жылдары халқымен қайта қауышқан Алаш қайраткерлерінің күрескерлік жолымен танысқан әр зиялы ұлт алдындағы перзенттік борышын ойлай бастады. Дәл осы тұста алаштық рухтағы күрескерлік позициясын биік ұстап, ұлттық кеңістікте ұмыт бола бастаған «Қарыз» және «Парыз» деген екі ұғымды ұрпақ санасында қайта жаңғыртқан Сағат Әшімбаев бір-бірімен сабақтас әлеуметтік - психологиялық екі үлкен категорияны саяси-философиялық биікке көтеріп, жаңа мазмұнда ұсынды да болашаққа алаң болған азаматтық сананы әрекетке бастауға шебер колданды. Әріптесі Ғадылбек Шалахметовтің сөзімен айтсам: «Сағат студия қонақтарын ұлттың алдында тұрған ең күрделі мәселелер, өзекті тақырыптар туралы ашық әңгімеге шақырды».

Бағдарламаны қарап отырып, кейбір интеллигенттің тосын қойылған сұраққа тіке жауап берудің орнына жалтарып, жасқаншақтанып жатқан сәгінде сөз тізгінін Сағаттың өзі ұстайтын. Шегін, қиын сұрақтарға «ол былай ғой» деп бар жауапкершілікті өз мойнына алып, өзі жауап бергенін сан мәрте естідік. Бұл - оның батылдығы әрі ерлігі еді. Осындай терең ойлы, батылдығы басым «Қарыз бен Парыз» бағдарламасы шындығында булығып жүрген ұлттық рухқа үлкен серпіліс берді. Әр бағдарламаны бүкіл қазақ асыға күтті. Өйткені, олар сана азаттығына жол ашар саңылауды осы бағдарламадан тапты. Тамырындағы ұлттық код талшықтарын таныды. Қоғамдық ой-пікір қозғауға атсалысып, өзіндік көзқарасын осы бағдарлама арқылы білдіруге ұмтылды.

Ұлттық сананың жаһандық үдерістер барысында аршылмай жатқан актандақтардың орнын толтыруға мұрындық болған «Қарыз бен Парыз» бағдарламасы көрермендердің сұрауына орай қайта көрсетілетін. Бұл шындық – қоғамда адамдардың ненің қарыз, ненің парыз екендігін сезіне бастағандығының айғағы болатын.

«Біреуге болсаң берешек,
Ол-сенің қарызың.
Ел алдындағы борышың
Ол- сенің парызың.

Дүниеден өткенде сұрар молда:
«Марқұмның қарызы бар ма?»
Болса адамның қарызы егер,
Оны жақын туысы өтер.

Парызды ешкім сұрамас,

Болмаса өзіңнің ойыңда.

Өмірде оны өтеп кету

Тек қана сенің мойныңда! – деген өлең жолдарымның тууына да осы Сағат Әшімбаев жасаған бағдарламалар себеп болғаны рас.

Қазақ тарихындағы өзіне дейінгі ұлттық интеллигенциядан үлгі алған және солардың ұлттық мұрат жолына бүкіл ғұмырын арнаған Сағат Әшімбаевты өз заманының озық мәдениетті, биік парасатты, терең білімді күрескер тұлғасы ретінде халық ерекше бағалайды және кейінгіге үлгі етеді.

Дәл қазір тарихи мәні мен маңызы зор жалпыұлттық рухани жаңғыру мәселесі көтерілгенде, ұлттың ақпараттық кеңістігіне халқының ары мен ұятын ойлаған, намысы мен орданы үшін күрескен, шын мәнінде «ұлт зиялысы» деген атқа лайық өмір кешкен Сағат Әшімбаевтай тұлғалардың көп болғаны аса қажет-ақ.

«Қазақ интеллигенциясы: Қарыз бен Парыз» деген тақырыптағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Сағат Әшімбаевтың өмірі мен шығармашылығын өскелең ұрпаққа өнеге етпек, сонымен бірге Елбасымыз бастаған рухани жаңғыруды жүзеге асырудың ғылыми-тәжірибелік бағыттарын айқындамақ.

Біздің ойымызда болашақта жалпыұлттық рухани жаңғырудың маңыздылығын көтеретін осы тақырыптағы конференцияны жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдыру жоспары тұр.

Ғалымқайыр Мұтанұлы МҰТАНОВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

*Оразалин Н.М.,
Қазақстан Жазушылар Одағы
басқармасының төрағасы*

ТЕРЕҢДІК ПЕН КЕМЕЛДІК КЕҢІСТІГІ

Сағат өмірден озғалы жиырма алты жыл өтті...

Жиырма алты жыл?!.

Осы кезең ішінде өмірімізде, қоғамда қаншама өзгерістер болды?

Ұлы дүниенің кескін-келбеті, болмыс-бітімі адам танығызсыздай түлеп, жаңғырды. Біздің дәуіріміздің екі мыңжылдық белдеуін артқа тастаған жаңа тарихты жасаушылардың мінез-құлқы, қарым-қатынасы да күрделене түсті. Адам Ата мен Хауа Ана ұрпақтарына мекен болған қасиетті қара жердің рең-түсі өзгеріп, жаратылыс-ана да қырық түрлі құбылыстарға түсе бастады. Қара жердің өзгерген өзен-көлі мен тау-тасы, құм-шөлі мен орман-тоғайы адам санасы мен дүние танымын жаңа арналарға бағыттады. Алты құрлық арпалысына түскен өмірлік ұстанымдар мен ұлтқа, ұрпаққа бағыт сілтер даму мен өркендеудің сауалы көбейді.

Қай кездегідей сұрақ көп те жауап аз...

Сұрақ-сауалдың ең ауыры да, ең күрделісі де ғаламдық құбылыстар мен жаратылыс әлеміндегі адам болмысын сақтауға, адам жанын қорғауға ойыса бастағанын аңғарамыз...

Иә...

Сағат – сыншы...

Сағат – ойшыл...

Сағат – қайраткер...

Сағат – азамат дейтін тұлға табиғатын танып бағалауға себі тиер осы бір төрт сипат пен төрт таңбалы Әшімбаев әлемі туралы кезекті Сөзіміздің тіл ұшына дәл осылай «адам болмысын сақтау», «адам жанын қорғау» дейтін күрделі сауалдарды жетегіне алып оралуы да шамасы бекер емес?!.

Өйткені...

Сағатты бізден екі дүние қағидасымен алыстатқан жиырма алты жыл оның бейнесін мына жалған дүниеден алып кеткенімен, шын дүние – рух дүниесі әлемінен көшіре де өшіре де алмағанын сезіне түсудеміз. Бұл Сағат қиялы мен ойын тербеген ұстанымдардың дәйектілігін, мақсат-мұратының өміршеңдігін танытар, халық санасындағы тұлға

тұғырын уақыт өткен сайын биіктетіп, бекіте түсер өмір өлшемі, мәңгілік кескіні екені шүбәсіз.

Бұл өлшем, бұл кескінге ие болу – қолына қалам ұстап, уақыт дейтін безбүйрек, қатал кеністікпен жарысып сөз оздырған, таласып ой түлеткен кез келген көркемсөз жаратушысының түпкі арманы, түбегейлі мұраты.

Мен білетін дос, замандас, қаламдас Сағат өзін осындай қатал талап пен уақыт атты қатыгез сыншының қайрауына салудай-ақ салған, әрі осы жолда алған бетінен еш қайтпай жүріп, ұлтқа, ұлт әдебиеті мен руханиятына ұлан асыр еңбек сіңірген санаулы саңлақтарымыздың бірі еді. Ол ой мен сөз мәртебесін асқақтатар тұста қара қылды қақ жарар әрекет-қимылдың қандайынан болсын бас тартуды білмейтін. Өзіне ғана жарасар қоңыр дауысымен күмбірлете сөйлеп, кез келген мінбені терең танымымен, бәтуәлі парасат-пайымымен, айналасына жарқыратып шуағы мен нұрын шашар сирек бітімді тереңдігімен игеріп, тыңдаушысын баурап әкететін. Сағат әдеби ортаға ғана емес, жалпы сергек ойлы үлкен қоғамдық ортаға да ерте танылып, ерте мойындалған, Мырзатай Жолдасбековтің сөзімен айтқанда, «Заманынан оза туған», ойы мен сөзі үйлескен бірегей бітімді, тұғырлы тұлғалар санатынан болатын.

Сағат Әшімбаев мына жарық дүние қызғын небәрі қырық төрт-ақ жыл көрді. Ол осынау арғы-бергідегі арда туған ұлдарымыздың көбіне екі дүниенің өл ара сызығындай болған межелі жаста алаш арыстары секілді үлгі тұтар жалыны мен жарығы мол ғұмыр кешті. Мұқағали ағасы, айтқандай, «әлдеқайда асығып» өмір сүрді, адамзат баласына ортақ ұлы құндылықтарды молынан қарпып, алты құрлық әдебиеті мен мәдениетін барынша терең танып, жеріне жеткізе игеруге ұмтылды. Соның нәтижесінде арғы-бергідегі әлемдік әдебиет пен ұлт әдебиетінің жампоздары мен жүйріктерін жан-жақты танып талдайтын алғашқы сыни мақалалары жарық көре бастады. Әуелгіде «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Жетісу» тәрізді басылымдарда жана жыр жинақтары мен шағын прозалық кітаптар туралы жарық көрген рецензия үлгісіндегі студенттік жазбалары бірте-бірте әдеби процестің күнгей-көлеңкесін жан-жақты таратып талдайтын танымы терең, бағдары айқын сыни мақалаларға ойысты. Біздер – қатар оқыған курстары жас сыншының өзіне-өзі қалай талап қойып, қалай ізденгенінің, қай кітапты қалай жата жастанып оқып, қай кітапқа қалай белгі соғып, қойын дәптеріне нендей жазбалар түсіргенінің куәсіміз... Бұл – жас Сағаттың әдебиетке барар жолының алғашқы баспалдақтары еді.

Сыншы – Сағат дегенде, менің есіме ылғи 1965 жылдың жазы түседі.

Алматы асфальтіне алғаш аяғымыз тиген, Сағаттың сөзімен айтқанда, «арман қуған» екі жігіт ойда-жоқта таныстық... Ол ұзақ әңгіме... Әрі ол туралы бұрында бір жазғаным бар. Қайталап жатқым келмеді... Алғашқы танысудан жадымда жақсы қалғаны – Сағаттың қолынан көрген Мұхаметжан Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» дейтін жасыл мұқабалы қалың кітабы мен жас жігіттің: «Мақсатым – сыншы болу» деген сенімді дауысы.

Иә...

Он сегіз жасқа жаңа толған жас адам сыншы болудың қиямет-қайымға бара-бар мақсатты ауыр жолын осындай үлкен сеніммен бастады. Ол өзі таңдаған кәсібіне – әдебиет сыны дейтін екінің біріне ноқта салғыза бермес асау ат сынды кірпияз жанрдың жалына қолын жасқанбай салды. Белинский, Добролюбов сынды орыс әдебиеті мен ұлт әдебиетінің көрнекті өкілдерін, Батыс пен Шығыстың озық үлгілі көркем дүниелерін жата-жастанып оқу – Сағаттың өз болашағын өзі тануына, анықтауына жол ашты. Университеттің соңғы курсында жүргенде жазылған жас сыншының атын қара орман қазақ оқырманына жайған алғашқы «Сыншыл ой туралы сыр» атты мақаласын оқып, сүйсінгенім есімде. Қазақтың әдеби көркем сыны туралы жазылған эссе-толғау іспетті осынау көлемді мақаланың бір тұсына белгі де соғыппын. Сынның көркем әдебиеттің тағдыр-талайын анықтаудағы рөлі туралы айтылған жиырма екі-жиырма үштердегі жігіттің: *«...Пушкин заманындағы оқушы біткеннің бәрі бірдей талғамсыз еді деу ақылға сыйып, көңілге қонбас еді. Сол жұрт кезінде Пушкинді танымай, кім екенін қазір энциклопедиядан қадағалап, қарап білмесек, былайша Бенедиков деген ақынды танып, табынған зой... Жақсы нәрсе қай уақытта болсын өз бағасын алады. Бірақ дер кезінде Пушкин поэзиясын танытуда Белинскийдің рөлі кереметтей зор болмады ма?! «Алтынмен қатар жатса, мыс та жалтырайды» дегендей, ұлы сыншы Бенедиков поэзиясының жалтыраған мыс екенін әшкерелеген зой. Тіпті басқаны былай қойғанда, Лев Толстойдың өзі «Пушкин туралы мақала қандай гажап еді, мен Пушкинді енді түсіндім» деп жазғанын қайтесіз?!» деген пікірінің тереңдігіне, кемелдігіне қалай гана сүйсінбеуге болады?!».* Үлкен мұраттарды мақсат еткен осы мақаладағы: *«Сын – өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы...»* деген тамырын тереңнен тартар концепциялық ұстаным да жас сыншы талғамы мен танымынан мол ақпар беріп тұрған жоқ па?!

Сайып келгенде, Сағаттың қаламгерлік-қайраткерлік бар өмірі де осынау қағидаларға бағынғанын, негізделгенін анық байқауға болады. Сағат есімінің ел аузында сыншы ретінде кең жайылған кезеңі осы өткен ғасырдың жетпісінші жылдары. Бұл кезең тереңнен толғап пікір айтатын сарабал ой иесінің «өрге салса, төске озған, ерте салса кешке озған» нағыз тұлпар шабысы көзге ілігіп, қоғам мен көркем әдебиеттің байланыс-бірлігіне ащы терін аямай төккен тұсы еді. «Әшімбаев есімді жас пері келіпті дейді осы жұрт...» деп Асқар Сүлейменовтің шаншыла сөз сөйлеп, шашау шығармай баға берген кезінің сан куәсі болғанымыз да осы жылдар еншісінде қалып барады... Сағат әдебиет сынының арғы дәуірі мен бергі – Мұқаметжан Қаратаев, Бейсенбай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин, Есмағамбет Смайыловтардың кезеңін, аға буынның өкшесін баса келіп, кәсіби сынның өрісін кеңейткен Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібаев, Айқын Нұрқатов, Баламер Сахариев, Зәки Ахметов, Нығмет Ғабдуллин, Шерияздан Елеуеновтердің кезін жиі айтатын. «Біздің негізіміз сол кісілерде жатыр. Мұхандар – әкеміз ғой...» деп лапылдай сөйлеп, ағынан жарылып отыратын еді.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесін» демей ме дүниенің күнгей-көлеңкесін сөзге байлап дағдыланған қазақ халқы?! Біздер «соғыстан соң туған» бүгінде қатары сетінеп, жетпіске өрт тиген ормандай сиреңкіреп жеткен буынның әдебиет босағасын аттар тұста бірінің тілегін естіп, бірінің ықыласына бөленген, қазақ сынының байсалды талдау мен мәдениетті пікір айту кеңістігінен көрінуіне өлшеусіз үлес қосқан Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Зейнолла Серікқалиев, Рымғали Нұрғалиев, Төлеген Тоқбергенов, Мұхтар Мағауиндердің мақала-сараптамаларын жібермей оқып, солардан тәлім алғандармыз. Бұл бір әдебиет дейтін киелі де қасиетті әлемге есі кете құлағандардың арман қуып алысқан, «шығар күндей шындықты» іздеп тайталаса жарысқан адал күндер екен-ау!!!

Сыншы Сағат аға буынды қалай қадір тұтса, өзімен әдебиет босағасын қатар аттаған, тел қозыдай тең өсіп, уақыттың иыққа артар жүгін де бірге жүріп, бірге көтерген Әшірбек Сығай, Сайлаубек Жұмабек, Бақыт Сарбала, Бақытжан Майтанов, Алма Қыраубаева, Асқар Егеубаев, Бекен Ыбырайымов, Жаңғара Дәдебаев, Құлбек Ергөбеков, Зинол-Ғабден Бисенғали секілді құрдастары мен өкше басар інілерін де назарынан тыс қалдырмайтын.

Ұлтын сүйіп, ұрпаққа қызмет етуді қаршадай кезінен өмірлік мақсаты санаған жанның уақыт өткен сайын туған халқының алдында қадірі аса түскенін көріп келеміз, сезініп келеміз. Әдебиет дейтін

сиқырлы, сырлы өлкенің жаны мен жүрегін, болмысы мен бітімін, ұстазымыз Зейнолла Қабдоловтың тарихи бағасымен таразылар болсақ, уақытты «Сағаттың сағатымен өлшеуге» дағдыланған кешегілер үшін Әшімбаев әлемі қалай маңызды, қастерлі болса, аталмыш әлемді танып білу, зерделеу бүгінгі жаңа буын, жас ұрпақ әдебиетшілер үшін де солай маңызды, қастерлі іс екені шүбәсіз.

Сыншы, ойшыл, қайраткер, азамат Сағаттың алпыс екі тамырды бойлап ойға – канат, бойға қуат бітірер қарымынан, сұлулыққа құштар асау ағысқа толы ой иірімдерінен, уақытпен бетпе-бет келудің нәтижесінде ақ қағаз бетіне қонған жан айқайынан өмір, өнер, қоғам туралы толғаныстарынан, халық тағдыры мен ұлт болашағы жайлы тебіреніске толы пікір-пайымдарынан тереңдік пен кеңдікті, білімдарлық пен парасаттылықты, тектілік пен беттілікті, бір сөзбен түйіп айтар болсақ, ұлтын сүйген үлкен жүректің тынымсыз соғысын тануға, аңғаруға болады. Сағаттың әр мақаласы мен әрбір эссе-толғауларынан бірімен-бірі тамырласа байланысқан, үйлесе қабысқан ойшылдық пен қайраткерліктің, азаматтық пен адалдықтың табиғи жарасымы менмұндалап тұрады. Тұлға табиғатын тануға мүмкіндік берер біз айтқан төрт сипат пен төрт таңба – Сағат әлемінің тұтастық болмысы, Сағат жаратылысының кемел кескіні. Сондықтан анықтауыштық сипаттағы бұл ұғымдардың бірінен бірін бөле-жармай қарастыру сыншы әлемін тану мен бағалаудың басты шарты деп ұққан жөн.

Түптеп келгенде, төркінінде өмір мен өнер, қоғам мен заман адам мен ғалам туралы ойлар мен толғаныстардың, талдаулар мен сараптаулардың өрісі бөлек өзгеше үлгі-өнегесі жатқан «Сын мұраты» (1979 жыл), «Талантқа тағзым» (1982 жыл), «Парасатқа құштарлық» (1985 жыл), «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993 жыл) «Сын сымбаты» (2010 жыл) атты қалың-қалың кітаптар, сыншының таңдамалы шығармаларының екі томдығы – ұлт көркем ойы мен ұлт руханиятының тұтас бір дәуірін тануға, талдауға, саралауға жол ашар, өрісті көркем ой мен келісті көркем сөздің өрі мен төрін ұсынар іргелі еңбектер. «Өткенсіз – бүгін, бүгінсіз – болашақ жоқ» деген жазусыз қағидаға ден қояр ұлт пен ұрпақтың рухы қашанда мықты болатынын Сағат әлеміне сүңгіп отырып, тағы бір мәрте соған көз жеткізеріміз анық.

Мен – Сағаттың боз арман құған бозбала күнін көрген, жары Шәрбәнмен қалай табысып, қалай отау құрғанының куәсі болған, Алматы театрлары мен концерттік залдарына талай бірге барған, Сағаттың көз майын тауысып, кітапхана сөрелеріне сұқтана қарап, телміргенін, студент кезінде тұңғыш ұлы марқұм Дәурен туғанда есі кете қуанып, жолдас-жораларының ортасында шампан атқанын,

өмірден ерте кеткен әкесін айтып, анасы мен әжесін емірене сағынғанын қасында жүріп, жан-жүрегімен сезінген, бүгінде сақал-шашы боз тартқан, қатары сиреген аз достарының бірімін.

Иә... Сағат біздің ортамызда жүріп есейді, қаламгер боп жетілді, қайраткер боп қалыптасты. Құйысқандасып жүріп, әдебиет дейтін бәйге алаңында әркім өзінше сорап іздеп, өзінше із салған «алпысыншы жылғылар» дейтін алқаракөк буынының, барын түгендеп, көшін жалғағандардың бірі де бірегейі де осы біздің Сағат болғанын жалпақ жұрт жақсы біледі. Оның екінші, үшінші курста жүріп жазған Мұқамтежан Қаратаев хақындағы шағын пікірі мен жас жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлт» атты кітабы туралы жазған талдау мақаласынан басталған дарынды сыншы, қарымды қаламгердің сүрлеу-соқпағы бүгінде қалың қазақтың қадіріне бөленер, алаш жұртының айбынын асырып, айдынын кеңейтер, ел тағдыры сынға түскен желтоқсан оқиғасының тұсында жүрегін жалау қып, ар мен абырой биігіне көтерілер қайраткер, азамат Сағаттың даңғылына айналды.

Сағат еркіндікті, еркін сөйлеп, еркін жүргенді ұнататын. Ол мінезін біреу түсініп, енді біреулер түсінбей жататын. Ондай кезде Сағат орынсыз мінез байқатып, жөн-жосықсыз ұсақтыққа бармайтын. Көзілдірігін сұқ саусағымен жылжытып қойып, барлай қарап, сөзін қор қылғысы келмегендей бұрылып кететін. Сағат қызуқандылық танытып, сөз бен ойдың кезегін жықпай, шамырқана сілкінсе, ұлт, халық, тіл, ел деген ұғымдардың тұсында сілкінетін. Шарт кететін. Арының алдында абыройын жықпай, елдік, туын құлатпай сілкінгенін қара орман қазақ алғаш 1986 жылдың Желтоқсанында көрген еді... Екінші рет... Ұлттық арнаның алтын қорына енген «Парыз бен Қарыздың» тұсында тағы бір көргені халық жадында.

Сағатсыз өткен жиырма алты жыл Алашқа «Азаматтық формуласы» дейтін ұлтты сүю мен ұлтқа есепсіз қызмет етудің үлгісін үйретіп, өнегесін қалыптастырған өрісі кең өркенді тұлғаның шоқтығын биіктете түсті.

Бұл – уақыт елегінен сүрінбей өтіп, алдағы жылдар мен дәуірлерге жол тартқан Рух мәңгілігінің ақиқаты.

Бұл – туған ұлтының Ары мен Абыройын арқалаған Сағат әлемінің, Әшімбаев әлемінің біз танып, біз мойындаған ақиқаты!

*Дзюба С.В.,
президент Международной академии
литературы и искусств Украины*

О РОЛИ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОСТРОЕНИИ СОВРЕМЕННОГО ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Роль интеллигенции в истории развития цивилизации – огромна! Ведь интеллигенция – это творец интеллектуальных, духовных и нравственных ценностей народа, неутомимый созидатель, настоящая национальная элита, честь и достоинство нации. Без национально сознательной, патриотической и демократической интеллигенции невозможно создать гражданское общество! Именно от этой неравнодушной социальной группы, в основном, зависит не только нравственное состояние наших соотечественников, но и стабильность в государстве.

В самые сложные, тяжёлые периоды жизни украинского народа именно лучшие представители интеллигенции, великие подвижники и созидатели украинской нации самоотверженно развивали самосознание народа, даже в условиях тотального имперского запрета на издание художественных книг, газет и журналов, – по сути, запрета на полноценное функционирование родного языка во всех сферах жизни.

Лучшие сыны и дочери Украины часто жертвовали собой на благо Родины, отказываясь от благополучной карьеры, привилегий и почестей, сознательно служили своему народу, боролись за торжество справедливости, истины, национальной идеи в самых жестоких, порой даже нечеловеческих условиях.

В длительной ссылке за свои произведения на украинском языке («без права писать и рисовать» – так звучал царский указ!) пребывал наш великий Поэт Тарас Шевченко, автор бессмертного «Кобзаря» [29]. Впрочем, осуждая самодержавие, Т. Шевченко с большой любовью, благодарностью отзывался о казахском народе, его гостеприимности и душевной доброте [28].

Многочисленные, постоянные преследования омрачили судьбы самых выдающихся украинских патриотов, наиболее ярких представителей нашей интеллигенции – писателей, учёных, общественных деятелей. Через многие суровые испытания и лишения пришлось пройти таким самоотверженным людям, Личностям, как Иван Франко, Леся Украинка, Михаил Коцюбинский, Пантелеймон Кулиш, Михаил Грушевский, Михаил Драгоманов, Владимир

Винниченко, Вячеслав Липинский, Дмитрий Донцов и тысячи других... [4].

Кульминацией тоталитарных (уже сталинских) репрессий стал расстрел 3 ноября 1937 года. В этот трагический для украинского народа день были расстреляны – Лесь Курбас, Мыкола Кулиш, Матвей Яворский, Владимир Чеховский, Валерьян Подмогильный, Павел Филипович, Валериан Полищук, Клим Полищук, Григорий Эпик, Мирослав Ирчан, Марк Вороной, Михаил Козорис, Олекса Слисаренко, Михаил Яловой и другие, – всего свыше ста выдающихся представителей нашей украинской интеллигенции. Ранее были арестованы и также казнены художники-монументалисты братья Тимофей и Михаил Бойчуки, их соратники – талантливые и самобытные, действительно народные художники [20, 340].

В тюрьмах сидели Борис Антоненко-Давидович, Остап Вишня, Максим Рыльский и многие украинские писатели, которые хотели только одного – счастья и свободы своему народу [20, 340].

4 сентября 1965 г. вместе с Иваном Дзюбой и Вячеславом Черноволом, известный украинский поэт Василь Стус мужественно и публично выступил перед общественным просмотром гениального фильма Сергея Параджанова «Тени забытых предков» в киевском кинотеатре «Украина» – с протестом против новой жесточайшей волны арестов нашей украинской интеллигенции. В результате Стуса исключили из аспирантуры, и он был вынужден искать хоть какую-то временную работу [5].

Однако всё это не сломало патриота, который участвовал в протестах против ареста Ивана Светличного, был одним из тех, кто подписал «Письмо-протест 139-ти», публично обвинил КГБ в убийстве выдающейся художницы и диссидентки Аллы Горской. В это время поэта уже нигде не печатали... [6].

Василь Стус активно протестовал против реставрации культа личности. Известны его пронзительные письма в ЦК КПУ и КГБ, в Верховный совет УССР, где он доказывал вредность ущемления демократии и прав человека [14, 26-36].

12 января 1972 года он был арестован одновременно с рядом других украинских писателей-диссидентов. В сентябре состоялся суд с обвинением по ст. 62 УК УССР «Анτισоветская агитация и пропаганда». Отбыв пять лет заключения в Мордовии и два года ссылки в Магаданской области, писатель в сентябре 1979 года вернулся в родной Киев, где мужественно продолжил свою деятельность, выступая в защиту многих незаконно репрессированных «узников совести» [11, 248-255].

Уже в 1980 году Василя Стуса задержали во второй раз. Он получил 10 лет принудительных работ и 5 лет ссылки. Находился в лагере Пермь-36 близ села Кучино Пермской области. В 1983 году администрация лагеря вообще строжайше запретила ему присылать стихи и переводы в письмах родным [27].

Однако все нечеловеческие пытки не заставили истинного украинского интеллигента отказаться от своей борьбы против тоталитаризма. Поэт умер 4 сентября 1985 года после объявленной 27 августа голодовки в карцере... [27].

В 1989 г. прах Василя Стуса был торжественно перевезён в Украину и захоронен в Киеве на Байковом кладбище. Его посмертно реабилитировали в 1990 г. А в 2005-м выдающемуся поэту посмертно присвоено звание Герой Украины [22].

Я знаком с семьёй Василя Стуса, его сыном Дмитрием, очень много сделавшим для восстановления исторической справедливости и доброго имени отца. [27] Дмитро Стус ныне возглавляет Национальный музей Тараса Шевченко, исследует творчество великого Кобзаря. Сын В. Стуса – лауреат Национальной премии Украины имени Тараса Шевченко, вместе с известным литературоведом, правозащитником Михайлиной Коцюбинской и другими талантливыми единомышленниками (работал целый научный и творческий коллектив), подготовил и выпустил 12-томное издание произведений Василя Стуса [24]. Теперь творчество легендарного Поэта изучают в школе [3]. Я горжусь тем, что являюсь лауреатом премии имени Василя Стуса.

В годы перестройки именно в Союзе писателей Украины были созданы такие популярные вскоре демократические организации, как Народный Рух, общество «Мемориал», «Просвита», объединивших нашу интеллигенцию. Многие известные украинские писатели, учёные (Вячеслав Черновол, Левко Лукьяненко, Микола Жульинский, Владимир Яворивский, братья Горыни, Виктор Терен, Николай Амосов, Иван Драч, Дмытро Павлычко) стали также украинскими государственными деятелями.

Национальная интеллигенция и в 80-х возглавила борьбу своего народа за свободу и демократию, что в итоге и привело к образованию независимой Украины в 1991 году. Заветная мечта миллионов украинцев сбылась!

Многое изменилось с тех пор, но неизменным остаётся наш курс на построение демократического, правового, гражданского общества, о котором так мечтал гениальный Тарас Шевченко [13]. Мы хорошо понимаем, что без этого не будет по-настоящему сильной, развитой и

процветающей Украины, равноправного участника мирового сообщества.

Украинский народ прошёл через многие тяжёлые испытания, народные революции против тирании в 2004-2005 и 2013-2014 годах. Среди погибших на Майдане и в нынешней трагической войне за свободу Украины – люди разных национальностей, многие – представители интеллигенции. Все они защищали свою Родину.

Массовый патриотизм и героизм соотечественники демонстрируют и сейчас. Мы, национальная интеллигенция, знаем, что это – наш долг и честь [11, 248-255].

Большое значение имеет сейчас и народная дипломатия – постоянный творческий, научный диалог и успешное, взаимовыгодное сотрудничество между национальными, патриотическими элитами Украины и Казахстана – известными, талантливыми поэтами, прозаиками, учёными, переводчиками, журналистами, деятелями искусства, государственными и общественными деятелями, меценатами.

И яркий пример такого конструктивного диалога, способствующего дружбе наших стран и народов, – активное сотрудничество Международной Академии литературы и искусств Украины (по-украински – Міжнародної літературно-мистецької Академії України) и Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Так, побывав в прошлом году в очень гостеприимном Казахстане, как писатель, переводчик, литературовед, журналист и общественный деятель, руководитель Международной Академии литературы и искусств Украины по приглашению КазНУ имени Аль-Фараби, я подготовил большую статью о современном Казахстане, которая была напечатанная в солидных изданиях Украины и обнародована на более чем ста самых популярных украинских порталах. Также такой материал вышел и в Канаде. Эта публикация вызвала большой резонанс, множество положительных откликов в Украине и Канаде [8, 134-139].

Но это было только начало нашего сотрудничества. Далее в Украине вышла в моём переводе на украинский язык прекрасная, высокодуховная книжка поэзий Галыма Мутанова «У ковчезі часу» («В ковчеге времени»), которая была широко представленная в нашей стране, в т. ч. и в украинских СМИ [19]. Подборку проникновенных стихотворений Галымкаира Мутанова, блестящий рассказ выдающегося казахского прозаика Роллана Сейсенбаева «День, когда рухнул мир» и талантливую, оригинальную повесть Ауэзхана Кодара в

переводе Олега Гончаренко напечатал лучший и авторитетный журнал Украины – «Всесвіт» («Вселенная»). Появились и публикации в других украинских и канадских изданиях, в том числе благодаря нашим партнёрам и друзьям – в Торонто, Монреале и Виннипеге, в канадских журналах и издательствах.

А член Академии (объединяющей известных писателей, переводчиков, учёных и журналистов из 54 стран мира) Олег Гончаренко, который родился в Казахстане, а живёт сейчас в Украине, уже перевёл и издал на украинском языке антологию лучших произведений казахской поэзии – от гениального Абая и до нашего времени. Книжка по-украински называется «Віщій зблиск табуна» («Вещее сияние табуна»). И это наш вклад в развитие украинско-казахского творческого и украинского сотрудничества.

Глубокую научную публикацию о творчестве Роллана Сейсенбаева напечатала в нескольких украинских изданиях доктор наук по социальным коммуникациям, профессор, литературовед и писательница Татьяна Дзюба [10]. А выдающийся украинский поэт, прозаик и литературовед Василий Слапчук проанализировал творчество Галыма Мутанова.

Также в Украине и Канаде опубликованы научные статьи кандидата исторических наук, доцента Казахского национального университета имени аль-Фараби Гюльнар Мукановой о знаменитом украинском кинорежиссёре и писателе Александре Довженко, важные исследования для восстановления исторической справедливости о казахской дивизии, воевавшей в Украине в годы Второй мировой войны. Вышли в нашей стране и другие публикации преподавателей КазНУ имени аль-Фараби и молодой талантливой казахской поэтессы и прозаика Айман Кодар.

Как результат, Галым Мутанов, Роллан Сейсенбаев, Гюльнар Муканова и доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби Алуа Темирболат удостоены престижных и почётных международных наград, которые вручаются в Украине, в т. ч. Международной литературной премии имени Николая Гоголя «Триумф».

Кроме этого, по представлению Международной Академии литературы и искусств Украины, выдающиеся казахские учёные и писатели стали уже лауреатами международных премий имени Эрнеста Хемингуэя – в Канаде, Генриха Бёлля – в Германии и Вениамина Блаженного – в Беларуси.

Тем временем, в Казахстане в переводе Ауэзхана Кодара на казахском и русском языках напечатана книжка избранных

стихотворений Сергея и Татьяны Дзюбы «Последнее кочевье любви» [12]. А на русском языке в Алматы вышел мой роман для детей «Кракатунчик – кленовый бог» [7]. Были и наши публикации в казахских журналах. Гордятся украинские писатели почётными наградами, полученными в Казахстане.

И всё это удалось сделать в течение двух лет. Поэтому я считаю, что наше сотрудничество удалось, а значит, оно будет успешно развиваться и в дальнейшем, оказывая действительно благотворное влияние на казахско-украинские отношения.

Использованная литература:

1. Архів розстріляного відродження: матеріали архівно-слідчих справ українських письменників 1920-1930-х років / Упор. О. та Л. Ушкалови. – К.: Смолоскип, 2010. – 456 с.
2. Бедрик Ю. І. Василь Стус: Проблема сприймання. – К.: ПБП «Фотосервіс», 1993. – 79 с.
3. Бондаренко А. І., Бондаренко Ю. І. Час вибору: Вивчення творчості Василя Стуса в школі: Посібник. — К.: Видав. центр «Академія», 2003. – 231 с.
4. Василь Стус в житті, творчості, спогадах та оцінках сучасників / О. Зінкевич, М. Француженко (упоряд. і ред.). – Балтимор-Торонто: Укр. вид-во «Смолоскип» ім. В. Симоненка, 1987. – 463 с.
5. Дзюба І. М. Різьбяр власного духу // Стус В. Під тягарем хреста. – Львів: Каменяр, 1991. – 158 с.
6. Дзюба І. Свіча у кам'яній пітьмі // Палімпсест. – К. : Факт, 2003. – С. 7-32.
7. Дзюба С.В. Кракатунчик – кленовый бог: Сказочный роман для детей. Первая часть трилогии «Вышла душа на личико» / На русский язык перевёл Сергей Дзюба, ред. Алексей Давыдов. — Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби; Торонто: журнал «Новый Свет», издательство «LitSvet»; Киев-Чернигов: Международная Академия литературы и искусств Украины, 2017. — 156 с.
8. Дзюба С.В. На святі в Алмати співали українську «Черемшину» // Літературний Чернігів. – 2016. – № 4. – С. 134-139.
9. Дзюба С.В. «Ти – справжній, брате, вільний, мов орел!» // Мутанов Галимкаір. У ковчезі часу : Вірші / Українською переклав Сергій Дзюба. – К.: Український пріоритет, 2016. – С. 3-5.
10. Дзюба Т. А. Катастрофізм художнього простору оповідання Р. Сейсенбаева «День, коли обвалився світ» // Літератури світу: поетика, ментальність і духовність. – 2017. – Вип. 8. // http://journal.kdpu.edu.ua/world_lit/article/view/2492/2082

11. Жулинський М. Г. Ця Богом послана Голгота... // Стус В. Вікна в позапростір. – К.: Веселка, 1992. – С. 248-255.
12. Кодар Ауэзхан. Последнее кочевье любви // Дзюба Татьяна, Дзюба Сергей. Последнее кочевье любви: Избранные стихотворения на казахском и русском языках / На казахский язык перевёл Ауэзхан Кодар, на русский – Владимир Ильин. – Алматы: Золотой век; Черновцы: Букрек. – С. 3-7.
13. Кониський О. Я. Тарас Шевченко-Грушівський: Хроніка його життя / Упоряд., підгот., тексти, передм., приміт., покажч. В. Л. Смілянська. – К.: Дніпро, 1991. – 702 с.
14. Коцюбинська М. Х. Феномен Стуса // Сучасність. – 1991. – № 9. – С. 26-36.
15. Лавріненко Ю. Розстріляне відродження: Антологія 1917-1933. Поезія – проза – драма – есей. Paris, Instytut Literacki, 1959 // К.: Просвіта, 2001. – 794 с.; К.: Смолоскип, 2007. – 976 с.
16. Ленская С. В. Элементы экспрессионистической поэтики в украинской новеллистике 1920-х г. // Вестник ВГУ. Серия: Филология. Журналистика. – 2014. – № 1. – С. 65-69.
17. Ленская С. В. Забытая украинская проза 1920-х годов // Уральский филологический вестник. Серия: Русская литература XX-XXI веков: направления и течения. – 2013. – № 2. – С. 118-128.
18. Ленская С. В. Украинская новеллистика «Расстрелянного возрождения»: проблема размывания жанровых границ в малой прозе // Политическая лингвистика. – 2013. – № 1. – С. 164-169.
19. Муганов Галимкаір. У ковчезі часу : Вірші / Українською переклав Сергій Дзюба. – К.: Український пріоритет, 2016. – 96 с.
20. «Розстріляне відродження» // Літературознавча енциклопедія. – К.: Академія, 2007. – Т. 2. – С. 340.
21. Рубльов О. С. «Розстріляне відродження» // Енциклопедія історії України. – К.: Наукова думка, 2012. – Т. 9. – С. 265-266.
22. Стус Василь. Вибране : Вірші, проза, листи. – Харків: Час читати, 2016. – 539 с.
23. Стус Василь. Зимові дерева: Перша збірка поезій. – Брюссель: Література і мистецтво, 1980. – 206 с.
24. Стус Василь. Листи до сина. – Івано-Франківськ: Лілея-НВ, 2001. – 192 с.
25. Стус В. Палімпсест. Вибране / Упор. Д. Стус. – К.: Факт, 2003. – 432 с.
26. Стус Василь. Твори: У 4 т., 6 кн. / НАН України, Ін-т літератури ім. Т. Г. Шевченка. – Львів: Просвіта, 1994–1999.
27. Стус Д. Василь Стус: життя як творчість. – К., 2004. – 368 с.

28. Тарас Шевченко. Живопис. Графіка: Альбом. – К.: Мистецтво, 1986. – 176 с.
29. Шевченко Т. Г. Повне зібрання творів: У 12 т. / Редкол.: М. Г. Жулинський (голова) та ін. – К.: Наукова думка, 2001.
30. Шестопалова Т. Конструкт історії літератури в науково-критичній думці Ю. Лавріненка // Філологічні семінари. – 2010. – №. 13. – С. 127-133.

*Қалижанов У.Қ.,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының директоры, филология
ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі*

САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

Қазақ тарихының тереңіне көз жүгіртсек елін, жерін, халқын өз жанынан артық бағалап, күллі саналы ғұмырын ұлтының бақыты мен болашағына арнаған азаматтар құдайға шүкір баршылық. Бірақ олар көп емес, қадау қадау, саусақпен санарлық қана.

Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек, – деп ұлы Абай айтқандай сол өз заманына күйлеп кетпей, оның илеуіне көнбей, қарсы тұратындар ғана халқына қалаулы, еліне елеулі азамат атағын таза сақтап өтсе керек. XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген сондай ірі де, кесек тұлғаның бірі – Сағат Әшімбаев еді. Ол алдындағы алаш арыстары армандап кеткен талай іргелі істерді қызыл империяның қылышының жүзінде жүріп-ақ оябын тауып іске асырды, ұлтының өшіп бара жатқан рухын ояту үшін жанталаса арпалысты. Сәкең елге тұлға болу үшін заңғар билікке ие болу немесе қолына қару алып ашық айқасқа шығу міндет емес екенін өзінің қажырлы ісімен дәлелдеп кеткен ойшыл азамат еді. Кішіпейілділігімен де, кісілігімен де адамды баурап алатын жас жігіттің әдеби сынға араласа жүріп өз замандастары түгілі өзінен жастары да, атақ даңықтары да үлкен алыптардың өзін мойындатуы оның өзгеше бітімін, ерек ақыл ойдың иесі екенін білдірсе керек.

Алпысыншы жылдардың аяғында келіп әдеби ортаға араласа бастаған дарынды жігіттің жазғандары ә дегеннен-ақ сол тұстағы зиялы оқырманның назарын өзіне бірден аударды. Зерек таным, пайымды парасат, сұңғыла талғам оны тек әдеби ортада ғана емес, жалпы қазақ ғылымы әлеміне тез танытты. Ол қандай жұмыстың құлағын ұстаса да белсене араласатын, бойындағы шалқар білім мен адамдармен тез тіл табыса алатын ұйымдастырушылық қасиеті оны әрдайым елден ерек даралап тұратын. Сондықтан да университетті үздік бітірген жас жігіт 1969 жылы «Лениншіл Жас» газетінің әдебиет және өнер бөліміне қызметке қалдырылды. Төрт жыл өтпей жатып сол кездегі беделді басылым Жұлдыз журналының «Сын және библиография» бөліміне меңгеруші болып ауысады. 1976 жылы «Сын мұраты» кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын алды. Бас редактордың

орынбасары болып өзі еңбек жолын бастаған Лениншіл жас газетіне қайтып барды. Бұл кезде ол әлі отызға да толмаған еді. Оның одан арғы қызметтегі жолы тек қана өсу, өрлеу үстінде болды. Қазақстан Радио және телехабарлар жөніндегі Мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерілді. Ол министрдің лауазымымен тең дәрежедегі қызмет еді. Бірақ ол қандай қызметте жүрсе де қолынан қаламын тастамады. Елдің мұны мен ұлттың жоғын жоқтаудан танған емес. Өзі білдей билік тізгінін ұстай жүрсе де Колбиннің қол астында жүріп «Парыз бен қарыз» (1986 ж) хабарын ұйымдастырып, оны тікелей өзі жүргізуі де осыған нақты дәлел бола алады.

Сағат өмір сүрген кезең социализмнің тоқырай бастаған, күшпен құрылған алып империяның ыдырауға бет алған уақыты болатын. Ол өмірде болып жатқан әділетсіздіктерді, халықтың өз ділінен айырыла бастаған аянышты халін басқалардан бұрын көрді, жан-тәнімен сезінді. Әр мақаласында атадан қалған қасиетті дәстүрдің өлмеуін, ұлттық болмыстың қайта жандануын насихаттады. Ол «Әдебиет және мораль» деген мақаласында «Әдебиет белгілі бір қоғамның материалдық дамуының немесе экономикалық өсуінің шежіресі емес, керісінше өз заманының саяси-әлеуметтік жағдайына сәйкес моральдық және рухани жағынан өсуі мен өзгеруінің, кер кетуі мен кемелденуінің таразысы әрі айнасы...», – деген ой айтады [1, 119]. Осы пікірдің астарында сол дәуірдің тұтастай шындығы жатқанын ол кезде көбіміз байқамаған да сияқтымыз. Елдің индустриялануын суретте, тың игеруші еңбек ерлерінің жағымды образын сомда деген коммунистік жүйедегі социалистік реализм әдісінің түкке тұрғысыз догма екенін осы пікірімен-ақ жоққа шығарып отырған жоқ па?!

Сағаттың шығармашылығы мен тұлғасына тән ерекшелік өз замандастарын толғандырған әр алуан мәселелерге барынша терең назар аударып, оны тайсалмай жаза білуінде, көпшілікке жариялай білуінде дер едік. Ол әдебиет ісіне белсене араласа жүріп тек қана әдебиет сынды ғана мұрат тұтып, әдеби талдаулардан аса алмай, соның айналасынан ұзап шыға алмай қалды десек қателескен болар едік. Ол сын мақалаларының өзінде әрдайым қоғамдық мәселелерді тереңдей талдап, халық өміріне қатысты, ұлттың көкейкесті арман-мақсаттарын барынша жарқырата көрсетіп отырды. С.Әшімбаев әдебиетті қазақ өмірімен, ұлт мінезімен бірлікте салыстыра қарастырды, ал өмірді Абайлар, Махамбеттер жырларына арқау еткен жоғары идеалдар тұрғысынан талдап, түсіндірді. Сыншы «Ақын жанын жабырқатқан жайлар» деген Абай шығармашылығы туралы мақаласында ұлы ақынның ұлтжандылығы туралы былайша толғайды: «...қазақ қазақ болып, ес жиып, етек жапқаннан бергі уақыттан Абайға дейінгі

аралықта одан артық «қалың елі, қазағы, қайран жұртының» қамын ойлап, қабырғасы қайысқан, жақсылығымен қоса жамандығын жіліктеп айтып берген, туған жұрты мінезінің жарамсыз жағы жанына батпандап батқан ақын да, азамат та өтпеген сияқты» [2, 169]. Бұл Абай туралы қаншама зерттеулер жазылса да Сағатқа дейін ешкім айтпаған тың пікір, толымды тұжырым.

Сағаттың сыны оқырманды тек қана көркем шығарманы дұрыс қабылдауға ғана үйретіп қойған жоқ, ол өз шығармалары арқылы мыңдаған өскелең ұрпақты өз елінің, өз дәуірінің шынайы азаматы болуға тәрбиеледі. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне шыққан жастардың көтерген плакаттары мен айтқан ұрандарының кезінде газет-журналдарда Сағат көтерген ұлт тағдырына, тілге, ел мен жердің бүтіндігіне қатысты мәселелермен үндесіп жатуы жайдан-жай болмаса керек.

С.Әшімбаев құдай берген таланты мен қызметінің рахатын көріп, мына фәни жалғанды жалпағынан басып өтуіне де болар еді. Бірақ оның кеудесіндегі ұлттық деп соққан жүрек, санасын шырғаған алашшыл ой оған мүмкіндік бермеген сықылды. Сол қызыл империяның тұсында қай жерде қазақ мәселесі көтерілсе, ол тап сол жерден табылып, халықтық мәселеге жанын сала араласатын. Теледидар арқылы жалпы қазақ көрермендерінің сүйіп көретін бағдарламасына айналған «Қарыз бен парыз» да сондай Сағаттың жүрегінде шемен болып қатқан сыр мен шерді, ақиқат шындықты сыртқа шығару мақсатында жасалған жоба болатын. Сыншы-журналист сол хабар арқылы талай ұлт мәселесіне қатысты түйткілдердің сырын ашып қана қоймай, онан шығатын жолдың да амалын іздеді. Мұның бәрі әрине айтуға ғана оңай, ал шын мәнінде аталған хабардың теледидар арқылы таралуына сол тұстағы билік тарапынан да үлкен кедергілер қойылып, автордың жеке басының өзі талай рет сынға алынып, қудаланғанын біріміз білсек, біріміз біле бермейміз.

Қызыл империяның билік басында отырғандары да айналасындағы оқиғаларды, кез-келген шектен асып кетуі мүмкін әрекеттерді жігі қадағалап, әрдайым алдын алып, әр алуан құйтырқы әдістермен сабасына түсіріп отыратын. Мысалы ұлт туралы, туған жер туралы жылы сөз айтып немесе жазып бір көрініп қалдың ба, онан өмір бақи құтылу қиын болатын. Олардың басты тәсілдерінің бірі бөлшектеп, бір біріне қарсы қою еді. Ел арасында бедел жинап, атағы шыға бастаған адамдарды бір біріне ебін тауып шағыстыру да солардың ертеден қолданып келе жатқан кәнігі әдісі. Жетпісінші жылдардың ішінде талантты ақын Мұқағали Мақатаевтың атағының дүрілдеп тұрған шағы, ал сында Сағат Әшімбаевтың өзгелерден оза шауып,

оқшау көрінгені де жұртқа белгілі болатын. Коммунистер ебін тауып осы екі талантты, туысты, бауырды, ұлтын сүйген алашшыл азаматтарды бір бірілеріне айдап салды. 26 шілде, 1974 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде «Талант пен талап» деген С.Әшімбаевтың ақын М.Мақатаевтың шығармашылығы туралы мақаласы жарық көрді. Тақырыптың астына «Бір ақын творчествосындағы түйткілдер» деген қосамжарланған атаудан-ақ бұл мақаланың жоғарыдағылардың арнайы тапсырысымен жаздыртқаны байқалып тұр. Сәкең аталған мақаласында өзі діттегін тақырыпқа бірден бармай әдеби сынның міндеттері мен ақындық өнердің ерекшелігі жайлы біршама кеңінен толғап, қилы-қилы ой-тұжырымдар жасайды. *«Ақындық мәдениет біздіңше- өмірге, сол өмірден алып отырған объектіңе өткеннің де, бүгінгінің де, болашақтың да көзімен қарай келіп жалты адамдық болмысқа ортақ шынайы сезімнің шындығын жырлау, Абайша айтқанда: «бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой» деп жалпақ жұрттың көкейіндегі сөздің сөлін, сезімнің молдірін табу, екіншіден сол сырлы сезімге оран әлеуметтік мәселені қамтитын азаматтық ой айта білу»* [3]. Ал енді осы жерде сыншы айтып отырған «сырлы сезімге оранған әлеуметтік мәселені қамтитын азаматтық ой» дегенді қалай түсінесіз? Онда халықтың мұңы, алдан күтер көкейкесті арманы, азаттығы туралы ой жатқан жоқ па?! Сыншының келесі бір ой иіріміне көз жүгіртіп көрелік: *«Ақын өзін бастаушының аузына қараған хордың қатардағы көп әртісінің бірі ретінде ұстанған жерде поэзияда үлгілі өрнек жасай қою екіталай»* [3]. Бұл ойдың астарында не жатыр? Ақын кеңес дәуірінде кімнің аузына қарап еді? Сыншы Мұқағали шығармашылығына тоқталмас бұрын осындай көптеген мәселенің басын ашып кетеді. Бұл дәл сол кеңестік кезеңнің бүркемеленген шындығы, шығармашылық тұлғалардың бір ғана коммунистік партияның нұсқауымен жүріп (әдебиеттің ол кезде партиялық болғанын естен шығармаған жөн), тікелей солардың тапсырмасын орындағанын көбіміз әлі күнге шейін ұмыта қойған жоқпыз. Көріп отырғанымыздай сыншы Мұқағалиды ғана сынап отырған жоқ, ол өмір сүрген социалистік жүйені тұтастай сынап отыр.

С.Әшімбаев өзін толғандырған ой-пікірлерді күнделігіне түсіріп отырған. Күнделік – ол әр бір адамның ішкі ойы, жұртқа жария ете бермейтін сыры десек те болады. Сондай ой ұшқындарының біріне назар аударып көрелік. «Біздің әдеби атмосферада көркем шығарма идеясы дегенді біржақты түсіну бар. Атап айтқанда, оны саяси қайшылығы жоқ, саяси бағыты дұрыс деген мағынада ғана қарап жүрміз. Бұл дұрыс емес», – дейді. Яки кеңес әдебиетіндегі саясаттың ықпалын, шығармашылық тұлғаға еркін ойлауға, еркін жазуға мұрсат

бермейтін бақылағыштық әрекетін қатаң айыптайды. Ондай қоғамда кез-келген өнер иесінің саясаттың қолжаулығы болып, онан тыс өздігінен ештеңені айта алмайтын бейшаралығын да ашық айтып отырған жоқ па?

Әлемдік әдебиет тарихында қандай ұлы ақын болса да, олардың сыналмаған кезі сирек шығар. Кезінде ағылшынның ұлы ақыны Байрон да, орыс ақыны Пушкин де, Абайдың да сыналғанын жұрттың бәрі біледі. Мысалы, Белинскийдің «Гогольге хатын» күллі әлем жұртшылығы оқиды. Онан Гогольдің беделі түсіп қалған жоқ, Белинскийді де жерден алып, жерге салып жатқан адамды көрмедік. Ол хатта Белинский Гогольге өте ауыр сөздер айтады. Бірақ ол орыс әдебиеті тарихындағы шынайы сын ретінде бағаланады. Сөйте тұра неге екені белгісіз, Мұқағалиға келгенде сол сын әрдайым орынсыз, негізсіз айтылғандай болып, оған бағытталған сынды күпірлікке, білімсіздікке балап жатамыз. Бұл мүмкін Мұқағалидың халық арасындағы беделінен, оны халықтың шектен тыс жақсы көруінен болса керек. Бірақ ол мейлі қандай өнер иесі болсын оның да жаңылатын, оның да кейде олқы түсетін кездері болатынын естен шығарып алатындаймыз. Мұқағалидың барлық шығармалары шетінен мінсіз деп айту әрине білместік болар еді. Дәл сондай пікірді ақынның көзі тірі болса өзі де қабылдай алмас еді-ау деген бір ой ылғи да қылаң беріп қалатынын жасыра да алмаймыз. Мысалы, Сағат Мұқағалидың өлеңдерін сынамас бұрын сынның мұраты жайлы айта келіп, Томас Маннның баласы Клаус Манға айтқан мына бір ақылды көлденең тартады. «Әділ сын атаулыны қабылдамау адамгершілік кемшілікті көрсететін, турасын айтқанда, рухани бейшаралықтың дәлелі. Клаус, талант түгіл, адамзат қоғамын өзін-өзі сын көзбен қарау өсірген», – дей келіп, Мұқағалидың да көптеген шығармаларында ойшылдықтың жетіспей жатқанын нақты мысалдар келтіре отырып шынайы дәлелдейді. Ал Мұқағали өлеңдері тұнып тұрған терең философиядан ғана тұрады дегенге меніңше бүгінгі күні де ешкімді иландыра алмаймыз, оның лирикасында ойдан гөрі сезімнің басым келетінін сыншылар түгілі қарапайым оқырман да ажыратып айта алады. Сол сияқты Сағат айтқан сынның орынсыз емес екенін көрсетсе керек. Аталған сында мынадай жолдар бар: «Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы бір мысал келтіре кетейік: Біздің бұл өлеңге тоқталғанымыз осыған ұқсас бір қайнауы кем дүниелер кітапта мол ұшырасады. «Қыркада, ойда, бөктерде» деген өлеңді оқып көріңіз:

Биеден шампан алдырып,

Той жасап жатыр қойлы ауыл.

Немесе «Тауға келсең» деген өлеңдегі:

Кұлақ түріп, қурайдың ызыңына,

Ұғынасың өмірдің тәтті екенін, – деген сияқты арзан жолдар ақындық алғыр ойдан туған тапқырлыққа жатар ма екен?», – дейді. [3] Біздіңше бұл жерде сыншымен дауласатындай дәлелді уәж таба қоюдың өзі қиын. Әрине Мұқағали жиырмасыншы ғасырдағы ірі ақын, ұлы ақын. Бірақ Сағаттың сыны жарық көрген кезде оның көзі тірі еді. Мүмкін расында да Сағат оны қайрай түскісі келген шығар, кемшілігін Томастың баласы Клаусқа айтқанындай шұқып көрсетіп, одан да терең, одан да сұлу жыр жазуға септігін тигізгісі келген шығар?! Сыншы өз күнделігінде «Ақиқатты айтқан адам айыпты емес, ақиқатты көріп тұрып көзін жұмған адам қауіпті» немесе «Ақиқат адамның еркінен тыс нәрсе, сондықтан да оны айыптау, болмаса аяқ асты ету мүмкін емес», – депті. Әлде талантты ақынның жырларындағы кемшіліктерді көре тұра, өзінің ар-ұятынан аттай алмады ма екен!? Ол арасын бүгінде біз тап көріп басып, дәлелдеп бере алмаймыз.

Коммунистік жүйе мүмкін о баста халықтар бостандығын, ұлттар теңдігін дұрыс бастаған да шығар, бірақ уақыт өте келе негізінен үлкен ұлттың кіші ұлтқа үстемдік жасауын барынша қолдағанын, одактас республикаларды өздерінің отары сияқты ұстағанын көзіміз көрді. Ұлт туралы, туған халқы туралы жанашырлық мінез, ашық әрекет жасағандардың бәрін біріне бірін айдап салу арқылы жауға айналдыра салу олар үшін түкке тұрмайтын еді. Оған М.Әуезовтің үстінен Ұлы Отан соғысының батыры М.Ғабдуллинге, Қ.Аманжолов туралы С.Қирабаевқа мақала жаздырулары айқын дәлел бола алады. Мүмкін өзінің өлеңдері арқылы халық сүйіспеншілігіне бөленген М.Мақатаев туралы мақала да сондай тапсырыспен жазылуы әбден мүмкін. Бірақ тапсырыспен жазылса да сыншы өз мақаласында Мұқағалиды жерден алып, жерге салмайды. Жазықсыз күйе жақпайды. Адамгершілігіне, жеке басының намысына тимейді. Сағат ақынның барлық өлеңін теріске шығаруды мақсат етпеген. Сынай отырса да оның таланттын мойындайды, шебер жазылған лирикасына оң бағасын береді. *«М.Мақатаевтың «Қырқыңшы жылдардағы бесік жыры», «Мұң басқанда», «Қайран жандар», «Көзің нұрсыз дейсің сен», «Қайдан білсін», «Бозқараған», «Кұлыным қайда?», «Сарыала қаз оралды» сияқты санаулы өлеңдері бұл жинаққа ажар беріп, көрік қосып тұрған оқишау дүниелер. Осы өлеңдерде ерекше есте қалатындай философиялық ой болмағанымен аяулы сыр, ақшанқан сезім бар. Мәселен, «Бозқараған» атты өлеңді бей-жай көңілмен, салқын да самарқау сезіммен оқу қиын. Мұнда шынайы ақындық толғаным арқылы әлеуметтік өмір жайлы шыншыл сыр шертіледі. Өлеңді оқып отырғанда көз алдыға ақынның балалық, бозбалалық шағы өткен Ұлы*

Отан соғысы жылдарының шындығы елестейді, сол кездегі «аш ауылдың» тіршілік тынысын сезінгендей боласың», – деп ойын түйіндейді [3].

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, С.Әшімбаевтың Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері туралы жазылған сынын халықтың көзінен бүркемелеп жасыра алмаймыз. Оны келер ұрпақ оқу керек, өз бағаларын беру керек. Біздіңше ол сын бәз біреулер айтқандай талантты ақынға күйе жағатын жағымсыз дүние емес. С.Әшімбаевқа ол аброй әпермейді деген жалған намысшылдықтан да ада болғанымыз жөн. Ол жұрт ойлағандай бейпіл сөзбен, бейдауа жазылған сын емес, мәдениетті сын. Сондықтан да онан сыншы да, ақын да ұтылмайды деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әшімбаев С. Әдебиет және мораль. Сын сымбаты. – Алматы: Балауса, 2010.
2. Әшімбаев С. Ақын жанын жабырқатқан жайлар. Азаматтыққа адалдық. – Алматы: Раритет, 2007.
3. Әшімбаев С. Талант пен талап // Социалистік Қазақстан. – 1974, 26 шілде.

*Елубаев С.,
жазушы, Қазақстан
«Пен-клубының» вице-президенті*

САҒАТ ПЕН ШӘРБАН

Сағаттың саналы ғұмыры, ойлап отырсақ, қазақтың бір драмалы жылдарына дөп келген екен. Егер де, Сағаттың көзінше Қызыл империя қазақ қыздарын шаштан сүйреп, іштен тепкілемеген болса, қазақтың бетіне Кремль күллі әлем алдында «ұлтшыл» деп түкірмеген болса, 1991 жылы тамызда тәуелсіздікке деген ұлт үмітіне ГКЧП қауіп төндірмеген болса, онда, кім біледі, Сағат сыншы осынау алып империя құлар шақта оранған алауға жанып кетпей арамызда аман –есен жүре берер ме еді...

Алайда, заман адамды илемек. 86 жыл. Желтоқсан. Ұлт намысы алаңда ит жыртқан терідей иленді. Қыздарымызды Қызыл империя керзі етікпен тепкілеп жатты. «Бұндайды көргенше шыққыр көзім неге шықпады!» деп ах ұрдық . Қанымыз басымызға шапшыды.Шиыршық аттық. Қызыл жаудың қолында өлуге даяр тұрдық. Ашу-ыза жасы жуды бетімізді. Шапшаң Сағат болса, тіптен,намыс отына күйіп кетті. Ашу - ыза боп атылды. Қашан да ісі мен сөзі қатар жүретін шапшаң мінезді Сағат сол тұста шыдап тұра алмады.Күректі жендеттер қазақ жастарына дүрсе қоя бергенде, Сағат та дүрсе қоя берді Кремль өкіліне. Кремль өкілі Разумовқа: «Тоқтатыңдар! Мына зобалаңды! Қарулы солдаттар қарусыз балаларды қанға бөктіріп жатыр!» – деді саңқ-саңқ етті Сағат Разумовқа. «Мынауың кім?» деді қахарлы Разумов жанындағы Устиновтан. «Бұл Әшімбаев деген ұлтшыл!» деді Устинов. Осы күннен бастап Сағаттың басы саудаға түсті. Сағаттың ізіне қызыл идеологтар шам алып түсті.Осы күннен бастап Сағат жәй сыншы емес, советтік режимге қарсы саяси тұлғаға айналды. Оның ісі бюрода қаралды. Ісі жергілікті партия ұйымына жолданды.Сағатты Қазақ телерадиосының ұйымының жалпы жиналысы әрең құтқарып қалды. Ұлтжанды журналистер қорғап қалды. Ұлт ұлы күш екенін сонда ұты Сағат. Санасы серпілген журналистер қауымы оны жауға бермеді. Жауға бермек тұрмақ Сағатқа шаң жуытпады. Егер күллі халық санасы осы журналистердей сергек болса ғой, қазақ қазақ журналистеріндей оянса ғой сонда бұл ұлтты сақтаудағы ұлы қорған екен! Сағаттың көзі соған жетті. Демек қазақтың көзін ашу керек! Басшы ретінде қолында үлкен идеологиялық құрал тұр. Ендеше, неге отыр?! Жоқ. Сағат отырмады. «Қарыз бен парыз» атты ұйқыдағы ұлтты сілкіп оятатын хабарды дүниеге әкелді. Оның атын да, затын да өзі құрастырды. Өзі жүргізді. Ұрыс та тұрыс жоқ. Сағаттың үні Қазақстан көгінде саңқылдады.

Қазақтың азат ойы айтыла бастады. Бұндайды естімеген құлақ елең етті. Сана серпіле қалды. Көз ашылып төңірегін көре бастады. Көкжиекте көлбендеген егемендік сұлбасын көре бастады. Сағат идеолог шабысын үдете түсті. Ол сол көкжиекке асықты. Сағаттың тілімен алаш арманы сөйледі. Қысқаша айтқанда, қазақ Сағат болып сөйледі. Бұ кезде Қызыл Империя да тек жатпаған еді. Жер астынан жік шықты. Екі құлағы тік шықты. ГКЧП. Айдаһардай ақырды. Қарсы келгенінді жұтамын деп. Жұмырыма сыймағандарыңды түгел түрмеге тығамын деп. Совет халқының зәресі зәр түбіне кетті. Қазақ көгіне 37-нің бұлты үйірілді. Сағат ысырылып эфирді қызыл жендеттерге яғни ГКЧП–ға беруі керек болды. Кеше ғана алаңда қазақ жастарын қанға бөктірген қызыл жендеттерді қол қусырып төрге шығару керек болды. Яғни, ертең өз басыңды алатын жендеттерге төрінді яғни эфирді беру керек болды. Қайтадан құлдық қамытын мойынға киюі керек болды. Сағат сөйтті. Жендеттерге эфирді берді. Бұл ГКЧП -ны қол соғып қолдау деген сөз еді. Сағат өз болмысына өзі қайшы келді. Қолы ГКЧП ны эфир төріне шығарса да жүрегі көнбей тулады. «Әй, сен, мына жендеттерді құшақ жая қарсы алғаның ба, енді? Енді ертең қалың ел алдына қай бетіңмен шығасың? Жаздық. Жаңылдық дейсің бе?» Осылайша атойлап өз болмысы өзіне қарсы шықты. Алаш үшін арпалысқан азамат Сағат пен партиялық шенеунік Сағат арасында конфликт бұрқ етті. Осы екі от арасында жүрек байғұс ... шыдамады. Шытынап барып айырылып кетті. Сөйтіп, советтік империяның соңғы тұяқ серпісі құрбандықсыз болмады. Арамыздан Сағатты алып кетті. Сағат атышулы пугттың құрбаны болды. Советтік режимнің соңғы саяси құрбаны болды. Әшімбаев аруағы осылай ұлықтауды қажет етеді. Тек ғана сыншы емес, саяси құрбан ретінде де ұлықтауды, дәріптеуді қажет етеді.

Өмірден Сағаттың өзі өтсе де оның сөзі иесіз қалған жоқ. Сағаттың сөзін оның көзіндей ұлы Мәулен іліп әкетті. Мәуленнің тілімен Тәуелсіздікке қызмет етіп келеді бүгінде Сағат.

Өмірден Сағат өтсе де оның қасиетті қаламы иесіз қалған жоқ. Жазуын тоқтатқан жоқ. Ол қалам бүгінде жары Шәрбанның қолында. Елімізге белгілі жазушы Шәрбану Бейсенова қазақ әдебиетіне қалтқысыз қызмет етіп келе жатқалы қашан. Сағаттың 70 жылдығына жазушы тартымды да талантты дүниелермен келді. Ол бүгінде әңгіме-хикаяттардан құралған оншақты кітап авторы. Соңғы жылдары осынау талантты қалам иесі әдебиетімізде бір соны сүрлеуге жол салды. Ұлы Дала тарихында рөл атқарған атышулы қазақ арулары туралы тарихи дерекке негізделген көркем хикаяттар сериясын жазды. Солардың ішінде көркемдік болмыс бітімі мінсіз жасалған хикаят Сібір ханы Көшімнің екінші әйелі Сүзге сұлу туралы шығармасы. 16 ғасыр аяғында

Ермақ бастаған отқарулы қарақшылар Сібірдің соңғы ханы Көшім ордасын талқандағаны белгілі. Хан сүйікті Сүзгесіне арнап салдырған қорған қала жау қолында қалады. Ермақтың атамандары қаланы қоршауға алады. Сүзгеге талап қояды, тірі беріл, сонда сені Ресей патша ағзамына сыйға тартамыз деген. Ресей ханымы боласың дейді. Сүзге сұлу қарақшылардың уәдесін алады, қала тұрғындарын қырмаймыз деген. Сол уәде бойынша қала тұрғындарын түнде қаладан шығарып жіберіп өзі қорғанда қалады. Қарақшылар таңертең уәде бойынша қалаға кіреді. Алаңда түп терекке арқасын сүйеп отырған жалғыз Сүзге ханымды көреді. Қуанып кетіп жанына барса Сүзге аққан қанының үстінде жан тапсырған қалпы отыр екен. Сөйтіп орыс патшасына тоқал болғанша туған жердің төрінде өлуді артық санаған дала аруы.

Шәрбанудың «Сүйімбике» деректі хикаяты да Иван Грозныйдан Қазанды қорғап қолға түскен Дала аруы, Едіге бидің тұқымы әйгілі Сүйімбике ханым туралы жан тербетерлік трагикалық дастан. Осы шығарманы оқып отырып «Сүйімбикенің Жанна Д Арктан несі кем?» деген ой келеді. Сүйімбике де Мәскеуде Грозныйға бас имеген ғой. Патша осынау Ұлы Даланың даңқты аруын Қасымов қаласындағы Қазан хандығына жау татар сатқынға тоқалдыққа берген ғой. Бұл қорлыққа шыдамаған Сүйімбике сұлу мұнарадан секіріп өледі. Неткен тағдыр! Неткен ер мінезді арулар! Бұдан артқан ерлік, бұдан артқан отансүйгіштік болар ма?! Экранда осындай ерлікті толғай алмай келе жатқанымыз мін бізге. Жазушы Шәрбану Бейсенованың «Бір махаббат баяны» хикаяты да тұнып тұрған кино. Сібірге айдалған күйеуінің соңынан қиямет-қайым қиыншылықарға қарамастан іздеп барған қазақ әйелі туралы толғау. Жазушы сөйтіп Ұлы Дала тарихындағы тамаша тақырып көмбесін ашты. Әдеби айналымға түсірді. Сағат қорғаған қазақ намысын оның жары талантты қалам иесі Шәрбану Бейсенова сөз майданында осылайша қорғап келеді. Әшімбаевтар әулеті осынау жетпіс деген жотаға осылайша үлкен жеміспен келіп отыр.

*Қойгелдиев М.Қ.,
Қазақстан тарихшылар ассоциациясының
президенті, ҚР ҰҒА академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор*

САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ «ТАЛАНТ ПЕН ТАЛАП» МАҚАЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1974 жылғы 17 шілде күнгі санында (сол кездегі бас редакторы Сырбай Мәуленов) сыншы Сағат Әшімбаевтың «Талант пен талап» [1] аталатын мақаласы жарық көрді. Мақала ақын Мұқағали Мақатаевтың 1973 жылы жарық көрген «Аққулар ұйықтағанда» атты жинағына байланысты жазылған сын ретінде жарияланған еді.

Жалпы 1974 жыл ақын өміріндегі ауыр жылдардың бірі болғандығы байқалады. Ол жөнінде ақынның жары Лашын Әзімжанованың естелігінен мынандай жолдарды оқимыз: «Сол бір жылдары үлкен үмітпен, ең болмаса бір жұмысқа орналастырар деген мақсатпен Мұқағали Қазақстандағы «ең мықты» ағамыздың атына бар жайды айтып хат жазды. Сол хаттан көп үміт күтіп жүрдік... Біраз уақыт өткен соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті шақырып жатыр деген хабар алдық. Екеуміз де қатты қуандық» [2, 268], – деген ойды айтып, одан ары Орталық комитетіне кіре беріс дәлізде оның екі қызметкерінің қарсы алып, арызға байланысты мәселенің Жазушылар Одағына тапсырылғанын, өз ретінде Одақтың бұл істі жауапсыз қалдырғанын баяндайды.

Осы арада ақынның ҚКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың атына жолдаған хатына байланысты бір-екі ауыз сөз. Хаттың мәтіні «Егемен Қазақстан» (кітапта газеттің шыққан жылы мен күні берілмеген) газетінде жарық көрген [2, 222-228]. Жарияланымға байланысты берілген кіріспеді хаттың «уақытында арналған кісіге жіберілмей» қалғандығы ескертіледі. Хаттың неге адресатқа жетпей қалғанын түсіндіруге болатын сияқты. Егер бұл сұрауға жауапты сол тұстағы Орталық Комитетте отырған партиялық шенеуніктер тұрғысынан түсіндірер болсақ, онда мынадай жағдайға көңіл аударуға тура келеді. Біріншіден, хат иесі ақын Мұқағали Мақатаев партия қатарынан шығып қалған, Жазушылар Одағынан шығарылған. Формалды тұрғыдан ҚКП ОК бірінші хатшысы мұндай хатпен танысуға міндетті емес. Екіншіден, М.Мақатаевтың В.И.Ленин, партия, Карл Маркс қызметіне арналған толғау-поэмалары болғанымен, өмірдегі

ұстанымы партия белгілеген шеңберге үйлеспейді, өзін тым еркін, тәуелсіз ұстайды, ішеді. Қорыта айтқанда, «жолы болмай» жүрген ақынның өтініш хатын маңызды мәселе ретінде бірінші хатшының қолына жеткізу орынды болмас еді.

Ақынның «ізгі ілтипатпен» Д.А.Қонаевқа жолдаған хатының соңына 1974 жылдың 17-нші мамыры деген мерзім қойылған. Ал С.Әшімбаевтың жоғарыда аталған мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде екі айдан кейін жарияланған. Егер біз партиялық басшылықтың хатта баяндалған фактілерді ешқандай да назардан тыс қалдырмайтындығын, жоқ дегенде оған идеологиялық әдіс-құралдар арқылы ықпал жасауға тырысатындығын ескерсек, онда ақын хатына байланысты Жазушылар Одағына белгілі бір тапсырмалар берілгендігін жобалауға болады. Біздің түсінігімізше С.Әшімбаевтың М.Мақатаевтың әлгінде ғана жарық көрген «Аққулар ұйықтағанда» жинағына жазған сын мақаласы Орталық Комитет тарапынан берілген тапсырманың нәтижесі болуы әбден мүмкін. Байқағанымыз, бұл мақала С.Әшімбаевтың жарық көрген жинақтарына енбей келген. Соған қарағанда оның төңірегінде бүгінгі күнге дейін дұдамал, екіұшты пікірлер бар сияқты. Біз баяндамамызда осы тақырыпқа кішкене де болса сәуле түсіруді жөн көрдік.

Осы ретте, алдымен мақаланы даярлау неге Сағат Әшімбаевқа жүктелді деген сауал туындайды. Біріншіден, С.Әшімбаев сын жанрында көріне бастаған жас қалам иесі (27 жаста), талантты, алғыр, бұл тапсырманы жоғарғы деңгейде орындай алады. Екіншіден, қазақы түсінікпен келгенде сын жанрында жүрген басқа біреудің жазғаны қоғам тарапынан тура қабылданбай қалуы ықтимал, ал ақын мен белгіленіп отырған сыншы бір өңірден, жақын, тіптен ағалы-інілі десе де болады. Осы факті арқылы, әдебиетте партиялық принциптің үстем алып отырғандығын таныта түсуге мүмкіндік бар.

Міне сондықтан да, біздің пікірімізше, мақалада айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдарға негіз болған фактілік материалдарды ақынның бірінші хатшыға жолдаған хатынан іздеген жөн болмақ. Өйткені ақын хаты мен оның шығармашылығына айтылған сында өзара логикалық байланыс бар, ал ол екеуін жалғастырып тұрған өзекті жіп - поэзияның көтерген әлеуметтік жүгі. Талантты сыншының дәл басып айтып отырғанындай кез-келген ақынның артықшылығы өз шығармашылығында «жалпақ жұрттың көкейіндегі сөздің сөлін, сезімнің мөлдірін» тауып, сондай-ақ оны «сол сырлы сезімге орай әлеуметтік мәселені қамтитын азаматтық ой айта» білуінде болса керек. Ал азаматтық ойдың көзі өмірде, өмірлік шындықта. Ал өмірлік шындықтың поэтикасы, Федерико Гарсиа Лорка айтқандай, оны бізге дәл басып ашып берген ақын шығармасынан бай болмаса, кем емес [3, 257].

Міне осы ретте Мұқағали Мақатаев поэзиясының оның замандас ақындар шығармашылығынан ерекшелігі де, артықшылығы да қарапайым адам өміріне, Қарасаз бен Шалкөде тұрғындарының момақан, көзге көріне бермейтін, бірақ құдіретті тіршілігіне жақын тұрғандығында, соны, өзі жақсы білетін әлеуметтік күнделікті өмірді поэтикалық полотнарға айналдыруында еді.

Ақынның бірінші хатшыға жолдаған хаты, оның әрбір клеткасы советтік реформаларды, сұрапыл соғыстың шексіз көп зардаптарын басынан өткізген қарапайым ауыл адамының өмірінен бастау алады. Хатты тебіренбей оқу мүмкін емес. Оны өткен ғасырдың отызыншы жылдары өмірге келіп, елдің күнделікті тіршілігін көзімен көріп, жанынан өткізген сезімтал жас адамның өмір шежіресі десе де болғандай. Нарынқолдағы колхоздың бірін ұйымдастырып, артын ала майданға аттанған әкесі Сүлеймен 1942 жылы Калинин майданында қаза табады. Артында үш ұлы, анасы Тиын, балаларының шешесі Нағима қалады. Отбасының бар ауыртпашылығы біртіндеп балалардың үлкені Мұқағалиға ауады. «Шаңырақтың тіреуі жалғыз өзім болып қалдым» дейді, соған да байланысты болар мардымды білімде ала алмағанын айтады. Ауылдық кеңестің хатшысы, Қызыл отаудың меңгерушісі, жеті жылдық мектепте мұғалімдік, аудандық газетте жауапты хатшы қызметін атқарып жүргенде, аудан жойылып, ауылы, әкесінің көзіндей болған мектебі, үйі қиратылып, қоныс өзгертеді. Осы аласапыранда жүріп ол жұмыссыз қалады. Аққу жанды ақынға бұл жағдай ауыр тиеді. Енді ол үлкен отбасын (жеті жаннан тұрған) ертіп, астанада ақындық бағын сынауға бел буып, Алматыға көшіп келеді. Осы арада шынын айтқан жөн, сол тұстағы «қазақтың астанасы, орыстың баспанасы, ұйғырдың асханасы» Алматы басқа да қазақ балалары сияқты, Мұқағали ақынды да суық қабылдаған еді. Кезінде қаламдас ағасы Қасым Аманжолов тартқан баспана азабын Мұқағали да тартады. Қиналған сәтінде өмірге «бұл фәнидің, жын фәнидің бәрі кір» деп налыған нәзік те турашыл жанды ақынға қаржы беретін қызмет те он қабақ таныта қоймайды, бірде болса, бірде болмай қинайды. Қолына қараған үлкен отбасын асырауда оңай шаруа ма? Сөйтіп жүріп ішімдікке салынады, партия қатарынан, Жазушылар одағынан шығарылады. Бұл жағдай жалғыз Мұқағалидың басындағы трагедия ма еді? Ақынға қолына қалам алып «ажал алдында тұрғандаймын, құтқара көріңіз...» деген тұжырыммен хат жаздырған осы көңіл-күйі еді. Орталық Комитеттің жайлы да нанды кабинетіне әрең жеткен ортаң қол шенеунік арқалы Мұқағали ақынның хатының астарында үлкен қоғамдық мәселе жатқанын қайдан білсін. Оның міндеті хатта баяндалған мәселені дабырайтпай, тез сөндіре салу. Ал оның бірден-бір

тиімді жолы адуынды, асау, халықшыл, қоғамдық пікірде кең тынысты, батыл шығармашылық иесі ретінде танылған ақынның еңсесін басу, меселін қайтару. Бұл сол уақытқа дейінгі барлық билікте қолданыста жүрген ұлы әдіс. Империя құрамы кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы, ұлы ойшылдың (А.Герцен) сөзімен айтқанда, қаралы мартиролог немесе жер аудару реестрі десе де болады [4, 208]. Орыс билігіндегі сұлтанның әмірімен Махамбеттің басы алынды, жат өкімет өкімімен Абайдың үйінде тінту жүргізілді, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек, Ахмет, Ілияс, Бейімбет абақтыда көз жұмды.

Ой-қырыңа мың сәлем мен көрмеген,
Шөлдер менен тауларға көлдерменен,
Құмда отырған қойшының қараша үйін,
Қайсыбір сарайлардан кем көрмеп ем.
Жетім қалған қозыға жем берген ем...
Жетіліп, жетісіп ем сендерменен,
Кешір менің жанымды емделмеген!

...Самал сырын жеткізіп, бұлақ сөзін,
Болсам деп ем өзіңнің құлақ, көзің.
...Несін білдім өмірдің, несін көрдім?
Көз жазып қалмайын деп көшіңе ердім.

...Туған халқым!
Қатемді кешіре гөр!
Кешіре гөр!
Кеш қылмай несібе бер!
Ақынды ая!
Өмірге ақын бергін!
Көрікті болсын десең көшің егер.
Ал мені... Кешіре гөр!

Кешіре гөр!.. [5, 364] – деген Мұқағалидің тағдыры жоғарыда аталған реестрде емес деп кім айта алады. Міне осындай ақиық ақынның шығармасына идеологиялық аппараттағы шенеуніктердің тапсырысын қанағаттандыра алатындай сын мақала жазу жас сыншы Сағат Әшімбаевқа жеңілге түспегендігі анық. Тап осы арада ол өзінің төстің бе, жоқ әлде балғаның ба рөлінде болатындығын түсіне алмай дал болғандығы анық. Дегенмен, сыншы мақаласында «Мұқағалидың да... жекелеген жасық туындыларын» (Ә.Тәжібаев) жанашырлықпен орынды сынға алады, сол арқылы өзінің қасиетті сыншылық міндетін орындайды. Ондай кемшіліктер түрлі себептерге байланысты Мұқағали

шығармашылығынан да орын алғандығын жасырудың қажеті бар ма? Ақын жырларындағы осындай кемшіліктерді орынды да, нанымды сынға ала отырып, сыншы «Аққулар ұйықтағанда» жинағындағы қайсібір өлеңдерге байланысты «ақындық мәдениеттің жарқырап көріну жағы ойдағыдай емес», «Мұқағали өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер бойында жалған мінез, асыра сөйлеу,.. жанып-күю сарыны басым болып барады» сияқты тұжырымдарын береді.

Дегенмен, М.Мақатаев поэзиясына байланысты тапсырыс мақала жазуға мәжбүр болған сыншы Сағат Әшімбаевтың негізгі айтпақ болған ойы, біздің түсінігімізше, бұл емес-тін. Ол «Аққулар ұйықтағанда» жинағының негізгі мазмұнын көтеріп тұрған нағыз жырлардың тізімін береді де, осы шығармаларда «аяулы сыр, ақшаңқан сезім бар» екендігін ескертіп, оларды ақын поэзиясына «көрік қосып тұрған оқшау дүниелер» ретінде атайды.

Жалпы советтік кезеңде ұлы талант иелерінің шығармасына идеологиялық аппарат тапсырысымен «пікір» жазуға мәжбүр болған жағдай тек Сағат Әшімбаев сияқты өткір де терең ой иесінің басына түскен сын емес-тін. Осы күйді кезінде оның аға әріптестері Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев және басқа ірі әдебиетшілердің де бастарынан өткергендігі мәлім.

Болмаса жинақтағы «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы аққулардың оқшау қалған Жетімкөлге оралуына байланысты шебердің қолымен салынған қайталанбас ғажап мына суретті оқығанда нәзік сыншы Сағаттың сұқтанбай өтуі әрине мүмкін емес-тін.

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдың көлдің иесі жол алғанда.
Жетісіп Жетімкөл қалушы еді- ау
Тынушы еді-ау теңселген кара орманда.

...Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын Жетімкөл Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға талда,
Қарайтұғын айдынға ақ отауға [5, 829-840].

Бұл жолдарды оқығанда Жетісу жерінің сұлулығын Ілияс Жансүгіров деңгейінде жырлаған Мұқағали ақын ғана екендігіне көзіңіз жете түседі. Осы туындының өзі ғана жинақтың қуатын анықтап тұрғандай.

Сәтіне орай Мұқағали поэзиясына байланысты кезінде Сағат Әшімбаев сияқты сарабал сыншының назарына іліне қоймаған (оған

әрине, сол кездегі цензура кінәлі) мынадай бір фактіге тоқтала кетейін. М.Мақатаевтің өмірінің соңына қарай жазған ұлы туындысы «Моцарт. Жан азасы» толғауы. Бұл шығарма ақынды, сөзсіз, ұлылар галереясына апарып тұр. Шығарманың бесінші бөлігі «Бесік жыры» деп аталады. Ол қазақ әдебиетінің өзегінде ешуақытта үзілмеген терең сабақтастық барлығын айғақтайды. Мұқағали жазған бесік жырын тура сол мазмұн және сабақтастықта жарты ғасыр бұрын Ахмет Байтұрсынұлы жазған еді. Жыр ҚР ҰҚК архив қорындағы Ахаңа қатысты материалдар арасынан алынды. Енді осы екі туындылардан үзінділер келтірейік. Ахмет Байтұрсынұлы «Әлди-Әлди» (ашаршылық алдында жазылған елдің күйіне байланысты):

Еркіншілік заманың жоқ
Таршылыққа амалың жоқ.
Еркін дала еркің кетті.
Еркіндегі көркің кетті.
Паналы ну жерің кетті.
Сулы айдын көлің кетті.
Қаптай көшкен елің де жоқ
Ел қорғайтын ерің де жоқ.
...Енді жатып ұйықтау қалды.
Ұйықтағанды мақтау қалды.
Әлди-Әлди деп тербеткен
Ұйықтасын деп көп тербеткен
Қарның ашса ұлу қалды
[Нанға жағып] май бермекші
Тоңсаң түлкі құйрықтарын,
Жіпке тізіп бай бермекші!
Әлди – Әлди!
Еркіншілік
Заманың жоқ [6].

Мұқағали Мақатаев «Бесік жыры» (бұл арада ақын жер атынан сөйлеп тұр):

Әлди,
Әлди,
Ақ балам,
Ұйықтай ғой, ұйықта,
Жат, балам.
Мәңгілік сені тербетуге,
Мәңгілік бесік сақтағам.

...Сор да жоқ мұнда, бақ та жоқ,

Атақ та, құрмет, даңқ та жоқ.
Жетпейді мұнда өсек те,
Жетпейді саған атқан оқ.
Әлди, әлди, ақ балам,
Мәңгілік тыныш жат, балам...

Әлди,
Әлди,
Ақ пенде,
Тыныштық тауып, жат менде.
Өмірді қандай сыйласаң,
Өлімді сондай жат көрме!

Бауырыма мәңгі сақтаған,
Әлди,
Әлди,
Ақ балам...
Әлди...
Әлди...
Әлди-ай! [5, 1012].

Бұл екі жырдың, әрине мазмұндық тұрғыдан ерекшеліктері бар. Аханның бесік жырында басымдылық оның халқының трагедиялық жағдайына берілсе, Мұқағалидың «Жан азасында» халықпен бірге оның жеке бас азабы да төбе көрсетеді.

Арада жарты ғасырлық уақыт жатыр. Екі дәуір, екі замандағы ұлы талант иелерінің көңіл-күйінен бұл алшақтық сезілмейді. Таң қалмасқа шараң жоқ! Тек, «балам-ай, мынау өмір – дарияның, білмейсің қайда екенін өткелінін» деп бесігін тербетіп, зарлаған Ана үні құлағыңнан кетпейді. Мұқағали жазған портрет!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өшімбаев С. Талант пен талап // Қазақ әдебиеті. – 1974. – 17 шілде.
2. Мақатаев М. Шығармалары. Көп томдық толық жинағы. V том. – Алматы, 2010.
3. Называть вещи своими именами. Программные выступления мастеров западноевропейской литературы XX века. – М., 1986.
4. Герцен А.И. Собрание сочинений. – М, 1957. – Т. 7. – С. 208.
5. Мақатаев М. Жыр кітабы. – Алматы, 2012.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қалалық департаментінің архивы. 6 қор, № 078754 іс. 2 т., 165–168 об. п.п.

*Ергөбек Қ.,
Қ.А. Яссауи атындағы Қазақ-түрік халықаралық
университет президентінің кеңесшісі*

1. ЖАНЫН ЖАЛАУ ЕТКЕН... (диптих)

Қазақ теледидарынан телефондап Сағат Әшімбаев жөнінде хабар жасап беруімді өтінді. Бұл – айта қалғандай қиын міндет. Жылдар бойы аға тұтып алға ұстап, жанрлас, тетелес іні болып соңынан ілесе жүріп сырласқан да сыйласқан аяулы адам жастай ажал тырнағына ілініп, араңнан кеткенде ол жайында көгілдір экранға шығып көсілу қайда? Жан дүниенің тоналғандай босап, көңілің құлазып, кеуден қаңырап бос қалғандай абыржып жүресің ғой ондайда. Сөйте тұра **«Жарайды!»** - дедім сөзге келмей. Бірден келіскенім – бір өтелмеген парызымды өтейін, бір өкінішімнің орнын толтырайын деп ойладым. Ол қандай өкініш?

1991 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің сол кездегі сын бөлімінің менгерушісі, жазушы Дидахмет Әшімханов Сағат Әшімбаевпен диалог жасап беруімді тілек еткен. Ғылыми ізденісте жүргенімді айтып көріп едім, Дидахмет: **«Тілші таппай отырған жоқпыз. Сәкеңнің өз қалауы»** – деп бір-ақ тұжырды. Мен бұлтарыссыз көндім. Сәкеңмен телефондасып, уақыт сайлап, кездесіп кеңінен әңгімелеспек болып уәде байластық. Ат үстінде жүрген азамат емес пе, Сәкең Қазақстанның ішін қойып, сыртына сапарлап кетті. Қайта келіп сырқаттанып ауруханаға түсті. Қайта шықты, қайта түсті. Ақыры аптал азаматты ауру алып жықты, аяусыз ажал дегенін істеді. Редакция тапсырмасы орындалмай қалды. Өкініш сол, өтелмек парыз осы жағдайдан туындап жатыр.

Сағат Әшімбаевтың өзі негіздеп, өзі үкілеп сахнаға шығарған **«Парыз бен қарыз»** телехабарына дайындалу барысында оның қаламынан шыққан **«Сын мұраты»** (1974 ж.), **«Талантқа тағзым»** (1982 ж.), **«Парасатқа құштарлық»** (1985 ж.) аталмыш сын кітаптарымен қайта табыстым. Ұзын-ырғасы он екі сериясы жасалған жиырма төрт сағаттық **«Парыз бен қарыз»** телехабарының алтын қорда сақталған бес хабарын қайта көріп шықтым. Жазушы-сыншы столының үстінде баспаға дайындалып қалған **«Шындыққа сүйіспеншілік»** кітабының қолжазбасымен **«Парыз бен қарыз»** телехабарын дайындау процесіндегі іс-әрекет, жазба-сызбаларымен таныстым. Таныса келе елім қашан есейер, халқым қашан есесі түгенделіп қатарға қосылар деп жарғақ құлағы жастыққа тимей өткен Сағат Әшімбаевтың азаматтық өсу, сыншылық өркендеу, журналистік-қайраткерлік кемелдену

жолдарын көзге елестетерліктей нақты затты көріп, танып білдім. Телехабар жасау өз алдына жүре берер, ал мен көңілге түйген ойларымды ақ қағазға түсіріп, оқырманға ұсыну қажеттігін сезініп, қолға қалам алдым.

Сағат Әшімбаев – жастай жетім өскен, кетіліп жүріп жетілген жігіт еді. Ілуде біреу болмаса жетімсіз өскен жетім бала ержете келе елін, халқын ойлағыш болып өседі (Дүниеге малынып өскен тоқ бала не ойласын?!). Айналасына қарағыш қайырымды, кем-кетік, жетім-жесірге қамқор болып өседі. Сағат жетім өскендіктен кекшіл болмай халықшыл текті азамат болып өсті. Таланты бар балаларды бауырына тартып, айналасына талапкер жастарды жиып аға атанып қамқорлық таныта бастаған сәтте оның өзі әлі отызға толмаған бала-жігіт еді. Баламын демеді ол, жасынан ерте есейіп жасамыстық танытып жүре берді. Бәріміз де Сағаттың жылы сөзін есітіп, қамқорлығын көріп өстік.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген халық даналығын жадына берік тұтты ма, әйтеуір қазаға ерекше қайырымды еді Сағат. Дара ақын М.Мақатаев жайында жазылған Асқардың(Егеубаев), дарынды сыншы Қ.Нұрмаханов жайында жазылған менің болмашы мақаламызға айырықша ықылас танытты кезінде. Атап айтып, мақтап мақала жазып жатты. Әрине, біз үшін емес, Мұқағали музасы үшін, Қалжанның қалтқысыз адал сыны үшін мақтады. Өзі дүниеден өтерінен біраз бұрын шабыты шалқып өткен парасаткер, қайталанбас қайраткер Ілияс Омаров әдеби мұрасы жөнінде ойлы мақала жазды. Көрнекті ғалым, ұстазы Бейсембай Кенжебайұлы қайтыс болғанда **«Бүгін қазақ әдебиеттану ғылымы үшін қаралы, азалы күн»** – деп жарлай айтып, телерадио кешені журналистерін бастап, Қазақстан Жазушылар одағына ғалыммен қоштасуға келді. Өзінен сәл бұрын дүниеден өткен кинорежиссер Кәрім Тананев талықсып екі дүние арасында арпалысып жатқанда айтқан «Бала-шағам үйсіз қалып барады» деген арман аралас шерлі сөзін аманатқа балап өзін сендіргендей таласа-тартыса жүріп оның отбасы, бала-шағасына үй алып берді. Қаза болған дарынды қазақтарға оның жасаған соңғы қайырымының бірі осындай еді. Өмірден өндірдей кезінде кеткен ақын Артығали Ыбыраевтың қолжазбасын жинап алып мөлдіреген өлеңдерінен жинақтап жыр жинағын шығарып бергені де есте. Жақсының көзі деп Артығалидың інісін ҚазМУ-ге оқуға орналастырған да Сағат еді ғой, шولاқ дүние-ай!

Жақсы ағаның жастарға жанашырлығы жайында қалай айтсақ та жарасады. 1975 жылы пәнәйі себеппен ҚазМУ-дің филология факультетін тәмамдаушыларға диплом жұмысына жетекшілік етті. Жазушы Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы жайында жазылған Тұрар Сүлейменовтың диплом жұмысына қызығып кетіп, қызына пікір айтты.

Онымен қоймай 1976 жылы «Жұлдыз» журналының бір санында **«Өнерпаздар тағдыры»** деген атпен мол көлемде жариялап шәкіртін қарық қылғанын қайтерсің?! Б.Әлімжанов, Ж.Әбілев секілді жастар оның қамқорлығын көп көрді. Дүниеден өтерінен аз-ақ бұрын **«Елде жүрген Сатыбалды Қосалиев есімді іні таптым. Мынадай өлең жазған адам, сөз жоқ, ақын»** – деп теледидардан дарынды жастың өлеңін дуылдата оқыды. Үміт еткен жастарын жассынбай, баласынбай, бүгін болмағанымен күні ертең елдің сөзін айтар азамат болар ма деген үмітпен **«Жүректен қозғайық»**, **«Парыз бен қарыз»** секілді беделді, ойлы хабарларына қатыстырып отырды, мақалаларында есімдерін атап насихаттай жүрді оларды.

Ойлап қарасақ осының бәрі мейлінше ойлы өсіп келе жатқан кемел азаматтың келешекке үлгі болып тарарлық игілікті іс-әрекеті. Жақсы атты болайын деп емес, елдің ертеңін ойлап жүрегінің жетегімен жүріп атқарған, жүрек қалауымен жасаған жақсылықтары.

Мейлінше ізденімпаз Сағат Әшімбаев – салауатты, парасатты әдебиет сыншысы еді. Соңында қалған сын кітаптарын қатар тізіп қойсаң-ақ ақиқатқа құштар, жақсыға жанымен құлайтын жалынды сыншыны көрер едің, мұратын таныр едің. Сыншы мұраты – «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық», «Шындыққа сүйіспеншілік» болып шығады. «Сын мұратынан» басталған сын-соқпақ мақаладан мақалаға өсіп, кітаптан кітапқа кемелденіп, марқайып келе жатқанын оның осы еңбектерінен анық та айқын көруге болғандай.

Қазақ жағдайында қара қылды қақ жарған әділетті сыншы болу қиынның қиыны. Турасын айтып туғанына жақпайтын, жаның ашып ақиқатын айтсаң жаныңдағы замандасыңа жақпайтын жанр сын хәм сыншы дегенің. Атақ-абырой асуына өтерде сын хәм сыншыны насихат құралына айналдырғысы келетін ағалар кеуделеріне лавр жапырағын жапсырып алған соң қолжаулық еткісі келетінін, әлдекімге айдап салғысы келетінін қайтерсің. Міне, осындай ахуал орныққан жерде құран ұстап сөйлер адал сыншы болып қалу қайдан оңай болсын?! Алғашқы қадамын оқырманнан досы көп, жазушыдан «жауы» көп жауынгер сыншы болып бастаған Сағат Әшімбаев, өз буынынан да, аға буынның қайсысынан да қаймықпай қанжардай өткір сын мақалаларын жазды. Мақаладан мақалаға, кітаптан кітапқа өсе тұлғаланып келе жатты. С.Әшімбаев мақалаларының қай-қайсысы да оқырманын бейтарап қалдырмайтын ойлы, парасатты – жақсының жаршысына, жаманның құтын қашыруға қызмет еткен дүниелер! Ол мақалаларында: **«Сын - өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы»** (**«Парасатқа құштарлық», 15 бет**)-деп жазыпты. **«...сынды жанымен**

сүйіп, барша тәнімен күймейтін адамдардың сынның беделін түсіргеннен басқа берер пайдасы шамалы...»(Сонда 41-бет) деп те жанымен беріле жазыпты. Сынды беріле қорғапты. Сағат Әшімбаевтың қолда бар үш кітабында мұндай сәтті ойлар, салауатты пікірлер мол-ақ. Ойлы сыншының мақалалары соңғы кездері белгілі бір шығарманы, не нақты әдеби процесті талдаудан гөрі әдебиетті басқыш етіп кісілікті, азаматтықты айтуға көбірек ойысқан әдеби-эстетикалық, моральдық-философиялық сипатта жазылып жүрді. «Азаматтық формуласы» деген ұғымға да алғаш барған Сағат еді-ау, осы. **«Халық өзінің азаматтық манифесін сан ғасырлар бойы қанымен де, жанымен еді жазады. Азаматтық манифесі айқын емес халықтың болашағы да айқын емес»** – деп ойшыл Монтень атынан да сөйлегені есте. Иә, Сәкең қаламынан бірсыпыра сәтті, бірсыпыра жақсы мақалалар туды. Әрқайсысының өз оқушысы бар. Әйтсе де Сәкең қаламынан туған екі жүйе мақалалардың шоқтығы ерекше биік деп білемін. Ол – классик жазушымыз Ғабит Мүсіреповпен көзбе-көз отырып сөйлесіп, жүзбе-жүз отырып сырласып, жазушының жан-дүниесіне бойлай жазған триптих-эссесі. Ол – ұлы Абай шығармаларын қайта оқып, жырларын жанына терең тоқып, кісілік, ізгілік жайында толғанысқа беріле жазған төрт-бес мақаласы. Бұл мақалалар сыншы-философ Сағат есімін ертенге еркін алып бара жатқан толымды дүниелер!

С.Әшімбаев алыстан бастап Абай биігін игергенге дейін ұзақ ізденіс жолынан, талай-талай таным баспалдақтарынан өтті. Ұзақ жүріп, бірсыпыра нәр жиып қорланып Абаймен табысқан С.Әшімбаев халық сөзін айтар қаламгер-қайраткерлікке ойысты. Тәп-тәуір қалыптасқан философтың болмысы танылған Сағатты осы биігінде тұрған жерінен қайтып тірі оралдырмас қиынына тартып кеткен теледидарға өкпе айтқың келеді-ақ. Өмір өткіншілігін терең пайымдап, ала қағаз айналдырып табан аудармай еңбек еткенде елге ырыс, жанрға тыныс боларлық қаншама дүние берген болар еді?! Өкінішті!

Өкіне тұра көңіліңді жұбатып, бейіліңді қуанышқа бұратын, жалынды жанды жастай солдырса да теледидарға риза кейіпте қарайтын мезетің де тап осы сәт! Неге? Жылап отырып жұбанатын, қарғап отырып қуанатындай не сыр, не жұмбақ бар мұнда? Сағат **«Адамның азаматтық қасиеті өз қара басына емес, басқаға жасаған қайырымдылығымен өлшенетін сияқты»** («Парасатқа құштарлық», 157 бет) деген концепцияның адамы. Қара басына емес, халқына қайырымдылықты ол қайткенде молырақ жасай алатын еді? Миллиондаған көрермені бар көгілдір экраннан ашына сөйлегенде, ашыла сырласқанда! Сағаттың мүмкіндігі көгілдір экран мүмкіндігімен осылай сәйкесті, осылай қабысты. Сонау сексенінші жылдардағы

«Жүректен қозғайық» кемелдене келе «Парыз бен Қарыз» телехабарына ұласты. Сағат «Парыз бен қарызды» көгілдір экранға шығарды. Сәтті шығарды. Әрбір халықтық мүддемен қабысқан сәтті іс иесін киесіндей көтереді ғой. Елдің кеткен есесін айтқан, халықтың көкейіндегісін көре білген «Парыз бен қарыз» Сағат Әшімбаевты халықшыл ағартушы қайраткер биігіне көтеріп алып кетті.

«Парыз бен Қарыз» қандай хабар? Бұл – сипаты жағынан ағартушылық хабар. Көтерген мәселесі жөнінен – сынға құрылған проблемалық хабар. Материалды, деректерді жинақтап беруі жөнінен – талдау мәнеріндегі философиялық толғанис. Бұл – кемшілікті коллективтік формада көру. Бюрократизмге көп болып қолдасып жасалған шабуыл. «Парыз бен Қарыз» Сағаттай азаматтың халық қасіретіне жанын жамау еткен, халық қасиетіне жанын жалау еткен ерекше тындырымды бір ісі!

Софокл айтады: **«Адамзатқа қызмет етпеген ақыл қатерлі»** – деп. Бізде өзінің қара басына, қалса ағайын-туғанға қызмет етумен шектелетін ақылды бастар баршылық. Саясаттың темір құрсауынан қорқып қалтарыс тасада жүрген сондай түрлі саланың ақылды бастарына Сағат «Парыз бен Қарыз» телехабары арқылы мінбе ұсынды, ақылды адамзатқа қызмет еткізіп, қасиет дарытты.

«Парыз бен Қарыз» хабарының он екі санында халықтың қаншама қасіретін айтып, қаншама қадір-қасиетін насихаттады?! Сақталған он сағаттық хабардың өзінде қаншама ой айтылған десеңізші! Ал, тұтастай алғанда «Парыз бен қарыз» хабарына ұзын-ырғасы қазақтың әр саланың қаймағы дерлік жүзге тарта зиялысы қатысып ой толғапты. Қамтылған мәселелерін қараңыз: **«Азаматтық парыз», «Интеллигент деп кімді айтамыз?», «Демократия мен бюрократия», «Жариялылық жайлы ойлар», «Қайта құру және интеллигенция», «Ұлттық сана және рухани бірлік», «Ұлт тілінің тағдыры»** секілді мәселелер. Хабарға ақын, жазушы, философ, юрист, географ, социолог, тарихшы мамандар қатысқан. Әр саланың осыншама зиялысын жақсылықты жарлау, кемшілікті сынауға жұмылдыру қайдан оңай болсын?! Сағат Әшімбаев көп күш-қайратын міне осы ұлан-асыр іске сарп етті. Парасатты азамат, ойшыл жас ретінде оның мақсаты – халық жарасына жанын жамау ету, халық бақытына жанын жалау ету еді. Ағартушылық ойдағы «Парыз бен Қарыз» хабары – Әшімбаевтай азаматтың осындай ізгі мақсатының жемісі. Ал Сағаттай азаматты халықшыл мұндай ойға жетелеген тағы да ұлы Абай! Ақынның асыл ойларымен сыншы райында табысқан ол өзінің халықшыл болмысын Абай жырларымен етене туыстырып, бауырластырып көгілдір экраннан көсіле сөйледі. **«Күндестік сезім – адамгершілік сезімнің азғындаған**

түрі. Ол сезім – ой-санасы дамымаған кішкене адамдар мен ұлттық парасаты жетілмеген, рухы төмен ұлттардың басындағы баландық аурудың нәтижесі» – деп Толстойша, **«Ақылды адамды ақылсыз жаннан ажырата алмаған жерде мемлекет күйрейді»,** – деп Диогенше сөйлеп отырар еді Сағат аға көгілдір экраннан.

Біздің білуімізде «Парыз бен Қарыз» әр хабары дербес телефильм дәрежесінде жасалған, бір тақырыпты егжей-тегжейлі талдайтын, өзегінде өткір мәселесі бар, композициялық құрылымы жып-жинақы тынысты хабарлар сериясы. Сондықтан сақталмағанына салауат айтып, барына қанағат етіп, ол хабарға кімнің қатысқаны, нендей ой айтқанына қарамастан сақтай білу – парыз! Қазірдің өзінде бұл телехабар Ж.Молдағалиев, К.Қожабеков, Н.Жанділдин, С.Әшімбаев секілді арамызда жоқ аяулы азаматтардың тірі бейнесін сақтап бізге жеткізіп отыр. Алда қаншама аяулы адамдардың, қаншама қайталанбас қайраткерлердің қымбат бейнесін сақтап береді?! Ертеңімізді ойлағанда есте болар елдік бір ісіміз осы болғай!

Әрине, Сағат Әшімбаев «Шындыққа сүйіспеншілік» кітабының қолжазбасын баспаға өз аяғымен апарып үлгермесін деп ойлаған жоқ. Сондай-ақ «Парыз бен қарыз» хабары арқылы өз бейнесін экранда қалдыруды да ойлаған жоқ. Ол ойламағанды енді біз ойлауға, ол атқармағанды енді біз атқаруға тура келіп отыр. Бұл орайда, Сағаттай шәкіртке ұстаз академик-жазушы Зейнолла Қабдолов басқаратын комиссияның атқарары аз болмаса керек. Бірді айтып бірге кетіп қалып жатырмыз ба, қалай? Ойға бай болғанымен басқаға жарлы әдеби сын жанры бас-аяғы бірер жылдың ішінде Төлеген Тоқбергенов, Сағат Әшімбаевтай екі бірдей сарбазынан, қос қыранынан айырылып қалды. Бұл жақсы емес. Осы екі аяулы азаматтың алғашқы «Тоғыз тарау», «Сын мұраты» кітаптарын нысанаға алып сыншы Зейнолла Серікқалиев «Қос қанат» аталатын мақала жазып, сүйсініп отырып тұсауын кескен еді. Расында да жанрдың қос қанатындай еді-ау.

Арманшыл жан еді Сағат. Алда **«Асыл мен масыл», «Қасиет пен қасірет»** секілді сериялық телехабарлар жасамақшы еді. Қайтесін, кісінің дегені бола бере ме, құдайдың дегені болады дағы...

Сағат Әшімбаев – соңғы жылдары азамат, сыншы, журналист, қайраткер ретінде жан-жақты толыса түскен еді. Қазақстанның тысына шығандап шығып кетіп те қандас бауырларды ұйымдастырып бір қазақ орталығын аштырып қауымдастырып, елдікке ерекше ынталандырып қойып жүрді. Қазақ теледидары хабарларын тағдыр айдауымен сыртта шашырап жүрген, ата жердің атынан айырылғанымен бір пұшпағын қоныс етіп, қимай отырған туыстар көре алатын болды деп қалай қуанды десеңізші Сәкең! «Парыз бен Қарыз» хабарына қатыстырарлық

халықтық қуатты ойы бар кімдерді білесің деп те айналасындағы үлкен-кіші бәрімізден сұрай жүруші еді. «Парыз бен Қарыз» хабары үшін жеген таяғы аз емес, сөйте жүріп құштарлығы онан да зор болатын. **«Сендер мені сыннан кетіп қалды деп ойламаңдар. Мына бір өтпелі кезеңде халықты оятып, қатарға қосып алайықшы. Сонан соң сүйген сын жанрына қайта ораламын»** – деуші еді сырласқан сәттерде. Айтқанындай-ақ «Шындыққа сүйіспеншілік» деп атап жаңа бір әдеби сын кітабын дайындап үлгергеніне куә болып отырмыз ғой. Қабағын мұң торлап, жанына шер, жанарына жас үйірілген жарының рұқсатымен парақтап отырып жаңа қолжазбадан мынадай ойларды оқыдым: **«Ерен туған ерекше ерлерін бағалай білмген елдің ертеңі ертегідей дегенге есті кісінің сене қоюы екіталай шығар. Ал ерін бағалай білген елдің есесі ешкімнен де ешуақытта кем болмайтындығын есте ұстағанға не жетсін?!»**

Ілияс Омаровтай қайраткерге бағыштай сөйлеген сөзін бүгін Сағат Әшімбаевтай сергек жанды сыншының өзіне арнап айтсақ артықтық етпес. Соңғы кездері қазақ радиосы Сағат Әшімбаев жөнінде сағынып сөйлей бастады. Соңғы кездері қазақ баспасөзі Сағат Әшімбаев жөнінде бағалы, қимас әңгімесін сабақтай бастады. Теледидарда аға буын – алқа топ Сағат жайында мұндана сөйледі. Осының бәрі қашан көзі жұмылғанша елім, халқым, жұртым деп жанын жалау етіп өткен Сағат Әшімбаевтай азаматтың жасаған ағартушылық қызметінің халық құлағына жетуі. Осының бәрі халық үшін еткен қызметтің қайтуы, көзі барда не десек те, көзі кеткен соң халықтың Сағат Әшімбаевтай сараман перзентін іздей бастауы.

Сонымен Сағат жайлы сөз басталып кетті. Бұл – ел, халық алдындағы парызын адал атқарған азамат жайлы сөз! Басталған іс баянды болсын! Ел жайлы ой елдікке жетелесін. Жаңарып жер көгергендей жаңаланып ел оянсын! Жанын жалау еткен Сағат Әшімбаевтың да бар арманы, жанымен тілегені осы еді ғой...

*Дәдебаев Ж.Д.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Абай институтының
директоры, филология ғылымдарының
докторы, профессор*

САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНДАҒЫ ОРНЫ

Сағат Әшімбаевтың көркем сөзі де, көсем сөзі де, теледидарда өзі негізін қалап, өзі жүргізген авторлық бағдарламалары да ойды балқытатын отты құштарлыққа, жанды тербеп, жүректі тебірентетін сертті сүйіспеншілікке, ар мен ожданның көзін ашқандай жарық пен жарқылға толы болатын.

Сыншының әлем әдебиетінің ірі қайраткерлері мен кемел суреткерлерінің өнері мен еңбегі туралы ойлары, қазақ әдебиетінің бас жазушысынан жас жазушысына дейінгі көкейкесті мәселелер жайлы толғаныстары, адам мен қоғам туралы телехабарлары оқырманы мен көрерменін парлаган парасат биігіне бастады, тіл өнері туралы, жазушы мен жазушылық туралы алтындай аққан асыл ұғымдар тереңінде тебірентті. Сыншы сыншыл ойды бір тереңге тартып, бір биікке бастап жүріп, жазушының, көркем әдебиеттің, әдебиет сынының қоғам өміріндегі орнын, адамзат игілігі жолындағы қызметін бағалауда жаңа тұрғы тұрақтандырды. Қоғамдық сананы шын суреткердің талант қуаты мен кісілік қасиеті, бар байлық-дәулеті, салтанат-сәулеті, асыл қазынасы парасатты ойында, керемет интеллектісінде екендігі туралы ерекше ойға ұйытты. Ойлана, толғанта жүріп, өзінің де байлық-дәулеті мен салтанат-сәулетін, асыл қазынасын осыдан іздеді, осыдан тапты. Қоғамның рухани өсіп-өркендеуі мен адамзат ой-сезімінің дамып, гүлденуіне әдебиеттің, нағыз қаламгердің қосатын үлесінің орасан зор екендігі туралы түсінік қалыптастырды. Бұл тегеурінді де текті түсінік болатын. Сыншы түсінігінің тегеуріні мен тектілігі оның өзінің терең танымына, ерен ұстанымына, берен көзқарасына негізделді. Осы таным, осы ұстаным, осы көзқарас тұрғысынан Сағат шынайы әдебиетті осынау алмағайып өмірдегі рухани прогресс атаулының қайнар көзі, алтын бастауы ретінде бағалады. Бұл ерекше прогресс әдебиет пен өнердің арқасында ғана жүзеге асатын күрделі құбылыс деген теория ұсынды. Терең таным, ерен ұстаным, берен көзқарас көрінісі болып табылатын мұндай ұғымдар жүйесі мен қағидалар негізінде автордың әдебиетке деген сүйіспеншілігі, қоғам мен адамның рухани дамуына деген құштарлығы жатты. Сыншы әдебиетті шексіз сүйіп қана қойған жоқ, әдебиеттің қоғам мен адамның рухани дамуының қайнар көзіне, алтын бастауына айналуын мақсат тұтты, осы мақсат жолында ащы

терін төгіп, тәтті ұйқысын бөліп, ерен еңбек етті. Әдебиеттің, әдеби сынның абыройын халық абыройындай, әдебиеттің, әдеби сынның мерейін ұлт мерейіндей көрді.

Сағаттың сындарлы, дара да сара ойларының жүйесінде суреткерлікке ерекше мән берілді. Суреткерліктің көркемдікке алып келетініне, суреткерлік дегеніміздің өзі көркемдікпен егіз ұғым екендігіне көз жеткізді. Әдеттегідей суреткерлік ұғымына да, көркемдік ұғымына да көл-көсір мазмұн мен мән дарытып, олардың әрқайсысына терең талдау жасады, әрқайсысының өзіне ғана тән қыры мен сырын сарқа сипаттады, сыншыл танымның киелі кеңістігінде еркін парлады.

Сыншыл танымның киелі кеңістігінде еркін парлау қанатты да қуатты ойдың қызметіне тән. Ойдың қанаттылығы, ойлаудың тереңдігі сыншыны әдеби шығарманы талдау мен әдеби процесті бағалаудың тың ұстанымдарын негіздеуге алып келді.

Сыншы болу оңай емес. Сын – қиын өнер. Сыншы таланты – аса сирек талант. Өйткені сыншы жазушыдан гөрі таланттырақ болуы шарт. Ол өмір шындықтарын, елі мен жерінің тарихын, философиясын, тұрмыс-салтын жазушыдан артық білуі қажет. Ол интеллект жағынан да жазушыдан биік тұруы ләзім. Сонда ғана оның сыны жазушыға ой салып, әдебиеттің дамуына, қоғамдық, әдеби-эстетикалық ойдың өсуіне ықпал ете алады.

Сағаттың әдеби көркем сынға, сыншы талантына көзқарасы осындай болды. “Сын - уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы”, - деді ол. “Шындыққа – сүйіспеншілік, ақиқатқа іңкәрлік жоқ жерде сын да жоқ”, – деп ойланды. “Сынның аты – шындық, заты – сүйіспеншілік”, - деп толғанды. “Сынның аты ащы болғанымен, заты тұщы”, – деген қанатты сөзді де Сағат айтты. Осының бәрі сыншының үлкен азаматтығынан өсіп-өнген биік мәдениеттіліктің, ойлау мен сөйлеудегі, талдау мен жинақтаудағы тереңдіктің үлгісі еді.

Сыншының азаматтық позиция, азаматтық пафос туралы қалыптастырған ұғымдары, әдеби-эстетикалық ойлары мен толғаныстары, анықтаулары мен айқындаулары дәлелді де дәйекті болумен бірге ақыл мен сезімге, парасат пен пайымға бірдей серпін беретін айрықша асыл табиғатымен бағалы. Азаматтық позиция, сыншы пайымдауында, суреткерлік айрықша парасаттылық. Ал суреткерлік айрықша парасаттылық дегеніміз – рухани қасиеттің төресі. Азаматтық позицияға таланттың өзі де тәуелді. Сағат әдеби сында суреткердің азаматтық позициясы туралы осындай тың ұғым ұсынып қана қоймай, оның негізін саралап көрсетті.

Ойшыл, қырағы ойдың қыранындай алғыр қаламгер азаматтық позиция, азаматтық пафос ұғымдарының негізінде азаматтық формуласын ойлап тапты. Онда қаламгер хәм қайраткер тұлғаның асыл

мұраты мен асқақ арманынан туған терең мағына бар. Азаматтық формуласын автор мынадай құрамдас бөліктер мен олардың өзара үйлесімінен түзеді:

- халықтық масштабта үлкен іс тындыру
- ұлттың рухани-мәдени дамуына және әлеуметтік прогреске лайықты үлес қосу
- адамгершілік ерлікке пара-пар өмірлік мәні зор өнегелі іс-әрекеттер жасау

Сағат Әшімбаевтың шығармшылық өмірі, суреткерлік өнері, азаматтық формуласы өмір мектебіндей ғибратты. Өзінің суреткерлік биік тұрғысымен, азаматтық берік ұстанымымен ол қазақ әдебиетінің тұтас бір буынының көркемдік-эстетикалық көзқарасының жаңғыруына ықпал етті, тіл өнері, сын мұраты туралы ұғымдарын байытып, эстетикалық талғамы мен танымын таудай биікке көтерді.

Сыншының адамзат әдебиеті мен өнерін, философиясын, тарихы мен мәдениетін жете білу және сол білгенін ел игілігіне жұмсау жолындағы ізденістері мен жеткен жетістіктері – оның өзі үшін де, оның тұсындағы сыншыл ой үшін де ілгерілеу жолы, биіктеу жолы болды. Өз заманының әлеуметтік, көркемдік, эстетикалық ізденістерінің алдында болған сыншы халықтың рухани өмірінде әдеби сынның алатын орны мен атқаратын қызметі туралы бұрын-соңды ешкімнің ойына келмеген, ешкімнің аузына түспеген озық ойлар айтты, тамаша тұжырымдар негіздеді. Сағат әдебиет туралы, әдебиеттің өзекті мәселелері туралы ерен ойлары мен терең тұжырымдары негізінде қазақ әдеби сынында жаңа әдеби-эстетикалық қағидалар жүйесін қалыптастырды.

Сағаттың шығармашылық мұрасы, қоғамдық және мемлекеттік қызметі оның асқақ та арналы рухани өмірінің айнасы іспетті. Онда шығармашылық дара тұлғаның қоғамдық-әлеуметтік зор болмысын танытатын суреткерлік айырықша парасаттылық, елдік, ұлттық үлкен мүдделерге қызмет ететін азаматтық биік нысана көрініс тапқан, адамзаттың қоғамдық ойының нәрі мен мәні жинақталған. Онда қоғам және мемлекет қайраткерінің талант даралығы, әлеуметтік белсенділігі мен қайраткерлік қарымдылығы, сондай-ақ саяси көзқарас беренділігі мен күрескерлік позиция тереңдігі, патриоттық ой-сана кемелдігі көрініс тапқан. Сағат Әшімбаевтың өмірі мен өнерінің мұндай қасиеттері оның өз тұсындағы әдебиет пен әдеби сын, қоғамдық ой-сана үшін мүлде жаңа, қозғаушы, алға бастаушы, жетектеуші қызмет атқарған аса зор рухани құндылықтар еді. Олардың әлеуметтік мәні мен маңызы бүгінгі әдебиет пен әдеби сын, бүгінгі қоғамдық ой-сана үшін де аса зор.

Молдабеков Ж.Ж.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры, философия
ғылымдарының докторы, Акмеология ғылымдарының
халықаралық академиясының академигі

РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ ТАҢБАЛАРЫ, ТҰҒЫРЛАРЫ

Біздер естелікті алға тартқанда замандастар арасында дәнекерлік, дипломатиялық рөлді атқарып жатқандаймыз, ал ұрпақтар арасындағы ағартушылық жұмысты жаңғыртуға араласып жатқанымыз да рас. Бұл бастама еліміздің тарихы мен ұрпақтар тағдырының тұлғалық мекем тұғырларын түгендеу үшін, олардың азаматтық рухын ұлағаттау үшін маңызды екені күмән тудырмас. Өткеннің белді, беделді, басалқы кезеңдерін көз алдымыздан өткізіп, көңілде жаңғыртқан сайын өмірлік құндылықтарды түптей түсеміз, тыныс кеңістігі кеңейіп, тазарып қалады емес пе?! Іштей сұхбаттасқан да кіммен, немен теңесіміз, қандай елеулі оқиғаларды не үшін жүрегімізге ту етіп тігеміз немесе онда желбіретеміз. Не керек сүрендік тірілген бейнеге сүйрейді.

Сағат Әшімбаевпен таныстығым қалай басталды? 1974-1980 ж. журналистика факультетінің студенттеріне философиядан дәріс оқудың реті келді. Әйгілі де жас журналист ағайындармен араласудың түрлі мүмкіндіктері ашылды. Журналист ортасымен жүздесу, сұхбаттасу МГУ-ді бітіріп, сонда кандидаттық диссертацияны қорғап келген жас ғалым мен үшін қызықты еді.

1976 жылы бірде жастар мәдениеті, жастарды тәрбиелеу мәселесі туралы көлемді мақала жазғасын, оны «Лениншіл жас» газетіне апарғанды жөн көрдім. Сакеңмен сонда редакцияда танысқан едім. Сөзіміз бен ойымыз жарасып кетті. Бойымыздың бірдейлігіне, мінезіміздегі ұқсастық білініп қалды. Не керек, ашық-жарқын әңгімелестік. Сол ашық, жарқын мінезі, түрлі мәселелер туралы тың ойларын түйіндеп, тура айтқан ой өрісі мені-философты үйіріп әкетті. Сол ашық, кіршіксіз көңіл күйі жолығып қалғанда жалғасын тауып, жаңғырып жатты, жүректен бекем орын алды.

Бүгінде рухани жаңарудың ізгі қағидаттарын іріктеп жатқанда, сол 70-80 жылдардағы қатарлас, құрдас замандастырмның бейнесі, болмысы, беделі несімен құнды деген сауалға іштей оралып жатамын. Өз басым икемді ойымен, игі істерімен көңілден шыққан замандастарыммен жақындасуды ұнаттым. Олардан жас ұрпақты, жаңа адамды тәрбиелеудің тұрлаулы да ықшамды ықпалдастығын сезінетінмін, адамгершіліктің мөлдір бұлағын тапқандай болатынмын.

Шындықты іздеп, тазалықты сақтауға ниеттілерден өткен мен бүгіннің, бар мен жоқтың арасын өзінше ескеретін, өлшейтін мінезді қылықтары бей-жай қалдырмайтын. Жанашырлар әрдайым адамның ізгілігі пен игілігі үшін айтыс-тартыста ой жарыстыратын. Толғанысты үнемі толастату, тұлғалыққа тұрақтау – Сағат сияқты үзеңгілес құрдастарға тән ерекшілік білініп тұратын, сол естілік өздеріне жарасып тұратын.

Енді бүгінгі есейген өмірлік тәжірибе тұғырығынан өткенге ой жүгіртсем, сол замандастардың іштей жаңғыруна ұйытқы болған, демеулік еткен ұстанымдардың негізін аңғарамын. Олар – *«мен қазақпын»* деген идеяны жаңғыртпақ талпыныстар, *«бір атаның баласымыз»* ғой, *өз ұлтының рухани құндылығын құнттар ұлтжандылық сезімтал әрекетте, оларды жандандырмақ ізденістерде* екен. Бұлар адами капиталды қалыптастырудың құралдары мен сатылары, жаңа адамды тәрбиелеудің атамекендегі алғашқы өрістеріне лайықты екен. Өзімде осы идеялар мен серіктестік ықпалында *«Қазақ осы мың өліп, мың тірілген», «Қазақтану»* оқу құралдарын, *«Мен де бір қазақпын»* атты өлеңдер жинағын жазған едім.

Одақ ықпалы әосіреп, ыдырап жатқан кезде, ұлттық түбірге, өзіміздік ұстанымға оралу – зерделі жан үшін табиғи оралым еді, өзімізше жаңғыруға талпыныс еді. Іштей ұмтылыс пен ұстанымды өзімше былай жеткізген едім:

Мен де бір қазақпын,
Бесік әнін қалаппын.
Түп-тамырды өрбігер,
Ұлағатқа қараппын.

Құлшынысты қазақпын,
Тек-тектен қажаппын.
Мұратымды кіндіктей,
Ықтым күйге азаттым.

Еміренген қазақпын,
Кеңдіктен бой жазбаппын.
Ұландардың жанарын,
Қайнар көзге балаппын.

Қазақпын-ау қазақпын,
Намыс отын маздаттым.
Нарықтаймын күзетем,
Кәусар ісін саңлақтың.

Өзін қазақтың ұлымын деп еркін сезінгендер, ашық, басып айтқандар бауырлық пен ұлтжандылықтың тартылыс күшін іздестіре бастады. Өз түйгенімді «Бір атаның баласы» атты жинағымды былай жеткізуге тырысқан жайым болды:

Бір атаның баласы

Елдің есті аттысы,
Ұрпақтардың хатшысы,
Үнемсоғар шапқыншы,
Сергек жүрген баптысы.

Ержетіп өнесін бе?
Өзіңе төресің бе?

Қыршын қауым,
Жүгің ауыр.
Тұрса дауыл,
Берікбол. Бауыр.

Еркіндік пен егемендікті іздегендерді рухани өлшемі өзгере бастады.

Рухани өлшем – адамдар арасындағы қарым-қатынастың жарастығы, рухани өріс - өмірмен етене араласып, ұтымды тіршілік ететін орта. Өмір өлшемі рухы мекемдерде өріс те қолдау тапты, таба бермек. Рухы биіктер құрмет тұтар бейненің беделін арқа тұтты, тірінің аруағын қастерледі, жаңа өмірдің тірегімен табысты, жаңа ұрпақтың үлгісімен үндесіп, тәлімімен тілдесіп сергіді, өмірдегі өресін кеңейтті. Қос бастауды қабаттастыру, қарқындалу арқылы әркім өзінше іштей тазарды, тұлғаланды. Таза тұлға көрік қуатын келбетке ендірді, ерікті төзімділікке көндірді, құрмет тұтар тірінің аруағын жоғары тұтты. Тұлғалықты кәмелетке жеткізудің өрнектерін сабақтау, жетілдіру– енді рухани тәрбиені жаңғыртудың мақсатына, межесіне айналуда.

Сағат-екең ақпараттық майданда рухани тәрбиенің өнегесі туралы тарихымызда тәптіштеп түйінделген тоқтамдар, даналарымыздың іріктеген тұжырымдары, ойлы болжамдары туралы ойларын көпшілікке қиыстырып жеткізіп жатты. Мұнда дәйекті ұстарлықпен ұшталып, сауаттылық жаңғырып жатты. Ойлы замандастарым толғанысты тоқтамдарын тың ұстанымдарға тұстады. Сол атқылаған тұнық бастаулар ендігі Елбасының рухани тәрбиелеу бағдарламасында, оның ұстанымдарында жанжақты жүйеленді. Жаңа заманның сұранысынан туындаған ағымға қажеттілік артуда.

Ойланып, өткенді сүзіп өтсек, *«Адамгершіл – ардагер отансүйгіш, Нағыз қазақ ел қазанатына күйгіш»* екен. Айтпағымыз:

Асылдардың мектебі, адамдықты жеккені емес пе?! Жарастық - келіскен жақта, ынтымақ - мүдделі бапта, деген ескертпеге жүгініп, естіге керек қой деген оймен автор өз тоқтам-түйіндерінің кейбірін оқырманға ұсынып отыр. Оны кемтарлықтан арылудың, өнімді ізденіс пен шығармашылықты жандандырудың бір бастамасы деп ұғамыз. Ал *адал бейне – ұласымды зейне* ғой, ол нағыз зерделіліктің үлгісі ғой.

Расында, кемшілікті елемеу, үстемеле көсілу - бардан қалыс.
Ласқа батқан серпін сезбес, уысындағыны іріктеп алмас,
Шалпыл шашуға әуес. әлсіздіктің осалдығын шалмас.
Өнегеге көнбес, қолдау жасауды үндеп қалмас.

Бағыт-бағдарды таңдамаған, діттегенін құрай алмаған.
Озықты танымаған, үзік істі қаламаған.

Бойда құрысқан былық, бауырласқа жат қылық.

Женілдіктің ырқын сеген, құлқын жемін іздеп кезген.

Жасандыққа қапыда ұрынған мешел алданғанын жасырады.

Құлықсыз өнегені құрамапты, қызығар әдепті сұрамапты.

Иманды сауап жинар, тәнтілікті қызықтар.

Ұққаны мен ұтқанын теңестірер, семіздік пен егіздікті еңсерер.

Еске түскен ірілер толғаныс сағы, тазарып сергігеннің ашылар бағы.

Ыстық сезім балғынды баурағанда, жарастылық бірін-бірі таңдағанда.

Ерте тұрған, кеңес құрған, көңілді өміршендікке бұрған.

Егемендігіне еркін иегер, қуаныш қуатына қуәгер.

Байыпты жетекке жаңылмас, сұраншақтың бағы ашылмас.

Ұлағатты ұстаным ұтымды. Оның ережесі бауырмалға тартымды, естілерге ауқымды. Өйткені ірілікті теңгере, игілікті жүр иемдене деген қағиданы білсек те, оны жүзеге асыруға дағды, икемділік жетіспеуде.

Бүгінгі ұрпақ алдында қоғамдық сананы жаңғыртудың алуан мәселелері көлденең тұр. Естілікке иегер, нұрлы жолға куәгер. Жарастыққа жақындар арасында өзекті мәселенің жауабын іздеушілер көбеюде. Ізденушілерге бұрынғы дертті қауіптен арылу, құтылу керек, артық шуақ, қуат, қолдау көзін табуды нысандап жатқан жайлар әр ортада қолдау табуда. Ұтымдылық неде?

Алыптармен кеңескен тұлғалармен теңесер,
Аңсағанда алыстағы белестерді елестетер.

Ал *қатыгездік - тілекке ездік, қасіретті ірейтін кездік*, демеуші ме еді. Оның үстіне бастағы келте, ұсақ ой-пікірлер пендені үстемелесе, онда жан-тәнді көсілдірмей көз көргенге көндіру, не сыздата сөндіру әбден мүмкін. Бей-жайлық пен ыландықта, дарақылық пен қыңырлықта титықтамау үшін, қайта жаңа дүбірде серігу, серпілу үшін не істеген абзал, орынды?

Сұраққа әркім өз жауабын беріп, өз шешімін ұсынуда. Тек мәселе екі жайға - жауаптың дәлдігіне, дәйектілігіне тірелуде; жанашырлардың ұсынысын кімдер, қалай демеп жатқанын анықтау қажет. Қажеттілік арман жолын құрайды, рухтың тартылыс күшін қоздырады, рухани жаңғырудың эволюциялық тұсын тұтастайды.

Бұл бағытта жаңғыртатын, жетілдіретін амал-әрекеттер жетерлік. Үкілеуге жеткізбейтін кәсіби іскер халықтың қызметкері. Кәсіби қызметкер ұққанын, медеу тұтқанын өзінше құптайды. Ең бастысы адамгершілікті сақтайды, баптайды. Сондықтан біз интеллектуалды сауаттылыққа, нақты да терең тоқтам жасаудың қажеттілігіне назар аудардық; адамгершілікті сақтайтын салауаттылық пен сауаптылықта деген қағиданы бетке ұстадық. Дәметті ұсыныстар жетерлік.

Орнықпай теңдік, арылмас кемдік, жұғыспас кеңдік.

Кең ойлап, нақты әрекеттенетін кез келді. Нақты әрекет әсіресе үш ұстанымда - адамзат өркениеті мен ұлттық мәдениет құндылықтарын қатар, салыстыра іздестіргенде, өз ұлтының рухани құндылығын іріктеп жоғары тұтқанда, адам өзінің өмірлік көзқарасын жетілдіру барысында күш-қуат алады.

Елшіл халықтың рухани дипломатиясы мен саяси мәдениетінің деңгейінің биік болуы - халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына мемлекеттік қолдауды тездету, тереңдетуімен, жөнсіз шығынға тосқауылды қоюымен құнды.

Жас ұрпақтың өмірге де, өзіне де болашақ көзқараспен кең қарау, ұстанымды үйлестіре саралау - біріге ізденушілерге, ұғымы нақтыларға, өткенге құрметпен қарайтындарға салмақ салады, жаңа міндет артады.

Бастау жас ұрақтың іштей түлеп, өзін-өзі тануға ықыласын күшейтуден нәр алады.

Жұғысты кезігер, ынталы сезінер деген сеніммен, тың бетбұрысқа реті келгенде тағы оралармыз.

Ел, рух, саяси (басқару) мәдениет бірлестігін нығайтудың құндылығы – түсінік пен көзқарас әрқалай болса да, жалпыға ортақ ізгілік пен мәмілеге келу қажеттілігінің маңызын түсіне алуда, соған қол жеткізудің жолдарын іздестіруде; келісім алаңын, үйлесім мен айқындық жүйесін қалыптастыруда. Осындай өрелі де қуатты әрекеттер мемлекеттік өлшемге айналған сайын керекті нәрсені алдын-алуға болады.

Білім саласындағы жетік өзгерістерге кім бейім әрі дайын? Ақиқатқа, еркін ізденіске, өмір мен ғылымдағы ашық қарым-қатынасқа бейім педагог-ғалымдар мен мамандар ғана. Әлеуметтік-гуманитарлық салада өз рухы мен мінез-құлқын тазалық пен теңдікте жүрегінде ұстайтындар ұлттық ес пен сананың жаршысына, қоғамдағы жасампаз қозғалыстың демеушісіне лайықты тұлғалар. Білім саласындағы тұлғалық оның ғылыми-педагогикалық жетістіктері, тыңғылықты істерінің нәтижесі бойынша бағалана берілмейді.

Қоғамтанушыларды, этнологтарды, гуманитарлық сала мамандарының кәсіби-педагогикалық қызметін реттеу, топтастыру әрекеттері не үшін қажет? Алдымен олардың (1) білім беру саласында қабылданатын шешімдерге және оларды мемлекеттік бағдарламен үйлестіруге қатысатын мүмкіндіктерін арттыру үшін, (2) әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі ғалым-ұстаздардың жасампаз әрекетін қолдау үшін қажет. Әзірге басым педагогтар оқу үрдісінің өзекті мәселелерін шешуде бақылаушы рөлін атқаруда; маңызды бағдарды қабылдарда, шешімді толықтырып түзетуге ықпал ете алмауда. Ойшыл қабылдарда, шешімді толықтырып түзетуге ықпал ете алмауда. Ойшыл ұстаздар өздерінің кәсіби дайындығын жетілдіретін мүмкіндікті пайдалануға кедергілер тудыратын әкімшілік жүйесінің жұмыс стиліне қанағаттанбайды.

*Қастай Д.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің студенті*

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор К. Қамзин

САҒАТ ӘШІМБАЕВ – ӘДЕБИ СЫННЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Адамзаттың ең асыл қасиеттерінің бірі – сөз өнері мен жазу машығы. Өмірде болған небір оқиғалар мен құбылыстар, тіршіліктің сан алуан түсті бояулары мен айшықтары өскелең жас ұрпаққа сөз бен сана арқылы бас ұрды. Тіпті оның қасиетінен қуат алған көсемсөз зергері Ахмет Байтұрсынұлының да бір сөзінде: «...Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яғни қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол нағыз сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәптіптеп қисынын, қыры мен кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – нағыз сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз...» - деп баға беруі тегін болмаса керекті [1]. Ал, сол сөзді қоғамда болаттай балқытып, сымша иетін адамзатта құдіретті бір күш бар. Ол күштің қауқары өз кезеңінде шындықпен жанасады да халыққа ұлттық рух пен ожданды ақиқат сыйлайды. Кертігі кеткен қоғамның келеңсіздігін баса қаусырып, жақсылықпен жымдаса әрекет етеді. Оған иелік етуде ерекше талант қажет. Талантын болмаса талабың келіспейді, талабың болмаса, сөзсіз, тектілігің зая, шығармашылық тынысың тапал. Сондықтан да болар оның құдіретіне дауалау қиын. Ал бойыңнан аталғандары қылаңдаса қуанбақ керек. Ұғынықты: Түзу жолмен келесің. Даналық жолымен, Сағат Әшімбаевтың жолымен, әдеби сыншы болу мақсатында Сағат-Ханның сурлеуімен...

Ішкі рухани дайындықтары мол, табиғи ізд Сағат Әшімбаев - қазақ әдеби сынындағы әлеуметтік сипаттағы сын жазу мен ерекшеленген дара сыншылардың бірі. Сында жарқ етіп көрінген С.Әшімбаев жанаша талдау-таныммен жазылған ойлы, парасатты сын мақалалармен сол тұста қазақ әдеби сынына жаңа леп, тосын бетбұрыс әкелді деуге болады. Өйткені, бұған дейін сында белгілі бір аға ақын-жазушылардың шығармаларын сөз ету, танымал топтың төңірегінен мәймөңкелеп шыға алмау дәстүр сияқты болып кеткен еді. С.Әшімбаев қазақ сынындағы осы жағдайға жаңғырту енгізді. Сүреңсіз, жылымшы сын-сымаққа қарсы білек сыбана күрес ашты [2]. Сағат Әшімбаевті өзінің сыншылығымен әдеби ортаға танытқан оның бойындағы алғашқы ауыл кітапханалары мен қаланың кітапханалары дарытқан білім мен өзінің табиғи жан-жақтылығы, талапшылдығы,

тегеуірінділігі, ұлтжандылығы болды. Алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Жетісу» газеттерінде, сондай-ақ «Жұлдыз», «Жалын» журналдарының беттерінде жиі-жиі жарық көретін сыншы-журналистің ойлы, отты мақалаларды шағын студенттік орталар мен үлкен әдебиет жиындарының сауатты, салдарлы талқы-тыңдауларына қалай түсіп, әр алуан пікірталастардың талай арқауына айналды. Тырнақалды туындыларының өзінде-ақ сын түсінігіне анықтама беріп, өзінің әдеби қарымын байқатты.

Алғашқы «Сыншыл ой туралы сыр» мақаласында Сағат Әшімбаев: «...жанымен сүйіп, тәнімен күймейтін адамдардың сынның беделін түсіргеннен басқа берер пайдасы шамалы демекпіз. Сыншы таланты – аса сирек. Сыншылық екінің бірінің қолынан келе бермейтін қиын өнер екендігін кезінде сыншы корифейі Белинскийдің жақсылап айтып кеткендігін білеміз. Сондықтан да сында кез келген білімі таяз, білігі төмен теориялық дайындығы жоқ, сын эстетикасынан, тарихынан хабары шамалы жандардың ермегіне айналдырмау – сын абыройын қорғау болып табылады...[3]» - деп батыл пікір білдірді. Сағат Әшімбаев қолтанбасын оның көркем ой мен қоғамдық ғылымдарды сабақтастыра отырып, кез келген дүниелік құбылысты көркемдік құбылыспен шендестіре, салыстыра талдауынан аңдауға болады.

Сағат Әшімбаев өзінің кітаптарына атау беруге аса ыждағаттылықпен қараған автор. 1982 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Талантқа тағзым» атты кітабына атау беруде ол біраз адамдармен ақылдасады. Ақыры кітапқа осы атауды телгенде өте қатты қуанады. Жалпы, әдебиетте өзара жалғастық, аға буын мен кейінгі буынның туындыларындағы өзара ұқсастық ұғымдарын Сағат Әшімбаев кәсіби зерделеді. Оны публицист «Шындыққа сүйіспеншілік» жинағындағы «Биік мұрат тұрғысынан», «Әдебиет және мораль» атты көлемді мақалаларында ерекше атап өтті.

Сағат Әшімбаев мақалаларында дүниежүзілік әдебиет тарихының асқар шыңдары – Г. Гете, Т. Манн, Г. Манн, А. Пушкин, Л. Толстой, М. Горький ұлағаттары, олардың ғана емес, өнердің осы түрінде әр заманда өз тұрғысынан қараған пәлсапа ғылымның да аса ірі өкілдерінің уағыздары еске алынып отырады. Еске жай ғана алынбай, олардың ұлы туындыларындағы асыл ой-өрнектері мен өлмес, өшпес классикалық үрдістері қазақ сыншысының өз тұжырымдары арқылы сабақтастырылады [4].

Талантты қаламгер «Парызға лайық парасатты сөз» атты мақаласында Сайын Мұратбековтың ертеректе шыққан «Өсу жолдарымыз», Илияс Омаровтың «Шабыт шалқары», Ғабит

Мүсіреповтың «Суреткер парызы», Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты сын жинақтарына, зерттеулеріне талдау жасаған. Сол еңбегінде Тәкен Әлімқұловтың жазушылық қырын жоғары бағалап: «...Т. Әлімқұловтың қалам сілтесінің сыры да сипаты да өзгеше. Өзгешелігі сол, автор таныс әуендегі таптаурын талдау мен ой толғаудан бойын аулақ салған. Оқып отырып «етек бастырлықты көп көрген ақынның» осы уақытқа дейінгі бажайлап байқай бермеген, жай байқасаң да басқаша байыптап көрмеген сырларына қапысыз қанығасың. Талант пен алмас – ұқсас құбылыстар. Алмастың алпыс алты қырындай оның беймәлім қырлары көп...[5]» - деп сауатты пікір айтады. Талантты сыншы С.Әшімбаевтің әдеби сын туралы ой-толғамының өзіндік жаңалығы бар. Сыншының: «Аса үздік шығарма жазу дегеніміз, шындығында шексіз әлем- ой әлеміндегі жаңаша ойлау шеберлігінің жаңаша үлгісін көрсету дер едік. Бұл бәріміз жақсы білетін, бірақ бәріміздің қолымыз жете бермейтін жазу шеберлігінің өзі айтып отырған ойлау шеберлігінің баламасы екендігін еске салады. Ал, ойлау шеберлігі автордың ойлау мәдениеті деңгейінің жоғарылығымен байланысты ұғым» өзіндік ой- толғамы ақын-жазушының талантын айқындай түседі. Әдеби сынның шебері атанған Сағат бірде Дінәш Нұрмұхамбеттің «Өмірден өтті бір арыс» естелігінде тағдыр жігінің ұшы көрініп, жағдайының нашарлап тұрғанына қасамастан, іші қапырық, халқы ығы-жығы, құрылымы жағынан кендеу залдың мінберіне көтеріледі де: «Құрметті қауым, қадірлі халайық, мәртебелі қонақтар! Бүгінгі күнді, осы отырған сәтті, сіздермен біздер республикамыздың әдебиетіне, өнеріне жаны ашитын қауым, қазақ қауымы асыға күткеніміз аян. Себебі, осынау мереке, қуаныш, осы бір жақсы жағдай тек қана қазақ радиосының, телевизиясының қызметкерлерінің мерекесі, солардың ғана жеке қуанышы десек, біз әбден қателескен болар едік. Себебі, Қазақ радиосы мен телевизиясы дегеніміз – бұл шын мәнінде республиканың шам-шырағы...[6]», - деп асқақ сөйледі. Қуатты сөз, шырайлы ойға серпілген халықтың қол шапалақтағаны залдың жаңғырық атқан қабырғаларын бір сәтте билеп кетті. Кейде жазарым артып қалам сілтеп, қолым жүргенде үнемі көз алдыма Әшімбаевтың осы бейнесі елестейді. Оның мәңгілік әлемінің шынайылығы сондай, онық туындарын көзімен көзіп, көңілімен оқығандарға керемет бір сезімнен арылу қиын. Осы ігіліктердің нәтижесінде қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, журналистика факультетінде Әшімбаев атындағы арнайы дәрісхана ашылғандығын мақтана айтуға болады. Сондай-ақ, танымал тележурналисттің есімі Отанымыздағы мектептер мен көшелерге берілген. Оны тағдырластары, аудиториясы мәңгілік көңіл қыртысында

сақтайды. Себебі, біз таныған Сағат Әшімбаевтың сырлы әлемінде ұлтының мүддесі, келешектің алпауыт салауаты жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қарағұлов Ә. Баспасөз және уақыт тынысы. (Жылдар. Адамдар. Оқиғалар). – Алматы: Қазақстан, 1976. – 143 б.
2. <http://group-global.org/ru/publication/61727-sagat-shimbaev-debi-syndaryndagy-azamattyk-poziciya>
3. Әшімбаев С. Сын сымбаты. (Әдеби сын мақалалар, ой-толғамдар). – Алматы: Балауса, 2010. – 206 б.
4. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: 1982. – 41 б.
5. Әшімбаев М. Сағат. (Естеліктер мен эсселер). – Астана: Елорда, 2012. – 126 б.
6. Әшімбаев М. Сағат. (Естеліктер мен эсселер). – Астана: Елорда, 2012. – 116 б.

1-СЕКЦИЯ

С. ӘШІМБАЕВ – КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ӘДЕБИЕТ СЫНШЫ, ПУБЛИЦИСТ

Медеубекұлы С.,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің журналистика факультетінің
деканы, филология ғылымдарының кандидаты*

ЗАМАННЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, СЫНШЫ, ЗАМАНСӨЗ ЗЕРГЕРІ САҒАТ ӘШІМБАЕВ ТУРАЛЫ

1

Заманнан заман өтіп, тарихтың дөңгелегі алға жылжыған сайын уақыт зиялы қауым алдына үнемі жаңа міндеттер қояды. Ол міндеттер өмір сүрудің тың қажеттіліктерінен келіп туындайды. Сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бүгінгі жаһандану үрдістерінің адамзаттық кеңістіктегі даму ерекшеліктеріне баға бере отырып, қазақ ұлтының бүгінгі зиялы қауымы атқаруға тиісті соны міндеттерді саралай келе, ең басты атқарылар істерді айқындап берді. Оны өткеннен сабақ ала отырып, бүгінді байыптау арқылы келешекке жіті көз жүгірте екі-ақ сөзге сыйдырып, «Рухани жаңғыру» деп атады.

Осы рухани жаңғыру қажеттілігі қай кезде де халықтың алдынан шығып отырған. Ол қажеттілікті елден бұрын сезген, сезінген және сол қажеттіліктерді өтеу үшін саналы түрде бұрын ешкім қолға алмаған істерді атқаруға бел буған ең алдымен зиялы қауым өкілдері болатын. Тым әрідегі тарихқа бармай-ақ, жұрттың бәріне таныс тұлғаларды және олардың атқарған істерін еске алсақ болғаны, ұлтты рухани жаңғыруға бастайтын ірі-ірі әрекеттерге барып, өз замандастарын уақыт көшіне жетелегенін аңғарамыз.

Он тоғызыншы ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келіп, аз ғана ғұмыр кешкен Шоқан Уәлихановтың орасан істеріне зер салсақ, шындығында, бүкіл қазаққа ғана емес, адамзатқа ортақ жаңалық болып танылған еңбектерді тындырғандығына көз жеткіземіз. Бір зерттеу институтының атқаратын ісіне пара-пар ұшан теңіз еңбектері өз ұлтын рухани жаңғыруға бастағандығы сөзсіз. Шоқан шын мәнінде орыс пен Батыстың озық мәдениетін таныған және оны қанында бар өз ұлтының биік парасатына үйлестірген толық мәніндегі интеллигент денгейіне көтерілген қайталанбас тұлға болып тарихта қалды. Оның ғылыми

еңбектері өз заманында қандай бағалы болса, қазір де өз мәнін жоғалтпаған күйі ұрпақ санасын жаңғыртуға қызмет етіп келсін. Демек, Шоқан бар жоғы отыз-ақ жылдың ішінде халқының алдындағы перзенттік парызын адал атқарып, ата-бабалар рухының алдындағы азаматтық парызын өтеп кетті.

Сол заманның келесі перзенті ұлы Абай Құнанбаевты еске алсақ, тағы да рухани жаңғыруға бастаған ұланғайыр ұлағат алдымыздан шығады. Өз ұлтының ғасырлар бойы атадан балаға сабақтасып келе жатқан әдеби мен әдетін, ғұрпы мен дәстүрін, салты мен қалпын тұла бойына түгел сіңіріп өскен ол білім алудың, оқудың арқасында Батыс пен Шығыстың да данышпандық ойларын меңгерді. Сол игергені мен меңгергені «қалың елі - қазағының» рухын жаңғыртуға жұмсады. «Ғылым таппай мақтанба» деп бастап, бес нәрседен жирендіріп, бес нәрсеге ынтық болуға үндегенін, «жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп өкініш білдіре ұрпағын ғылымға шақырғанын, «қалың елім - қазағым. қайран жұртым» деп күңірене отырып, елінің рухына қозғау салғанын- тұтас ұлттың санасын жаңғыртуға жасалған ұлы әрекеттер демеске әддің жоқ. Абайдың да бұл әрекеті - ұрпақ алдындағы азаматтық парызын өтеудің ұлы үлгісі болатын.

Абайды айтқанда есімі бірден ауызға оралатын тағы бір ұлы тұлға- Ыбырай Алтынсарин. Бір емес бірнеше ғасыр бойы мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршіннің санасына жатталып қалатын «кел, балалар, оқылық!» деген ұстаздық ұлағаты сана жаңғыруына шақырған ұран болып әр ұрпақтың жадында қазір де атойлап тұр. Ыбырай бұл сөзді айтып қана қойған жоқ, оны жүзеге асыру үшін өзіне дейін ешкім атқармаған тың істерді қолға алды. Ол сол заманның сұранысы мен уақыт талабына қарай жаңа мектеп ашты, білім алудың жаңа үлгісін жасады. Өйткені, қазақпен іргелес отырған елдің өркениет көшіне ілесіп қана қоймай, сол көшті түзеуге бет бұрғанын көзімен көрді де оның өз топырағында да өріс алғанын қалады. Сол үшін ұлы далаға ұран салғандай қазақ жерінде тұнғыш рет білім қоңырауын қақты. Қоңырау үні бүкіл қазақтың санасын оятуға бастады. Бұл да ұлт алдындағы, оның жаңа ұрпағы алдындағы өз заманында өтелген парыз болатын.

Мұның бәрін Сағат Әшімбаев секілді санасы сергек, зейіні зерек жас мектеп қабырғасында-ақ оқып көкейіне тоқып алған еді. Есейе келе ол да қазақ оқығандары секілді өз заманының озық тұлғасы болуға белін бекем буып, бет түзеген. Сол жолда Шоқанның үлгісін, Абайдың өнегесін, Ыбырайдың ұлағатын өз замандастарына қайта ұсынуды өзінің азаматтық парызы санады да рух майданына күреске шықты.

Жиырмасыншы ғасыр қазақ даласына өркениеттік үрдістерді ала келді. Адам таңданарлық жаһандық жаңалықтар бірінен соң бірі тарап жатты. Глен Кёртис гидропланмен аспанға ұшты; Пиер Приер монопланымен төрт сағатқа жуық ұшып, Лондоннан Парижге барып қонды. Ұлыбританияда дүниежүзінде бірінші рет авиapoшта іске қосылды. Руаль Амундсеннің экспедициясы Жұмыр жердің Оңтүстік полюсіне жетті. Бұл – жиырмасыншы ғасырдың алғашқы онжылдығында болған оқиғалар еді. Мұның бәрін сол кездегі қазақ интеллигенциясы оқыды, білді, өркениеттің өзге де озық үлгілерін өз көзімен көрді. Көріп, біліп тұрып әрекет етпеуге олардың ар намысы, ұрпақ алдындағы парызы жібермеді.

«Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз - бәрі надандықтың кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көреміз. «Аллаңнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ ғылымыңнан надандығын тыныш көреді. «Не шара бар?» - деп амалы таусыла «өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ», - деп адал ниетімен ұлтының қалғып бара жатқан қалпына, надандыққа шырмалған намысына түрткі болған Ахмет Байтұрсыновтың атқарған ұшан теңіз ісі - ұлт ұрпағының рухани қайта түлеуі үшін жасалған ерлікпен пара- пар еңбек екендігі айдай ақиқат еді. «Көкіректе сайрап тұр, қолды заман байлап тұр» деп ұлт үшін күресте заман қыспағына қарамастан басын бәйгеге тіккен Әлихан Бөкейхановтың; «Зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті» деген Міржақып Дуатовтың; «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» деген Мұстафа Шоқайдың; «Адамның шын мағынасымен «Адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбайды, жалпы адамзатты сүюі шарт» деген Мағжан Жұмабаевтың және басқа да Алаш қайраткерлерінің әрбір әрекеті мен шығармашылығын тұтасымен күрескерлік-қайраткерлік рухқа жұмсағандығын ұлт алдындағы перзенттік парызды өтеудің биік үлгісі деп қабылдаған Сағат Әшімбаев та ұлт алдындағы парызды орындауды азаматтық принцип ретінде нық та биік ұстады.

3

Сағат Әшімбаевтың сыншылығы жөнінде ұстазы Мұхаметжан Қартаевтан бастап талай - талай ірі тұлғалар тұшымды ойлар айтқан. Заманның сөзін сөйлеп, уақыт тынысын дәл айтқан сөз зергері ретіндегі еңбегін де білетіндер айтудайын айтты, жазды. Сағат Әшімбаевтың шындыққа сүйіспеншілігі, ақиқатқа адалдығы, парасатқа құштарлығы, әділдікке іңкәрлігі айтылды, жазылды. Әлі де айтылады, жазылады.

Әрісі патшалық отарлаудың, берісі кеңестік-коммунистік әміршілдік-әкімшілдік жүйе құрсауының кесірінен қазақтың

демократияның не екенін ұмытқан; «жариялылық» дегеннің қай мәдениет екендігін түсінбеген; «қайта құру» дегеннің қандай әрекет екендігін айқындамаған; ғасырлар бойы өзгеден өзін төменшік санап, рухани жаншылып келе жатқан заманында алаштық рухтағы азаматтық позициясын биік ұстап, атадан балаға табиғи жолмен жалғасып келе жатса да екінің бірі елей бермейтін «Қарыз» және «Парыз» деген екі ұлы ұғымды ұрпақ санасында қайта жаңғыртқан Сағат Әшімбаев болатын. Шындығында, күнделікті өмірде мән бере бермейтін, бірақ санамызда үнемі дабыл қағып тұратын осы екі ұғым үнемі алдымыздан шығады. Біреуден біреу бір нәрсе кейін қайтаруға алады. Қайтарғанға дейін ол мойнында қарыз болып тұрады. Санасынан кетпейді. Осы қарызды уақытында өтеу – оның азаматтық парызы. Былайша айтқанда, орындамауға болмайтын адамдық міндеті. Оны ұмыту - азаматтық емес, тіпті адамдық та қасиет емес. Міне, осы бір-бірімен сабақтас, екі ұғымды ұлттық танымға жаңа мазмұнда қайта ұсынған да, Ғабиден Мұстафиннің: «Біз бұған дейін ұлтшылдықпен күресіп келдік, енді ұлтсыздықпен күресуге мәжбүр болып отырмыз» – деген сөзін іс жүзінде жүзеге асыра бастаған да Сағат Әшімбаев еді.

Кеңестік әкімшілдік-әміршілдік жүйенің санамызға батпандан кіріп, бойымызды билеп алғаны соншалық, ұлтқа қатысты тосын ақпарат айтылса, тіпті, «ұлт», «қазақ» деген сөздерді естісек, елең ете сала жүрегіміз зырқ ете қалатын. «Мұны кім айтты? деп анықтап жатпай, «мынау енді қайтеді, саясаттың құрбаны болып кетпей ме?» деп алаң көңілде болатынбыз. Басым көбіміз ұлт туралы сөйлеуге, ойды ашық, батыл айтуға бара бермейтінбіз. Өйткені, біздің санамызда әрісі патшалық, берісі коммунистік отарлаушы саясат енгізген ұлыорыстық шовинизмнің үстемдігінен туындаған жалтақтық, жасқаншақтық бар еді. Жүйкеміздегі осы қорқыныш пен үрейді серпіп тастап, «біз кімнен кембіз?» деген сұраққа жаппай жауап іздеткен Сағат Әшімбаевтың «Парыз бен Қарыз» бағдарламасы ұлттық санаға ұран тастаған дауылпаз болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Әр көрсетілімді көрермен асыға күтті. Өйткені, олар ұлттық рухты оятар дабыл естігісі келген еді. Сол дабылдың үнін осы бағдарламадан тыңдады. Осы Бағдарлама арқылы әр қазақ шым-шымдап рухани жаңғыру сәулесін көре бастады. Қанындағы ұлттық код талшықтарын тапты. Әр отбасындағы көзі ашық, көкірегі ояудың бәрі осы бағдарламаны қарады. Бағдарламада жеке адам тағдырынан бастап, бүкіл адамзаттық құндылықтарға дейін сөз болатын. Ұлттық мұралар мен жәдігерлердің аласапыран замандағы алмағайып тағдырына, соңғы күйіне алаңдаушылық танытқан; ұлттық сананың жаһандық үдерістер барысында елеусіз қалған тұстарын аңғартуға, аршылмай жатқан

ақтандақтардың орнын толтыруға, рухани мәдениеттің аршылмай жатқан бүршіктеріне, көміліп бара жатқан асылдарына, тіпті тамырына балта шабылған өскіндеріне назар аудартуға мұрындық болған бірден - бір биік парасатты әрі батыл бағдарлама осы «Парыз бен Қарыз» еді.

4

Біздің факультетте Сағат Әшімбаев атындағы дәрісхана бар. Онда Сағат ағаның балалық шағынан бастап, мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне көтерілген өмірінің әр кезеңімен, сонымен қатар шығармашылық еңбектерімен таныстыратын танымдық һәм тағылымдық қабырғаттар ілінген. Мұнда интерактивті тақта арқылы Сағат аға эфирге шығарған телебағдарламалар да студенттерге көрсетіледі. Солардың ішінен 1990 жылы жарыққа шыққан бір көрсетілімді әдейі қарадым. Сонда Сағат аға Әшімбаев кіріспесінде: «біз бұл бағдарламамызды 1988 жылы бастадық, 1989 жылы жалғастырдық. Биыл көпшіліктің сұрауы, бұқараның қолдауы бойынша одан әрі жалғастырмақпыз», - дей келе тақырып рухани мәдениет туралы болатындығын айтты да сол көрсетілімге келген қонақтармен таныстырды.

Сонда студияда Тілеміс Мұстафин, Қойшығара Салғараұлы, Ғарифолла Есім, Қалтай Мұхаметжанұлы, Рәтбек Нысанбаев. Жабайхан Әбділдин, Шерияздан Елеуеновтер және басқалар. Сағат Әшімбаев әр ойын әдемі астармен жұрттың бәріне түсінікті тілмен жеткізіп отырды. Ол мынадай ой айтты: «- Біздің қоғамымыздағы экономикалық, саяси-әлеуметтік, экологиялық, адамгершілік-азаматық дағдарыстардың(!) бәрін де рухани мәдениеттің төмендігімен (!), рухани мәдениеттің жұтандығымен байланыстырып жүрміз. Сондықтан, сөз кезегі өздеріңізде. Осы төңіректе еркін ойларыңызды ашық ортаға салыңыздар» – деп қазақ руханиятының қаймақтарының аузына сөз салып бергендей болды. Андасаңыз, Сағат Әшімбаев осы бағдарламада дәл бүгін де өзекті болып отырған рухани жаңғырудың алғы шарттарын айтып кеткен сияқты. Рухани жаңғыру үшін әуелі рухани мәдениетімізді түгендеп, оның деңгейін көтеруіміз керек екен.

Жаңа, тосын, тың нәрсе қашанда көргеннің көз алдында, естігеннің есінде қалады. Кеңестік-коммунистік идеология шарықтап тұрған заманда ұлт туралы айтылған еркін ойлар тосын, жаңа болып естілген, сондықтан да сол кездегі көрерменнің көбінің бүгінгі күнге дейін есінде сақталып қалды деп ойлаймын. Студияда сөз алған Тілеміс Мұстафин «рухан мәдениет бір адамның екінші адамға деген ынтызарлығынан басталады» дегенді айтты. Қойшығара Салғараұлы «адамзаттың қолымен жасалған құндылықтың бәрі - рухани қазынамыз. Соны игеру ұлттық негізде қалыптасу керек, тарихын білмеген адамда

ұлттық намыс болмайды» деген ой айтты. Ғарифолла Есім «тәлім-тәрбиесіз рухани мәдениет болмайды. Біз бүгінгі таңда үлкен нәрсені жоғалтып алдық. Ол – әдет-ғұрыптар, салт-саналар» – деген пікірін ортаға салды. Қалтай Мұхаметжанұлы «барлық дін тек жақсылыққа үндейді, қазақ көшпелі өміріне сай тек керектісін ғана алған, сол негізде тұрмыстық дін пайда болған» деген ойын жеткізген. Тағы бір сөзінде «қазіргі шығып жатқан қазақ тарихы туралы кітаптардың мазмұнында іліп алатын түк жоқ, фактілер бұрмаланған» дегенді де батыл айтты. Ол шындық еді. Шындығында кенес кезінде шыққан қазақ тарихына қатысты оқулықтардың да, басқа кітаптардың да шынайылығы шамалы еді ғой. Ратбек Нысанбаев «қазақтар Отанын да, отбасын да шарифат үкімімен емес, әдет-ғұрыппен басқарған. Баланы жас кезінен жақсылыққа тәрбиелеген. Сол себепті де олар өздерінің қарақан басының қамы үшін емес, халық қамы үшін қызмет еткен» деген тұжырымын білдірген еді.

Тыңдап отырып, «ұлт», «қазақ» деген атауларды айтқызыбауға дейін барған кеңестік цензураның қуатты кезінде қазақ деген ұлт бар екенін, оның өзіне ғана тәні рухани мәдениеті, діні, ділі, тілі бар екенін, қазақ деген халықтың жер бетіндегі бір де бір халықтан кем еместігін ашық айтуы да бағдарламаны батылдығы еді. Бағдарлама айташысы Сағат Әшімбаев ағаның ерлігі болатын.

Сағат Әшімбаев дәл осы көрсетілімде көзілдірігін бір көтеріп қойып, отырғандарға маңызды да салмақты көзбен бір қарап алып: «Сіздердің әңгімелеріңіз өте дұрыс, енді рухани бишаралық туралы айтсақ»- деп әңгіменің ауанын сол кездегі рухани болмысымызға қарай бұрған болатын.

Байқап отырсақ, осы айтылғандар бүгін де ой салады. Осындай өміршең пікірлерді бұқараның санасына сіңіру арқылы ұлттық рухты оятудың кілтін тапқан Сағат Әшімбаевтың замана болмысын дәл аңғарған көрегендігіне тәнті боласың.

Тағы бір ой айта кеткен жөн. Кезінде Ахаң (Байтұрсынов) әлеуметке қарата айтылған, қоғамдық сананы қозғайтын сөз «жазбаша болса шешенсөз, ауызша болса, көсемсөз болады» деп, заманның сөзін жеткізген сөз зергерлері қара бастың емес, халықтың қамына сөйлейтінін айтып еді. Яғни замансөз иесі өзіне дейінгіні қозғай отырып, бүгінгінің мәселесін көтереді, келешектің кілтін көрсетеді. Осы шындықты ақтара келгенде біздің бұған дейінгі ұғымымыздағы «публицист» бүгінгі күннің ғана мәселесін қозғайды. Ал заманның сөзін айту үшін оған тарихты терең біліп қона қоймай, қазіргінің болмысына баға бере алатын, болашақтың да бағытын аңғаратын көреген көсем және оны бұқараға айта алатын шешен де болуға керек. Сағат Әшімбаев

– жаңағы «публицист» деген анықтаманың аясынан асып замансөз зергері деңгейіне көтерілген тұлға. Ол көре де білді, жаза да білді және айта да білді.

Сағат Әшімбаев жүргізген әр хабар бұқараның көңілінен шығатын. Өйткені, тақырыптары тартымды еді. «Жүректен қозғайық» деген атаудың ар жағын сабақтасаң, «әдептен озбайық» деген тіркес өзінен өзі шыға келеді. Тек тақырыпқа ғана емес сол тақырып бойынша жүргізілетін бағдарламаның ішкі мазмұнын үнемі ұлттық рухты оятуға бағыттағанын уақыт өте келе тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

5

Сағат ағаның болмысын ашатын мына бір сәт үнемі есімінен кетпейді. Бұл сәтті бұрын да жазғанмын. Әр кітаптың өз оқырманы болатындықтан, бұл жолы да қайталасам, оқырманға азамат тұлғасын одан сайын тануға септігін тигізер әрі Сағат ағаның аурағының алдындағы парызым болар. Бұл – менің Сағат Әшімбаев деген әйгілі азаматпен алғаш танысқан сәтім.

1986 жыл. қаңтардың 10-ы.

Төбем көкке бір елі жетпей, бөркімді аспанға ата шаттандым. Қуанышымды бөлісер, сүйінші сұрап, сүйсіндірсем деген дос-жаран, таныс-тамыр жоқ емес. Бірақ, ойыма өзгеден бұрын атын, атақ-абыройын, шығармашылығын сырттан танып, біліп жүрген, әйтсе де бетпе-бет жүздесіп көрмеген Сағат Әшімбаев оралды.

Қабылханасының есігін аштым. Кабинетінде телефонмен саңқылдап сөйлесіп жатыр екен. Хатшы қыз «күте тұрыңыз, сөйлесіп болсын», - деді.

Құлақ түріп отырмын. Әлдекім әдебиет мәселелері жайында қызына айтып жатыр, айтып жатыр. Ұзақ сөйлесті. Телефон тұтқасын қойғанда қыз иегін көтере ымдады. Есікті қағып, табалдырықтан батылдау аттап.

– Ассалаумағалейкум! – деп кіріп бардым. Төрте отырған көзілдірікті толықша келген Сағат аға:

- Уаликумсалам! – деп қолын созды. Жүзі өте жылы екен. Ойлы нұрлы жанарымен қадала қарады. Әлпетімнен әлдене іздеп отырған секілді.

– Менің атым – Сағатбек, - дедім.

– А?! Онда менің атым – Сағатхан, – деп жымыды да:

– Екеуміз уақыттың ханы мен бегі бола білейік. Құлы болмайық, – деп орын ұсынды.

Осы кезде телефон шыр ете қалды. Көтере сала аңқылдап сөйлей жөнелсін. Байқаймын, әңгіме ақын Кеңшілік Мырзабек туралы. Ойы

анық, тілі шешен, пікірі, көзқарасы орнықты да салмақты. Кеңшіліктің ақындығын арашалап жатыр, қорғап жатыр, мақтап жатыр. Аузымды ашып аңырып отырмын. Оқымаған кітабы жоқ, сірә. Берісі қазақ, арысы Батыс, Шығыс классиктерінің ойларын тіліне тиек ете сөйлейді. Соның бәрін «жадында қалай сақтап қалған» деп таңмын.

Әңгіме бітті. Телефон тұтқасын орнына қойып, назарын маған аударды. Ұшқын атқан қарашығымен іші-бауырыма кіріп барады.

–Бұрын, бір ауылда жақсылық болса, екінші ауылға сүйіншілеп бөркін аспанға ата шапқылайды екен... – дей беріп едім:

–Иә, ол қандай жақсылық? – деп елең ете қалды.

–Бүгін таңертең ұлды болдым...

Сағат аға орнынан елпендей тұрып қолын созды.

–Бауы берік болсын, айналайын. Ұлдың ұлылығы – әкеден, қыздың қылығы – шешеден. Әкелік парызың бүгіннен басталады. Ұлың бүгін – сенікі, ертең елдікі екені есінде болсын...

Кенет телефон тағы да шар ете қалсын. Аға трубкасын көтере жарқын, жарқылдай амандасып еді, көп ұзамай өңі бұзылып, қабағы шымырлап біртүрлі ыңғайсыз күй кешті. Әлдебір суық хабар айтылды білем. Әлден уақытта телефон тұтқасын тастай бере, маған қарады да:

–Жұмыр жердің бетінде жұмылмайтын көз жоқ. Тірісінде келешек үшін азаматтық ар мен тіршілік етпегеннің артында із жоқ... – деп орнынан тұрды...

Шақыру түймесін басып еді, хатшы қыз кірді.

- Шопырды шақыршы...

Өңі татар, башқұртқа ұқсайтын ұзын бойлы жігіт кірді.

- Келін қашан шығады? – деді маған бұрылып.

- Бейсенбі күні.

- Бейсенбі күні таңертең мені жұмысқа әкелуді, кешкісін үйге жеткізуді ұмытпа. Қалған уақыттың бәрінде мына азаматқа қызмет көрсетесің. Келіншегі ұл тауыпты. Өзгенікіне қуана алмасаң, өзіндікіне қуанта алмайсың, — деді шопырына. Шопыр «мақұл» деп сыртқа беттеді.

Осы кезде телефон тағы да шар ете қалды. Тағы да бағанағы көрініс. Бұл жолғы әңгіме Әнуар Әлімжанов туралы. Оның қазақ, орыс-әлем әдебиетіндегі орны, «Простор» журналына шыққан шығармасы жайында ақтарыла сөйлеп жатыр. Мен өмірі оқымаған, естімеген арғы-бергі ақын-жазушы, сыншылардың есімдері, еңбектері айтылып жатыр.

– Тілін білмеген түбін білмейді, ондай адам күлдірем деп, күйдіреді, сүйіндірем деп, күйіндіреді, білдірем деп, бүлдіреді, қуантам деп, қуратады, келтірем деп, кетіреді, емірентем деп, егілтеді, жұбатам

деп, жылатады. Иә, иә. Оны айтқан Ғабен. Жазған, жариялаған – мен... Бұл Әнуарға қатысты айтылмаған!..

Маған бәрі қызық Сағат аға өзгелермен емес, өзімен сөйлесіп отырғандай әсерленіп отырмын.

Телефон тұтқасын орнына қойған соң тағы да маған ерекше ойлана қарап сәл үнсіз қалды да:

- Мектептегі ұстазың кім? – деп тосын сұрақ қойды.

Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген, алғашқы өлеңімді талдап, ой бөлісіп, әдебиет әлеміне жетелеп әкеліп енгізіп жіберген, бүгінде Қазақстан оқу-ағарту ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің иегері, ол кезде Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты – әлі күнге араласып, ақылдасып тұратын сүйікті ұстазым Тұрсынхан Шәлдибекова апайды атап, ол кісі туралы біраз көкейдегі жүрекжарды сөздерімді айттым.

Ұзақ сөйлеп кеттім бе, деп өзімді өзім тоқтатқанда:

- Жақсы екен. Өкең құдай берсе, көп болса, жүз жылдық өмір сыйлайды, ал ұстаз мәңгілік ғұмыр сыйлайды. Ұстаздың еңбегін ақтау – ананың ақ сүтін ақтағанмен бірдей, - деді. Осыдан кейін тағы да зейін сала қадала қарап отырып:

- Қайда жұмыс істейсің?- деді көзілдірігін көтеріп қойып.

- Бұрын «Өнер» баспасында редактор болдым. Қазір аспирантурадамын. Әдебиет және өнер институтында. Театр бөлімінде.

- Ол жаққа өздігіңмен бардың ба? – деп сынай қарады.

- Ол жаққа Зейнолла Серікқалиев, Кәдірбек Уәлиев, Бағыбек Құндақбаев, Досан Жанботаев деген ағалардың ақылы бойынша бардым.

Сағат аға риза көңілмен жымиды.

- Ол ағаларыңдікі азаматтық болған екен. Ғабен - Ғабит Мүсірепов ағамыз: – «Адам баласы ананың құшағында, қоғамның шылауында өседі. Аға буынның жауаптылығы да осында... Жастарды ерте картайтпауымыз керек», – деп еді. Қазір нешедесің?

- Жиырма сегіздемін..

- Отызға дейін ғылымда айтатын өз ойың, жаңалығың болмаса, еңбегің еш болады. Ұлы ғалымдардың көбі жаңалықтарын отызға дейін-ақ ашқан.

Мэссбауэр деген неміс ғалымын қазір дүниежүзі мойындайды. Ол «Мэссбауэр эффектiсi» деген жаңалығын 19 жасында-ақ ашып, әлемге атын сол кезде-ақ әйгілеген...

Менің бетім дуылдап кетті. Ұялғанымды жасыра алмай отырмын.

– Ренжімесен бір сұрақ қояйын. Көңіліне келмесін. Өз басыма оншалықты қажеті де шамалы. Дегенмен, білгеннің, жөн сұрасқанның айып-шамы жоқ қой....

Маған барлай қарап алды да:

- Ауылың қай жақтан? Мұны бөлу үшін емес, білу үшін сұрап отырмын, айналайын..

- Қарқарадан..

- Білем... Жермеңке болған. 1916 жылы көтеріліс сол жерде өткен. Мұхаң «Қилы заманын» арнаған. Таулы жер. Шөлкөдемен жалғасып жатқан жайлау. «Тау баласы тауға қарап өседі» дел Тұмаған тегін айтпаған... Мен де таулы жердің перзентімін. Қызық. Бұған дейін бір-бірімізді білмей келдік, ә...

– Неге? Мен сізді біліп келдім.

- Рахмет. «Таныспаппыз» дегенім ғой. Әсте таудың ауасы салқын, адамдары да салқын, бірақ таудың ауасы таза, адамдары да таза. Тау бөктерінде қарағай, шырша өседі. Байқадың ба, солар қанша жел тұрса да бір-біріне басын иемейді. Өйткені, олар тамырлары арқылы бірін-бірі демеп, сүйеп мығым тұрады. Тау сондай ағаштарымен сұлу.

Сағат аға ойланып қалды... Арада үнсіздік пайда болды.

Мен рахметімді айтып көтерілгенімде ол кісі де орынан тұрып есікке дейін шығарып салды.

Сол алғашқы кездесу менің жан дүниеме де, санама да ерекше әсер етті. Атым Сағат болған соң сол атқа кір келтіріп алмайын деп арнамысыма тырысып келемін.

ШЫНДЫҚ ПЕН ТАЛАНТҚА МҰНДАСТЫҚ

Жарқ етіп жанған шамның кейде сөнуі де тез болатыны сияқты кейбір қарымды қабілет иелері әдебиет, не өнер әлеміне ерте араласады да, баршаның назарын өзіне аударып, жалындап тұрған шағында ойда жоқта, өзіңе «қош бол» айтып үлгерместен бақи тірлікке қарай жалт бұрылып кете барады-ау. Сағат Әшімбаев та өзінің қысқа өмірімен осы үрдісті қайталап, өзегімізді өртеп кеткен аяулы азаматтарымыздың бірі еді.

Иә, Сағат Әшімбаев қысқа өмір сүрді, ал оның шығармашылық өмірі, атап айтқанда біз сөз еткелі отырған қазақ әдеби сынына арнаған өмірі одан да қысқа екені зиялы қауымға жақсы белгілі. Өмірге деген құштарлығы, күнделікті істеген ісіне деген қанағатсыздығы оны неғұрлым көп нәрсені қамтуға итермеледі. Сосын да С.Әшімбаев тек әдеби сын, мақалалар жазумен ғана шектелген жоқ (біле білсеңіз бұл оның шығармашылық ғұмырының бір қыры ғана), әдебиетке, жалпы өнер атаулыға қатысты еңбектің алуан түрімен айналысты.

Ол қоғамдық жұмыстар да атқарды, әдеби сын жанрын өрге бастыру ісін ұйымдастыруға да көп күш-жігер жұмсады, баспасөз, авторлар құқын қорғау, радио және теледидар салаларында қызмет істеді, ақырында осы соңғы аталған саланың бүкіл республикалық жүйесін басқарды, үкімет мүшелігіне өтті. Әрдайым биік-биік мінбелерден, көгілдір экраннан сөздер сөйлеп, әдебиет пен өмірдегі биік мақсат-мұраттың, парасаттылықтың, азаматтықтың жалынды жаршысына айналды.

Міне, солардың арасында ол сын мақалалар жазып жүрді.

Республикалық баспасөз беттерінде қазақ жазушыларының әр жанрдағы кітаптары, драматургия, театр өнері жайында көптеген мақалалары, рецензиялары жарияланды. «Сын мұраты», «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық» атты әдеби-сын мақалаларының жинақтары шықты. Бүкпесіз бір шындықты айтсақ кезінде С.Әшімбаев жариялаған бір де бір мақала, не ол шығарған бір де бір кітап елеусіз қалған жоқ. Оның әрқайсысы жайында дуалы ауыздар жылы лебіздер айтып жүрді. Қазақ әдебиетінің бірқатар тарландары оған көп үміт артты. Бәрі тегіннен тегін емес еді ғой. Тума таланттың алғашқы қалам сілтесінің өзі-ақ сөйтіп көзі ашық, әдебиет сүйер қауымның назарына іліккен болатын.

Міне, араға жылдар салып Сағат Әшімбаевтың жаңа жинағы оқушыларға жетіп отыр. Бұл оның арамыздан кеткеннен кейінгі алғашқы кітабы. Аса көлемді кітапқа оны құрастырушылар «Шындыққа сүйіспеншілік» деген атау беріпті.

Бұл басылым жоғарыда сыншының біз атаған жинақтарындағы мақалалары, сондай-ақ бұрын еш жерде жарық көрмеген біраз дүниелері негізінде құрастырылыпты. Алғы сөзін жазған белгілі әдебиет сыншысы Зейнолла Серікқалиев мұнда С.Әшімбаев шығармаларының толық қамтылмағанын ескертеді. Соның өзінде де аталмыш кітап оның әдеби мұрасы жөнінде біршама пікір қозғауға негіз бола алатынын байқаймыз.

Осы төңіректе біз де аз сөзімізді арнап көрейік.

Ең алдымен аңғарғанымыз кітаптың атауы өте сәтті табылған сияқты. Себебі шындыққа деген сүйіспеншілік, ақты ақ деу, қараны қара деу, үлкен дарын иелерін құрметтеп, олардың қолдарынан шыққан сом алтындай дүниелердің қадір-қасиетін көпшілікке түсіндіріп отыру С.Әшімбаевтың бүкіл шығармашылық өмірінің өзегі ғой. Сыншы өзінің көзі тірісінде де өз кітаптарына дұрыс атаудың қойылуына қатты мән беретін. Мысалы, 1982 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Талантқа тағзым» атты кітабының атауын автордың ұзақ іздестіргеніне, біраз адаммен ақылдасқанына, ақыры осы атау табылғанда қатты қуанғанына өзіміз куәміз. Кейін кітап шыққан соң да ол қуанышын жасыра алмай жүрді.

Иә, «Талантқа тағзым». Осы атаудың өзінде ол жинаққа кірген барлық сыни материалдардың темір қазығы, түпкі нысанасы айқындалып тұрғандай еді. Тағзым, демек, бұл сөздің тура мағынасына салсақ әлдекімге қалпақ шешіп, бас иіп, ізет көрсету ғой. Жоқ, шынтуайттап келгенде тіпті де олай емес. Творчестволық өмірдегі тағзым атты әрекетті автор мүлдем басқаша түсінеді. Жақсы шығарманың шынайы қасиеті неде, қоғамдық дамудың одан әрі өрге басуына қандай ерекшеліктерімен ұйтқы бола алады, әрі осы жақсыны күндегі әдебиет науқаны үстінде аткөпір болып жатқан басқа иі қанбаған, не автордағы талант жұтандығынан да тайыз шыққан арзанқол дүниеліктерден қалай ажыратамыз, міне, осыны кәсіби білгірлікпен ашып-айырып беруді сыншы **Тағзым** деп санайды.

Сағат Әшімбаев әрқашан да прозаик, не ақын атаулының өзі талдаған әр жанрдағы шығармасына міне, осы тұрғыдан келетін еді. Және ең бастысы ол талабы жеміссіз де болған жоқ. Жоғарыда атап айтқанымыздай кезінде баспасөз бетінде кәнігі қаламгерлеріміздің сыншының еңбектерін жаппай қуана мақұлдауы мұны айқын растайды.

Әдебиетте өзара жалғастық, аға буын мен кейінгі буын туындыларындағы өзара ұқсастық немесе алшақтық атты ұғымдар да бар. Және ол туралы теориялық сыни еңбектерде өте көп айтылады. Әшімбаев үлкенді-кішілі өз еңбектерінде, сол жалғастық, ұқсастық, алшақтық атты ұғымдарды өз тұрғысынан түсіндіріп беруге көп күш салған. Егер осы біз сөз еткелі отырған «Шындыққа сүйіспеншілік» жинағына енген мақалалардың көшбасшысы ретінде ұсынылған «Биік мұрат тұрғысынан», «Әдебиет және мораль» атты көлемді мақалаларды мұқият оқысаңыз ол кезде өте жас сыншының бұл еңбекті жазуға қаншалықты дайындықпен келіп үлгергенін көресіз. Бұл ретте ол «апырау, бойыма шақ емес киім киіп тұрғам жоқ па» деген толқумен қаламы, не оны ұстаған қолы дірілдемейді, қайта бұрынғы ой иелерінен қалған ұлағатты сөздердің бүгінгі әдебиетке деген игі әсерін мақтанышпен паш етеді, нақтылы мысалдармен қалың жұртшылыққа әйгілей түседі. Бұрынғы әдеби-философиялық ойлардың дүниежүзілік әдебиеттің қандайлық даму барысында, қандайлық тарихи жағдайлар тоғысқан шақтарда туғанын еске түсіре отырып, оларды бүгінгі күннің көкейтесті талап-тілектеріне әкеп тірейді. Қара тастан от шығарғандай әдеби ойдың ұшқынын шашырата, тұңғығы мен тылсымы мол бұл істе жаңылыспай, жаза баспай не бір уыс көбікке ұқсап айдыңның бетінде қалқымай тереңге бара алғанын көреміз.

Бұлар ғана емес, осы кітаптағы «Сыншыл ой туралы сыр», «Өлең сөздің өрнегі», «Роман арқауы әлеуметтік шындық», «Азаматтық позиция – айқындаушы күш», «Ізденіс бағдарын барлағанда» сияқты мақалаларында да С.Әшімбаев өзінде көпті түйген көкірек, ысылған қалам барын аңғартады.

Бір ғажабы, сыншы бүгінгі қазақ әдебиетінің мәселелері туралы толғай отырып, оны әсте сол жалаң күйінде көлденең тартпайды, өмірде еш нәрсенің еш себепсіз өз бетінше пайда бола кетпейтінін ескере отырып, сол өзі толғаған жәйттің өткендегі әдебиет тарихымен туыс, тамырластығын қарастырады. Науқандық у-шудың қажетінен емес, шынайы өнердің мүддесіне орай туған әрбір күрделі еңбекті әкелуде бұл әдістің, яғни мұндай тамырластықты жолбасшы етудің берер ырзығы молырақ екендігі баршаға аян. Сондықтан да шығар, С.Әшімбаев мақалаларында дүниежүзілік әдебиет тарихының асқар шыңдары – Г.Гете, Т.Манн, Г.Манн, А.С.Пушкин, Л.Толстой, М.Горький ұлағаттары, олардың ғана емес, өнердің осы түріне әр заманда өз тұрғысынан қараған философия ғылымының да аса ірі өкілдерінің уағыздары еске алынып отырады. Жай еске алынбайды, олардың өлмес-өшпес ұлы туындыларындағы асыл ой-өрнектері мен өлмес-өшпес

классикалық үрдістері қазақ сыншысының өз тұжырымдары арқылы сабақтастырылады.

Бір кезде С.Әшімбаев өз туындыларында өткен-кеткен ұлылардың сөздерінен үзінділерді шамадан тыс көп келтіреді деген кінә тағылғанын да білеміз. Рас әдебиетке зор теориялық даярлықпен келіп, өз тәжірибесімен санаспастан сыншының алғашқыда бармақтың басындай ғана шағын мақалаларда көпті қамтұмын деп, аз-кем шашырандылыққа, үзінді келтіруге әуестенушілікке ұрынғаны рас та еді. Бірақ, еңбеккер қабілет иесі кейінгі тәжірибе үстінде шеберлік шындап үлгергенін, ондай ауыс-күйістіктен аз уақытта таза-тақыр арылғанын мына кітаптан көре отырып, сүйсінбеске лажымыз жоқ.

Кітапта Ғабит Мүсірепов, Ілияс Омаров және басқа да біраз аға буын өкілдері жөнінде арнайы мақалалар бар. Алғашқыда өзінен жас жағынан алшақтығы өте үлкен, Одақ көлемінде оқырман қауымға кеңінен танылған бұл қаламгерлер жөнінде сыншы тек тамсанудан көз ашпас деп ойлап қаласын. Жоқ, ол мақалаларды оқи келе Ғ.Мүсірепов, не басқалардың шығармалары халқына несімен сүйікті деген сұраққа бұрын өзіміз байқамаған тұстан келіп жауап бергенін көргенде сыншы қырағылығын қызықтайсың. Мүсірепов шығармаларындағы тарих, заман жүгінен ауысқан салмақ, басқалардың шығармаларындағы суреткерлік, публицистикалық қарымдылық зерделі сыншыл ой елегінен өткізіле сөз болған. Әсіресе, бірнеше мақалалардың басын құраған «Ғ.Мүсірепов туралы триптихты» тебіренбей оқу мүмкін емес. Мұндай әдеби сын, әдеби очерк, публицистика жанрларының біраз мүмкіндіктері пайдаланылып, ақсақал жазушының шығармашылық қана емес, қарапайым адамдық портреті де жан-жақты ашылған.

Кезінде жас сыншының болашағына Ғабен үлкен үмітпен қараған, оның баспасөз бетінде, не биік мінбелерден айтқан сөздеріне мұқият құлақ асып отырған, жас талантпен бетпе-бет кездесуге, ауыз-екі тілдесуге уақытын аямаған. Міне, осы жағдай С.Әшімбаев Мүсірепов сияқты әдебиетіміздің біртуар тұлғасын терең танып үлгеруіне ықпал еткені айдан анық.

«Шындыққа сүйіспеншілікте» бүгінгі прозашылар шеберлігі сөз болған тұстарда ауызға алынбай қалуы мүмкін емес Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази шығармалары хақында да түйінді пікірлер бар.

«Әдебиет мүддесіне адалдық» мақаласында автор көркем сөз өнерін дамытуға себі тиетін объективті жағдайларға тоқталады. Ол жағдайлардың бірі талантқа деген көзқарас. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген халық мақалын көлденең тарта отырып, сол даналық сөзді біржақты түсінуден сақтандырады. Бұрынғы КСРО құрамына кірген одактас республикалардың әдеби өмірлеріндегі біраз

тағлым аларлық нышандарды насихаттап, әрбір сәтті, салмақты туындының көркемдік қуатының қайнар көзі неде екенін дұрыс аша алудың қаншалық мән-мағынасы барын дәлелдейді, әрі осы іске өз тарапынан үлес қосуға күш салады. Мысалы, С.Адамбековтың «Атылған қыз туралы аңыз» романындағы, С.Шаймерденовтің «Ит ашуы» повесіндегі, сондай-ақ жоғарыда есімдері аталған С.Мұратбеков, Ә.Тарази шығармаларындағы негізгі қасиет жақсылық пен жамандықтың, парасаттылық пен дүмшеліктің ара-қатынасын психологиялық дәлдікпен бейнелеуінде екенін көрсеткен.

«Парызға лайық парасатты сөз» атты мақаласында С.Мұқановтың ертеректе шыққан «Өсу жолдарымыз», І.Омаровтың «Шабыт шалқары», Ғ.Мүсіреповтың «Суреткер парызы», Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты сын жинақтарына, зерттеулеріне талдау жасаған. Әрине, әдебиетімізге басқа жанрларда орасан зор үлес қосқан (І.Омаровтан басқасы) бұл адамдардың әдебиет туралы ойлары жұртшылықты қатты қызықтыратыны белгілі. Бұл еңбектерге С.Әшімбаев тың қырынан келген. Кәнігі суреткерлердің сүбелі, іргелі еңбектеріндегі көркемдік қуат, ой ұшқыны мақалаларында да дәл солай көз тартады екен. Жалғыз ғана ол емес, сыншы осы жазушылардың мақалаларын талдап отырып, жалпы суреткер ретіндегі дәрежесін де дәл межелейді. Мысалы, мына үзіндіні алып көріңізші: «...Т.Әлімқұловтың қалам сілтесінің сыры да, сипаты да өзгеше. Өзгешелігі сол, автор таныс әуендегі таптаурын талдау мен ой толғаудан бойын аулақ салған. Оқып отырып, етек бастылықты көп көрген ақынның осы уақытқа дейін бажайлап байқай бермеген, жай байқасаң да басқаша байыптап көрмеген сырларына қапысыз қанығасың. Талант пен алмас ұқсас құбылыстар. Алмастың алпыс алты қырындай оның беймәлім қырлары көп». (50-бет)

Бұл жай тамсану емес, сыншы еңбегінде Тәкен зерттеуінің ерекшеліктері барлығы дәйекті дәлелденіп отырғанына иланбасқа амалың жоқ.

Әдетте сыншы атаулы бір жанрдың мүддесі үшін ғана ат салысып қоя алмайды, көп жағдайда көп жанр туындылары хақында сөз айтуға мәжбүр. Мәжбүр деген артық-ауыстау көрінуі мүмкін сөзіміз үшін кешірім өтінеміз, бұл мәжбүрлік жалпы әдебиет алдындағы азаматтық парыздың бір бөлшегі екенін ескерткіміз келеді.

Иә, С.Әшімбаев өз кітабында қазақ өлеңінің сонау Абай заманынан бергі қалыптасып, өсіп-өркендеу жолына барлау жасап, бүгінгі Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Өтежан Нұрғалиев поэзиясының туу себептерінің түп қазығын, түп-төркінін іздейді.

«Ақын жанын жабырқатқан жайлар немесе Абай өлеңдерін жүз жылдан кейін оқыған соң туған ойлар», «Өнер алды – қызыл тілдің» қызығы неде?», «Өлең сөздің өрнегі» мақалаларында бүгінгі қазақ поэзиясына бастау болған Абай поэзиясын түп қазық етіп алады да, халқымыздың бүкіл ақындық өнерінің өсу, өркендеу баспалдақтарына шолу жасайды. Жай шолу емес, поэзияның адам өміріндегі, оның рухани дүниесін қалыптастырудағы орнын анықтай түседі. Бұл тұста сыншы өзінен бұрынғы ой иелерінің айтқандарын қайталамайды, өз тұрғысынан келеді. Мысалы, жоғарыда аталған мақалалардың ең алғашқысындағы мына жолдарды қайталап оқып көріңізші:

«Адамгершілік! Бұл сөздік қорымыздағы сөлі ерекше, мәні мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым. Ұғым ғана емес, тіршіліктің мәнін, дүниенің сәнін төрттағандап ұстап тұрған ең ұлы принцип, шынын айтқанда, жеке дара принцип қана емес, заңның да, заманның да, адамның да күдіреттілігін танытатын ең ұлы күш! Өйткені, адамгершілікке негізделген жерде не нәрсеге де күдірет даритындығы мәлім.

Осы ұлы күш – адамгершілік қасиет жеке адамның ғана басындағы емес, жалпы қоғамның да қордалы байлығы. Ал, оның белгілі бір адамдар бойындағы аздығынан айналасындағы адамдарға ғана емес, қоғамға да тиетін кесірі көл көсір. Олай дейтін себебіміз, бір кесірлі адамның көп адамға тиетін зиянының шексіз болатындығын еске алсақ, адамдық қасиеті тапшы бір адамнан көп адам зор зардап шегуі мүмкін. Мәселен, тарихта ойы олақ, сезімі шолақ оспадар бір адам соғыс бастап отырған да, ал қарапайым халық бостан босқа қырылып, шығынға ұшырап келген ғой. Халық ешуақытта соғыс бастамаған, тек жекелеген соғысқұмар адамдардың кесірінен келенсіз кесепатқа душар болып отырған. Ондайлар көктен түспеген, олар да анадан туған, тек олардың қанында адамға деген сүйіспеншіліктің орнына, керісінше, жамандыққа бағытталған қараниеттілік сезім басым келеді екен» (184–185-беттер).

Осылай толғап келеді де адамгершіліктің, жамандыққа қарсы күрестің өлең сөз өлкесінде қандай кеңістіктерге ие екенін Абай шығармалары негізінде дәлелдеп шығады. Кейінгі мақалаларында осы ойларын өзімен замандас ақындар шығармалары негізінде жалғастырады.

Бұл жерде бір «әттеген-ай» дегіміз келеді. Сыншының осы кітабын құрастырып, шығарушыларға алғысымызды айта отырып, біз жоғарыда атап өткен автордың көзі тірісінде шыққан кітаптарының бірі «Талантқа тағзымдағы» «Балладалар шерткен сыр» атты мақаланың

мына жинаққа кірмей қалғанына өкініш білдіреміз. Құрастырушылардың бұл автордың бүкіл мұрасын қамтуға мүмкіндігі де болмаған шығар, бірақ мына аталған мақаланың оның ең таңдаулы шығармаларының бірі екенін ескерткіміз келеді.

Мұнда сыншы баспасөз бетінде үзіп-жұлқып сөз болғанмен аса қадірленбей жүрген Ө.Нұрғалиев шығармалары хақында басқалармен пікір таластырады. Оның сюжетті балладаларына немқұрайды қарайтын кейбір сынаржақ, жұтаң қабілетті әдебиетшілерге осы ақын шығармаларын жан-жақты талдау арқылы қатаң жауап берген деп ойлаймыз. Сонау соғыс жылдарындағы тыл өмірінің шағын энциклопедиясы деуге лайық ақын туындыларындағы (мысалы, «Соғыстың соңғы жазы» атты үш кітабындағы) шынайы реалистік, поэтикалық оқиғаға құрылған шындықты көрмеу біздің бүгінгі әдеби сынымыз үшін үлкен мін еді. С.Әшімбаевтың ол мінге көзжұмбайлық жасауға кезінде ары бармаған болатын.

Мысалы, ол мақаласында Ө.Нұрғалиев кітабынан мынадай үзінді келтіреді:

Солдат келеді деген сөздің тықырын
Ести қалсақ, табамыз да ұтырын,
Іздеп барып, сүйіншіге ұялмай
Сұрап алдық қарындаштың тұқылын.

Тіліміздің ұшыменен бір жалап,
Құрбандыққа шалған малдай құрмалап,
Қалап алған ат-түйедей қарындаш
Жөнеледі ақ қағазбен жорғалап.

Қағаз қайда! Қағаздан да жұтап тым.
Қалғандаймыз басын шайнап бұтақтың,
Ешкі құсап шөп таппаған, түртеміз
Сарғыш бетін латынша кітаптың.

(240-бет).

Бұл жолдар хақында көп тәптіштеп жатудың жөні бар ма? Аксиоманы дәлелдеу авторға абырой әпермек емес. Сыншы да осыны ұға отырып, оқушысын даусыз шындықтың түбіне өз зердесімен жетуге итермелеп, дәл осы тұста пікірін қысқа қайырады. Онысы дұрыс та.

С.Әшімбаевтың «Шындыққа сүйіспеншілік» кітабындағы түйінді ойлардың ең бастысы ол өткендегі дәстүрлерді қадірлеуге, бүгінгі жаңашылдықты сол дәстүр тезінен өткізіп барып бағалауға шақырады. Ол ғана емес, өткендегі бұралаң жолдар үшін бүгінгі ұрпақ

өзін де кінәлі санаса біздің жазушылық арымызға ең тиімдісі сол дегенге үндейді.

Сағат Әшімбаев сондай-ақ бүгінгі қазақ әдебиетінде сын жанрының жағдайы жөнінде жаны ауыра сөйлейді. «Проблемалар мен міндеттер немесе соңғы жылдардағы сынға көзқарас» мақаласы шолу түрінде жазылғанмен бұл жанрдың бізде қатты жүдеулікке ұшырап отырғанын, оның себептерін, жазушылық мәдениеттің төмендігін, сынға деген көзқарастың әдебиетке деген қамқорлықпен кейде үш қайнаса сорпасы қосылмай кететінін, басқа да келеңсіздіктер көріністерін қамтыған. Кейбір Жазушылар одағына мүшелер өз шығармасына қандай да бір әріптесі баспасөз бетінде қатты да жүрекжарды пікірін айта қалса сол әріптесінің соңына түсуді қалған өмірінің басты мақсат-мұратына айналдыратынын ескертіп өтеді. Мұндай жағдайда сын жанры қалай өрге баспақ, ал сын жанры тұралаған жерде өзге жанрлардың ұшпаққа жете алуы екіталай, тіпті біржола құрдымға кетуі де ғажап емес деген мағынада пікір тарата сөйлейді.

Иә, Сағат Әшімбаевтың «Шындыққа сүйіспеншілік» атты кітабынан бүгінгі әдебиеттің жай-күйі туралы ойлардың небір тұнығына қанасың. Әдебиет жанашырлары мен қаламгерлердің көкірегіне қозғау саларлықтай пайымдаулар түзілген.

Әттең сыншы арамыздан ерте кетті. Егер ол қазір тірі болса «Байлар да жыллайды», «Қарапайым Мария» сияқты айларға, тіпті жылдарға созылатын, баланың ойыншығындай мағынасы сұйық мексикалық телесериалдарды жалықпай тамашалауды тірліктегі басты қызығына балаған, біздің республиканың ғана емес, Ресей бастаған бұрынғы барлық одақтас республикалардың да бүкіл жұртшылығын жайлаған рухани қайыршылыққа қарсы бірінші болып дауыс көтерер еді. Бұл қайыршылық экономикалық құлдыраудан ғана емес, жалпы терең философиялық, әлеуметтік мәні бар, көркемдігі жоғары әдебиет пен өнер туындыларына деген салғырттықтан, оны ашып айтуға тиіс сын жанрының күйзелісті күйінен екенін айтар еді.

Иә, амалымыз не? Солай десек те С.Әшімбаевтың біз сөз еткен кітабында осы бағдарлас айшықты пікірлердің біраз баршылық екенін қанағат тұтамыз. Сөзіміздің соңында бүгінгі экономикалық қиындықтар жағдайында кітап баспалары қаржы, қағаз жөнінде қатты қыспаққа алынған шақта өлінің аруағын құрметтеп, қайтарымы өте аз жанрға жатады делінетін осындай сыни кітапты шығаруға ат салысқандардың баршасына тағы да шын жүректен алғыс айтамыз.

*Сарбалаұлы Б.,
сыншы, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері*

КЕНЕН ҚАЛАМҒЕР, КЕМЕЛ ҚАЙРАТКЕР

1

Сол бір қаралы, қиын күннен бері де арада 16 жыл өтіп кеткені ме? Нақ солай. Алға асығып бара жатқан жылдар. Алмасқан ғасырлар. Тынымсыз сыртылдап, соғып тұрған сағат... Сағат демекші, сағат болмаса, содан бері осыншама мерзім өткенін біз қайдан білер едік. Сағат демекші, Сағат Әшімбаев болмаса...

Иә, біз бұл жерде кәдімгі Сағат Әшімбаев туралы айтып отырмыз. Қаламгер Сағат, қайраткер Сағат жөнінде. Ал, ол – жай ғана қаламгер емес, сыншы еді. Үлкен сөздермен жазылатын қалам қайраткері – кенен Қаламгер. Ол – қатардағы қызметкер, тіпті қайраткер де емес, осы сөздің толық мағынасындағы саңлақ Азамат, кемел Қайраткер болатын.

Біз әңгімеміздің әлқиссасында-ақ неге бұл сөздерге қатты мән беріп, айырықшалап айтып отырмыз? Мұның себебі – қазіргі мына заман парасатты парық емес, қатаң нарық заманы; адамды, Алашты, Арды кейінге ысырып, Ақшаны, алыпсатарлықты алдыңғы кезекке тосқан, мәдениетті, әдебиетті екінші лекке ығыстырған заман. Мұның үстіне нақ осы себептен де сөзіміз де құнсызданып, биліктегілер мен «биіктегілер» оның қадірін түсіре бастаған, керісінше бұл мен бөздің бағасын аспандатып жатқан заман. Әйтпесе, айтыңызшы, еліміз егемендік иеленгенмен, санамыз бодандықтан босанып, тіліміз тәуелсіздік алды ма? Сапымыздағы сапасыздық сеңі бұзылып, діліміз азаттыққа жетті ме? Әйтпесе әрбір аймақтың, аймақты былай қойып, әрбір атаның, әрбір ауылдың төл “тарихшылары” шығып, ерінбеген екінші бірі, қалтасы қалың қазақтың сынары кітап шығарып, жазушы атануы қалай? Бұл санның өскендігі ме, сапаның санаттан өшкендігі ме? Қысқасы, бұл – не болса да, ержеткендік емес, кер кеткендік болар. Әлде бұл – бейберекет құлық, бытысқан былық шығар. Міне, мұндай жағдайда ақ пен қараны ажырату, асылдан арзанды бөлу, арамнан адалды арашалау: қарабайыр адам – кім, қайраткер Азамат – кім, мұны тану айрықша маңызды халыққа – дару, қоғамға – зәру болса керек. Міне, сондықтан да біз әдебиет сыншысы, әлеумет міншісі, әділет қайраткері Сағат Әшімбаевтың көптің бірі емес, тіпті санаулылардың

санатына енер нағыз Адам – Азамат – кенен Қаламгер, кемел Қайраткер екенін алдымен айтып алуды, ажыратып тануды жөн санадық.

Иә, өз заманында – 1960 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басы аралығында қайраткер Сағаттың өмірдегі орны, қаламгер Сағаттың өнердегі өнегесі бөлек болатын... Ол – өз кезіне өте қажет болған тұлға. Ол өз кезінде туған әдебиетіне ғана емес, туған халқына қалтқысыз да қажырлы, адал еңбек сіңірген, қазағым деп тыныстаған, өзі жат көрмеген қоғамына зор қызмет еткен адам еді. Қоғамдық ойға алуан қозғау салып, айналасына, Алашына жалын жүрегiнiң жарығы мен жылуын жомарт шашқан Азамат-тын. Ол өз кезінде өнердің көп мiндерiн күзеген қаламгер, өмiрдiң көп кемшiлiктерiн түзеген қайраткер болды. Ол әдебиеттiң шын өлшем – Сағатына, өмiрдiң шынайы өрнек-өлшемiне айналды. Мiне, сондықтан да сол заманның әдебиетiн Сағатсыз, керiсiнше Сағатсыз мәдениетiн тiлге тиек етiп талдап айту, еске түсiру мүмкiн емес.

Ал, өткенсiз бүгiн жоқ болса, қазiргi әдебиетiмiзде де Сағат бар, қазiргi қоғамымызға да Сағат қызмет етiп, қандастарымызға қыруар көмек көрсетуде, Қазақстан халқына қызмет етуде десек асыра айтпаспыз.

Өйткенi, Әшiмбаевтың өзi айтқандай, «халық қашанда өзiнiң ақиық азаматтарымен құдiреттi. Осынау ақиық деген ұғымның iшiне кешегi, бүгiнгi және ертеңгi айтулы да атпал азаматтардың бәрi кiредi. Ал, құдiреттi дейтiн себебiмiз – көп жағдайда ұлы тұлғалар туғызған халық та сол ұлыларының арқасында өз-өзiнен ұлы деген аса абыройлы атқа ие болып жатады. «Көкек өз атын шақырады» деген сөз бар, ал ешбiр халық ешуақытта өзiн-өзi ұлымын деп айта алмайды. Оның жақсы атын шығарып, атағын айдай әлемге танытатын – сол халықтың озық ой мен өнегелi өнер қуған, жаны жақсылық пен жаңалыққа құштар болған, адамгершiлiктiң ақ жолын әманда мұрат тұтқан ұлы перзенттерi. Сондай-ақ бұл топқа өз елiнiң жарқын болашағы үшiн жарық жұлдыз – жанының жалынын аямаған аяулы азаматтардың бәрi де енуге тиiс».

Оның еңселi де ерекше мақалаларының бiрi – осы айтулы алаш азаматтарының бiрi, маздақ мәдениет қайраткерi Илияс Омаровтың өмiр-өнерiне арналып 1987 жылы жазылған «Кемерi кең бiр кемел» мақаласы. Осы еңбегiнде Сағат осылай деп жазып едi. Сағат осылай деп жазып қана қоймай, Илияс Омаровтың осындай атпал азамат, халқына қалтқысыз, қарымды қызмет еткен қайраткер, ұлық тұлға екендiгiн осы мақаласында жан-жақты дәлелдеп те шыққан едi. Бұған қоса бұл мақала өткендi бiлiп, қапысыз қадiрлеп, бүгiнге баянды қызмет етудiң де үздiк бiр үлгiсi болып табылады.

Илияс Омаров кім? Ізгі де ірі адам, үлгілі қазақ, үлкен қайраткер. Марқасқа мәдениет министрі. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген мағынасыз мәтел мұндайда жүрмесе керек. Кейінгі көп министрлерден көп артық болған Омаров ол.

Отыз жастағы Сағат әуелі орда бұзып, маскара бір шындықты ашады: «Көзі тірісінде ешбір жақсылығын орынсыз бұлдап, кез-келген керім ісін жөнсіз тұлдап, ешкімге де омыраулап көрмеген Омаров көз жұмғалы да енді аз уақыттан соң жиырма жыл толады екен. Оның елу сегіз жыл еліменен бірге су ішіп, жер басып келіп, республика Мәдениет министрі кезінде 1970 жылы 19 июльде нұрлы жанарын мәңгілікке жұмғандығын, бәлкім кейінгі кенже ұрпақ біле де бермес... Алайда бұдан кейін осы бір жаны жайсаң, көңілі ақшаңқан абзал ағамыздың алпысқа, жетпіске толған айтулы даталары да аталмай, атаусыз қалғандығы ешбір ақтауға да, ақталуға да жата қояр ма екен... Сол уақыттан бері осындай саңлақ санаткердің, қарымы зор қайраткердің аяулы есімін еске салар ескерткіш белгі есебіндегі не бір шолақ көшенің немесе қияндағы бір бөлімшенің, тіпті болмағанда терең түкпірдегі орташа бір орта мектептің болмауын қалай түсінуге, не деп түсіндіруге болар екен?!».

Сағаттың осыншама өкінішпен жазып, өртене күйінуіне себептер де мол. Себебі, Илияс Омаров Сағат іздеген 1987 жылы ғана емес, осы бүгін 2007 жылы да қатты қастерлесек жарасар ғанибет тұлға еді.

Осыған орай Сағат өз сөзіне дәлелдер ретінде Ғабит Мүсірепов пайымын алға тартады: «Тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас-бұлжымас мейірімділікпен ғана жаратылғандай, Азамат арына – адамгершілігіне, әділетке, жолдастыққа, достыққа кір жұқтырмай өткен бір адам Илиястай-ақ болар. Үлкендер қатарында кіші емес, кішілер қатарында үлкен емес бір ғажап жан еді-ау... Қайда да ол жауапкер, қайда да ол заманымыздың үлкен қайраткері, қадірлі Азамат қалпынан өзгермей танылатын. Орын оны көркейтпейтін, орынды ол көркейтегін...».

Ұлы суреткер Ғабит Мүсіреповке осындай сөздер айтқызған Омаровтың осал еместігі анық.

Осындай лебіздерді алға тарта отырып Сағат та: «Біз, өкінішке орай, ол кісінің алдын көргеніміз жоқ... Соған қарамастан осы бір асыл ағаның рухы биік рухани тәрбиесін соңында қалдырған мұнтаздай таза мұрасы – жазғандары арқылы күні бүгінге дейін көріп келеміз, сондай-ақ оның азаматтық-адамгершілік өміршең де өнегелі істеріне көз жеткізіп келеміз. Қолымызға еріксіз қалам алдырып отырған жай да – сол жақсы ағадан көрген рухани тәрбие – жақсылықтың жанымызға жай таптырмайтындығы...» деп, Ілекеңнің кемері кең бір кемел екендігін

сүйсіне отырып жеткізеді. «Илияс Омаров туралы ой жүрекке жылу, ойға от беретінін» алға тартады.

Ендеше осал емес Омаров туралы осындай ойлы, отты мақала жаза алған Сағат Әшімбаев олқы ма? Әрине, осал емес. Ол да – Омаровтай ерен, ерекше тұлға, қазақтың қайратты да қабырғалы перзенттерінің бірі. Олай болса осы мақалада Омаровқа байланысты айтылған шындыққа толы, шамырқанысты ойлардың алда да оқырманын толғандыра берер, өлмес-өшпес пайымдаулардың – әдеби-әлеуметтік ақиқаттардың өзі кешегі автор, қазіргі Омаровтай қаламгер, қайраткер Сағатқа ортақ емес деп кім айта алады? Демек, “Тарих көшіне қарап отырсаңыз ұлы тұлғаларды сол халықтың қасиеті мен қасіреті, мұны мен мұраты, келісімі мен кесірлі ісі, көз жасы мен көсегесі, ерлігі мен ездiгi еріксіз туғызғандығына көз жеткізгендей болады екенсіз... Манадан бері ойымыздың түйіні мынадай: Белгілі бір кезеңде өз халқына шамшырақ боп әрі қарашықтай қалтқысыз қызмет еткен және бір кезде халқы өзін қорған етіп, қалқан тұтқан арыс азаматтарды қорғай білу, үкідей үлпілдетіп бетке ұстап, бедел тұтып отыру, қастерлі қасиеттерін ауық-ауық еске алып, қарымтасыз қастерлей білу өлшеусіз рухани өскендіктің өлшемі болса керек. Ерен тұлғалы ерекше ерлерін бағалай білмеген елдің ертені ертегідей дегенге есті кісінің сене қоюы екіталай шығар...”. Ақиқат осылай болса, саңлақ Сағат Әшімбаев та – уақыт туғызған, қазақ халқының мұрат-мұқтажы, қоғам қажеттілігі дүниеге әкелген шамшырақ, әдебиетіміз сарабал сыншы тұтып, қорған санаған тұлғалардың бірі. Ол да еліміздің үнемі еске алып, еңбектерін оқып, әрқашан ұрпақ игілігіне айналдырып отыруға лайық арыс азаматтарының бірі екені ақиқат.

2

Бағанадан бері айтып жатқанмыздың бәрі «Кемері кең бір кемел» атты жалғыз мақаласына қатысты кейіпкері Омаровтың ғана емес, өзінің де өмірдегі орнын, өнердегі өнегесін анықтап алуға саятын жайлар болса, Әшімбаевтың, жоғарыда айта да кеткеніміздей кенен қаламгер, кемел қайраткер Әшімбаевтың мол мұрасы, көзі тірісінде шығарған кітаптары түгіл әрбір мақаласы, алуан жұмыс, әртүрлі мансап биіктерінде атқарған әрбір ісі арнайы тоқталып, тарата айтар жайлар, жақсылықтар мен жаңалықтар, кейде тартына, кейде таңдана таразылар әдеби еңбек, әдемі өнер өрімдері, қиын қызмет қырлары, қажырлы қайраткерлік қадамдары десек абзал. Олай болса біз Сағат туралы сөзді тұжырымдап айтып, қысқа да нұсқа қайырмасақ, ештеңе айта

алмаймыз, елеулі айта алмаймыз. Сонымен, алдымен қаламгер Әшімбаев туралы аз ғана сөз қозғайық.

Қаламгер деген аттың өзі – қалаулы атақ, қадірлі абырой екенін былай қойғанда, кенен деген айқындауыш-эпитеттің өзі Сағаттың талантқа жомарт сыншы екенін, терең білімді, білікті, парасатты, талантты, талғампаз қаламгер екендігін айғақтап тұрғаны анық. Керек десеніз, мұндай жерде сыншы деген бір сөздің өзі (егер бұған иесі лайық болса, бағалаушы автор жалған айтып, жағымпаздық танытпаса) – жеткілікті, шынайы баға. Үлкен құрметтің көрінісі болып табылар еді. Өйткені, екіншісі бір журналист, жазушы, тіпті, ақын, драматург болуы бек мүмкін. Ал, екі жүздің, екі мыңның, кейде екі жүз мыңның бірі сыншы бола алмайды. Болғысы келсе де... Неге дейсіз бе! Өйткені Белинский белгілегендей, сыншы таланты – өте сирек талант. Бұған А.Н.Толстойдың: «Сыншы – ойшылдан да зерек, суреткерден де сұңғыла, творчестволық тұлғаның ерекше түрі» дегенін, немесе Д.Благовестовтың: «Сыншы қалаған уақытында жазушы бола алады, ал, қандай да бір жазушы қалаған уақытында сыншы бола алмайды», – дегенін қосуға болады. Мұны енді Сағаттың өзінің: «Сыншы әдеби процесті сырттай сырдаң бақылаушы емес, әдебиет көшін байсалды, байыпты бағыттаушы санаткер сапындағы қалам иесі болуға тиіс. Ол әдебиеттің алдында тұрған қиын да қызық проблемаларды ортаға салып, негізгі міндеттерді көрсетіп отыруы керек! Сондай сыншы ғана жазушылардың ойшыл озық замандасы, оқушылардың ойлы да ұлағатты ұстазы болады», –деуімен толықтырсақ, сыншы кім екені, қандай төреші-би екені ашыла түспекші. Ал, Томас Манн айтқандай, «сын тоқтаған жерде даму да тоқтайтыны» рас болса, дана халқымыз «сын түзелмей, мін түзелмейтінін» баяғыдан айтып келеді.

Сонда сыншылық кәсіпке шынайы өлшем, биік талап өресі осы өрістен табылса, Сағат Әшімбаев қандай сыншы? Ол осы талаптарға, бұлардан басқа да биік талаптарға білімімен де, парасатымен де, талантымен де толық жауап берген, бүгін де жауап беретін сыншы.

Біздің бұл айтқандарымызға оған өз кезінде көрсетілген оқырман құрметі, әдеби қауым бағасы, әріптестер лебіздері жан-жақты дәлел. Оның алғашқы мақалаларының өзі қызу қарсы алынып, зиялы оқырманнан зерделі баға алса, тұңғыш «Сын мұраты» («Жазушы» баспасы, 1974 ж.) кітабының өзі төл сөз өнерімізге ойлы, табанды, озық талантты сыншы келгендігін көрсетті. Бұдан кейінгі «Талантқа тағзым» («Жазушы» баспасы, 1982 ж.), «Парасатқа құштарлық» («Жазушы» баспасы, 1985 ж.) кітаптары – сынымыздың көкжиегін кеңейткен, қазақ әдебиеті табыстарын молайтқан шоқтықты шығармалар топтамалары! Ол өмірден жұлдыздай жарқ етіп өткеннен кейін «Шындыққа

сүйіспеншілік» («Жазушы» баспасы, 1993 ж.) кіндік кесті. Бұл да біз жақсы білетін Сағат сыншылығын жадымызда жаңғыртып, туған халқымен қайта бір қауыштырған кітап болғаны күмәнсіз.

Жалпы, ақын-жазушы үшін де, оның ішінде сыншы үшін де ең басты мұрат, шығармашылық арман – жазғанының уақыт көшінде ескіріп, жарамсыз болып қалмағаны, әрқашан халықтың рухани қажетін өтеп тұрғаны. Жазғаны қашанда жаңа болып, кезекті кезең, дәуір талаптілегінен табылып тұрғаны. Осы тұрғыдан келсек, Сағат бекерге өмір кешпеген, қазір де халқына қадірлі қаламгер, бәлкім алдағы күндерде де келбеті көмескіленбес көшбасшы сыншы. Мұның негізгі себебі – оның білімділігіне қоса биік парасат деңгейінен келіп туған әдебиетіміздің даму бағыттарын, халық өмірін қанық бейнелеуін тамыршыдай дәл тап басып, жанрлардағы жетістіктер мен жетімсіздіктерді, авторлардың көркемдік концепциялары мен көркемдік кестесін, алуан көкейкесті тақырыптарды, толғақты мәселелерді тұғырлы идея, шынайы шешім арқылы игеруін, білікті талдап, таразылай алуында. Мұның үстіне Сағаттың «Өнерге өліп-өшкен сүйіспеншілік жоқ жерде сын да жоқ» деп Пушкин айтқандай, көздеген нысанасын әрқашан дерлік адамдық мейірмен, достық пейілмен танып, талдап-таразылауында. Оның жеке бас мүддесінен, белгілі бір топ көзқарасынан келіп, әйтпесе субъективтік бір себептер жетегіне кетіп бағалауы, асыра мақтауы, жасыра даттауы жоқтың қасы. Сондықтан да оның сындарының аты – көбінесе сүйіспеншілік, заты – ақиқат, әділеттілік, немесе аттары ащы болғанмен, заттары – тұщы, тіпті тәтті десек қателеспейміз. Міне, біздің бұл айтқандарымыз оның 1969-1970 жылдары тұсау кескен «Сыншыл ой туралы сыр», «Ізденіс бағдарын барлағанда», 1974 жылдары жазылған «Биік мұрат тұрғысынан», «Әдебиет және мораль», «Роман арқауы – әлеуметтік шындық», 1982 жылы жазылған «Сыншыл ой сипаты», «Өлең сөздің өрнегі», «Парызға лайық парасатты сөз» атты талдау мен шолуға толы, саралау мен жинақтауға жомарт, шабытпен толғанған мақалалары ғана емес, ұлы суреткер Ғабит Мүсіреповпен жасаған үш сұхбаты да, «Шаңқай түс шуағы», «Суреткер соқпағы» тәрізді портреттік дүниелері де, «Түсіндірме сөздік туралы түсініктеме сөз», «Балладалар шерткен сыр» тақылеттес тамаша талқылаулары да дәлел.

«Жасыратыны жоқ, біраз романдарымыз осы тұрғыдан карағанда көңіл толтырмайды. С.Бакбергеновтың «Адам және көлеңке», А.Байтанаевтың «Қансонар», К.Оразалиннің «Абайдан соң», Ж.Еділбаевтың «Түркістан» атты романдарында жоғарыда айтқан кемшіліктердің көптігі көз қарықтырады. Композициясындағы, сюжетіндегі, характерлер шешімдеріндегі жаңалықтың жоқтығын

ауызға алмағанның өзінде, қай-қайсы да адам психологиясын берудегі, образ-характер мүсіндеудегі мүшкіл хал, таныс әуен, таптаурын соқпақтан аса алмағандығын өкінішпен айтар едік («Сын мұраты», 7-бет).

«Мәселен, жазушылық таланты да, тәжірибесі де жеткілікті санаулы санаткер суреткердің бірі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы мына бір эпизодты елестетіп көріңізші. Орталық тұлға, келісті характерімен өрнектелген Елеманның Тәңірберген атын жамылып, оның орнына аш бөрідей көздері қанталап, өздері анталап аласұрған ақтардың арасына, арасына ғана емес, штабына баратын тұс бар. Сәл ойланып қарайықшы, шындығында қиямпұрыс жағдайға байланысты ақ офицерлер өздері бір-біріне сенімсіздікпен қарап, сендей соғылысып жүргенде олардың арасына қыр қазағы, болмысында ақсүйектік ғұрпы жоқ, олармен бұрын араласпаған, ол ортаның ерекшелігін жете біле бермейтін, бір кездегі балықшы адамның кәдуілгі, кәнігі барлаушы ретінде сіңісіп кетуі, оп-оңай тіл табысып алуы күдік тудырады, көкейге қона бермейді. Шындықтың көзімен, уақыт пен жағдайдың тұрғысынан қарағанда, Еламанның осындай қарекеті образ табиғатына кереғар екенін көреміз. Еламан оларға жылқы айдап барды ғой, неге сенбеске деген сұрақтың болуы да мүмкін. Қайталап айтамыз, бұл да дәлел емес» («Сын мұраты», 29-бет).

«Қазір өз орбитасына жақындаған талантты ақындардың бірі – Жарасқан Әбдірәшев... Жарасқан жырлаған дала соғыстан соң туған буынның көзімен, солардың соны ой-сезімі арқылы беріледі... Ақын концепциясы уақыт рухын аша түседі, оның сөзі оның замандастарының көкейіндегі сөз сияқты әсер етеді. Сондықтан да Қадыр Мырзалиевтың дала туралы жырларынан кейін Жарасқанның осы тақырыптағы өлеңдерін оқыған адам екеуінің тақырып табиғатындағы жақындықты сезінгенмен, алайда поэтикалық кредо өзгешелігін, мазмұн жаңалығын, образ сонылығын, көркемдік түйіндер алуандығын бірден байқайтындығы сөзсіз. Жетпісінші жылдардағы қазақ поэзиясындағы жана құбылыс Жарасқан Әбдірәшев өлеңдеріне тән психологиялық образды контрастар мен эстетикалық екпін айтылар ойдың тап-тұйнақтай жұмырлығына, сезімнің шымырлығына қатты ықпал етеді.

Туған дала,
тынысымды кең алып,
көңілімнен көп іздедім даналық.
Мүмкін емес менің тексіз болуым,
Ұлы Абайды туған болсаң сен анық.

Қиынға сал,
Қалтқысыз сене гөр,
Намыс үшін найзаласып өледі ер.
Мүмкін емес менің отсыз болуым,
Махамбетті туған болсаң сен егер...

Алға барар жолдар бар да,
жүк бар да,
борышымнан бір сәтке де құтқарма.
Мүмкін емес менің төмен болуым,
Биік Шоқан мына сенен шыққанда...» («Талантқа тағзым», 104-105-беттер).

Айтпақшы, Жарасқан жырындағы осы даналық, тектілік, намыс үшін найзаласар оттылық, борышты сезінер биіктік, алға бастар жол, адам – соғыстан соң туған буын көтерер жүк Сағатқа да ортақ болғаны, қамшылап жетілдіргені, сырбаз да сындарлы Сыншы етіп қалыптастырғаны соншалықты дәлел тілемесе керек.

3

Кәдімгі ет пен сүйектен жаралған адам, алайда күйкі пенделіктен биік, күйбең пәруайсыздықтан аулақ ақиық азамат Сағат Әшімбаевтың біз білетін екінші бір ерек қыры, айтпақшы, қаламгерлігінен бөлек қонбас қосанжар қасиеті, етене-егіз бітімінің екінші жартысы – Қайраткерлік. Бірақ жартыкеш емес бүтін, бірегей, сөзіне ісі сай, көңіліне көшелілігі, көсемдігі сәйкес кенен қайраткерлік. Асылы, орыс ақыны Николай Некрасовтың нақылға айналып кеткен, мақалға бара-бар: «Ақын болмау еркінде, Азамат болу – міндетің» деген ақыл сөзі керемет кемеңгерліктей қабылдануы әдетке айналып, сүйекке сіңіп кетсе де, ойлана қарасақ, осында бір оғаштық барлығы байқалады. Себебі азаматтығы жоқ адам қандай да бір шын Ақын бола алмаса, анық ақындықтан тұл қандай да бір адам қалайша Азамат қайраткер бола алмақшы? Өйткені бұл жерде Некрасовтың ақын адам туралы айтып отырғаны өз алдына, азамат бола алмаған адамның ақын да бола алмайтыны айдай анық ақиқат қой. Мұның үстіне ақындық – өлең жаза білу ғана емес, алдымен адамды сүю, арды сүю – адамгершілік талант, өмірді сүю – өнердің болмысына туа бітуі. Басқаша айтқанда – шынайы ғашықтық, мөлдір махаббат. Ендеше осындай сүйіспеншіліксіз, махаббатсыз ақындық түгіл, Азаматтық та жоқ емес пе?! Демек, сыншы-каламгер Сағаттың, өмірге ғашық-қайраткер Әшімбаевтың маздақ бір

мақаласында ортаға: «Сонда осы төпеп жазып жатқанның бәрі жазушы емес пе?» деп сұрақ тастап, оған: « Азаматтық позициясы жоқ адам жазушы емес» деп өзі жауап беруі тіпті де тегін болмаса керек.

Мәселені осыдан шығарып қалам қайраткері, қоғам-мемлекет қайраткері Сағат Әшімбаевтың басты ұстанымын, адамдық-азаматтық ұранын бағамдар болсақ, оның ұраны да, құраны да – кеңестік идеология емес, көшбасшы коммунистік партияның кең жолы, көсем Лениннің «кемеңгерлік қағидалары» да емес, алып акын, ақиық Азамат Абай екенін аңғарамыз. Адамзатқа ортақ, алашын аялаған, қазағын аямаған Абай ақиқаттары.

Рас, жас әдебиетші, әлеуметшіл Сағаттың алғашқыда Ленинді көсем тұтқаны да, кемеңгер санағаны да шындық. Ол кеше күндерде өмір сүрген бәріміздің де басымыздан өткен белес. Біздің ұлы Ленинге сенгеніміз де, оны сүйгеніміз де өтірік емес. Рас, бүгінгі күні Ленин – бізге бөтен, көсеміміз де емес. Ол бүгінгі алаш үшін, қазіргі жас ұрпақ үшін маркасқа Мұстафа Шоқайымыздан мықты да емес, құтты да емес. Бірақ қазіргі көзқарас, өлшем-ақиқат осылай болса да, бүгінгі біржақты үстірттік – кешегі күні өмірде Ленин болмағандай, бізді өнерде Ленин қолдамағандай қарау – екіжүзділік және тайыздық. Өйткені қазір де Лениннің тегін адам еместігі, адамзаттың ақылмандарының бірі екендігі күмәнсіз. Ендеше мұндай шындықты мойындау – бүгінгі бекер мұрын шүйіруден, өткенге опасыздықтан әлдеқайда әділ де орынды болса керек. Олай болса Сағат Әшімбаевты «Ленин және әдебиет» деген мақала жазбағандай көру, оны өз кезіндегі мақаласынан бөлу де – біржақтылық. Жазғандарында біздің бүгінімізге керекті дән болса, еңбектерінде әдеби сынымызды қоректендірер нәр болса, Лениннен неге алапес көргендей безуіміз керек? Шындығында да қазаққа керегі – көсем де, коммунист те Ленин емес, кемеңгер халықшыл Ленин ғой. Мәселен, Сағат: «Ленин М.Е. Салтыков-Щедриннің өмірлік және творчестволық белсенді позициясын, ондағы ащы ажуа мен астарлы кекесінді, салмақты саяси сатираны жоғары бағалаған. Үлкен ойшыл, тамаша жазушы М.Е.Салтыков-Щедринді оның мұқият әрі сүйіп оқығандығы сонша, В.Бонч-Бруевич жазғандай, В.И.Ленин осы бір кемеңгер жазушыдан өз еңбектерінде 400 рет цитата келтіріпті. Осының өзі-ақ керемет баға емес пе?! Лениннің жазушы талантын сыйлай отырып, оның өмірлік және творчестволық белсенді позициясын, қайраткерлік қасиетін ерекше жоғары қоюы бүгінгілерге де, кейінгілерге де тарихи тағылым болуға тиіс», – деп жазады. Міне, бұл нәрсе бізге тағылым болса артық па?

Қайраткер Сағат үлгі еткен Лениннің екінші бір қасиет-қарекеті де керемет десек көлгірсуіміз емес. Ол – Лениннің өнер адамдарын,

қалам қайраткерлерін қатты сыйлап, мейлінше қадірлей біліп, үнемі көмек қолын соза білуі, сол арқылы өз жағына тарта білуі. Мәселен, кейін кеңес әдебиетінің көшбасшысы атанған Максим Горький қиын-қыстау 1920 жылы Ленинге мынадай жазба жібереді:

«Қымбатты Владимир Ильич!

Мүмкін болса Екатерина Павловна мен Максимге отын бергізу жағын тиісті жерге айтыңызшы. Олардың қысқа дайындаған бір шөлкесі де жоқ екен.

Ізгі ниетпен А.Пешков. 27. IX. 20».

Міне, Ленин Максим Горькийдің осы өтінішін табанда орындап, оның әйелі мен ұлына отын бергізіп, қысқы суықтан үсіп өлуден сақтап қалады. Қаламгер Сағат Әшімбаев мұндай жайларды бекер алға тартып отырған жоқ. Өйткені, бұл – шынында да Лениннің үлкен қайраткерлігінің бір көрінісі, кеңес шенеуніктерінің көбіне үлгі боларлық мысал еді.

Кешегі кеңес шенеуніктері тарих қоқысына ысырылып тасталғалы 16 жыл. Ал бүгінгі егемен Қазақ Елінің шенеуніктері қайтіп жүр? Көбісі – кішкентай «кісілер», қарақан басын ойлайтын қызметкерлер, құлқынның құлдары. Үкімет көп балалы аналарға бөлген жәрдем ақшаны өз қалтасынан бергендей әрең таратады. Халық қазынасын оңай иеленіп байып кеткен «бағландардың» 6 миллиардтық теңгеге татитын жылжымас мүліктерін жарыққа шығарып жекешелендіріп беретін бұлар жарлы қалың қазақтың 6 сотық жерін меншіктеуіне қарсы. Бұларға шетелдердегі 5 миллион қазақтың бәсіре басылымы «Қазақ Елі» газетіне қаржылай көмек көрсетуден гөрі оны жауып тастау жеңіл. Ендеше мұндай қызметкерлерді, министрсымақ қайраткерлерді кешегі кеңестік министр Ілияс Омаровтың басқан ізінен садаға кетсін десек орынды емес пе? Алқалаған әлеумет ахуалына да, әдебиетіміз дамуына да жіті көңіл бөліп, қазақ жыры, Қазақстан прозасы дамуын былай қойғанда, әдеби сын жанры жетілуіне де қамқорлық көрсетіп отырған Елбасымыздың еңбегін еш қылатындар – осындайлар емес пе? Елдігімізге сызат түсіріп, бұқара берекесін кетіріп, тәуелсіздігімізге тұсау салатын да осылар ғой. Әрине, қазіргі таңда да еліміз ерекше Ерлерсіз, кемел қайраткерлерсіз емес. Мәселен, әрқашан мәдениетіміз қамын түгендеп, жас жазушылар баспанасына дейін мәселелерді шешіп беріп жүрген ардақты Алаш азаматы, Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов бар. Бұрыннан мәдениет меценаты, қаламгерлер қамқоры, қазіргі Қызылорда облысының әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммед те осы санаттан. Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов те халықтың жебеушісі, өнердің демеушісі қатарына қосылады. Өкінішке орай, жоғарыдағыдай мылқау қызметкерлер,

жақыбай миллиардерлер (теңгемен есептегенде) Қазақстанда өте көп те, Мұхтар мен Иманғалидай, Серіктей қайраткерлер өте аз.

Біздің қайраткер Сағат жазғанын пайдаланып, өнердегі – Әшімбаев мұрасындағы өнегені алға тартып, Илияс Омаров пен Лениндерді бұлай жазу да – азаматтық қайраткерлік екенін айтып жатуымызда белгілі себеп, бүкпесіз сыр бар. Өйткені өмірдегі қайраткер Әшімбаев өнердегі қаламгер Әшімбаевтан озық болмаса, олқы емес-тін. Керек десеңіз, екеуі бір адам, бөліп-жарылмас бірегей тұлға болатын. Ғабит Мүсірепов Омаровқа байланысты баяндағандай, Сағат Әшімбаев өмірден өткенде де «қазақ мәдениеті майданының үлкен бір тіреуі құлап түскені» ақиқат-тын. Сағат та жастай қоғамдық өмірге белсене араласты, қызметте тез өсті, алуан мансап биіктеріне көтерілді. Еңбек жолын 1969 жылы «Лениншіл жас» газетіндегі әдебиет және өнер бөлімінің қызметкерлігінен бастаған ол 1973 жылы «Жұлдыз» журналына сын және библиография бөлімінің меңгерушісі болып ауысады. 1976 жылы тұңғыш «Сын мұраты» кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын иемденеді. Осы жылы «Лениншіл жас» газетіне Бас редактордың орынбасары қызметіне бекітіледі. Ол 1980 жылдан Бүкілодақтық авторлар құқығын қорғау жөніндегі агенттіктің Қазақ бөлімшесінің бастығы. Осы аралықта ол Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, КСРО Жазушылар одағы Сын кеңесінің мүшесі болды. Сағат Әшімбаев 1986 – 1991 жылдары Қазақстан Радио және телехабарлары жөніндегі Мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, кейіннен төрағасы қызметтерін атқарды. Қысқасы, республикалық басылымдағы әдеби бөлім меңгерушілігінен республика министрі дәрежесіне дейін өседі. Ол теледидарда «Жүректен қозғайық» (1982 жылдан), «Парыз бен қарыз» (1986 жылдан) хабарлары шоғырын тамаша жүргізіп, қоғамды қозғап оятып, халыққа кең танылып қана қоймай, мықты министр – қайраткер болып та танылады. Иә, ол да қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да – орыны өзін көркейтпей, өзі орынын көркейткен Азамат Қайраткерлік қарым байқатады.

Міне, сондықтан да Лениннен өз керегін, кеңестік жүйеден қат қорегін алған ол Владимир Ильичтен асып, келесі асқар биікке қадам басып, Абайға келеді. Коммунистер көсемінен де көсегелі, кемеңгер Абайға. Келешектің Абайына! “Шындығында да оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртымы» ұлы өлең. Сондай-ақ біз ақынның атақты «Сегіз аяғын» да осы дәрежедегі дүние деп бағалар едік. Абай осынау екі өлеңінен басқа ештеңе жазбаса да, әдебиет тарихының төрінен ойып орын алған болар еді. Мұндай сом-сом ойларға жетелейтін сом алтынның “сынықтары” оқып қана қою – олқылық, тоқып оқу – бақыт.

Бұл өлеңдерден тиісті қорытынды шығармау – оларды түсінбеу деген сөз. Түсініп оқу бақыт болса, түсінбей оқу бақытсыздық емей немене?! Шіркін-ай, осы өлеңдердегі телегей теңіз философиялық ойлардан бізге жарым-жартылай болса да қорытынды шығарғанның өзі неге тұрар еді десеңізші.

Біріңді, қазақ, бірің, дос
Көрмесең, істің бәрі бос.

... Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
... Өкінер уақытың болды ғой!

Ұлтты ұлылық жолдан тайдыратын, халықты қатерлі өткелге әкеп тірейтін мұндай керіартпалықты әшкерелеу Абай сияқты ұлы ақынның ұлағаты ұланғайыр азаматтық позициясын тағы да паш ете түседі».

Бұл – Сағат Әшімбаевтың Абайды жаңаша ашуы, алашына үлгі етіп құптауы, ақындарға ұлықтауы ғана емес, өзінің де азаматтық позициясы, қайраткерлік ұлы мақсатын аңғартатын жолдар. Ол осылай озған, қаламгерлік тұрғыдан толысқан, айтып, жазып қана қоймай, күнделікті қызмет, қайраткерлік қарекеттерінде үлкен мақсатын жүзеге асыра бастап еді. Ақкөңіл, адал Сағат осы жақсы-ау деген адамын – ағалары мен достарын, қатарластарын, жастарды, тіпті кім-кімді де аңқылдап қарсы алып, қолынан келген көмегін, кеңесін, жақсылығын аямайтын, жан жылуын, жүрек жарығын төгетін.

Біздің өз басымыз да өмірде Сағатпен университетте бірге оқымасaq та, жерлес болмасaq та, тізе қосып бірге жұмыс істемесек те жолдас, жақсы дос болдық. Сондықтан да онымен тұңғыш танысқан 1970 жылдан бастап өмірден өткенге дейін араласып, хабарласып тұрдық. Біздер бір-бірімізге әрқашан тілектестік танытып отырдық. Терең білісіп, етене табысып кеткенге дейін ешкіммен де емен-жарқын араласа алмайтын мені де ол бірінші көргенде-ақ бауырына тартты, баяғыдан білетін адамша маған шынын да, сырын да ақтарып салды. «Ау, сен салақұлаш сын жазып, бізден бұрын айды аспанға шығарған Бақытсың ба? Қайда жүрсін? Өзіңе әрқашан есігіміз ашық», – деп еді ол мен 1970 жылы бүгінгі Абылай хан даңғылының 63-ғимаратының үшінші қабатында орналасқан «Лениншіл жас» газетінің есігін тұңғыш имене ашып кіргенімде. Бұл жерде ол менің 1966 жылы жастар газетінде жарық көрген «Өлең салмағы жүрекпен өлшенеді» атты көлемді мақаламды жақсы білетінін аңғартқан еді. Жатырқамай ақжарқын көңілмен қуана қарсы алған құрдасты қалай жақсы

көрмесің?! Біз содан бастап араласып кеттік. Сыр бөлісе бастадық. Ұмытпасам, келесі жылы шығар, редакцияға енді бір келгенімде қоярда қоймай қолқалап, үйіне ертіп барды. Жары Шәрбанумен таныстырды. Мен бұл күн – мамырдың 1-і оның туған күні екенін қайдан білейін. Шай іштік, шарап көтердік.

Бұдан кейін ол менің шығармашылығымға пікірін айтып, жаңа дүниелерімнің «Лениншіл жаста» жарық көруіне қол ұшын бере бастады.

Міне, қазір де оның өз қолымен: «Құрметті Бақыт! Өзіңе, өнеріңе деген үлкен сеніммен, ізгі тілекпен қараушы досың Сағаттың алғашқы дүниесін оқып шыққаныңа қуаныштымын. 31.X.74 ж.» деп қолтаңба жазып сыйлаған тұңғыш «Сын мұраты» кітабы кітапханамның төрінде.

Оның қалай өскені, сарабалд сыншы-қаламгер болып қалыптасқаны, қандай қоғам-қайраткеріне айналғаны – бәрі-бәрі көз алдымызда. 1979 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық жас ақын-жазушылардың кеңесіне қатысқан біздерді, бір топ қаламгер құрдас-інілерін бастап барғаны да есте.

Мен бәрінен де бұрын он екіде бір гүлі ашылмаған туған қарындасым, КазПИ-дің студенті Сара аяқ астынан бейдауа дертпен ауырып, қатты қиналғанымызда Сағаттың сөзге келмей көмектескенін ұмыта алмаймын. Дәрігерлер: «Санаулы күні ғана қалды. Ауылдарыңа жедел жеткізіп алғандарың жөн» деген-ді. Елден қызын жанындай жақсы көретін әкем жеткен. Дегбірі жоқ. Аяулы қызының аз ғана ғұмыры қалғанына сенбейді. «Қалайша үміт жоқ? Тағы бір тексертіп көрейікші, көз жеткізелікші», – дейді. «Кімге барамыз?». «Мен мына қазіргі Денсаулық сақтау министрі Мұхтар Әлиевті танимын. Жас кезімізде елде жүздескеніміз бар. Мені білуге тиіс. Соған жолығайықшы», – дейді. Әлі есімі елге мәшһүр емес, жас сыншы Бақыт Сарбалаевтың сөзін кім тыңдайды? «Айтпақшы, – деді әкем. – Сенің Сағат досың бар емес пе? Әжептәуір бастық. Соған баралық». Сағат ол кезде Бүкілодақтық авторлар құқығын қорғау жөніндегі агенттіктің (ВАПП) Қазақ бөлімшесінің бастығы. Жанұшырып соған бардық. Обалы не керек, Сағат елпілдеп қарсы алды. Әкемнің көңілін көтеріп тастады. Жағдайды білген соң, бірден Мұхтар Әлиевтің үкіметтік тура телефонын терді де, тұтқаны әкемнің қолына ұстатты. Айтқаны: «Мен ол кісіні өз басым жақсы білмеймін. Өзіңіз тілдессеңіз», – болды. Мұханның әкемді білетіні рас екен. Табанда тапсырма берді. Дәрігерлер жүгіріп кетті.

Міне, бұл Сағаттың үлкен азаматтығы, шынайы адамгершілігі еді. Басқалар болса, әй, қайдам, бұған бармас еді. Менің санасар қызметім, салмағым жоқ екені өз алдына, сол кездегі дүрілдеп тұрған

зор мансап иесі «Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың туған құдасы Мұхтар Әлиевке жолап нем бар?» – демей ме? Тикелей өз шаруасы болса, бір басқа. Сағат, сөйтіп, өзгелер оңайлықпен жасамайтын жақсылықты сөзге келместен жасай салды. Меніңше, бұл – сирек адамгершілік, халық үшін туған, досқа адал адамдар ғана жасайтын шынайы қайраткерліктің көрінісі.

4

Қаламгер, Қайраткер, дос Сағат туралы енді не айтуға болады?!

Әрине, айтатын нәрсе көп. Бірақ бұл жерде бұдан әрі сыншы Сағаттың, көсемсөзші Сағаттың, қоғам және мемлекет қайраткері Сағаттың жаңа шығармашылық қырларын, тағы да тамаша адамдық сырларын алға тартып, әңгімелеп жатудың қажеті шамалы. Ақиық қыранын көріп-ақ Аспантау өңірінің асқарын аңғаруға, Хантәңірісін көріп Әшімбаевтың туған жерінің табиғатын түсінуге болса, біздің осы айтқандарымыз, біз келтірген оның сыншылық сырлары, қаламгерлік қырлары, қайраткерлік қарымдары – оны: Сағатты білуге, түсінуге, тануға, сүйуге, қадірлеуге әбден жеткілікті деп ойлаймыз. Ендеше гәп – кешегі Сағат Әшімбаевта да емес. Тіпті гәп – бүгінгі біз білетін Сағат Әшімбаев әлеміне, оны тануға, қастерлеуге де тіреліп тұрған жоқ. Мәселе – ертеңгі Сағат Әшімбаев тұлғасында. Ол қандай болады, міне, ең басты мәселе осында. Керек десеңіз, оның 60 жылдығына арналып Алматыда, туған аулында өткізілген жиындардың құны да осы мүддеге қызмет етіп, келешек Сағат Әшімбаевқа тұғыр қалауында, болашақтың Сағатына тірек болуында.

Иә, келешектің Сағат Әшімбаевты қандай болмақшы?! Дау жоқ, ол арамызда қазір жоқ болса да, Сағаттың өзіне де байланысты. Бірақ Сағат өзіне байланыстыны көзі тірі кезінде түгел істеп кеткен. Елі алдындағы парызын мол мұра қалдырып, қалтқысыз атқарып, кемел қайраткерлігімен, кенен қаламгерлігімен зор еңбек сіңіріп, өтеп кеткен. Ендеше ол қазір халқы алдында борышты емес, қазір керісінше халқы оған қарыздар. Енді елі, ізіне ерген Ерлері оның алдындағы қарызын – одан алғандарын оның өзіне қайтаруға тиіс. Кемері кең бір кемел Сағат Әшімбаевқа біз де кемері кең бір кемелдік көрсетуіміз – міндет. Міне, келешектің сыншы Сағаты, қайраткер Сағатханы – біздің осы құрметімізге, қарызымызды қаншалықты қайтаруымызға сай болады. Өз еңбегіне, оның өз талантына, тұлғасына, мұрасына сәйкес қадірлеп-қастерлесек, бұл Сағат Әшімбаев алдағы уақытта да қазақ әдебиетінің шынайы өлшемі – сергек Сағаты, туған алашы – әлеуметінің өркені – Сағат Ханы бола береді.

Түйіп айтқанда, кешегі кезеңде өз халқына шамшырақ боп әрі қарашықтай қызмет еткен және сол кезде халқы өзін қорған етіп, қалқан тұтқан арыс бір азаматымыз – Сағат Әшімбаевты алдағы уақытта қорғай білу, бетке ұстап бедел тұтып отыру, мұрасын игілікке айналдырып, оның қадірлі қасиеттерін ауық-ауық еске алып, қарымтасыз қастерлей білу – біздің рухани өлшеусіз өскендігіміздің өлшемі. Ал, осындай бір ерін – саңлақ Сағатын, Сағатханын бағалай білген елдің есесі ешкімнен де ешуақытта кем болмайтындығын әрқашан есте ұстайық, ағайын!

2-СЕКЦИЯ.

С. ӘШІМБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ СЫННЫҢ ӨЗЕКТИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Ісімақова А.С.,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымының докторы*

САҒАТ ӘШІМБАЕВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ САРАПШЫ САРБАЗЫ

«Сынның сарапшы сарбазы» деп аталған естелік макаласында академик Мұхамеджан Қаратаев Сағат Әшімбаев туралы былай деген: «Қайран, Сағат! Қайран, сүйікті шәкіртім! Сенің сұңқар келбетің жарқын бейнең бүгін ғана емес, мәңгі есімде. Сенің маған айтатын және кітабыңа жазған «Ұлан-ғайыр білімді, ұлағатты ұстазым Мұхамеджан Ағаға! Ең ізгі де игі тілектермен» деген ақжарқын сөзің жүрегімнің түбінде». Мен білетін академик М.Қаратаев ағамыз мұндай сөздерді сирек колданатын.

Күні кеше тұсауы кесілген «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген «Сағат Әшімбаев» кітабы бас редактор ҚазМҰУ-дің ректоры Ғ.Мұтановтың сөзімен басталып, сыншының ұстазы, академик М.Қаратаевтың жоғарыда аталған макаласымен жалғасқан. С.Әшімбаевтың келесі тандамалы зерттеулері кітапқа енгізілген: «Ақын жанын жабырқатқан жайлар», «Азаматтық формуласы». «Азаматтық позиция – айқындаушы күш», «Ғ.Мүсірепов туралы триптих», «Парыз бен қарыз» хабарының циклы».

«Ағалар лебізі» тарауында С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш.Елеуенов, Ә.Кекілбайұлы, З.Серікқалиев, Қ.Сұлтановтың естеліктері енгізілген. «Үзеңгілестер үні» тарауында Н.Оразалин, Ж.Дәуренбеков, Ә.Сығай, Л.Түсүпбекова, Б.Мұқай, Ж.Әбдірашев, Б.Сарбалаұлы, Ж.Дәдебаев, Ж.Сәрсектің макалалары топтастырылған. «Інілер ілтипаты» тарауында С.Әбдірахманов, Д.Әшімхан, Б.Ыбырайым, Ж.Әлиханұлы, Т.Жұртбай, Қ.Ергөбек, Ж.Әбілов, Т.Шапай, Б.Жақып, К.Адырбекұлы, Ж.Бекболатов, С.Медеубек, Г.Мұқанова, Б.Тұрсынбайұлының макалалары қамтылған.

Кітаптың соңында Сағат Әшімбаевтың шығармашылығы бойынша қорғалған диссертация мен С.Әшімбаевтың өмірі мен шығармашылығының негізгі кезендері жайында ақпарат берілген.

Нұрлан Оразалиннің «Абайды пір тұтқан» мақаласында Сағат Әшімбаевтың негізгі тақырыбы Абай шығармашылығы екені айқындалған: «Абайдан артық ақын, Абайдан асқан данышпан да, кемеңгер де жоқ. Абай биігі, Абай тағылымы – арманым» деуші еді Сағат. Байқап отырсақ, өзінің күллі өміріне арқау болған өмір, тіршілік хақындағы осы бір ой-түйінді ол небәрі 24-25 жасында-ақ айтқан екен. Айтқанына адалдығын танытты. Сағат киналған кезінде де, қуанған сәтінде де Абайынан алыстап көрмеді. Ол әр уақыт өз заманының ойлы-қырлы сәттерін, бұраланы мол еңісі мен өрін өз ой елегінен өткізерде: «Менің Абайым айтады», – деп отырушы еді. Ол Абайға қарап шығысын, Абайға қарап батысын анықтауға ұмтылатын. Өмір сүру, адамдармен араласу принципіне де ол өзінің осы бір өзгермес мұратын мықтап ұстанатын».

Кітапқа енген кәсіби сыншы С.Әшімбаевтың «Ақын жанын жабырқатқан жайлар» (1981) атты мақаласында Абай мұрасы рухани парасаттылықтың қайнар көзі екені былай түйінделген: «Сол ұлы Абай поэзиясы ұлылығының бір сыры – адамтанудағы болуы мүмкін қателесуден яғни соның соқтықпалы салдарынан орынсыз опық жеуден, жазықсыз жапа шегуден сақтандырады! Бұл қызықтыру үшін айтылған қызыл сөз емес.

Шындығында да, Абай поэзиясының адамтану мен адамтануындағы рөлі бүгінгі таңда тіпті айрықша. Ол адамды әртүрлі қателесулерден сақтандыру арқылы бәрімізге де көл-көсір көмегін тигізіп келе жатқан ақындардың ақыны». Абай поэзиясын талдаған сыншы «рухани көмектесу дегеніміз – адамды кез келген адамшылыққа жат нәрседен сақтандыру болса, ал сақтандырудың өзі шын мәнінде рухани көмектесу емес пе?!» – дейді. Осы ретте С.Торайғыровтың «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» сөздері Абайды түсінуге арналған Алаш абайтанушылары ұсынған төлқұжат ретінде айқындалған.

Абай поэзиясындағы адамгершілік концепті «Адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден бір аяулы ұғым» ретінде анықталған. Сыншы «Осы ұлы күш – адамгершілік қасиет жеке адамның ғана басындағы емес, жалпы қоғамның қордалы байлығы» деп санайды. Автор осы ретте адамдық пен адамгершілік түсініктерін жеке адамға ғана емес, жалпы қоғамға қажетті рухани азық екенін алға тартады. Өз заманына қатысты С.Әшімбаев былай деген: «...ең қауіпті адам ар-ұяттан ада, адамгершіліктен жұрдай адам. Бар жаманшылық атаулыны тек солардан күту керек».

Қазақ өміріндегі адамгершілік пен Абай айтқан адамдықтың әр кезде қажет екенін сыншы нақты талдаулары арқылы айқындап берген.

Абай өлеңдерін талдай келе «Қалың елім қазағыма» ерекше тоқталады. Сыншы Абай өз елін жек көргендіктен сынамағанына талдау арқылы көз жеткізеді. Рухани өсу үшін кемшіліктерімізді тура Абайша сынау керек деп санайды С.Әшімбаев: «Біз осы жерде патриоттық деген сөзді жайдан-жай айтып отырғанымыз жоқ. Жалпы Абай творчасындағы патриоттық пафос мәселесі арнайы сөз ететін үлкен бір мақаланың жөні». Себебі: «Абай секілді ұлттық сезіміміз оянуына ең алғашқы ұйытқы болған адамның патриоттығы». «Абайды оқи алмаған, тоқи алмаған адамның өмір бойы бір бүйірі олқы тұрады», – деп санайды әдебиеттанушы.

Ғалым С.Әшімбаевтың «Азаматтық формуласы» (1983) зерттеуінде осы ойлары дамытылған. Азаматтық формуласын іздеген сыншы жауапты Абайдан бастап, М.Монтеньмен жалғастырып. Толстоймен толықтырып, адамзат тарихынан нақты мысалдар келтіреді.

Рухани жұт – тоғышарлық деген не? Немқұрайдылық қандай қасыретке апарады? Күрескерлік рух дегеніміз не? Бұл сұрақтарды көтерген сыншы Толстой, Ленин, Белинский, Чехов. Абай, Плеханов, Гончаров, Горький, Герцен пікірлерін еске салады. Осы ретте С.Әшімбаев сол кездегі өз маңайындағы тоғышарлық пен немқұрайдылыққа қарсы тұратын ақыл иелерінің сөздерін іздегендей.

Чеховты тура осылай түсіну күні бүгін сирек кездесетін әдеби талғамның үлгісі: «А.П.Чехов әңгімелеріндегі тоғышарлыққа қарсы бағытталған ерекше көркемдікпен берілген гуманистік-адамгершілік терең тенденция бұл жазушыны бүгінгі оқушыға да етене жақын-етжакын етіп тұрған эстетикалық факторлардың бірі. Мәселен, оның «Равнодушие – паралич души» деген керемет кең мағыналы сөзі бүкіл шығармаларына ортақ философиялық лейтмотив секілді».

С.Әшімбаев заман кемшіліктеріне жаны қиналып, одан шығу амалдарын іздеп, әлемдік деңгейдегі ақыл иелерінің сөздеріне жүгінеді: Т.Манның «барлық трагедия атаулының түп-төркіні немқұрайдылықтан басталады» деуі кезінде фашизмге қарсы тұра алмаған замандастарына айтқаны осы ретте келтірілген. Сыншы бұл сөздерді өз заманына қатысты келтірген анық: «Азаматтық және немқұрайдылық... Бұлар от пен судай, бір-бірімен еш уақытта одақтаса алмайтын және ешқашан да ортақ тіл табысуы мүмкін емес одағай нәрселер. Яғни бұл екеуі жақсылық пен жамандық секілді бірін-бірі іштей де, сырттай да жоққа шығарып отыратын бір-біріне мүлде кереғар ұғымдар». Осы немқұрайдылыққа не қарсы тұра алады? С.Әшімбаев оған әр адамның жауапкершілігін қарсы қояды. Әлем әдебиеті мен философиясын ақтарып шыққан сыншы заманына қажетті рухани

азықты социализм кезіндегі немқұрайдылықтан құтқаратын жол ретінде жан ұшырып іздейді. Ғалым социализм тұсындағы кемшіліктерді осылай әшкерелейді. Әдебиеттанушы ол үшін Диоген Лаэртсий, Абай, Сұлтанмахмұт сөздеріне жүгінген.

Халықтың «бертіндегі тарихындағы айрықша ақиықтарының бір тобы» ретінде Шоқан, Махамбет, Ыбырай. Сәкен, Ә.Жанкелдин, Т.Рысқұлов, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, А.Жұбанов, С.Мұқанов, Ш.Айманов, І.Омаров аталған. Тек социализм ұранымен жүрген замандастарына қажетті рухани азық ретінде ақыл иелерінің сөздері осы ретте де келтірілген. Мақаланың соңында азаматтық формуласы былай деп анықталған: «...азаматтықтың тарихи формуласының өзі халықтық масштабтағы үлкен іс тындырудан, ұлттың рухани-мәдени дамуына және әлеуметтік прогреске лайықты үлес қосудан, адамгершілік ерлікке пара-пар өмірлік мәні зор іс-әрекеттерден ғана тұратындығын өмір диалектикасы дәлелдеп отырған жоқ па? Сондықтан да азаматтық формуласына жататын әлеуметтік аспектідегі адамгершілік, патриоттық, күрескерлік іс-әрекеттерге ұмтылу бүгінгі замандас тіршілігінің ең басты мұраты, әрі ең басты мәні болып табылады». Бұл сөздерде сыншы Абай айтқан адамдық, Отан алдындағы азаматтық парыз деген түсініктерді қайта жаңғыртқан. Социализм тұсында тура осылай қоғамға сын айта білу тек сауатты азаматтың қолынан келері де айқын.

«Азаматтық позиция – айқындаушы күш» (1985) зерттеуінде сыншы өзінің басты ойларын жалғастырған. Сыншы үшін енді әр адам уақыт пен Отан алдындағы жеке жауапкершілігін азаматтық тұрғыда сезіну қажет. Ғалым Абайдан бастап Гоголь, Достоевский, Толстой, Бунин, Латын Америкалық жазушылардың асыл сөздерін дәлел ретінде келтірген.

«Абай жолы» мен «Көшпенділерді» әдебиеттанушы құнды дүние деп бағалайды. М.Мағауиннің «Аласапыраны» мен Ә.Кекілбаевтың «Үркері» уақыт рухына қажетті шығармалар деп айқындалған. Ш.Айтматовтың шығармаларындағы ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезінген кейіпкерлер бейнесі кәсіби талдауға арқау болған.

Бұл зерттеуде де әдебиеттанушы ғалым Сұлтанмахмұтқа жүгінген. Совет кезінде Сұлтанмахмұт поэзиясын тура осылай жүрегімен сезініп, талдау сирек құбылыс еді. Совет кезінде тиым салынған Алаш әдбиеттану ұстанымы осы ретте айқын аңғарылады. Абай мен Сұлтанмахмұт өлеңдерін салыстыра талдау арқылы С.Әшімбаев ойшылдық, жауапкершілік, тектілік концептілерді алға тартады. Ғалым Сұлтанмахмұт шығармашылығының өз деңгейінде зерттелмей келе жатқандығына назар аудартады: «Қазақ әдебиетіндегі

азаматтық позиция дәстүрін сөз еткен кезде С.Торайғыровка соқпай өту тек көзжұмбақтың «көкесі» ғана деп білеміз».

Әлем әдебиетін саралап шыққан сыншы күні бүгінге де қажетті келесі пікірді еске салады: «Жаман жазуды кешіруге болар, ал жалған жазуды еш уақытта кешіруге болмайды. Себебі, Нобель сыйлығының лауреаты Г.Маркес айтпақшы: «Ложь в литературе гораздо опаснее, чем в жизни» деп, яғни әдебиеттегі жалғандық өмірдегі жалғандықтан әлдеқайда қауіпті екендігін ұстанған жөн».

Әдебиеттанушы «Ғабит Мүсірепов туралы триптих» (1972) тарауына В.Г.Короленконың Г.И.Успенский туралы келесі сөздері эпиграф ретінде алынған: «Он был один, сам по себе, ни на кого не был похож, и никто не был похож на него. Это был уникум человеческой породы редкой красоты и редкого нравственного достоинства». Осы сөздің ішіндегі адамгершілік абырой иесі деген түсінік Сағат Әшімбаевтың өзіне де тиесілі деп санаймын.

Қазақ әдебиеттануына қажетті кәсіби талдаулар үлгісін көрсетіп, әдебиет – асыл сөз азаматтық пен адамгершілік, парасаттылық пен руханилықтың, яғни халық рухының айнасы екенін нақты зерттеулерімен дәлелдеп кеткен кәсіби сыншы. Әдебиеттанушы Сағат Әшімбаев өзінің осы басты тақырыбымен әдебиет туралы ғылымға нақты әрі үлкен үлес қосып кеткен ғалым.

Негимов С.,

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

САҒАТ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Құштарлық кернеген, қияға құлаш сермеген, қиял мен сезімге бөленген балғын да балауса өндірдей жас, керемет көгілдір арман көгінде қалықтайтын жастық шак, дана Абай келісті кестелегендей, «Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген» яғни адам ғұмырындағы осынау беу, шіркін, алтын шак, жалынды дәурен өзгеше ғой. Дүниенің таңғажайып тұңғық құбылыс-сырларын білсем, көрсем, оқысам-тоқысам деген ұшқыр түйсік, сезімпаз көңіл, даналықты зерде шартарапқа шарқ ұрып ізденіп үңілетіні, көз майын тауысып білім, ой теңізіне шоматыны хақ. Білімнің қара шаңырағы – Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) қабырғасында, нақтылы айтқанда, 1968-1969 оқу жылында (сыртқы бөлімнен стационарға ауысқан бетім еді) үзіліс арасында үйірілген бір топ студенттердің ортасында оттай лаулаған бір

жас жайнақ қарияша толғанып, үлкендерше пайымдап, теңізше буырқанып, дауылша үдеп, төгіліп сөйлегенінің тосыннан куәгері болғаным бар.

Жас оқытушылардың бірі ме деп ойлаған едім, сөйтсем кейін аңғардым, өзі студент ар-ұяты мол, таным-пайымы терең, етек-жеңі кең Сағат Әшімбаев екен.

Содан бастап лебізі жаздың лебіндей ізгі жүректі, сұлу ниетті, парасат дүниесі қызығарлықтай кісілікті, «толымды-білімді» саңлақ жігітті ұстазымдай сыйлап, қорған-пана тұтып, шынымды-сырымды айтсам, оған деген ізет-құрметім де өзгеше еді.

«Ақ бидайдың ұны, ақ түйенің шабысына піседі» дегендей, ардан жаралғандар, арман қуғандар өзінді бек ардақтаушы еді. Атқан таңдай нұр шашатын жібектей жаныңды, таза әрі дархан пейілінді, жөн білетін, сөз білетін, турашылдықты, әділдікті сүйетін бекзат, дегдар болмыс-бігімінді, жақұттай жарқыраған кемел ой-пікірлерінді бұл тіршілікте қалай ұмытарсың! «Бүтін дүниені тырнағына теңгермейтін» өтірікші суайттардың, тасжүрек, безбүйрек найсаптардың, жантықтардың, үрген местей күмпигендердің, кэззаптардың, «жатып ішер жалмауыз, борсық тұмсық қандауыздардың» берекетсіз әрекет-қылығы көз алдында көлбеңдегенде асыл бейненді, жан шуағыңды іздеп, көкірегім қарс айрылып, боркеміктеніп, ғазиз рухыңмен сырласатын да жайым бар.

«Мені қатты аяңдататын нәрсе дүниеқоңыздық, алармандық, қанағатсыздық, көрсеқызарлық, өзімшілдік деген пәлелер», – деп жазған едіңіз. Ол уақытта мұндай оспадарлық аз сияқты еді, қазір бұлар шырмауықша шырмап, аспандап барады, асқақтап барады, билеп-илеп барады.

«Табанының топырағы көзге сүртерлік» жаны жайсаң, жарқын мінезді Сәкең әрдайым жанашырлық көрсетіп, көл-көсір ілтипатымен қанаттандыратын-ды. Хабар-ошарлар жаздыртып, өзі істейтін «Лениншіл жасқа» жариялайтын-ды. Түпкі ойы – жазу мен ойлау мәдениетіміз қалыптассын дегені болу керек. Сол бір жылдарда театрға бару, кітап дүкенін аралау сияқты тамаша дәстүр бар-тын. Сонда бірге қайтқанда көшелі ой-толғаныстарымен дүниетанымыңа терең ой дарытып, ішкі рухани дүниенді гүлдендіріп жіберетін-ді. Денсаулығыңды сақта, таза ауада көбірек серуенде деп кеңес беруші еді. Бұл орайда медицина ғылымынан қыруар мағлұматтарды тізбелеп, қадау-қадау, түйдек-түйдек түйінді тұжырым-пікірлерін жосылта баяндап жөнелуші еді. Швейцарлық ғалым, жүйкетанушы Август Форельдің кітабындағы деректерді айтып беретін-ді. Мырза көңіл, кітап сүйгіш Сағат Әшімбаев бар білгенін, жақсылығын ақсұңқарша жарқыратып жайып салатын еді. Баспанасыз жүдеп-жадап жүргенімде

Сәкеннің кеңсесіне бас сұғып, жағдайымды түсіндіргенде, дереу жан жары Шәрбануға телефон шалып, пәтер іздесейші деп өтінгені де жадымда.

Айтулы әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаев жас әдебиетші-сыншылар Бақыт Сарбалаев, Сәрсенбі Дәуітов, Бекен Ыбырайымов, Нұрдәулет Ақыш, Құлбек Ергөбек, Бақытжан Майтанов және т.с.с. ой-толғаныстарын жинақтап, жүйелеп «Жастар жастар туралы» (1981) деген атпен жинақ құрастырып жариялады.

Бүкілодақтық Авторлар Қоғамы Қазақ бөлімшесінің бастығы болған кезінде дау-дамайы көп болған «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» (М. Дүйсенов, К. Сейдеханов, С. Негимов) дейтін ұжымдық зерттеудің жариялануына зор шарапатын тигізгені мәлім.

Энциклопедиялық білімнің иесі Сағат Әшімбаев сыни шығармашылық өнерде өрелілік пен өнегелік, біліктілік пен білімділік, шынайылық пен азаматтық-адамгершілік танытты. Оның ұлттық тілі, ұлттық ой-санасы, әдебиеттану ғылымының философиясы – сын өнері жайындағы толғаныстарына ойшылдық, терендік, сыршылдық қасиеттер тән еді. «Рухани байлықтың түп-төркіні, адамшылықтың мөлдір бастауы» - әдебиет пен сынның мәртебесі, көркемдік дәрежесі хақында тебірене толғанды. Өзі жазғанындай, «артық ала сөз, шартық шала сөз», «тайпашыл тар сезім, рушылдық улы сезім, қодарлық қокыс сезім, жершілдік желбуаз сезім» дегендерге атойлап қас батырдай қасқайып қарсы шықты. «Сын - әдебиет теңізінің компас-құбылнамасы» деген мейлінше ұлағатты түйінді ойын дәйектеп дәлелдеді. Ол әлем әдебиетін, философиясын, тарихын, эстетикасын жетік меңгерген-ді.

Мәселен, «Өлең сөздің өрнегі» дейтін шығармасында сөз мәтіні және оның тоқылысы, өлең оқу мәдениеті мен көркем образ табиғаты соншалықты нәзік талғампаздықпен талданып таразыланады. Қанатты сыншы әдеби-теориялық ой-пікірлерін жайнатып, жандандырып жұтынтып жеткізеді. Алдымен, «дүниеде сөзден мәңгілік, сөз мәнісінен күдіретті» құбылыс жоқ екендігін шегелеп айтады, әрі қарай: «Бәрі де сөзден басталып, бәрі де сөзбен аяқталады. Тасырға жетпеген сөз, сан ғасырға жетеді. Жарым сөзге жарты әлемнің тағдыры сыйып кетеді. Сөзден от шығып, сөзге оқ та тоқтайды... Сөзінің дәмі жоқтың, ойының дәмі де жоқ. Сөзі олақтың – ойы шалақ», – деп сабақтастырады.

Бұл орайда Сағат поэзиялық құбылыстардың нәзік тамыршысы іспетті. Абай поэзиясының ішкі әлемін, көркемдік сырларын, тұтастығын, философиялық қырларын, образ жүйесінің өзіндік өзгешеліктерін, ой-образ-музыканың біртұтас жарасымды

жаратылысын, Абайша айтқанда, «тәңірінің берген өнері» екендігін сыншылдық қабілет, көркемдік толғам-талғам биігінен зергерлікпен зерделейді. Абайдың ақындық даналығын, поэзияның ең негізгі қағидалары мен шарттарын бажайлап баяндай отырып, интеллектуалдық-философиялық поэзия табиғатын жан-жақты түсіндіреді. Бұл – «суреткерлік пен ойшылдықты, философиялық ой толғаудағы жаңалықты, көзқарас пен дүниетанымдағы диалектикалық тереңдікті, осылардың табиғи бірлігін қамтиды» деп түйіндейді. Әлбетте, «адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне» самғайтын жарқын мысалдар, жауһар үлгілер, әдеби-тарихи деректер арқылы ой-пікірлерін бекітіп отырады.

С. Әшімбаевтың сыншылдық, азаматтық-интеллектуалдық парасатты келбетін, зейін-зерде санасын, оның көгілдір экрандағы шешендік-импровизаторлық өнері тұлғаландыра түседі. Оның «Жүректен қозғайық», «Парыз бен қарыз» атты телехабарлары жүректен сыр дарытқан, рух сыйлаған, жан жадыратқан терең танымды телетуындылар еді. Сөздің иіні келгенде, айтып өткен жөн болар, «Жеті Музаның» ұйымдастырушысы, мәдениеттанушы, қарапайым ұстаз Бақтажар Мекішов (1928-2005): «Мен парасатты Сағаттың әрбір хабарынан рухани ләззат қана емес, тұтастай энциклопедиялық білім алғандай болатынмын. Ол әрбір хабарына ерекше бір шабытпен келетін. Студия іші ерекше бір ырғақ пен сұңғыла сананың соншалықты шалқарлығына бөленіп тұрғандай болатын», – деп жазды. (Күлкіңді жүрміз сағынып. – Алматы: Өнер, 1992. – 64 бет).

Санаткер, қайраткер, сыншы, телепублицист Сағат Әшімбаевтың шығармашылық өмірбаяны, әдеби мұрасы, философиялық ой-санасы, бекзат болмысы өзгеше бір әлем. Оның тұлғасы жақсылықтың, қайырымдылықтың, заңғарлықтың мөлдір тазалықтың символы. Мұхамед пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде: «...жер бетіндегі ғұлама данышпандар аспандағы жұлдыздарға ұқсайды... Жер де, суда да жұлдыздарға қарап жол табуға болады. Жұлдыздар көрінбесе, адасуы мүмкін» делінген. Иә, Сәкең де ХХІ ғасырдың көгінде жанып тұратын шамшырақ.

*Мұсалы Л.Ж.,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

АҚИҚАТҚА ІҢКӘР, ПАРАСАТҚА ҚҰШТАР ҒАЗИЗ ЖҮРЕК

(Сағат Әшімбаев және әдебиет сыны мәселелері)

Әдебиеттанушы, сыншы, тележурналист, қоғам қайраткері Сағат Әшімбаевтың кітаптарын ақтарып көрсеңіз, көркем әдебиет туралы мазмұнды да құнды пікірлер тұнып тұр. Жалпы Сағат аға еңбек жолын 1969 жылы «Лениншіл жас» газетінде әдебиет және өнер бөлімінің әдеби қызметкері болып бастаған. 1973 жылы «Жұлдыз» журналына сын және библиография бөлімінің бөлім меңгерушісі болып ауысады. Көп ұзамай-ақ, 1974 жылы жас сыншының «Сын мұраты» атты алғашқы кітабы жарық көрді. 1976 жылы бұл кітапқа Қазақстан Ленин комсомолының (Қазақстан жастар одағының) сыйлығы берілді. Демек, С.Әшімбаев әдебиет сынының қиын соқпағына саналы түрде жол салған, кейіннен журналистикаға ауысқанда да әдеби сыннан қол үзбеген. Ең маңыздысы, қаламгердің әдебиет хақындағы сыни пікірлері қазіргі уақытта да өзектілігі мен құндылығын жоғалтқан жоқ. Сондықтан да, біз жас әдебиетшілерге сыншының мұрасын насихаттап, әдебиет сабақтарында оның сыни-танымдық туындыларын зерделеп отыруымыз керек. Сыншы мұрасы бойынша арнаулы таңдау пәндерін енгізу де артық болмас еді.

Сыншының «Ақиқатқа іңкәрлік» атты кітабындағы көркем туынды, ондағы психологизм, ішкі монолог туралы мына пікірлері кез келген әдебиетшіге, әсіресе жас филологтарға ой салары сөзсіз. Сыншының пайымдауынша, «Көркем шығарма негізінен үш компоненттен тұрады. Олар: ой-идея, тіл және образ немесе характер. Осы үшеуі бар шығарманың ғұмыры да қашанда ұзақ әрі абыройлы. Бұларды еш уақытта бір-бірінен бөлуге болмайды. Бұл үш ұғымның аясы да кең, айталық, ой деген сөз жазушы концепциясы, ал тіл бар жерде стиль бар, немесе характердің жаңалығы – жаңаша тың форма таба білу екені анық. Осы үш атаудың бір туындының бойынан табылуы жазушы шеберлігін ғана дәлелдеп қоймай, сол шығарманың келісті көркемдігін де айғақтайды. Біз көбінде шеберлік пен көркемдікті жалаң шығарма тілінен ғана іздейміз. Әрине, бұл жаңсақ пікір» [1, 80]. Бұлайша пайымдау көркем шығарманы тек бір қырынан ғана емес, кешенді түрде талдауға, тұтастығын бұзбауға жетелейді. Расында да, көп жағдайда шығарманың тілдік ерекшелігін, жазушының стилін

талдаумен шектелеміз. Ал сыншының «Адамның бір сәттік болмашы психологиясын беру мен психологиялық талдауды теңдестіруге болмайды. Олар екеуі екі бөлек нәрсе. Адамның белгілі бір сәттегі сезім күйін, психологиясын шағын да ұтымды деталь арқылы жеткізу психологизмнің алғашқы, әрі қысқа нышаны ғана. Ал, оқиға тереңдеп, әрекеттер күрделіленіп, драмалық шиеленісті ситуацияның тууы психологиялық талдауға негіз жасайды. Міне, осындай жағдайда ғана кейіпкердің ой-сезімі ішкі монолог арқылы көзі аршылған тұма бұлақтай атқылап қоя береді. Сонда ғана көркем образ өмірлік нақты тұлғаға, жалпы типке айналады» [1, 83] деген пікірлері психологизмнің күрделі табиғатын жете ұғынбай жүрген кейбір әдебиетшілер мен қаламгерлердің өзіне ой салуы тиіс. Психологизмнің ажырамас бөлігі болып табылатын «ішкі монолог» ұғымына да С.Әшімбаев өзіне тән терең де мәнді ойларымен былайша түсінік береді: «Сонымен, ішкі монологтың ерекшелігі не? Бажайлап қарайтын болсақ, мұнда кейіпкердің мінез-кұлқы, ар-ұжданы мен ақыл-ойын, парасат пайымын, сезім әлемін, қысқасы, – адамдық бар болмысының күнгейі мен көлеңкесін тікелей іс-әрекеті арқылы ғана емес, сол объективтік әрекетке субъективтік көзқарасын, түйсінуі мен түсінігін, өзінше сезініп қабылдауын, осы аралықтағы санадағы психологиялық процестердің өзгешелігі мен өзгерістерін типтік шеңберде, реалистікпен суреттеу үстінде ішкі дүниесін ашуға творчестволық мүмкіндік мол екен» [1, 73]. Ішкі монологтың кейіпкердің жан-дүниесін ашуда мүмкіндігі мол тәсіл екенін осылайша ұғындырады.

С.Әшімбаевтың «Әдебиет және мораль», «Биік мұрат тұрғысынан», «Роман арқауы – әлеуметтік шындық» аталған мақалаларында ХХ ғасырдың 70-80 жылдарындағы прозалық туындылардың көркемдік ерекшелігі, қозғаған мәселесі, тақырыптары, қаламгерлердің сюжет, образ, композиция, характер жасаудағы тәсілдерін саралап берген, сыншының туындыларын оқығанда жалпы сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің жай-күйі көз алдымызға келеді. Себебі, сыншы өзінің зерттеу нысанын қашан да жан-жақты, әрі терең танымдық-эстетикалық тұрғыдан кең қарастырады. Жалпы Сағат Әшімбаев сын, рецензия сапасына үнемі мән беріп отырған. Рецензия жазуда ымырашылдық ұстанымнан бас тартып, жанр табиғатын ескеріп, дилетанттықтан бас тарту қажеттігін атап, формалдық ізденіс, мазмұн тереңдігі, ой жаңалығын іздейді. Әдеби басылымдардағы бір-біріне ұқсас, мадақтау я даттау мақсатындағы рецензиялардың әдебиет үшін берері жоқ деп санайды. Ал сыншының өз рецензиялары әдебиеттану сабақтарында жеке зерттеу нысаны ретінде, студенттің өзіндік жұмысы ретінде қарастырылуға лайық.

Абайтану саласында да С.Әшімбаевтың өзіндік үні қалған, Абай туралы мақалаларында («Ақын жанын жабырқатқан жайлар», «Абай тағлымы – азаматтық тағылым» т.б.) өлеңдерінің көркемдігін талдаумен қатар, заманамен, адамзатпен қатысты гуманизм, мораль мәселелерін тереңінен қозғап отырады. Абайдың шығармашылық болмысын ұғыну үшін С.Әшімбаевтың бұл мақалаларын айналып өте алмаймыз.

Шығармашылық портрет жасауда да Сағат ағадан үйренеріміз көп. Мәселен Ғ.Мүсрепов туралы жасаған өзгеше триптих формасындағы туындысы қаламгер келбетін сомдаудың ерекше үлгісі болып табылады.

Қазақ әдеби сынында кайталанбас қолтаңбасы қалған, әрдайым өзінің «ақиқатқа іңкәр, парасатқа құштар» шығармашылық концепциясынан танбаған, адал жүрегі «елім» деп соғып, «қазағым» деп тоқтаған САҒАТ ағайындай ғазиз жанның халқына айтқан мына сөздерімен ойымызды қорытындыласақ. Себебі оның «Әдебиетте әдібі кеткен әдепсіз көріністерге қарсы шығып, оны жария етіп отыру, қан-жыны сорғалаған халтураға, көркемдік бракка қарсы күресу – тек сыншының ғана міндеті емес. Бізде осы жағын бір жақты түсіну бар. Әдебиет абыройы үшін атсалысу – газет пен журналдың, баспа мен басқа басылымдардың басында отырған тиісті жолдастардың бәрінің ортақ міндеті. Демек, сынның мүддесін жалғыз сыншы ғана емес, әдебиетке қатысы бар азаматтардың баршасы тізе қоса отырып қорғау, қолдау азаматтық борыш болып саналса керек» [2, 138] деген жалынды пікірінің өзектілігі бүгінде арта түскен. Ендігі жерде әдебиет сыны, әдебиет сынының тарихы, әдеби сын әдістемесі мәселелерінде С.Әшімбаевтың шығармашылық қағидаларын ұмытпай, назарға алуға тиіспіз.

Сағаттың жарқ еткен жасындай ғұмыры енді сағаттануға ұласады. Сағаттану арқылы жас ұрпақты ақиқатқа, шындыққа, ізгілікке, парасатқа жетелеу әдебиетшілердің парызына айналу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік. – Алматы: Ана тілі, 1977. – 230 б.
2. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985. – 250 б.

*Мәмесейіт Т.,
мәдениет қайраткері, Халықаралық
«Алаш» сыйлығының иегері*

СЫМБАТЫ БӨЛЕК СЫНШЫЛ ОЙ
*(Сағат Әшімбаевтың сыншыл ой туралы көзқарасы және
сынның бүгінгі жағдайы)*

Сағат Әшімбаев сынға аса бір сүйіспеншілікпен қарап, оны шынайы өнер ретінде бағалаған. «Сын – өнер, – дейді ол, – Сын уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы». Ендеше, оның да өзіндік ерекшелігі, жазылу стилі, мазмұны мен түрі, көркем заңдылықтары бары анық. Сағат сыннан міне осындай өзіне тән өзгешеліктерімен бедерленіп, философиялық ой тереңдігімен, сындарлы тұжырымдарымен тартымды оқылуын талап еткен. Сөйтіп, көркем шығарманың өзіне тән эстетикалық әсер-ләззаты болатыны сияқты сынның да өз эстетикасы барын саралайды. Сыншы жазушыны да, қалың қауым оқушыны да ойлантып, толғантуға, өз пікіріне сендіріп, илантуға, ойлай білуге үйретуге тиісті екенін зерделейді. «Өнерге өліп-өшкен шынайы сүйіспеншілік жоқ жерде сын да жоқ», – дейді А.Пушкин. – Осыдан таратсақ, сынның аты шындық та, заты – сүйіспеншілік, өйткені, достық сын жек көруден емес, сүйіспеншіліктен туады. Сондықтан да сынның аты ащы болғанымен, заты тұщы; демек, шын мәніндегі сын шындыққа сүйіспеншіліктен ғана туады» – деп ойын өрбіте түседі С.Әшімбаев («Сыншыл ой сипаты»). Сөйтіп, сынды үлкен өнер тұтып, осы жолда барлық мүмкіндігін сарп етуді көздемеген адамнан сынға еш уақытта пайда келмейтіндігін тұжырымдайды.

Сын туралы сөз, айналып келгенде, әдебиет туралы, оның болашағы туралы сөз екені анық. Сынға сүйіспеншілік деген – әдебиетке сүйіспеншілік деген сөз. Әдебиетке сүйіспеншілік, тіпті жазушыға деген құрмет пен ынта-ықылас болса керек. Жазушының белгілі бір шығармасын сөз ету, яғни оның қуанышын, жақсылығын жан-тәнімен ақтарыла айту – сыншылар үшін таптырмайтын ең қажет қасиет екендігін мегзейді Сағат.

Сонымен сын – белгілі бір шығарманы, болмаса күрделі бір әлеуметтік, әдебиеттік проблеманы тағылымы мол толғаудың, сара жолмен саралаудың үлгісін көрсететін, сондай-ақ бардың парқын, жоқтың нарқын анықтап беретін сөз өнерінің тұрпаты бөлек, тұғыры биік өзгеше бір түрі екен. Яғни, сын дегеніміз – объектісін, эстетикалық, әлеуметтік, философиялық тұрғыдан талдай отырып, оқушыны ордалы

ойға шақыратын орамы мол ойдың жанры екен. Сөйтіп, сын, сыни шығарма қай кезде де қоғамдық-әлеуметтік ойдың жаршысы, философиялық-эстетикалық ойлаудың шырқау шыңы болған кезде ғана шынайы өнер шығармасы қатарынан орын алады екен.

Жалпы, сын мен сыншы абыройын көтеру шынтуайтқа келгенде, әдебиетіміздің айбындылығы мен жасампаздық, өмір танытушылық рухын көтеру екендігі мәлім. Осындай ойларға жетелей отырып Сағат Әшімбаев өзінің сын туралы, сын жанры туралы еңбектері мен сыншыл ой туралы толғаныстарында сол кезеңдегі, яғни өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы әдеби-көркем сынымыздың жай-күйіне егжей-тегжейлі талдау жүргізеді.

«Қазақ әдеби сынының күн тәртібінде тұрған проблемалар аз емес, – дейді Сағат келесі бір «Сыншыл ой туралы сыр» атты мақаласында, – Қазіргі сынымыздың хал-жағдайы, творчестволық атмосферасының деңгейі, даму тенденциясы да байсалды әңгімеге зәру». Ойға жетелейтін пікір. Сөйтіп бұл тұрғыда сынымыздың өткен кезеңдеріне сын көзімен қарауды, табысымызға тасымай, шалысымызға жасымай, болмаса жоқты бардай, барды дардай етіп бұра тартпай, объективтік қорытындылар жасау өмір талабы, уақыт қажеттігі екендігін ескертеді. Сынның даму дәрежесі жалпы көркем ойдың даму дәрежесімен сабақтастығын көрсете келіп, сыншы әдебиеттің даму тарихының қоғамдық ойдың даму тарихымен байланыстылығын түйіндейді. Сөйтіп, жалпы соңғы уақыттарда шығып жатқан кітаптарға қарап отырып, қазақ сынының ой, парасат деңгейін нақты болжауға болатынын айтады.

Сын туралы сөз қозғағанда Сағаттың қазақ сыншыл көркем ойының ірі қайраткері, өзінің ұстазы Мұхаметжан Қаратаевқа деген ықылас, ілтипаты бөлек. Қазақ сынының өнер дәрежесіне көтеріліп, профессионалдық деңгейге жетуіне зор үлес қосқан М.Қаратаев шығармашылығына құрметі айрықша. Сыншының публицистикалық пафос пен философиялық ой тереңдігіне толы сыни еңбектерін қазақ әдебиеті тарихының жекелеген қомақты тараулары екендігін айтып, «ол еңбектер туған әдебиетіміздің өрісін, өскенін, жалпы тынысын танытатын сыни-көркем шежіре іспеттес» дейді. Соның бір айғағы ретінде қаламгердің «Эпостан эпопеяға» атты жаға кітабына зерделі көңілмен ой көзін жібереді.

Жалпы алғанда сынның тууы – адамзат көркемдік ой-санасының өскендігінің белгісі. Қазақ сынының бүгінгі өскендігінің жарқын көрінісі осы М.Қаратаев еңбектері болса, оның ішінде аталмыш кітаптың орны ерекше. Жоғарыда айтып өткен, сынға қойылатын негізгі талаптарға осы жинақтағы дүниелер толықтай жауап беретіндігіне

тоқталады Сағат. Салихалы сыншы мақалаларында әдебиет тарихына, теориясына қатысты мәселелер қашанда қоян-қолтық араласып жүретіндігі мәлім. Бұл – үлкен жетістік, әрине. Жалпы қазақ әдебиетінің шығармашылық дидары мен жай-күйі, асқан асулары, алынбаған шындары, қаламгерлеріміздің дәуір, замана алдындағы жауапкершіліктері, уақыт шындығына орай идеялық көркем шығармалар жазудың қыр-сыры әңгімеленеді аталмыш еңбекте.

С.Әшімбаев сонымен бірге «М.Қаратаев есіміне қазақ сынының жетістігінің ғана емес, кемшілігінің де едәуір қатысы бар деп ойлаймыз», – дей келіп, оның сындарындағы өткір полемикалық сипаттың кей тұстардағы аздығына да аялдап өтеді.

Сол 70-жылдар сынына жаңа серпіліс, өзгеше бетбұрыс әкелген негізгі құжат СОКП Орталық Комитетінің 1972 жылғы «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысы болды. Бұл тарихи қаулы әдеби-көркем сынның эстетикалық даму процесіндегі түбірлі жаңа бетбұрыстың, мүлде жаңа кезеңнің басталуының басы болды. «Сынға деген сынәржақ көзқарас түзелді, енді сынның өзі түзелуі керек» деп Сағаттың да сынға белсене араласқан тұсы осы кезең.

Қаулыда сол уақыттағы әдеби сынымыздың жетістігі, табысы терең талдана келіп, сөйтсе де кейбір сын мақалалар мен рецензиялардағы үстірттік, қарабайырлық, мазмұн қуалаушылық, ой-пікір жұтаңдығы «эстетикалық, философиялық деңгейінің төмендігі» атап көрсетілген болатын. Осы қаулыдан кейін көп кешікпей, қазақ әдебиетінде сынның беделі мен белсенділігі арта түсіп, проблемалық сын мақалаларға әсіресе, жауынгер жанр рецензия жанрына көңіл бөлініп, жазылу сапасы жанданып, жариялануы да көбейіп, жалпы бағыты бір жүйеге түсті.

Осы орайда С.Әшімбаев аталған қаулыны басшылыққа алған «Жазушы» баспасының «Уақыт және қаламгер» атты сын мақалалар жинағын шығара бастағанын қуана құптайды.

Тегінде сынға сүйенбей әдебиеттің бағыт-бағдарын ешкім де толық біле алмасы анық. Сын әдебиет теңізінің компас – құбылнамасы. Бұл тұрғыда жаңағдай ұжымдық сын жинақтарының танымдық, тағылымдық рөлі айрықша болмақ.

Осы «Уақыт және қаламгер» жинағының бес кітабын алып, өзінің сыни ой-пікірлерін «Сыншыл ой сипаты» атты мақаласында жалғай түседі сыншы. Бес кітап сын – бес том сын. Ұзын-ырғасы тоқсанға тарта мақала екен. Қыруар еңбек, әрине.

«Уақыт және қаламгер» осы бес кітабын ынта-ықыласпен оқып шыққан адам соңғы он жылдың о жақ, бұ жағындағы әдеби өміріміздегі көркемдік процеспен біршама таныса алады. Танысқаны сол, әдебиеттің

барлық жанрларындағы біраз жаңа туындылардың жетістік-кемшілігі, қазіргі проза мен поэзиядағы негізгі бағыттар тұтастай алып карағандағы көркем сөз әлеміндегі сүйінішіміз бен күйінішіміз туралы тың тұжырымдар, маңызды мағлұматтар іздей білгенге табылары сөзсіз» – дейді С.Әшімбаев аталған мақаласында. Осылай дей келіп сыншы туған халқының рухани мәдениетін, оның алтын қайнары әдебиетін білмеу біліксіздік, рухани бейшаралық екенін айтып, «Уақыт және қаламгер» бес томының осы абыройсыздықтан құтқаратынын, өздерін интеллигент санап жүрген азаматтардың көпшілігінің туған жұртының әдебиетін оқымайтындығына қынжылысын да жасырмайды.

Жинаққа көрнекті сыншылар, ғалымдар мен бірге белгілі ақын-жазушылар да белсене қатысқан екен. Солардың ішінен бес томдыққа бастан-аяқ қатысқан екі сыншыны – М.Қаратаев пен Ш.Елеуеновты өте-мөте бөлек атайды. Екеуі де әдеби процеске белсене араласып жүрген ойы ордалы, сыры терең сыншылар дей келіп, олардың еңбектерінің қазақ сынының кезеңдік бет-бейнесін өскенін, биікке көтерілгенін танытатынын айрықша атап өтеді.

Қысқасы, бес томдықтағы мақалалардағы сол кезеңдегі қазақ сыны эстетикалық мәдениетінің өресі өскендігін, ой айту, талдау мүмкіндігінің шеңбері кеңейе түскендігін, жанрлық-стильдік бағыттағы ізденіс дәрежесінің де ойдағыдай екендігін тануға болатынын айта келіп, сыншы бұлардан сынның жетістік-жеңісін де, кемшілік-кемісін де көруге болатындығына тоқталады.

Бес томдыққа қатысқан белгілі де белді сыншылардың соңғы кезде сын майданының алғы шебінен аз көрініп жүргендерін, шылқыма шикізат күйінде тоқтаусыз шығып жатқан дүбара дүниелер туралы тым-тырыс отырып алғандарын құптай алмайтындығын баса айтып, ескерте кетеді. Бұл ойын ары қарай дамытып: «Қазіргі әдебиетіміздегі сапасы жоқ сан қуу мен көбік көлемге әуестік етек алып, ой айтудың ойсырап бара жатқандығына көз жұмып қарау азамат сыншыға абырой болмаса керек» – дейді С.Әшімбаев. Сондай-ақ, бет-жүзге қарамай бетке айтатын беделді сынның азайып кеткендігіне қынжылатынын, жоқты бардай, барды дардай көріп болмашыға мээ-мейрам болушылық сын үшін әдебиетке әдейі жасалған әдепсіздік екенін айтады. Өзінің мұндай тұжырымға келуіне, «Уақыт және қаламгер» тоқсанға жуық мақаланың ішінен әдебиеттегі көркемдік брак, «қан-жыны» сорғалаған халтура атаулыға қарсы дабыл қаққан, ащы жазылған ең болмаса тоғыз мақаланың болмағандығы себеп болған екен.

Осыған орай осы бес томдықты оқып отырғанда ойына келген, жалпы сынға қатысты, бір-екі мәселені де ортаға салады сыншы. Олар – жеке жанрлар бойынша маманданған жанкүйер сыншылардың

жоқтығы, сондай-ақ күрделі бір теориялық проблеманы, эстетикалық категорияны індете қуып, терең зерттеп жатқан сыншының аздығы, сонымен қатар сыншылардың белгілі бір мәселені тілге тиек еткенде басқа елдер әдебиетіндегі ұқсас құбылыстармен, тарихи фактілермен салыстырып карауға шорқақтығы, теориялық тұжырымдар жасауға ұмтылғанда фактіге негіз етіп тек қазақ әдебиетіндегі белгілі материалдарды айналсоқтап шиырлай берушілік сияқты проблемалар еді.

С.Әшімбаевтың қазақ сынының олқы тұстары туралы айтқан мұндай пікірлері дәлелді де нақты және қай кезде де өзінің мән-маңызын жоймайды деп ойлаймыз.

Сыншы С.Әшімбаев баспалардан шығып жатқан сын, зерттеу кітаптарының бір де біреуін көзінен таса қылмай, әрқайсысын қадағалап оқып, зердесіне түйіп отырған. Айталық сол кезеңдерде (70-80 жылдары) жарық көрген З.Қабдоловтың «Жебе», Р.Бердібаевтың «Ғасырлар толғауы», Т.Токбергеновтың «Үш тоғыс», С.Оразалиновтің «Шындық және көркемдік шешім», С.Байжановтың «Замандас туралы толғау», А.Нағыметовтың «Адам және қоғам», Ш.Сәтбаеваның «Әдеби байланыстар», «Өрнекті өріс» кітаптарына арнайы тоқталып, талдап, саралайды. («Сыншыл ой сипаты»).

Ол кітаптардың әрқайсысының алдына қойған міндеті мен жеке мақсат-мұратын, көтерген проблемасы мен көрсеткен мәселесін, қамтыған тақырыбы мен айтар ойын, талдау ерекшелігі мен өзіндік қорытындыларын, стильдік өрнектері мен тың тұжырымдарын, т.б. өзгешеліктерін тап басып танытып, олардың сынға қосқан үлесі мен орнын нақты көрсетіп береді.

Сонымен бірге осы еңбектердің біразына тән ортақ жағдай, ортақ кемшілік – талдау мен пікір айтудағы концептуалдық жаңа көзқарастың жоққа жақындығын, бүкіл әдеби процеске немесе, белгілі бір көркем шығарманы тарихи, социологиялық, философиялық, эстетикалық тұрғыдан алып жинақтап қараудың жете бермейтіндігін де батыл атап өтеді.

Сын кітаптары туралы айтқанда, қазақ сынының дамып, даңғыл-дара жолға түсуіне, оқырманның талғамын тәрбиелеуде, әдебиетке деген талабын шыңдауда профессионал сыншылармен қатар көптеген көрнекті ақын-жазушылардың да үлес қосып, сыни еңбектер шығарып келе жатқаны белгілі.

Кезінде М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтың т.б. еңбектері жеке кітап болып шықты. Олар – «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және әдебиет», «Өсу жолдарымыз», «Өмір және поэзия» сияқты дүниелер болатын.

Қазақ сынының жай-күйін жіті қадағалап, қандай кітап жарық көрді, кім не жазды, сынға кім қалай үлес қосты деген мәселелерге қатты көңіл бөліп, қалт жібермей отыратын Сағат Әшімбаев бұл турасында: «Ащының дәмін татқан біледі, творчествоның азабын тікелей басынан өткеріп жүрген акын-жазушы жазған сындарлы сынның эстетикалық эффектісі профессионал сыншының төл еңбегімен тең түсіп жатпаса, кем түспейді» – дейді. Сөйтіп олардың сыншыл көркем ойымыз көкжиегінің кеңейе түсуіне мысқылдай болса да септігін тигізетініне құрметпен қарайтынын білдіреді.

Шындығындаақын-жазушылар жазған сыни еңбектерді оқи отырып, олардың әрқайсысының әдебиетке деген өзіндік талап-талғамының деңгейін байқағандай болсақ, сонымен қатар ондағы ойлардың танымдық қана емес, тағылымдық та мәні мен маңызын ешкім жоққа шығара алмасы анық.

Сынға атсалысқан ақын-жазушыларға ілтипат білдіре отырып, сыншы соңғы жылдары осындай сипатта жарық көрген І.Омаровтың «Серпін», Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы», Қ.Бекхожиннің «Дәстүр және жаңашылдық», С.Мәуленовтің «Үркер төбеде тұр», Т.Ахтановтың «Керуен» атты кітаптарын атап өтіп, қайсыбірі туралы тоқтала кетуді орынды санаған.

Бұл орайда қазақ сынның қалыптасу, даму тарихы, профессионалдық дәрежеге көтерілуі арнайы зерттелген жағдайда Ғабит Махмұтұлының есімі мен еңбегінің ерекше аталуының заңдылығын үлкен сеніммен айтады.

«Ол – қазақ әдебиетіндегі үкілеп бетке ұстар көрнекті жазушымыз ғана емес, сонымен қатар сын майданына да сонау тар кезең, тайғақ кешулерден бастап араласып, негізгі ыстық-суығын басынан өткерген тарлан сыншылардың бірі. Бұл ешқандай да дәйексіз, дәлелсіз ділмарсу, елексіз еселеп енші бөліп беру емес, бұлаң-бұлтақсыз, бұлтартпай бас идіретін ақиқат жай. Оның айғағы – «Суреткер парызы» атты сын-мақалалар кітабы» – деп С.Әшімбаев ұлы суреткердің ұлттық әдебиетіміздегі орынын айрықша бағалайды («Сыншыл ой туралы сыр»).

Жалпы, бұл үлкен еңбектен автордың азаматтық парасатын бұрынғыдан да жіті тани түсетіндігімізді, оның жалқының емес, жалпының көкейіндегіні танып, тауып айтатындығын пайымдаймыз. Қаламгердің әдебиеттің тәрбиелік, эстетикалық қызметі, жазушының уақыт, халық алдындағы азаматтық парызы, жазушылық шеберлік, көркемдік дүниетану турасындағы әр тұстағы ойларының бүгінгі әдеби процеске де толық қатысы бар, құндылығын жоймағандығын ерекше

атап өтеді сыншы. Сөйтіп Ғабеннің бұл саладағы ерен еңбегін сынға араласып жүрген ақын-жазушыларға үлгі етіп ұсынады.

Сондай-ақ, сыншы соңғы уақыттары ақын-жазушылардың бір кездері өздері белсене араласқан сын жанрларына ат үстінен сәлем беріп, сыншыл ой ауылынан ілгелерін аулық сала бастағандарын құптай алмайтындығын да жасырмайды. Оның бұл ойын бүгінгі сын жағдайынан да алыс дей алмасақ керек.

Сындағы ілгерілеушілік пен жетістікті айтумен бірге сыншы, әңгіме орайына қарай, олқы тұстарды да ашық көрсетіп отырады. Соның бірі – сын мақалалардың жазылуындағы формалық ізденістің аздығы. «Таныс әуен, таптаурын соқпақтан» арыла алмау. «Анықтап айтсақ, сын мақалалардың жазылу формасы өте жұтаң, біржақты, композициялық құрылымы да жадағай» деп қынжылыс білдіреді. Әсіресе, эссе, творчестволық портрет, интервью-полемика жанрларының әлі бір ізге түсіп дамымай отырғанын тілге тиек етеді.

Ақын-жазушының шығармашылығын сөз ету деген жоғын бардай, барын дардай етіп «құрыққа сырық» жалғап, жалған жазу еместігін, оған объективтік тұрғыдан келіп, зерделей қарауды айтады. Сыншыларға ақын-жазушыларымыздың әр түрлі жастағы мерейтойларын күтіп отырмай-ақ, творчестволық өмірбаянын, портреттік, өсу эволюциясын, стильдік паспортын, әкелген жаңалықтарын, тіпті адамдық, азаматтық болмысын дүркін-дүркін оқырманға жеткізіп, таныстырып отыруды міндеттейді. Осыған орыс әдебиетінен көптеген мысалдар келтіреді.

Қашанда әдебиет мерейі – халық мерейі. Мерейтойлар өткізу – сол ақын-жазушыға ғана арналған құрмет қана емес, әдебиетіміздің кадр-қасиетін, абырой-атағын арттыра түсуге бағытталған игі шара.

Бізде осы мерейтойларға арналған той мақалалардың стилінде шаблон болған шиырлау, таптаурын болған тар шеңбер, қысқасы схематизмнен шыға алмау орын алғанына кейістік білдіреді сыншы. Әрине, мұндайда мадақтаудың да орны бар, алайда көп жағдайда «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп оңды-солды жөнсіз марапаттау басым түсіп жатады. Ондайда ол жазушының әдебиетке не әкелгені, қандай жаңалық қосқаны ашып айтылмайды. Осыдан келіп мерейтойлық мақалалардың авторлары мен объектілері бөлек болғандарына қарамастан, бір қолдан шыққандай боп бір-бірінен айнымай тұрады.

Осы тұста еске түседі, сол кездегі сында «тенденция сглаживания» деген мәселе ашық айтылып, күн тәртібіне қойылған екен. «Тенденция сглаживания», яғни мэймөңкелету тенденциясы сияқты біздің белсенділік, күрескерлік рухымызға жат нәрсенің тасасында тұрған либерализмге, компромизмге немесе соның салдары

солқылдақтық пен ымырашылдықтан туатын немкеттілікке қарсы күрес мақсатының маңыздылығы мен көкейкестілігі анық көрсетіліп отырған.

Жоғарыда айтылған шығармашылық портреттегі, жалпы сындағы байқалған шындықты мәймөңкелетіп тура айтпау, бетке айтудан жасқану осындайдан орын алып отырған олқылық деп білеміз.

Осылардан келіп сыншы С.Әшімбаев, жалпы өнерге теңгермешілдік, келісімпаздық, жалған ағайынгершілік, жалпақ шешейлік тұрғыдан қарау, болмаса «сен тимесең, мен тимен» ымырашылдық ешқашан көсеге көгертпейтіндігін айтады. «Бетке айту бедел әпермейді» немесе «үндемеген үйдей пәледен құтылады», болмаса «шындықты айтып қайтеміз, тек жүрген тоқ жүреді» деген сияқты желбуаз ұғымдарды малдану тоғышарлық тоқыраудың белгісі» дейді сыншы.

Осы пікірдің бүгінгі күнмен дәл үйлесетініне ешкім дау айта алмаса керек. Өйткені бүгінде біздің әдебиетімізде сынның жанр ретінде тоқырауға ұшырағаны анық. (Бұған сол кейінірек тоқталамыз).

С.Әшімбаев сындағы жауынгер жанр рецензияға ерекше көңіл бөліп, әрдайым өзінің ой-пікірін білдіріп отырған екен. Бір уақыттарда рецензияға әжептәуір назар аударылып, жазылу сапасы артып, жариялануы да көбейіп, қалыпты арнаға түсіп келе жатқан жақсы үрдістің соңғы кезде қожырай бастағанын айтады. Професионал деген сыншылардыңөзі рецензияға онша мән бермей, ат ізін сирек салатын болған. Сондықтан да рецензияның озық үлгілерінен тозық үлгілері көбейіпті. Керісінше, ымырашылдық позиция ұстаған, жанр табиғатын жанымен түсінбейтін, сынға қатысы шамалы, көлденең көк атты дилетант сыншы-сымақтардың көбейіп отырғанын да жасырмайды. Содан келіп ондай рецензиялардан ешқандай формалық батыл ізденіс, мазмұн тереңдегі ой жаңалығы, өзінше талдау талабын таба алмайтынына қынжылады.

Мінеки, рецензиядағы осы айтылған кемшіліктердің жоғарыда атап өткен мәймөңкелету тенденциясының әсерінен екендігі анық. Сөйтіп, әдеби газет-журналдарда, мерзімдік баспасөз бетінде жүйесіз жарияланып жүрген бір-біріне инкубатордан шыққан шүпірлеген шикі балапандардай ұқсас, стандарт рецензиялардың жанр табиғатын бұрмалау, сын беделін түсіру екендігіне тоқталады.

Бұған сол тұстарда «Қазақ әдебиеті» газетінің саны да сапасы да жоқ жүз жолдық аннотациядан аспайтын комментарий-рецензия беріп жүргенін, «Жұлдыз» журналы мен «Жалын» альманағының сынның дамуына мұрындық болатын әрі оған мүмкіндігі мол басылымдар бола тұра оларға рецензия берудің сандық, сапалық жағының мәз емес

екеніне мысалдар келтіре отырып, дәлелді сөйлейді. «Белинский айтқандай журналдың айбар азуы да, беделді де сын екенін ұмытпайық, – дейді Сағат бұл турасында, – Ешкім өткір сын жазбайды деп қарап отыруды оқушы қауым кешіре бермейді». Сөйтіп, рецензиялардың санын көбейтіп, көркемдік сапасын көтеру арқылы формалық мүмкіндігін кеңейтіп, интеллектуалдық дәрежесін арттыру – күн тәртібінде тұрған міндет екенін ескертеді.

Сұңғыла сыншының рецензия туралы айтқандарының бүгінгі сынның жағдайына толықтай қатысы бар деп ойлаймыз. Өйткені бүгінде рецензия жанрының жағдайы тіпті мүшкіл екені ешкімге жасырын емес.

С.Әшімбаевтың «Сыншыл ой сипаты» аталған проблемалық мақаласындағы көтерілген мәселелердің бірі – әдебиетімізге жаңадан қосылған жас сыншылардың бағыт-бағдары жайында болған. Сол тұстағы сын туралы қаулыдан кейін әдеби сынымыздың табалдырығын имене аттаған біраз жас жігіттер республикалық газет-журналдар бетінде әр түрлі тақырыптағы ойлы, пікірлі, тенденциялы сын мақалаларымен жақсы көрінген еді.

Осы ретте сол кезеңде жас сыншылар легінің көптеп шығуына С.Әшімбаевтың өзінің зор ықпалы болғанын айтқан орынды. Сында жарқ етіп көрінген Сағат жаңаша талдау-таныммен жазылған ойлы, парасатты сын мақалаларымен сол тұста қазақ әдеби сынына жаңа леп, тосын бетбұрыс әкелді деуге болады. Өйткені, бұған дейін сында белгілі бір аға ақын-жазушылардың шығармаларын сөз ету, танымал топтың төңірегінен шиырлап шыға алмау дәстүр сияқты болып кеткен еді. (Бұл үрдіс әдебиетімізде көпке дейін жүріп алғаны белгілі). Сағат қазақ сынындағы осы жағдайға жаңғырту енгізді. Сүреңсіз, жылымшы сын-сымаққа қарсы білек сыбана күрес ашты. Сондықтан да Сағатты қазақ әдеби сынының өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы жаңғыруының, жаңа бетбұрысының көшбасшысы дейміз. Өйткені әдебиетімізге келген жас сыншының (ол кезде Сағаттың өзі жас сыншы) суырылып шыққан батылдығы, талдау талғамының байыптылығы әсер еткені соншалық Сағаттың соңынан жас сыншылар лег-легімен келе бастаған.

С.Әшімбаев міне осы жас сыншылардың аяқ алысы, сөз саптасы, ой орамы, талдау талабы, білім дәрежесі, таным шеңбері деген мәселелерін үнемі көзінен таса қылмай ақыл-кеңесін айтып отырады. Олардың енді екі-үш жыл аралығында сын майданында атоялап, ат ойнатып шығатын сынның жаңа жас гвардиясы болып жасақталатынына сенім білдіре отырып, қайсыбірінің рецензия, сын мақалаларында талдау қасаңдығы, ой қайталаушылығы, пікір айтудың

таптаурын дәстүрлеріне үйірсектік ұшырасып қалатынында жасырмайды. Осыдан келіп сын саласында тәп-тәуір көрініп жүрген жастарды сын жанрында түпкілікті тұрақтандыру проблемасының туып отырғанын көтеріп, сынның болашағын ойлау дегеннің өзі жас сыншыларды баулу, тәрбиелеу, бағыттау, тұрақтандыру мәселесімен тікелей байланысты екенін атап көрсетеді.

С.Әшімбаев сынның жас кадрлары туралы айтқан бұл ойларының бүгінгі күні де көкейкестілігі ешқандай дау тудырмаса керек.

Қазақ сынының өз кезіндегі жетістік-кемшілігін саралаған сыншы сол кезеңде әдебиетшілер арасында ара-тұра шаң беріп қалатын сынға риза болмаушылық, тіпті «бізде сын жоқ» деген сөздердің мәнісіне де егжей-тегжейлі тоқталады. «Тегінде, «бізде сын жоқ» деген сөздің астарында екінші жағынан шындық та жоқ емес, – дейді Сағат бұл тұрасында, – Шындығы сол, өзі де аз әрі санаулы ғана сыншыларымыздың творчестволық белсенділігі де бәсең болып отыр». Сыншы пікірі – ақиқат. Бар кілтипан осында. Әдебиетші ғалымның бәрін сыншы, санатына қосқанымызбен, олардың бәрі бірдей сыншы емес екенін, негізінде ол ғалымдарымыздың сыннан гөрі зерттеулерге көбірек араласатынын айтады сыншы. Жоғарыда «сын жоқ» немесе «санаулы ғана сыншы» дегеніміздің бір себебі осында жатқан сияқты. Екіншіден, әдеби процестегі көркемдіктің жай-жапсары туралы толымды сындардың аздығы да «сын жоқ» дегеннің себебі болып отырғанына тоқталады. Бұл да рас.

Өйткені сол кездегі баспалардан жарыса шығып жатқан поэзиялық, прозалық, драмалық кітаптардың басым көпшілігі не дұрыс, не бұрыс деген бағасын алмай, не санға, не санатқа қосылмай қала береді екен.

Осыдан кейін әлгі «сын жоқ» деген сөз айтылмай қайтсін.

Осы мәселелерді саралай келгенде сынның бүгінгі жағдайы еріксіз еске түседі.

Бүгін бізде сын бар ма?! Әрине, жоқ. Жоғарыда «сын жоқ» дегенге айтатын уәж-себептердің бәрі де қазіргі уақытта қайталанып отыр. Бүгінде «сын жанр ретінде тоқырап қалған» деген сөзді қаламгерлер де, басқалар да ашық айтып жүр. Шындығында солайы солай. Сын жоқ. Оны алдымен жас қаламгерлер көтерді. Осы орайда «Қазақ әдебиеті» (8.09.2006) газетіндегі жастар шығармашылығына арналған дөңгелек үстелдегі пікірлерге назар аударайық: «Біздің буын жазып жатыр, жақсы жазып жатыр. Тек олардың шығармасына баға беретін әдеби сындар жоқтың қасы» десе жас қаламгер Мақсат Мәліков, ао Тоқтарәлі Таңжарық: «Меніңше, ақын-жазушылардың өз деңгейдегі

бағаланбауы сынның қауқарсыздығында, басқаша айтсақ, біздің әдебиет ескі сынның шеңберінде күн кешіп жатыр» дейді. Жастар дұрыс айтып отыр.

Бүгінде еліміздегі елуге тарта баспадан шығып жатқан кітаптардың ешқайсысы шын мәнінде өзінің көркемдік бағасын алудан қалғалы қашан. Тіпті жыл сайын Жазушылар одағында өтетін жыл қорытындысы жиынында соңғы бір-екі жылда сын туралы мүлде ешнәрсе айтылмайтын да болды.

Ал С.Әшімбаев, әр қаламгерге, оның шығармасына өзіне лайық бағасын беріп, әркімді өзіне тиісті орнына дәл қою да сынның тікелей міндеті екенін айтады. Сол сияқты әрбір жазушы өз сыншысын таппай, ал әрбір сыншы өз жазушысын ашпай бағы ашылмайтындығын да ескертеді. Айналып келгенде, талғамы жоғары маман сыншылардың өте аздығынан жүздеген тәп-тәуір шығармалардың сын назарынан тыс елеусіз, ескерусіз қалып келе жатқандығына қынжылыс білдіреді.

Осыдан келіп жоғарыда айтылған «бізде сын жоқ» деген мәселенің негізгі бір себебі – осы жолға біржола бел буған сыншылардың жоқтығы мен тұрақты кадрлардың аздығы айқындалса керек. Түптеп келгенде, кадр мәселесінсіз сын жағдайы ешуақытта оңды шешілмейтіндігі айдай анық.

Ал кадрды қайдан алу керек?! Кадрды тәрбиелеу керек. Өзі ізденіп шыққан талапты жастарды сын саласына тұрақтандыру жан-жақты ойластырған жөн. Ол үшін жағдай жасау керек. Ал бізде оған көңіл бөлінбей отыр. Сыншы жолы тар да тайғақ әрі соқтықпалы-соқпақсыз екендігіне қоса біздің бүгінгі әдеби атмосферада сынға деген көзқарас, түсінік мүлде өзгеріп кеткен. Осы тұста белгілі қаламгер Әшірбек Сығаевтың мына пікіріне («Айқын», 11.11.2006) назар аударып көрелік. Белгілі театр сыншысы бүгінгі әдебиетіміз бен өнеріміздегі сынның жағдайын сөз ете отырып, бұл саладағы маманның аздығын, ешкімнің тұрақтамайтынын, себебі жаңа көзқарас жоқ, бап жоқ, көңіл бөлушілік жоқ дей келіп: «...Біз қазір жазып жүрміз, тегін жазып жүрміз. Бір газет қаламақы төлемейді. Сонда сұрақ туады. Мен не үшін жексұрын болып, біреуді сынап, біреудің кемшілігін айтуға тиіспін? Сынасаң – сұмырайсың, мақтасаң – «молодецсін». Ал мен не үшін сондай жағдайға баруым керек... «Ал жастар болса, ...түк төлемейтін, машақаты көп жұмыста қалай жүреді? Сондықтан да олар кетіп жатыр...» – деп түйіндейді.

Бүгінгі сынның жағдайы осындай. Осылай тоғышарлық көзқарас жайлап алған. Сөйтіп, сынның әдебиеттік қана емес, ең алдымен әлеуметтік мәселелерді қозғауы тиіс сөз өнерінің философиялық сипаттағы күрделі түрі екендігіне селкеу түскендей.

«Әрине, сыншы таланты сирек талант және сын әдебиеттің ең қиын жанры. Оңай болса жұрттың біразы – оп-оңай сыншы болып кетпес еді?! Әйтсе де соған қарамастан сынның таудай тауқыметіне, қыруар қиындығына төтеп беретін төзімі төтенше сыншылар әзірлеу, олардың шығуына жағдай жасау – мемлекеттік маңызы бар патриоттық парыз» (С.Әшімбаев).

Осылай қазақ әдебиетіндегі сыншыл ойымыздың өткен ғасырдың 70-80 жылдардағы жай-күйіне, даму бағытына зерделей қараған сыншы «қазақ сынының бір басына жетерлік жетістігімен қатар кемшіліктері де жоқ емес» деп негізгі олқы тұстарын атап-атап көрсетеді.

Зерек ойлы, сұңғыла сыншы әдеби сынымыздың жетпісінші жылдардың бірінші жартысындағы қайрат, қарқынын бәсеңсіте түскенін айта келіп, полемикаға шақыратын проблемалық мақалалар мен дискуссиялық мақсаттағы, актуалдық тақырыптағы сын материалдың жоқтың қасы екенін, батылдық, өткірлік принциптерінің жете бермейтінін, «сен тимесең, мен тимен» деген ымырашылдық, келісімпаздық принцип әдеби сынымыздың атмосферасын жайлай бастағанын ашына жазады. Мұның түп-төркіні сынымыздағы әлеуметтік белсенділіктің төмендігінен, күрескерлік рухтың аздығынан екенін айтады.

Сондай-ақ, сын өнерімізде әлі де интеллектуалдық-философиялық биіктік, логикалық тереңдік, талдау, пікір айту жаңалығы, проблема маңыздылығы, формалық, жанрлық ізденіс жетпей жатқанын да батыл ашып береді. («Биік талап белесінен»).

Сындағы бағытты түзеу мен белсенділікті күшейтудегі талдау мен ой-толғаудың үздік үлгісі боп саналатын концептуалдық сын – жаңа көзқарастардан туған концепциялық сынның рөліне де айрықша тоқталады. Сынның бұл түрін үлгі ретінде ұсынады.

Сөйтіп, сынның алдында тұрған міндеттердің аз еместігін, айтылмай қалған мәселелердің де көп екенін қозғай келіп сыншы қазақ әдеби-көркем сынының жай-жағдаяты жалқы емес, жалпы болып ойлануды, көп болып келелі кеңесуді ғана емес, көпшілік болып ойласуды және оған тікелей көмектесуді талап ететінін көтерген. Сымбаты бөлек сыншыл ойын ортаға салған.

Бұл ойдың бүгінгі күнге қатысы жоқ деп айта алмасaq керек. Қай уақытта да сынның беделін көтеріп, белсенділігін арттыру баршамызға ортақ міндет екені анық. Сондықтан да көтерілген мәселелерді бірлесе отырып кешенді тұрғыдан шешу мәселесін ойластырған жөн болар еді. Өйткені көркемсөз философиясы, яғни әдебиеттің диалектикалық таным құралы, оның көркемдік тағылымы мен әлеуметтік танымның талғампаз таразысы – сынның да даму процесі – әдебиеттің даму

процесіндей өте күрделі құбылыс. «Сондықтан да кез келген халықтың сынына қарап әдебиетін, әдебиетіне қарап сынын танимыз» дейді С.Әшімбаев. Бұған біз де құптағаннан басқа ой болмаса керек.

Бөпежанова Ә.

АЗАМАТТЫҚ ФОРМУЛАСЫ НЕМЕСЕ ӘШІМБАЕВ ЖҰЛДЫЗЫ

(сыншы Сағат Әшімбаев туралы сөз)

I

Сағат Әшімбаев – ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ көркем сыни ойының – «Азаматтық формуласы». Өзінің көлемді бір туындысын осылай атаған оның осы формуламен бүкіладамзаттық құндылықтар мұхитына жүзудің айқын көрінісі. 1970-1990-жылдар аралығында әдеби сын жанрында өнімді еңбек еткен Әшімбаев шығармашылығы – осы кезеңдегі ұлттық сыншыл ойдың квинтэссенциясындай әсер береді.

Осы кезеңнің қоғамдық және әлеуметтік құрылымын, рухани-мәдени өмірінің ерекшелігін, қоғамның және оның ішінде жазушы қауымның әдебиетке және оның міндетіне деген көзқарасын білгісі, зерттегісі келген жан, кейінгі жас ұрпақ міндетті түрде сыншының кітаптарын зерделеп оқуы шарт. Оның шығармаларында уақыттың қоғамдық және әдеби-эстетикалық позициясы да анық-қанық жүлгеленді.

Табиғи хас сыншылық таланты, терең білімі, қапысыз талғам түйсігі нәтижесінде кеңестік әдебиет пен оның идеологиясының өлшемді-мөлшерлі эстетикасы шеңберінен шығып кетіп отыратын, әдебиеттің жасампаздық рухына, тәрбиелік миссиясына ерекше мән беретін сыншының өмірі мен өнері – биік азаматтықтың, халқына, ұлтына ұлы қарапайымдылықпен қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісіндей. Бұл ретте ол – әдебиет сыншысы Әшімбаев қана емес, мемлекеттік биік тұрғыдан ой айта білген, елінің бүгіні мен болашағына жаны ауырып, сол үшін де тер төккен, алаңдап күн кешкен, сонау 37-жылдары түбірінен қиылып кеткен зиялы хас қауымның жалғасындай тұлға болды.

Әшімбаевтың сын жанрында көзге түсуінің себебін іздеу соншалықты маңызды шаруа емес. Ал, сауал қойылған соң ой білдірсем – біріншіден, сыншының табиғи талантын, сонан соң сол талантын аялай білген көзқарақтылығын алға тарту керек. Екіншіден, қай шығармашылық иесін сөз еткенде де оның кезеңін, ортасын естен

шығаруға болмайды. Әшімбаев сынға келген кез – әйгілі 60-жылғылардың жалпы сыни ой-танымымызға төңкеріс жасап барып, объективті-субъективті себептермен үнсіз қалған кезі еді. Ішкі дайындығы мол, рухани ізденістер аясы кең, дүниетанымдық тұрғыдан қалыптасқан, рухани ілкімді жас жігіттің алдыңғы серке буынның заңды жалғасындай болып, бастау тұрған сыни ой кеңістігін бірден жаулап алғанына таңданатындай ештеңе жоқ. Бұл – әдеби-көркем ойы өрелі елдер үшін табиғи нәрсе.

Ал, Әшімбаевтың есімі көпшіліктің аузында, болмысы көңілінде жүруі неліктен? Бұған бірер сөзбен жауап қайыру оңай емес. Дегенде, ой таратып көрсек мынадай пайымдауға орын беруге болар еді: сын, бір есептен, престижді жанр. Алғашында жанрға қалам тартушылар саны аз болмайды, алайда оның ауыр жүгін соңына дейін алып жүруге не білім-білігі, не күрескерлік қуаты, не эстетикалық құнары жетпей көбі бірте-бірте сын керуеніне ілесуге жарамай қалатыны бар. Әшімбаев жанрдың ауыр жүгін қайыспай көтеріп, талмай еңбек еткен, өмір – өнер жазықтығында сыни ойды парасатпен суарған, сонысымен де биікке көтерген қайраткер. Оның болмысындағы басты қасиеттердің бірі – жасампаздық қуат, күрескерлік рух бүкіл өнерінің де, өмірінің де алтын өзегі болды.

Жақсы-жаман, адал-арамның ара жігі анық ажыратылмай, әдебиеттің құны төмендеген тап осы кезеңде қазақ руханиятында, жалпы қазақ елінде сыншы Әшімбаевтай тұлғаларға аса зәрулік бар. Ол – сыншы Әшімбаевтың еш мақтан-көлгірсіз қайраткерлік болмысына – үлкенді-кішілі қай мәселені де, ең алдымен елдік, яғни мемлекеттік тұрғыдан зерделеп, қарастыра білетін көрегендік-көзқарақтылығы, санаткерлігі, рухани орта қалыптастырып отыратын сирек таланты, жылт еткен жаңалықты тани-бағалай алуы және оны рухани айналымға түсіруге ұмтылатын жан сергектігі, түйіп айтқанда, Асқаралы Азаматтығына деген зәрулік.

II

Сыншы Әшімбаевпен таныстығым оның «Сын мұраты» атты жинағынан басталды.

Бұрынғы бір мақалаларымда да жазған едім, тағы қайталауға тура келеді: Жамбыл облысы, Сарысу ауданының орталығы Саудакент (бұрынғы Байқадам) ауылында мықты кітап дүкені болатын. «Сын мұраты» атты форматы шағын жинақты сол дүкеннен, ұмытпасам, 1975 жылдың көктемінде алған едім. Қазақ әдебиеті туралы мазмұнды жинақты сыншының азаматтық позициясы, әдебиетке деген талабы мен талғамы, рухани кеңістігіне қызыға бас алмай оқып шықтым. Ал,

сыншы Әшімбаевпен сол жылдың күзінде «Жұлдыз» журналында таныстым. Ол менің енді жаза бастаған кезім еді.

Алғашқы жазған сын мақалам – сол кезде өте танымал болған бір жазушының романы туралы еді. Ол романды дос-құрбыларымның бәрі ауыздарының суы құрып мақтаған-ды, бірақ, маған еш ұнамады. Содан іштей бір қарсылық туды да, романды «оқиғалары жасанды, қызыл сөзі көп» деген сынайда қатты сынап мақала жазып, «Жұлдыз» журналына жолдадым. Араға шамалы уақыт салып жазушы Тынымбай Нұрмағанбетовтің баспасөзге шыққан екі әңгімесі туралы «Туған ауыл түтіні» атты екінші мақаламды жаздым. Өзімше талдап, мақтап жаздым. Жастайымнан оқырманы болған соң ба, әйтеуір білетінім «Жұлдыз», тағы сонда жолдадым. Екеуі де жарық көрген жоқ, жауап та болған жоқ. Үшінші жазғаным Саттар Ерубаевтың «Мәңгілік өмір туралы жыр» балладасы туралы эссемді тағы «Жұлдызға» бермекпін. Содан бір күні өзім жүрегім лүпілдеп, Жазушылар Одағына келдім. Журнал үшінші қабатта екен, сын бөлімінде ешкім жоқ, эссемді бір кісі «сындағы жігіттерге беремін» деп алып қалды. Республикалық «Қайнар» баспасына жаңадан жұмысқа тұрған кезім. Ертеңіне жұмыста отырғанымда редакциямыздың меңгерушісі Қыдуар аға Мертенов шырылдаған телефонды көтеріп, амандасқан соң, тұтқаны маған ұсынды. Телефоннан бейтаныс дауыс амандасқаннан соң «Мен Сағат Әшімбаев деген ағаңмын, «Жұлдызға» келіп кете аласың ба?» дегенде, құлап қала жаздадым – өзім шығармашылығын қатты сыйлайтын сыншы өзі телефон соғады деп кім ойлаған.

Содан ертеңіне түске қарай «Жұлдызға» бардым, мен жеткенше түскі үзіліс болып қалды. Үзілістің бітуін күтіп екінші қабаттағы вестибюльде отырдым. Сонда ақын Мұқағали Мақатаевты алғаш және соңғы рет көрдім (бұл бөлек бір әңгіме). Үзіліс аяқталып, Сағат аға келді, журналдың сын бөлімінің меңгерушісі екен. «Эссең ұнады, сонсоң танысайын деп шақырдым» деді. Бірталай әңгімелестік. «Бұл қайдан шыққан бала?» деп ойлады ма, маған көп сұрақ қойды. Жастық дегенді қойсаңшы, мен сартылдап жауап беріп отырмын. Сонда Сағат аға, «Әлия, сенімен танысқанымға қуаныштымын, бізге автор бол. Мына роман туралы рецензия жазып бересің бе?» – деді. «Ия». Сонымен романды екі күнде оқып шығып, тез арада сыни сарыны басым рецензия жазып бердім. «Роман ұнамады ма?» деп сұрады рецензияммен танысқан Сағат аға. «Нашар роман» дедім. «Түк ұнамады ма?» Қайталап сұрағаны ұнамай қалды. «Ұнаған тұстарын бас жағында жаздым ғой...» «Жақсы» деді сонда сыншы. Содан көп ұзамай рецензиям журналда жарық көрді. Әбден қысқарған, сыни сарын азайған, дұрысы мәдениленген. Алғашында іштей ренжіңкіреп қалдым, бірақ, тағы екі-

үш қайтара оқып едім, бәрі орнында, орнықты сияқты көрінді. Бұл – менің сыншы Әшімбаевтан алған алғашқы сабағым еді...

Сағат аға «Лениншіл жас» газетіне бас редактордың орынбасары қызметіне ауысып кеткенше хабарласып, пікірлесіп тұрдық. Журналдың тағы бірнеше тапсырмасын орындадым – ағаның бір қасиеті – авторлардың материалдарына үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Жазған рецензия-мақалаларымның бәрі де жарық көрді.

1979 жылы Сағат аға «Жалын» баспасына қызметке келді. Мен сонда жастармен жұмыс және сын редакциясында редактор едім. Абай даңғылындағы Баспалар үйі руханияттың ортасы болған кез. Барлық баспа сонда шоғырланған. Сағат ағаның келуі біздің бәрімізге, әсіресе, жастарға қуаныш болды. Редакция жұмысынан қалт босасақ, небір қызғылықты әңгіме айтылады. Қазақ, одақ, әлем әдебиетіндегі жаңалықтар, жалпы әдеби процесс, қазақ қоғамының өзекті мәселелері. Осы әңгімелердің бәрінде де Сағат ағаның үні, пікірі басым естіледі – ол әлдебір рухани нұр, жылылық таратып тұрар еді. Жылылық демекші, Сағат аға жаны жылы, жүрегі үлкен, өте бауырмал азамат еді. Оған қай-қайсымыз да ойымызды, тіпті проблемаларымызды еркін айтатыныбыз. Ол кездегі басты проблема, әрине, кітап шығару болатын. Сағат аға жастардың кітабын жоспарға енгізу, жастарды пәтермен қамтамасыз ету мәселелерін Одақ секретариатында, ал, жас сыншыларды тәрбиелеу мәселесін сын туралы арнайы пленумда көтергенін білеміз.

Аптаның бес күні Баспалар үйі қыз-қыз қайнап жатса, сенбі, жексенбіде сол маңда, Гагарин даңғылы мен Жамбыл көшесі қиылысында өтетін Кітап базарына жан бітетін. Сол базарға кейде Сағат ағамен, кейде Өтежан ағамен бірге мен де баратын едім. Өзара кітап алмастыратынбыз. Ол базардан кейде Қадыр Мырзалиевті, Әубәкір Нілібаевты көретінбіз. Бір базарда Сағат ағаның маған Ян Парандовскийдің «Алхимия слова», В.Шукшиннің «Я пришел вам дать волю...» кітаптарын сыйлағаны, ал, Г.Маркестің сол кездері қаны жерге тамбай тұрған «Жүз жылғы жылғыздық» романын 25 сомнан түсірмей тұрған бір азаматты шамалы арзандатуға көндіргені есімде. Сағат аға мен Өтежан ағаның жас алшақтығына қарамастан жақсы дос және базардағы кітап саудаласу әдістері мүлдем бөлек болатын.

1980 жылдың алғашқы жартысында ма екен, Сағат аға Бүкілодақтық Авторлар Агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындалды, сол жылы маусым айында мен «Қазақ әдебиетіне» жұмысқа шақырылдым. Сыншы Әшімбаевпен газет жұмысына байланысты, Одақтың жиын-пленумдарында, сын кеңесінің отырыстарында пікірлесіп жүрдік. Сағат аға сол кездесулердің өзінде

жаңа, жақсы кітап немесе баспасөзде шыққан жақсы мақала туралы ойларын ортаға салатын. Жақсы дүниеге қуанып, қуанышын бөлісетін.

Бір жолы Сағат аға үйіне қонаққа шақырғаны бар. Белгілі жазушы, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі әріптес Дидаш, Дидахмет Әшімханұлы екеуіміз ағаның аяулы жары, белгілі жазушы, журналист Шәрбану апайдың берекелі дастарханынан дәм таттық. Аға ер жетіп қалған ұлдарымен таныстырды. Қонақ бөлменің бір қабырғасын тұтас алып тұрған бай кітапханасын тамашаладық. Сондай бір әдемі отырыс, сол кештегі ақжарқын көңіл, біздерге деген құрмет, құнарлы әңгімеге көңіліміз байып қайтқанбыз. Жалпы Сағат аға адамды сыйлауға, білімдіні қадірлеуге келгенде бөлекше болатын. Білімнің, зиялы білімнің қоғамды өзгертетініне сенетін. Шығармашылығында әдеби үдеріс, жаңа шығармалар, жекелеген қаламгерлермен қатар әдебиеттегі жауапкершілік, әдебиеттің қоғам келбетін түзудегі роліне ерекше мән беретін. Ол қай мақала, қай кітабында да сыншының жауапкершілігін ғана емес, жалпы қоғамдағы жауапкершілік мәселесін жоғары қоятын.

1985 жылы қыркүйек айында Әдебиет сыншылары Халықаралық ассоциациясының (ӘСХА-МАЛК) Алматыда өткен ІХ конгресі қарсаңында Сағат ағамен сұхбат жасаған едім. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған сол үлкен сұхбатымызға «Сын – жауапкершілік немесе бәріне жауап берушілік» деген тақырып ұсынған-ды. Сыншының танымында, әдебиет, оның ішінде әдеби сын асқаралы міндеттерге қызмет етуі міндет. Көкейкесті мәселелер сөз болған сол сұхбатта Сағат аға айтқан ой-пікірлерден біреу үзінді келтірелік: *«...Тобырға тән тоғышарлық психологиядан жоғары тұрудың бір шарты – өз уақытыңның қоғамдық-әлеуметтік проблемаларын шешуге азаматтық санамен атсалысуыңнан көрінеді. Ал, бұл атсалысу ешқандай да абстрактылы ұғым емес. Әрқайсымыздың өз орнымызда, өз шама-шарқымызға қарай қоғамдық, ұлттық, адамгершілік мүдделерге барынша адалдықпен шынайы қызмет етуіміз – сол атсалысудың бір түрі боп саналады. Осы шынайы қызмет ету, яғни аталған мүдделерге деген адалдықтың өзі айналып келгенде біздің бойымыздағы мемлекеттік жауапкершілік сезімнің нақтылы көрінісі болып та табылады».*

«...Бүгінгі әдебиет пен сынның алдында тұрған аса үлкен көркемдік және әлеуметтік міндеттің бірі – адамдар бойындағы мемлекеттік мүддеге деген шынайы жауапкершілік сезімді тәрбиелеу проблемасы...».

Бұл үзінділерден сыншы Әшімбаевтың мемлекет әдебиетке ерекше маңыз беріп, жазушы қауымын ерекше құрмет тұтқан сол

кезенде, яғни осыдан отыз екі жыл бұрын айтқан ой-пікірлері тап бұгінде де өзектілігін еш жоймағанын көреміз.

Сыншы Әшімбаевтың «адамдар бойындағы мемлекеттік мүддеге деген шынайы жауапкершілік сезімді тәрбиелеу...» таланты ол 1986 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазақ КСР Телевизия және радиохабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болып қызмет істеген жылдары да айқын танылды. Ұлттық телеарнаның жаңаша стратегиясын қалыптастыруға барынша күш салып, ұлт үшін маңызды істер жасауға ұмтылған сыншының «Парыз бен қарыз» бағдарламасының да орны ерекше. Осы бағдарламаның бір хабарына Сағат ағаның шақыруымен менің де қатысқаным бар. Азаматтық болмысы, ел алдындағы жауапкершілігі өте жоғары Әшімбаевтың 1986 жылғы Желтоқсан кезіндегі батылдығы, қайраткерлігіне; жалпы бүкіл шығармашылығы халықтың ұлт болу жолында үлес қосқанына қалың жұртшылық куә.

Сағат ағамен соңғы сұхбаттарымыздың бірі көрнекті жазушы-драматург Асқар Сүлейменовтің М.Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасында режиссер Әубәкір Рахимов қойған «Төрт тақта – жайнамаз» спектаклі туралы болды. Сағат аға, театртанушы Әшірбек Сығай үшеуміздің «Иман жоқ болса...» атты сұхбатымыз 1989 жылдың күзінде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Театр өнері туралы да бірталай қалам тартқан, «Қан мен тер», әсіресе, атақты актер Н.Жантөрин Мольер ролін сомдаған «Жендеттер» спектаклі туралы керемет мақала жазған Әшімбаев Асекең, Асқар Сүлейменов шығармашылығын да жоғары бағалады.

Шығармашылық жолдың қай-қайсысы да оңай емес. Дей тұрғанда сыншы шығармашылығы ерекше жауапкершілікті, біліктілікті, көл-көсір білім, талдау мен жинақтау, концептуалды көзқарас, терең дүниетанымды, құрылымдық ойлам талантын қажет етеді. Сын – әдебиеттің ой-санасы, деген қағидадан келгенде, сыншы Сағат Әшімбаев шығармашылығы әдебиетіміздің кеңістігін кеңейткен, ой-идеяларын өзектендіре түскен жасампаз шығармашылық. Мұндай сыншы, бір есептен, әдебиеттің бақыты. Әдебиет сөзін және әдебиет арқылы елдің сөзін сөйлеп өткен сыншы, қоғам және мемлекет қайраткері, мен үшін қадірлі ұстаз Сағат Әшімбаевтың жарқын бейнесі қашан да руханият көгімізде жарқырап тұрады.

СЫНШЫЛ ПАРАСАТ ИЕСІ

Қайсарлық туралы бір әйгілі мысал: «Құдайлар Сизифтің жасаған күнәсы үшін айып тағып, оның өтеуі ретінде ең биік шыңға, жақпар тасты сүйреп шығарсын» деп үкім шығарыпты-мыс Сол тасты өрге өгіздей сүйреген Сизиф қанша шаршап-шалдықса да мойымай, темірдің өзі шыдас бермейтін азапқа төзіп, келешегінен күдерін үзбепті».

(«Альбер Камю. Сизиф туралы аңыз»).

Неге екенін білмеймін, сыншы Сағат Әшімбаевтың есімі ойыма оралса, блғи да менің көз алдыма зілдей тасты өрге сүйреп жеткізе алмаған Сизифтің қиын тағдыры елестейді. Әдеби сынымыз «социалистік реализм» атты тар қапасқа қамалған заманда, бұл саланы дамытып, рухани құндылықтар туралы жаңаша пікір айтуға талпынудың өзі жанкештілік еді. Әдебиеттің ең ауыр, күрмеуі күрделі сын жанрын таңдап алуы, оның өзінің рухани өмірінің де гүл жаратын сәтте тоқырау кезеңімен тұспа-тұс келуі жалғыз Сағаттың ғана емес, аузын айға білегенімен, тұңғықта тұнып жатқан ащы запыранды ақиқатты айта алмай, талай «тар жол, тайғақ, кешуге» еріксіз ұшырап күйзелген, бағынан гөрі, маңдайының соры бес елі болған сол дәуірде өмір сүрген талай мүйізі қарағайдай сыншылардың басындағы да трагедия еді.

Кеңес дәуірінде де өз халқының шынайы жанашыры бола білген ақын мен жазушының көп жағдайда өз шығармасы арқылы, ұлттық құндылықты оқырманның санасына сіңіре алатын мүмкіншілігі болды. Ал сыншы үшін мұндай мүмкіндіктердің бәрі шектелді. Әдебиетімізге зорлап таңылған, қоғамымызға жабысқан бір дерт іспетті «социалистік реализм» сыншыларға Сизифтің тағдырын еншілеп берді. Белгілі бір мәдени құндылықтарды ұлттың санасына сіңіру үшін сыншыларымыз керек емес ауыр тасты өрге сүйреуге мәжбүр болды. Адамның бойындағы ізгілікті сезім мен тазалықты жырлаған шығармалар емес, идеологияға жақсы қызмет еткен дүниелердің бағы жарқырап жанды. Сыншыларымыз коммунистік идеологияның ұлы көсемдерінің еңбегіне арқа сүйей отырып қана шығармаға баға беріп, солардың белгілеп берген шеңберінен шығып кете алмады. Өкінішке қарай, мұндай тағдырдан марқұм Сағат Әшімбаев та қашып құтыла алған жоқ.

Сағат Әшімбаев әдебиетке ерте араласты. Дәл қазіргі уақытта мені көңілінде айтқанынан гөрі айтары мол асқар таудай азаматты қатал

тағдырдың ортамыздан ерте жұлып әкеткені емес, ұзақ жылдар бойы бұлқынып келген шындықтың белі енді шешілген тұста дүние-жалғаннан өтіп кетуі, адамның жан әлеміндегі гармония мен өмір ырғағының кейде сәйкес келмей жататындығы жүрегіме өкініш ұялатады. Өйткені, Сағат Әшімбаев көп шындықты айту үшін өмірге енді келуге тиіс сыншы болатын. Сыншының «Шындыққа сүйіспеншілік» атты кітабын оқып отырғанымда, ең алдымен менің жүрегімді осы ой қарып өтті. Сағат Әшімбаевтың осы еңбегіндегі сыншының телегей теңіздей ойы, шығарманы саралаудағы біліктілігі өзіне еріксіз еліктіріп әкетеді. Ақын-жазушыларымыз жік-жікке, топ-топқа бөлініп алып, кейбір сыншыларымыз солардың сойылын соғып, әдебиетіміз күннен-күнге ұсақталып бара жатқан бүгінгі заманда шығарманы біліктілік пен парасатқа сүйене отырып талдаған осындай сындарды сағынасың. Әдебиетіміздің табиғи болмысын айқындай түсетін, талдау тұрғысында жазылған, оңымыз бен солымызды, бет алып бара жатқан бағыт-бағдарымызды айқындай түсетін, әлемдік әдебиеттің биік шыңына көтерілуге жетелейтін толыққанды, байыпты тұжырымға, шымыр логикаға сүйенген сындарды аңсайсың. Беделді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар мен әдеби сындардан ой жұтаңдығының анық аңғарылып жүргендігін сезіне түсесің. Әдебиетімізді философиялық ой елегінен өткізіп, сол уақыттағы заман туғызған қиындықтарды зерделеп, ақын мен жазушы тағдырына терең үнілу арқылы қорытынды түйюдің орнына, қазіргі уақытта біз бәрін жоққа шығаруға шебер болып алдық. Арзан бедел жинау үшін, әдебиетіміздің абыройын айрандай төгіп, кешегі құндылықтарымыздың бәріне де топырақ шашып жатырмыз. Әлемді айтпағанда, өз топырағындағы әдебиеттің рухани құнарын сезінбейтін сыншыларымыз қаптап кетті. Тіпті, кейбір әдебиетті біледі деген сыншыларымыздың, өздері жазған шатпырағын адам түсінбейтін, ұлттық топырақтың иісі сезілмейтін дүниелерді жер-көкке сыйғызбай мақтап, жатқанда іштей қынжылғаннан басқа істер амалың қалмайды. Керісінше, шын мағынасындағы ғажайып туындылардың әділ бағасы берілмей, заманның азғандығын пайдаланып жүрген пысықайлардың асығы алшысынан түсіп тұр қазіргі уақытта. Міне, осыдан соң қанша жамандасақ та кешегі алпысыншы, жетпісінші жылдардағы әдеби сынның деңгейінің қаншалықты биік болғандығын тереңірек пайымдай түсесің.

Қазақ сынының қайыспас, қайсар сарбазы Сағат Әшімбаевтың әдебиет туралы айтқан ойлары, толғаған мәселелері әдебиет сүйер қауымды білімділігімен, парасаттылығымен елең еткізген өз заманының жемісі еді. Әлбетте, Сағаттың еңбектерін оқи отырып,

сыншының қателескен сәгін де, мүлт кеткен кезін де аңғармау мүмкін емес. Алайда, Сағаттың қаламынан туған мақалаларды оқи отырып, оның өнерге берілген адалдығын, әдеби процеске байланысты өз ойын білдірген сыншының барынша әділетті болуға тырысқандығын байқамау мүмкін емес. Әлем әдебиетінің озық үлгілерімен кеңірек танысып, сол ұлы қазанда не пісіп жатқандығын зерделеп, ұлттық топырақта туған шығармалардың бағасын білуге болатындығын сыншы Сағат Әшімбаев өз замандастарының ішінде ертерек түсінген секілді. Олай дейтініміз, Сағат Әшімбаев шығарманы талдау барысында әлемдік әдебиеттегі ұлы туындылармен салыстыра, салғастыра отырып саралайды. Қазақ әдебиетінің сол ұлы биікке көтерілуін аңсайды. Және құнарлы топырақта туған біздің ақын-жазушылардың әлі де талай ұлы дүниелер туғыза алатындығына кәміл сенеді.

Әдебиет – мәңгіліктің майданы, метафизикалық құбылыс. Жаңаның ескіні ығыстырғанындай мұнда да өмірдің ырғағына, заманның өзгеруіне байланысты сан-алуан пікірлердің қайта сараланып жататындығы табиғи нәрсе. Алайда, жаңа дүниенің жаршысы болу, ескі дүниенің бәрін күресінге лақтырып тастау болмаса керек. Сол себептен де сыншы Сағат Әшімбаевтың әдеби шығарманың табиғатын мейлінше адал талдаған еңбектері өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Ал, сыншының отансүйгіштік рухта жазылған еңбектері кез келген қазақтың жүрегінде өз ұлтының тілі мен дінін қастерлеуге ұмтылдыратын ыстық ықыласты оятады. «Азаматтық формуласы» атты мақаласындағы сөзден гөрі қазақ тілінің тағдырына жаны ашып, шыбындай жаны шырқыраған сыншының жан айқайына ұқсайтын Сағат Әшімбаевтың мына бір ойларына зер салып көріңізші:

«Тілсіз жерде тіршіліктің мәні де, сәні де жоқ екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық емес пе? Олай болса тіл-тіршіліктің тірегі екендігі ешқандай да дәлелдеуді қажет етпейтін. ұлы аксиома. Жердің сәні ел болса, елдің сәні өз тіліне деген шынайы сүйіспеншіліктен көрінетіндігіне көзі ашық, көкірегі ояу адам таласа қоймас. Ұлы философ И.Канттың «Халық өз тілінен айырылған жерде, мінезінен де айырылады» деген сөзі жайдан-жай айтылған деп ойлайсыз ба? Азаматтықтың алғы шарты ана тіліңді сыйлау – ана сүтін ақтауға парапар қасиетті ұғым».

Ана тіліміз мүшкіл жағдайға түскен міскіннің күйін кешіп отырған мына аласапыран заманда Сағат Әшімбаевтың жүрегінен ақтарылып түскен осы бір сөздерінің қадірінің арта түскендігін арқанмеи сезінгендей боласың. Сон-дай-ақ, сыншының «Биік мұрат тұрғысынан» атты мақаласындағы мына бір сөздердің астарында бұғып жатқан ақ берен ойларға назар аударып көріңізші: «Адам қоғамдық қана

емес, рухани-психологиялық құбылыс. Өйткені қоғамдық дамудың қозғаушы күші де, оны өзгертуші де – адам. Демек, адам – шалқар ой-сезімнің иесі. Күндердің-күнінде дүниедегі өзгенің бәрі өзгеріп, зерттеліп бітсе де, адам жанындағы тұңғық та, тылсым сырлардың қайнар көзі – жүрек қазынасының әдебиетте зерттеліп бітуі мүмкін болар ма екен?».

Шығармаға талдау демесен, осы сөздердің астарында тұнған ойлардың өзі эстетикалық фонда айтылған философия емес пе?

Әдебиет сыншысы туралы ой тиегі ағытылғаннан соң оның тағдырын әңгімемізге арқау қыла отырып, сындағы өзіндік қолтаңбасы мінезіне тоқталмай кету ағаттық болар еді. Сағаттың әдебиет төңірегіндегі білімінің ұшан-теңіз екендігіне оның кітабын оқып, алтын қазынадай ойларын ақыл безбеніне салғанда көзінді жеткізіп, көңілді сендіресің.

Сонау ықылым заманғы тарихтан бастап Пушкин, Абай, Байрон, Толстой, Достоевский, Әуезов, Маркес, Фолькнер, Хэмингуэй шығармаларын зерделей отырып, бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясының хал-ахуалы төңірегінде ой тербетуі сөз жоқ Сағаттың басты ерекшелігінің бірі. Сынның атқаратын ұлы миссиясының шығарманың табиғатына терең үңілу арқылы әдебиет хақында пікір айту екендігін Сағат ертерек түсінген жан.

Бұл туралы Сағат жөнінде қазықтай қадап тұрып пікір айтқан академик Мұхаметжан Қаратаевтың сөзін еске алғанның артықтығы жоқ:

«Кеше ғана емес, бұдан ширек ғасыр бұрын ҚазМу де оқып жүрген кезінде жүздеген студенттердің ішінен ерекше көзге түскен, ала бөтен көңіл аударған жас қыран іспетті жиырмадағы осы Сағат болатын. Ол үздік оқуының үстіне, айырықша адамгершілік мінез-құлқымен, қажыр-қайратымен, қайсарлығымен, таудай талабымен таңдандыратын. Алдымен талантты жас қаламгер өзінің өрен қабілетін сын саласында таныта бастады. Таланты мен талабының арқасында арман-мақсатына жетті, айтулы әдеби сыншысы, сарапшысы, әділетсіздікке төзбейгін сарбаз атанды. Сағаттың «Сыншы мұраты» жинағы – осының айғағы».

Сағаттың тырнақалды туындысы туралы айтқан Мұхаметжан Қаратаевтың осы сөзі, меніңше әдебиет сыншысының шығармашылығына берілген ең әділ баға...

*Нүсінова Ә.,
филология ғылымдарының кандидаты,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының ғылыми қызметкері*

С. ӘШІМБАЕВТЫҢ СЫНШЫЛЫҚ-ҚАЙРАТКЕРЛІК ТҰЛҒАСЫ

Өнер – адамзаттың ақыл-ой, ұшқыр қиял, шеберлік жемісі. Оның бір саласы – көркем сөз өнері. Әдебиет болған жерде, оған қатысты эстетикалық талғам, көзқарастың та қатар дамуы заңдылық. Өнердің өнер болып танылуы үшін оған қойылатын заңдылық-шарттардың өзі де осы эстетикалық талаптан, сыншылдық көзқарастан туындайды. Сондықтан да біз сөз еткелі отырған қазақ әдебиетінің белгілі сыншысы С. Әшімбаевтың: «Әдебиет–халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан этикет, этикасы болса, сын – сол халықтың эстетикасы. Әдебиет – халықтың монументальдық көркем автопортреті болса, сын – сол әдебиеттің эстетикалық философиялық автопортреті екені талассыз шындық», – деп өнер мен оған қатысты сынды диалектикалық бірлікте алуы әлемдік өнер тарихында анықталған, дәлелденген талассыз құбылыс, философиялық категория санаймыз.

Сыншы таланты – сирек талант. Нағыз сыншы болу үшін тек әдеби білімділік, дарынды болу жеткіліксіз. Сыншыға берік мінез, таным тереңдігі, жоғары парасаттылық керек. Бұл жөнінде орыс әдебиетінің үлкен жазушысы М. Горький: «Сыншы адам жазушы ілтипатына ие болып, өзіне назар аударту үшін одан әлдеқайда талантты болу керек, өз халқының тарихы мен тұрмысын жазушыдан артық білуге тиіс, әрілеп айтқанда, ол интеллект жағынан жазушыдан әлдеқайда жоғары тұруға тиіс», – дейді. Өлемге танымал пролетариат жазушысының бұл пікірінде нағыз сыншының тұлғасын аша түсетін шындықтың ізі бары сөзсіз.

Тәуелсіздіктің елең-алаңы 90-жылдардағы әдеби сын мен әдебиеттану ғылымында Алаш ұранды әдебиеттің көрнекті өкілдері ақталып, бай да әр алуан туындыларымен қазақ әдебиетін тақырыптық-идеялық, жанрлық жағынан толықтырып жатқанда, уақыт талабына орай тың концепция белең алды. Ол – кеңес дәуіріндегі күні кешеге дейін көрнекті деп танылған акын-жазушыларға бүгінгі тәуелсіздік рухы тұрғысынан баға беруге ұмтылыс жасаған сыншылдық көзқарас-пайым болатын. Бұл сыншылдық көзқарас олардың шығармаларындағы кеңестік идеологияның, өктем саясаттың біржақты да басым көрінуіне қарсылықпен сипатталды. Қай суреткер де өз заманының перзенті. Сол

кезеңнің саясаты мен идеологиясы ақын-жазушының да, сыншының да шығармашылығына белгілі дәрежеде ықпал жасайды. Қоғамнан тыс шығармашылық иесі болуы мүмкін емес. Алайда уақыттың танытқан ақиқаты – қандай да шебер жасалған өнер туындысы болмасын бірыңғай саясатқа қызмет жасап, соның үніне, рупорына айналса, бәрібір опа таппайтынын, заман ауысуында өз мәнін жоғалтып, беделінен айырылатынын дәлелдеді. Сондай туындыларға, қалам иелеріне баға беруге ұмтылыс Тәуелсіздік заманының талабы, мүмкіндігі болғанмен, оған байыптылықпен, салмақты ғылыми көзқараспен келу қажет болатын. Сол кездегі заман-уақыт факторын елеп-ескермей, бірыңғай үкім айтуға, жоққа шығаруға беталыс әдебиеттану ғылымына да, сынға да абырой әкелмейтіні белгілі ғалымдар тарапынан айтылды.

Бұл ретте сыншы С. Әшімбаевтың әдеби-сын мұрасына баға бергенде де заман-уақыт ықпалын ескеруіміз қажет. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап әдеби процеске белсенді қатысқан оның мақалаларынан уақыттың талабы мен принциптерін, өткір мәселелерін байқаймыз. Бірақ қай уақытта көркем шығармаға қойылатын басты талап біреу болмақ. Ол – көркемдік. Қандай мәнді идея, тақырып болмасын биік көркемдік талап тұрғысынан орындалмаса, нағыз өнер туындысы бола алмайды. С. Әшімбаевтың өз кезеңіндегі әдеби процеске араласуынан осы шартты байқаймыз. Орыс әдебиетінің классикалық дәстүрі мен бүгінгі ұлттық әдебиеттегі көркемдік ізденісті сабақтастыра-салғастыра қарастыра отырып, ақын-жазушы туындыларының жетістік-кемшіліктерін саралау, әділ баға беруге ұмтылыс сыншы еңбектеріне көрінетін басты принцип болды.

Қазақ әдебиетінің 20-30– жылдарындағы әдеби сынында кей тұстарда білімсіздік, ұр да жық, солақайшылдық пен ұраншылдық тән болса, қазіргі сыншыларда әдеби-теориялық білімнің дайындығы, ұлттық әдебиеттің жетістіктерімен ғана емес, әлемдік әдебиеттің озық дәстүрлерін тану, бүгінгі әдеби процеске сол таным-талаппен келу байқалады. Осы ретте біз сыншы Сағат Әшімбаевты да айта кетуіміз керек. Оның жазған әдеби сын мақалалары мен портреттерінен ұлттық әдебиетпен шектелушілік байқалмайды. Кең құлаш, биік әдеби өре, талғам таразысының мықтылығы мен әлемдік әдебиеттің тарихы мен теориясын жетік білуі еңбектерінің мазмұнын арттырып отырады.

Бұл сапалық ерекшелікті біз ғылыми объекті негізіне алып отырған С.Әшімбаевтың сыншылдық мұрасы туралы да толық айта аламыз. Әдеби сын ешуақытта таза әдебиеттің жайымен шектеліп қалмайтынын, көркем шығармада көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселе сынның да өзекті әңгімесіне желі болып, өмір танытушылық

құралына айналатынын, сол арқылы сыншының азаматтық тұлғасы айқындала түсетінін С. Әшімбаевтың мақалалары негізінде тануға болады.

Қазіргі қазақ әдеби сыны даму, өркендеу үстінде. Білікті кадрлармен толығуда. Мұны, біздіңше, ешуақытта жоққа шығаруға болмайды. Рас, Тәуелсіздік жылдарында, қазіргі уақытта сын бұрынғыдай өз міндетін атқармай жатыр деген пікір жиі ұшырасып қалады. Жалпы әдебиеттің бүгінгі беталысын кеңестік кезеңдегі әдеби процеспен салыстыруға келмейді. Нарық заманы әдебиеттің алдына өз шарттарын қоя келді. Уақыттың материалдық қысымшылығы көптеген ақын-жазушыларымызды абдыратып тастағаны шындық. Бірақ қалай дегенде әдеби процесс үзіліп қалған жоқ, соған орай әдеби сын да бүгінгі таңда өз жұмысын жалғастыруда. «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында, өзге де басылым беттерінде қазіргі қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін қозғаған мақалалар, жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығына арналған портреттер, рецензиялар жариялануда. «Сын» журналының шығуы да Тәуелсіздік жылдарының жемісі. Сондықтан Сағат Әшімбаев әдеби сынға келген 70-жылдарды бүгінгі әдеби сыннан бөліп тастауға болмайды. Сондағы көркем шығарманы талдау принциптері мен тәжірибелер бүгінгі сынның дамуына да ықпал жасап отыр. 1970-1980 жылдардағы әдеби сынның даму тенденциясын, сол тұстағы серпілістер мен іркілістерді, шығармашылық ізденістерді, оның ішінде С.Әшімбаевтың сыншылдық мұрасын зерттеуде сабақтастық берік сақталуы керек деп санаймыз.

Жазушы-сыншы Тұрлыбек Мамесейіттің оның әдеби сынға белсене араласуы туралы: «Сағатты қазақ әдеби сынының өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы жаңғыруының, жаңаша бетбұрысының көшбасшысы дейміз» деуінде шындықтың ізі бар. Бұл ретте ол жас сыншының суырлып шыққан батылдығы мен талдау талғамының байыптылығының кейінгілерге әсер еткені соншалық өзінен кейінгі лек-лек болып келген жас әріптестеріне жол ашқанын айтады. Ал олар өз кезегінде жарыса қалам тартып, қазақ әдеби сынының көкжиегін кеңейтіп, сынның жанр ретінде жаңа арнаға түсіп, дамуына үлкен ықпал етті. Сол сыншылардың көбісі кейін әдебиеттің сарабал сарапшысы, зерделі зерттеушісіне айналды. Бұл жазушы-сыншы Т. Мамесейіттің жақсы аңғарған сыншы С. Әшімбаев тағылымының бір көрінісі.

Жасындай жарқ еткен қысқа ғұмырында С. Әшімбаевтың бергенінен берері көп екені даусыз еді. Тоталитарлық жүйенің жүрекке түсірген ауыр салмағы таланты енді кемелденген мағыналы да мәнді

ғұмырды жаншып кеткені сөзсіз. Жарияланған еңбектері бір-екі томнан аспағанымен, мазмұн байлығымен, авторлық биік өресімен, парасаттылығымен, көркем шығарманы талдай отырып, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге бейтарап қарай алмайтын азаматтық белсенділігімен, адамдық кең пейілімен, тазалығымен оқырманын баурап алады. Ұлттық әдебиеттің мәртебесін биіктетуге шын пейілмен қызмет еткен сыншы дарынды ақын-жазушылардың шығармаларындағы жетістікті, дәстүр жалғастығын, бүгінгі әдеби процеске әкеліп жатқан жаңалығын үлкен құштарлықпен жазды. Өзі бейтарап қалмаған жайға оқырманын да бейтарап қалғызбады. Осы ұшқыр ойлы, түйгені мол сыншы еңбегі әдеби ортада өз бағасын алды. «Сын мұраты» атты сын кітабы үшін (1974) С. Әшімбаевқа Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Кітап автордың сын жанрындағы кең мүмкіндігін, өзіндік үн-көзқарасын танытты. Қай тақырыпқа, әдебиеттің қандай өзекті мәселесіне қалам тартпасын, ол мол теориялық дайындығын, арғы-бергі әлемдік, ұлттық әдебиеттің тарихын жақсы білетіндігін, сыншылдық сарабалдығын аңғартты. Тереңнен толғап жазу, шынайы көзқарасын бүкпесіз білдіру – С. Әшімбаев сыншылдығының көрінісі болып танылды. Сын жазудың жауаптылығын сезінген ол білімдарлығымен, әділдігімен, турашылдығымен әдеби қауымның назарын өзіне аударды. Оның кітапқа енген сын мақалалары сол кездегі әдеби процесті, белгілі қаламгерлер мен жас прозашылардың творчествосын талдауға бағытталды. Көркемдік шеберлік мәселесін бірінші кезекке қойды. Автор туындысының тақырыптық-идеялық мәнін ашу мен кейіпкер келбетін танып түстеуде көркемдік мәселелерін, тілдік-стильдік құбылыстарды, дәстүр жалғастығын кеңінен сөз етті. «Қазіргі қазақ әдебиетінің қай жанрына назар аудармаңыз, оның творчестволық және профессионалдық даму эволюциясына, қалыптасқан өзіндік дәстүрі мен мәдениетіне, шындықты көркемдікпен бейнелеу құралдары жағынан ізденіс үстінде екеніне көз жеткіземіз», – деп жазды сыншы әдеби процесті жіті қадағалап. Және осы сыншылдық тұжырымын кітаптың өн бойында дәлелдеп көрсете білді.

Белгілі сыншы, академик М. Қаратаев: «Сын мұраты» – Сағат Әшімбаевты «сынның сарапшы сарбазы» қатарына қосқан шын туындысы», - деп жазды. Бұл пікірді сыншы З.Серікқалиев те қуаттады: «С. Әшімбаев қызмет бабы, лауазым ырысымен емес, ең алдымен, өзінің парасат байлығымен шын мәніндегі мемлекет, қоғам қайраткері биігінде өлмес өмірін біржола баянды етіп кетті». Әрине, әріптесі З. Серікқалиевтің пікірі де С.Әшімбаевтың ұлттық әдебиеттің тазалығын ту еткен, шын шебердің туындысын танып, бағалап, қазынасын халқына

насихаттаған сыншылдық-эстетикалық көзқарасынан туындады деп білеміз. Оның қайраткерлік тұлғасының өзі қоғамға, қоғамның әсер-ықпалынан туындап жататын адамдар арасындағы жөнсіздікке, қайырымсыздыққа деген бітімсіз көзқарас-пайымынан бастау алып жататыны аян. С. Әшімбаевтың азаматтық-қайраткерлік тұлғасын оның сыншылдық көзқарасынан ажыратып алуға болмайды.

«Сын мұраты» авторды сынның ауыр жолына біржола бағыттады. С.Әшімбаевтың әдебиеттегі тағдыры сыншы болып қалыптасты. Кейінгі оқырманына жол тартқан «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық», «Шындыққа сүйіспеншілік», «Адамзатқа іңкәрлік» атты әдеби-сын мұрасы автордың кейінгі ұрпаққа қалдырған аманаты. Ондағы мақалалардың әр жолынан С. Әшімбаевтың өмірге, өнерге деген құштарлық аңсарын аңдаймыз.

Сыншының «Талантқа тағзым» атты еңбегінде (1982) төл әдебиеттің мұрат-міндеттері, талант табиғаты, автордың әдеби жанрға жауапкершілік жайлары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ өлеңдегі өрелі ой мен образдылық, қазақ әдебиетінде әлі толық қалыптаса қоймаған балладаға тән жанрлық белгі, шығарманың тіл ерекшеліктері көркемдік-философиялық тұрғыдан сараланады. Кітаптағы «Сыншыл ой сипаты» атты мақалада өзі белсене араласа бастаған әдеби-көркем сынның өткені мен болашағына барлау жасап, әр кездегі солақай саясаттан бастау алған түрлі көзқарастардың, партиялық қаулылардың сын жанрына әсер-ықпалын кеңінен сөз етеді, сындағы солақайлық пен ымырашылдыққа азаматтық тұрғыдан шынайы сыншының жауап беруінің қажеттілігі айтылады. Автор әдебиет пен сынды тұтас бірлікте қарастырып, оның орнын, шындық пен шынайылық үшін күресін анықтайды.

«Жазушы мен сыншы шындықты жазып қана емес, күнделікті өмірде өмір шындығын айтып қорғауы тиіс. Өйткені тіл дегеніміз ойдың көрінісі болса, сөз дегеніміз де әрекет» дей келе «Ақиқат айтқан адам айыпты емес, керісінше, оны көріп тұрып көзін жұмып өткен адам айыпты», «Шындығында да өнерге, шындыққа және әділдікке өліп-өшкен сүйіспеншілік жоқ жерде сын да, сыншы да жоқ екен! Өмірде шындық үшін күресе білмейтін адам өнерде шындықты айтуды мұрат тұта білмесе керек», – дейді автор сыншы міндетін, шығармашылық келбетін айқындап.

Мұнда С. Әшімбаевтың өзінің де творчестволық портреті бар. Автор үшін шындық қымбат. Өмірдегі де, өнердегі де. Өмірде бір бөлек, өнерде бір бөлек болу мүмкін емес. Екіжарылған жерде шындық, ақиқат болмайды. Автор сын мұратын да осы шындыққа, хас өнерге тән көркемдікке, шеберлікке қызмет ету деп ұғынады. Ал шындықтың

жолы қашан да жеңіл болған емес. Әсіресе, кешегі С. Әшімбаев өмір сүрген тоталитарлық заманда. Сыншы қоғамдағы екіжүзділікті көрді. Парықсыздық пен ұлтсыздануды таныды. Осы ретте оның әдебиеттің көкейкесті мәселелерін қозғайтын әдеби сын мақалаларында қоғамның өткір жайларын шамырқана толғайтын азаматтық-адамдық көзқарасын сезінуімізді парасатты сыншылдық дүниетанымымен байланыстырсақ керек.

Сыншы, ең алдымен, шығарма табиғатын жақсы сезінуі керек. Оған сырттан сапа қосуға, не барын жоғалтып, тұқыртып айтуға автор келіспейді. Шындықтың, көркемдіктің нақ өлшеммен туынды табиғатын айқындау, дұрыс та нақты бағасын беру – сыншы мұраты осы болмақ. Ал автордың айтып отырған ой-толғамында өмірдің, өнердің өзі алға тартқан нақты көрініс-белгілері бар болатын. Мұны біз қазір де жоққа шығара алмаймыз. «Құрыққа сырық жалғап» жалған жазу кейде білімсіздіктен, парықсыздықтан туындап жатса, кейде жең ұшынан жалғасқан ағайыншылықпен, жалпақшешейлікпен ұштасып жатты. Ал С.Әшімбаевтың сыншылдық ұстанымында бұған жол жоқ. Өресіз шығарманы қаншама аспандатып жазғанмен, бәрібір ол әдебиетке де, сынға да абырой әпермейді. Сөз зергері Ғ.Мүсірепов жазбақшы, автордың әдебиеттегі орнын жазған шығармасының деңгейі, қалам қарымы анықтайды. Ақсақалшылдық нағыз өнерге жүрмейді. Жоғарыдағы келтірілген үзіндіден

С. Әшімбаевтың әдебиеттің келешегіне алаңдаған елгезек көңілін де аңдаймыз. Сыншы науқаншылдыққа қарсы. Жазушының мерейтойы деп, оңды-солды жазуға қарсы. Сын дегенің де өзінің арнасымен, басты бағытымен дамуы, әдебиетке, дарынды авторға қызмет жасауы тиіс. Сыншы автор менен оқырманды байланыстырып жататын алтын көпір іспетті болуы қажет. Осы ретте С. Әшімбаев мерейтойды күтпей, әдебиеттің дарынды тұлғаларының шығармашылық портреттерінің жазылып жатуын қалайды. Ол сыншының көрсеткеніндей сыпыра мақтауға, не даттауға құрылмауы керек. Суреткердің творчестволық өмірбаянын, өсу эволюциясын, адамдық-азаматтық болмысын оқырманына дүркін-дүркін жеткізіп жатуы орынды.

Сыншының «Жүгі ауыр жүрдек керуен», «Тарлан талант тағлымы» атты мақалалары жазылу мәнерінің өзгешелігімен бірін-бірі толықтырып жатады. Еңбектер парасатты ой-толғаныстарымен, ортақ та маңызды мәселе төңірегінде байыпты сыр қозғауымен мәнді. Алғашқы мақалада қазақ прозасындағы тақырып пен көркемдік, шеберлік мәселелері сырласу, сұхбат үлгісінде айтылса, кейінгі мақала ұлттық әдебиеттің алып тұлғасы Ғабит Мүсіреповпен болған кездесудің сырын, шығармашылық өмірбаянның былайғы көпшілікке беймәлім

тың парақтарын ашумен, сөз өнерінің толағай мұрат-міндеттері мен көкейкесті жайларын уақыт талабымен байланыстыра сөз егуімен құнды. Сол арқылы, кітаптың атынан аңғарылатындай, сыншы көңілінің талантқа тағзымы, шынайы туындыға құрметі мен оқырманға ыстық ілтипат-ықыласы айқын сезіледі.

Ал «Парасатқа құштарлық» атты еңбегі (1985), біздіңше, бұрынғы ерекшеліктеріне қоса, өмірге сүйіспеншіліктің, әдебиетке, сөз өнері ғылымына құштарлықтың, адамтану тақырыбын жан-жақты меңгерудің үлгісі. Мәселен, «Ұлылықтың бір қыры» атты мақаласында Ф. Энгельстің ғылыми ағартушылық еңбектеріне тоқталып, өмірбаяндық деректеріне, рухани өмірі мен шығармашылық ізденісіне назар аударып, оқырманы үшін даналықтың, күрескерлік рухтың сырын ашады. Парасатқа құштарлық әлемдік философтардың ой маржанын сүзуге, қажеттісін ексеуге ғана құрылмайды, академик М.Қаратаев жазбақшы, Абай, Сәкен, Мұхтар, Бейімбет, Илияс, Сәбит, Ғабит, Ғабиден тәрізді қазақ сөз өнерінің алыптарының парасат дүниесінің есігін ашуға, ондағы ойдың інжу-маржандарын оқырманмен бөлісуге бағытталады. Сыншы қарымының кеңдігі соншалық өзімен тұстас, өзінен кейінгі жас буын ақын-жазушылардың да шығармаларына, көркемдік ізденістеріне тоқталып, әдебиеттегі ендігі беталыстарына баға береді.

С. Әшімбаевтың «Шындыққа сүйіспеншілік» атты кітабына (1993) талғампаз сыншы З.Серікқалиевтің «Жүрекке түскен салмақ» атты алғы сөзі берілген. Онда Сағат Әшімбаевтың өнер әлеміндегі мұраты, соңына аманаттаған мұраларының маңызы, бірсыпыра сын мақала-зерттеулерінің, атап айтқанда, «Азаматтық формула», «Азаматтық позиция – айқындауыш күш», «Ақын жанын жабырқатқан жайлар», «Абай тағылымы – азаматтық тағылым» атты еңбектерінің әлеуметтік-эстетикалық, танымдық-рухани мәні ашылады.

Бұрынғы кітаптарында жарияланған таңдамалы мақалаларынан түзілген жинақ «Азаматтық позиция – айқындауыш күш», «Шындыққа сүйіспеншілік», «Қолжазбадан кітапқа» деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Мәселен, «Биік мұрат тұрғысынан», «Әдебиет және мораль», «Роман арқауы - әлеуметтік шындық», «Жаралы жылдар елесі» атты мақалалары «Сын мұраты» кітабынан алынса, «Өлең сөздің өрнегі», «Әдебиет мүддесіне адалдық», «Күрмеуі мол күрделі тақырып», «Парызға лайық парасатты сөз» атты мақалалары «Талантқа тағзым» атты әдеби-сын мақалаларынан іріктелген. Ал «Сыншыл ой туралы сыр», «Ізденіс бағдарын барлағанда», «Биік талап белесінен», «Ақын жанын жабырқатқан жайлар немесе Абай өлеңдерін жүз жылдан кейін оқыған соң туған ойлар», «Ғ.Мүсірепов туралы триптих» атты

мақалалары «Парасатқа құштарлық» атты кітабынан түзілген. С.Әшімбаевтың бір томдық жинағы ретінде құрастырылған бұл кітап тақырыптық-композициялық тұрғыдан сәтті орайластырылған деп санаймыз. Әр бөлімдегі әдеби сын мақалалар, портреттер, эсселер бірін-бірі мазмұндық-тақырыптық жағынан толықтырған.

С. Әшімбаевтың сыншылдық ерекшелігі – көркем ой мен қоғамдық-әлеуметтік, дүниелік құбылысты салыстыра-сабақтастыра алуы және сол арқылы маңызды философиялық ой түйге ұмтылысы дер едік. Ортаға, орта қалыптастырған әр алуан мінезге, жаратылыстың мәні мен адамдық мұрат-ізгілікке сыншылдық тұрғыдан үңіліп, ой сабақтау ұлы Абай туындыларының жаңашылдық сипаты болса, С. Әшімбаев та әдеби сын мақалаларында көркем шығармадағы кейіпкерлер тағдырын талдай отырып, адамдық категорияларға айрықша ден қояды. Өз ортасындағы қоғам тудырған әр алуан жағымсыз құбылыстар да сыншыны бейтарап қалдырмады. Осы бейтарап қарай алмаудың өзі С.Әшімбаевтың азаматтық-қайраткерлік тұлғасының іштегі шиыршық атқан күш-қуаты болды дейміз.

Тұтастай алғанда, С. Әшімбаевтың сыншылдық-эстетикалық көзқарасын қайраткерлік тұлғасынан бөліп алуға болмайды. Ұлтын, елін сүйген ғашық жүрек, арналы ой мен ізгілік қасиет, өмірге құлшындырған парасаттылық, білімдарлық – жинақтай алғанда, С.Әшімбаевтың сыншылдық-азаматтық тұлғасының ажырамас көрінісі. Жоғарыда шолу жасалған әдеби-сын мақалаларынан да автордың азаматтық позицияға беріктігін, адамгершілік концепциясын ардақ тұтуын, әлеуметтік-қоғамдық мәселелердегі белсенділігін танимыз. Өзі айтқандай, өмірде шындық үшін күресе білмейтін адам өнерде де шындықты мұрат тұта алмайды. Осы қағиданы С. Әшімбаев әдеби-сыншылдық өнерімен де, журналистік-қайраткерлік ісімен де дәлелдей білген.

С. Әшімбаевтың әдеби-сын мұрасына баға бергенде де заман-уақыт ықпалын ескеруге тиістіміз. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап әдеби процеске белсенді қатысқан оның мақалаларынан уақыттың талабы мен принциптері, өткір мәселелері көрінеді. Бірақ қай кезде де көркем шығармаға қойылатын басты талап біреу. Ол – көркемдік. Қандай мәнді идея, тақырып болмасын биік көркемдік талап тұрғысынан орындалмаса, нағыз өнер туындысыны болмайды. С. Әшімбаевтың өз кезеңіндегі әдеби процеске араласуынан осы аңғарылады. Орыс әдебиетінің классикалық дәстүрі мен бүгінгі ұлттық әдебиеттегі көркемдік ізденісті сабақтастыра-салғастыра қарастыра отырып, ақын-жазушы туындыларының жетістік-кемшіліктерін саралау, әділ баға беруге ұмтылыс сыншы еңбектерінің басты

сыншылдық принципі. Әдеби сын ешуақытта таза әдебиеттің жайымен шектеліп қалмайтынын, көркем шығармада көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселе сынның да өзекті әңгімесіне желі болып, өмір танытушылық құралына айналатынын, сол арқылы сыншының азаматтық тұлғасы айқындала түсетінін С. Әшімбаевтың мақалалары негізінде тануға болады.

С. Әшімбаевты сыншы, публицист деп даралауға келмейді. Ол – әдебиеттегі сыншылдық дарынын публицистикамен шебер байланыстыра білген күрделі, қайраткер тұлға. Оның қай әдеби сын мақаласы болмасын көркем туындыны жан-жақты талдай отырып, қоғамның әлеуметтік күрделі мәселелерімен тұтастыра ой қорытады, азаматтық позицияны бірінші орынға қояды. Сыншы-қайраткердің шығармашылық жолы мен азаматтық болмысында тұтастық бар.

3-СЕКЦИЯ

С. ӘШІМБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ-ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Нұғыман С.

ӘШІМБАЕВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Сағат Әшімбаев туралы сөз болғанда жиі қайталана беретін бір сөз бар. Ол – «аса білімді еді» деген тұрақты тұжырым. Еш жалғаны жоқ, шын сөз. Сыншының артында қалған мол мұрасын парақтап шыққанда осы тұжырымның ақиқат екеніне анық көз жеткізесіз. Және осы ұланқайыр мол қордың қомақты бір бөлігін әлем әдебиеті туралы терең білімнің иелейтінін де аңғарып, еріксіз тамсанасыз, іштей риза боласыз. Әрине, Сағат ағамыздың заманында туған сыншы үшін мұндай жан-жақты және тастүйін дайындық болмай болмас та еді. Неге деген сұрақ тууы мүмкін. Шамалы шегініс жасап өтейік.

Мен айтпасам да, жақсы білесіздер: Сағат ағамыз әдебиетке дендей араласқан уақыт «Жылымық» деп аталатын кемпіршауақ жылуы бар тыныш кезең өтіп, туған әдебиетіміз тосын сілкініп, жаңа бір дәуірге қадам қойған ерекше кезең болатын. Алдыңғы толқын ағалар – Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ақтанов, Тәкен Әлімқұлов, Бердібек Соқпақбаевтар өндіре жазып, күрделі де кесек туындыларын арт-артынан ұсынып жатқан, ал кейінгі толқын інілер – Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Мұхтар Мағауин, Оралхан Бөкей, Төлен Әбдік, тағы басқа жас жазушылар қуатты толқынға айналып, мәуелеп жеміс бере бастаған ұпайлы тұс-тұғын. Ұлттық сөзөнеріміздің барлық саласында күрделі өзгерістер белең алып, жаңа бағыттар айқындала бастаған жемісті жылдар еді. Ол кездегі әдебиеттің, соның ішінде, ұлттық прозаның даралап айтар айқын бір сипаты – психологизмге жаппай бой ұру болды десек, аса қателесе қоймаймыз. Бірнеше романы жарық көріп, жазудың ебін алып қаған Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ақтанов қатарлы тәжірибелі қаламгерлер өздерінің кесек кейіпкерлерін осы психологиялық анализ арқылы ашуға, жаңа әдіс арқылы тұлғалауға, сомдауға мықтап ден қойған, ал әлі жас талантты жазушылар Әбіш Кекілбеу, Асқар Сүлейменовтер бұл тәсілді тутас туындыларының жарыққа шығар формасына айналдырған бір қызық уақ-тын. Соны бастамаға сай зор ізденістер жасалып, қомақты еңбектер жазылып жатқан-ды. Ал осы айырықша уақыттағы өрелі шығармаларға баға беру үшін, әлбетте, сыншыларға да өз деңгейіндегі әзірлік болмай болмас еді. Сағат ағамыздың мұны дәл уағында пайымдап, іштей жақсы

дайындалғанында күмән жоқ. Оны сол кезде жазған мақалаларының жалпы ауанынан анық аңғаруға болады. Ол ғана емес, шынтуайтына келгенде, сыншы ағамыз осы бір дер кезінде қанат жайған оң үдеріске өз тарапымнан үн қатуға ниет қылып, құлшына қалам тербепті. Айналымға енді енген тың құбылыстың қаламгерлер тарапынан қапысыз игеріліп, терең меңгерілуіне, сөйтіп, туған әдебиеттің тұғырлы игілігіне айналуына теориялық тұрғыдан септік тигізейін деген болу керек, 1974 жылы «Биік мұрат тұрғысынан» деген көлемді мақала жазып, басқа да өзекті мәселелермен бірге, психологиялық анализ тәсіліне қатысты әлем әдебиетіндегі үлкен бір шығармашылық жаңалықты таныстыруға талып қылыпты. Ол бүгінгі таңда да қадір-қасиетін бір мысқал жоғалытпаған, батыс әдебиетінде «сана ағымы» делінетін, кейде «ішкі монолог» деп те аталатын шығармашылық тәсіл еді. Бастау көзінде М. Пруст, Ф. Кафка және Ж. Джойстар тұрған, кейін У. Фолкнер, тағы басқа да жас жазушылар ары жалғап әкеткен арналы ағымға Сағат ағамыз шұқшия тоқталыпты. Тарихы мен табиғатын қазбалай келе, бұл тәсілдің кейіпкер болмысын ашуда таптырмас амал екенін қадап айтады. «Сонымен, ішкі монологтың ерекшелігі не?– деп сұрақ қойып алған сыншы, бұл сауалға:

– Бажайлап қарайтын болсақ, мұнда кейіпкердің мінез-құлқын, ар-ұжданы мен ақыл-ойын, парасат пайымын, сезім әлемін, қысқасы, адамдық бар болмысының күнгейі мен көлеңкесін, тікелей іс-әрекеті арқылы ғана емес, сол объективтік әрекетке субъективтік көзқарасын, түйсігі мен түсінігін, өзінше сезініп қабылдауын, осы аралықтағы санадағы психологиялық процестердің өзгешелігі мен өзгерістерін типтік шеңберде реалистікпен суреттеу үстінде ішкі дүниесін ашуға творчестволық мүмкіндіктің жолы екен», – деп өзі жауап береді. Және бұл тәсілді қолдана отырып жазған орыс және батыс еуропа жазушыларының еңбектерін індете талдап, тәптештей түсіндіреді. Тың тәсілді қолдану үшін жазатын мазмұнның да соны болуы керек екенін, әйтпесе, еткен еңбектің бекер еш болатынын да ескертеді. Сөзінің соңында, бұл шығармашылық әдісті игеруде жазушының білім деңгейінің жоғары болуымен қоса, адам мен қоғам туралы интеллектуалдық концепциясының да берік орнығуы керек екенін қажетті бір алғышарт ретінде атап өтеді. Қазақ әдеби сынында Сағат ағамыз алғашқылардың бірі болып сөз еткен бұл шығармашылық тәсілдің ұлттық прозамыздың кезіндегі өрлеуіне өз ыңғайымен оң ықпал еткенінде ешбір күмән жоқ. Ал сол уақта басталған психологиялық проза мектебінің бүгінгі таңда барынша әлсіреп, үзілуге таяу тұрғанын ескеркергенде, көреген сыншы көтерген тақырыптың

қаншалықты өзекті екенін ап-анық аңғара аламыз. Мұны бір деп қойыңыз.

Туған әдебиетіміздің күнбе-күнгі тіршілігін кірпік қақпай күзететін қырағы бақылаушы болумен қатар, оның өркендеп, өсуіне қажетті зәру дүниелерді жан-жақтан жан сала іздеген елші кейпіндегі Сағат ағамыздың екінші кезекте назар аударған зор құбылысы – батыс әдебиетінде содан біраз жыл бұрын төбе көрсетіп, екпіні енді басыла бастаған, бірақ кеңестер одағының шекарасына жаңа ілініп, ықпалын өткізуге кіріскен «экзистенциализм» ағамы болыпты. О баста философия саласында жарыққа шыққан, кейіндеп көркемөнердің барлық тармақтарына дерлік әсер еткен, басында Ж. Сартр, К. Ясперс, А. Камюлер тұрған, сөзөнеріне де солар арқылы келген үлкен шығармашылық беталыстың, бұл ретте, қатырдан қалар жайы да жоқ еді. Әдеттегісіндей оның да жеті атасына жітіп, қайдан шыққанын, өз тұрғысынан тексеріп, тектей келе сыншы, артықшылық-кемшіліктерін таразға салып, өзінше безбендейді. Үйренетін жақтары бар екенін айтып болған соң, ат ізін аулақ салатын көлеңкелі тараптарының да жетерлік екенін ескертеді. Сол кездегі саяси жағдайға байланысты сақтық қылған болу керек, сөз арасында «кез келген адамның бойында болатын, болуы мүмкін, күйректік, сарыуайымшылдық, өксік пен өкінішті, қайғы мен мұңды, пессимстік көңіл күйді, эгоистік аңсарды жалаулатып алып, індетіп жаза беру де тұйыққа тірейді. Буржуазиялық әдебиеттегі экзистенциалистік ағымның жазушыларына тән бұл кемшілік, советтік суреткердің творчестволық позициясына жат нәрсе», деп қырын қабақ танытып бір тоқтайды. Және оған дәлел ретінде жаңағы ағым өкілдерінің бір-екі шығармасын сипай қамшылып талдап өтеді. Алға тартқан айғақ, сол негізде жасаған қорытындысына келіспеске әддіңіз жоқ.

Әлем әдебиетіндегі Сағат ағамыз, қысқа болса да, қызыға сөз еткен тағы бір құбылыс – философиялық роман жайы. «Интеллектуалдық планда жазылған, бүгінгі күрделі адамның күрбелте жан-дүниесінің күнгейі мен теріскейін, нұры мен мұңын, беймәлім сырлы сезімдерінің сілемін айқара ашып беретін, сан алуан соқталы да саф ойларға қалдыратын, көңіл көзін ашып, көкжиегін кеңейтетін, бір сәт осынау «жұмбақ та жалған» дүниенің иесі жұлын жүйкелі адам өмірінің өткіншілігі мен өкініштілігін, қуанышы мен жұбануын, сыры мен жырын, ащысы мен тұщысын алмастың алпыс алты қырын жеке-жеке суреттегендей көрсететін...» деп анықтама берген романның бұл түріне мысал ретінде, «әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған» деп «Ф.М. Достоевскийдің «Зауал мен залал», У. Фолкнердің «Даңғазалық пен долылық», Т. Маннның «Доктор Фаустус», А. Франстың

«Пингвиндер аралында», Я Кавабатаның «Мың қанатты тырналар», М. Горькийдің «Клим Самгиннің өмірі», Л. Леоновтың «Орыс орманы» романдарын жатқызады. Соңынан барып бұл шығармаларға «адам және қоғам деген күрделі де аса маңызды философиялық проблемаларға арналған» деген сипаттама беріп, «осы сияқты парасатты дүниелердің бәрі болмағанмен бірінің қазақ әдебиетінің тарихында туатын мезгілі жеткен сияқты...» деп, әлі тұмағанына өкініш білдіреді. Сосын сөзін ары жалғап, «Бізде әзірге ондай романдан гөрі, философиялық ойға құрылған бірен-саран әңгіме, повестер жағы бой көрсетуде... Әбіштің «Күйі» мен «Шыңырауы», Асқардың «Бесіні» (дұрысы, «Бесатар»), Оралханның «Өлі арасы» сияқты повесттерінде интеллектуальдык прозаның көркемдік нышандары біршама нақтылы елес беріп, оқиға мен образ логикасынан философиялық шешімдер, ой түйіндер байқалады» деп ұлттық прозамызда кіші жанрларда болса да философиялық терең ойлардың төбе көрсеткеніне қол соғып, қуаныш білдіреді. Осы арада өз тарапымыздан қоса кетер бір сөз, өкінішке орай, Сағат аға көтерген осы мәселе, яғни, философиялық роман жайы бізде әлі күнге сол өзекті күйінде тұр.

Сыншының қазақ қаламгерлеріне таныстыруға талпынған үшінші бір әлемдік шығармашылық тәжірибе, ол – Латын Америкасы әдебиетінің тосын өрлеуі екен. Иә, әлем әдебиетінің тек қана еуропа әдебиетінен тұрмайтыны белгілі. Егер әлемдік әдебиетті жер бетіндегі барлық халықтың озық сөзөнері қамтылатын кең ауқымдағы рухани кеңістік деп білсек, онда Латын Америкасы елдері әдебиетінің өткен ғасырдың ортасына қарай соншама тез қарқынмен жетіліп, ағалап алға шыққаны баршаға мәлім. Алыс-жақынды жақсы білетін адам ретінде бұл жағдай Сағат ағамыздың қырағы назарынан тыс қалмапты. Кезекті бір көлемді мақаласында осы бір ғажайып рухани өрлеу жайында сөз өрбітеді. Мұнда сыншы заманында «жарылыс» деп сипатталған әдеби құбылыстың жүз беруіндегі негізгі себептерді тереңдеп талдай келе, әдеттегісіндей қарқынды қадамның өзіндік ерекшеліктеріне де тәпештей тоқталады. «Бүгінгі Латын Америкасы әдебиеттерінің даму перспективасы айырықша болып отыр, – деп бастайды сөзін сыншы. – Шындығына келгенде, оның негізгі қозғаушы күші түсініксіз нәрсе емес. Атап айтқанда, Латын Америкасы әдебиеттеріндегі революциялық рух, суреткерлік белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, гуманистік көзқарас, парасатты дүниетаным, қысқасы, осының бәрі келіп шығатын азаматтық позициясы оны көркемдік-эстетикалық дамудың ең биік орбитасына шырқатып шығарып жіберді. Қазір әлем әдебиетіндегі лидерлік тізгінін Латын Америкасының жазушылары ешкімге бермей отыр. Сірә, таяудағы жирма, отыз жыл айналасында

басқалардың оны ала қоюы екіталай шығар. Өйткені, олардың қазіргі қарқынына қарағанда болашағы тіпті зор сияқты, творчестволық ішкі мүмкіндіктерінің параметрі осындай қорытынды жасауға еріксіз мәжбүр етеді. Чилилік Неруда, кубалық Алехо Карпентьер, бразилиялық Жоржи Амаду, аргентиналық Хулио Кортасар, венесуэльдік Мигель Отеро Сильве, колумбиялық Габриэль Гарсиа Маркес, гватемальдық Мигель Анхель Астуриас, мексикалық Карлос Фуэнтес, парагвайлық Аугусто Роа Бастос, перулік Марио Варгас Льоса және тағы басқалардың творчествосынсыз әлем әдебиетінің дамуын елестетуге болмас еді. Бұлардың қай-қайсысы да бұрын соңды жаңа көркемдік құбылыс – творчестволық уникум ретінде әлем жұртшылығын әлдеқашан мойындатқан белгілі тұлғалар» деп, мұқиттың арғы жағында жатқан қаймана қаламгерлердің еңбек нәтижесін тамсана дәріптейді. Олардың арасында әйел ақын Габриэл Мистраль және Мигель Астуриас, Пабло Неруда, Гарсиа Маркестердің әлемдік аламанда аты озып, Нобел сыйлығын алғанын үлгі етіп көрсетеді. Әрине, бұл мақалада сөз болған басқа да жайларға тереңдей тоқталуға орын тар. Сондықтан, баяндамалық тәсілмен осылай бетін сипап қана ары секіреміз. Бірақ, айтпай қалсақ болмайтын бір жай, сыншы мақаласында ашып айтпаса да, жалпы сөз сорабынан қандас қаламгерлер осындай озық үлгілерден өнеге алса, сол негізде ұлттық сөзөнеріміз биіктеп, құдды Латын Америкасы елдері әдебиеті секілді әлемдік деңгейді бағындырса деген көкейтесті ниет жер түбінен қылаң ұрады. Жазған еңбектерінің өміршең болуына, сәрі, төккен терімен қоса, осындай ұлттық әдебиетке шексіз берілген адал да әппақ көңілі игі ықпалын тигізген болу керек.

Әлем әдебиеті дегенде... оны жасайтындардың да жеке тұлғалар екені белгілі. Басқаша айтқанда, өз ортасынан озып шығып, дүние жүзіне аты мәлім болған өрен жүйріктер. Осы ретте, Сағат ағамыз тек бір ғана үлкен қаламгердің шығармашылығына жеке мақала арнапты. Ол – орыстың ұлы жазушысы Ф М Достоевский. 1974 жылы жазылған бұл мақаласының тақырыбын «Қорланғандар мен қор болғандардың жыршысы» деп қойыпты.

Көлемді мақаланың алдыңғы бөлімінде екі мәселі сөз болады. Оның біріншісінде Достоевскийдің әлем әдебиетінде өткен ғасырда даңқы шыққан әйгілі жазушыларға қалай әсер еткені қаузалса, екіншісінде, орыс жазушысының «Шекспирден кейін әдебиеттегі трагизмді өзі өмір сүрген заманға лайық, дамыта білгендігі» және «Лев Толстойдан гөрі капиталистік қоғам тудырып отырған моральдық құбылыстарды жан-жақты әрі батыл сынаған жазушы екендігі ешқандай талассыз шындық» екені, «демек, Толстой ғана емес,

Достоевский де орыс революциясының айнасы деуге толық болады» мәселесі қарастырылады. Сөз ұзаратын болғандықтан, бұл маңға бұдан ары тоқтамадық.

Ал, екінші бөлімде сыншы орыс жазушысының өсу кезеңдерін тілге тиек етеді. Біріншісі, әрине, жазуға машыктану кезені. Бұл кезенді сыншы «Белинскийдің ақыл-кеңестерін тыңдау бақытына ие болған» тәлейлі жылдар дейді. «Екінші кезең – жазушының Омскіде айдауда, Семей қаласында әскерде болған жылдары». Бұл уақытта жазушы «Азаттық өмірдің мәнін барынша терең түсініп... жақсылық пен зұлымдықтың ара жігін тынып білді. Сонымен қатар, адамдардың қиын-қыстау сәттердегі психологиясын зерттеп білді» дей келе, «Әркімге-ақ белгілі, Достоевский шығармаларындағы кейіпкерлердің үштен екі бөлігі түрмеде, солдаттық өмірде болған жылдарында кездестірген адамдар» еді деп сөзін бір түйіндеп тастайды. Ал үшінші кезеңге, 1860-1980 жылдар аралығындағы уақытты жатқызады. «Бұл кезең өте қайшылықты, сонымен қатар, жазушы үшін жемісті болды» дейді сыншы. Сөзін ары «негізгі романдары да осы кезеңде дүниеге келіп жатқанымен, заманның бағыт-бағдарына дұрыс түсіне алмауы жазушы творчествосына кесірін тигізбей қойған жоқ» деп жалғап, «Ол бойынан екі елі қалмаған жоқшылық пен мұқтаждыққа ғана налып қойған жоқ, Россиядан «адасып» қалғанына да қатты налиды» дейді. Айтқанына айғақ ретінде жазушының біраз қателіктерін жіпке тізе келіп, «Ал, Черняев сияқты жексұрындарды мақтауы гуманист Достоевский үшін ешқандай сыйымсыз еді. Бір айта кететін нәрсе, Достоевский бастапқыда Орта Азия халықтары туралы да теріс көзқараста болған адам. Бірақ, осы көзқарасының өзгеруіне, жақсы пікірге келуіне себеп болған Шоқан Уәлиханов екені белгілі» деп сөйлемін аяқтайды.

Сыншы тек мақаласының соңғы жағында ғана жазушы шығармаларын тереңдеп талдауды қолға алады. Біраз кесек шығармаларының атын атай келе, «Осылардың ішінде айтайын деген ойының концептуалдығы мен философиялық, өмір танытушылық мәнінің тереңдігі және көркемдік шарттарының әбден толықтығы, мінсіздігі жағынан айрықшасы «Зауал мен зауал», «Ағайынды Карамазовтар» сияқты романдары. Бұл екі дүние жазушының бүкіл әлем әдебиетіне психологиялық-философиялық роман жазуда қосқан елеулі жаңалығы деп қаралады. Біріншісі жазушы творчествосындағы бүтіндей жаңа идеялық-көркемдік арнаның басталуының, яғни, әлем әдебиетіндегі роман-трагедияның тұңғыш рет өмірге келуі еді. Бұған дейінгі әдебиет тарихында психотрагикалық осындай шығарма жоқ болатын... Ал, «Ағайынды Карамазовтары» Достоевский суреткерлік шеберлігінің шыңы, адам жанының барша қалтарыстарының нәзік те

бұралаң пернелерін соншама психологиялық дәлдікпен тап басып көрсеткен роман екенін жұртшылық әлдеқашан мойындаған-ды. Сондай-ақ, образ жасаудың, кейіпкер жан дүниесін берудің ұтымды тәсілі болып жүрген ішкі монолог та негізінен Достоевский романдары арқылы өмірге батыл енгенін айта кеткен жөн» деп сөзін тәмамдайды. 1974 жылы өмірге келген мақаланың не үшін жазылғаны тек осы тұста ғана мәлім болады. Баяғы туған әдебиетіміздің қамы ғой. Жоғарыда атқанымыздай, бұл ұлттық сөз өнерімізге, соның ішінде, қарасөз саласына психологиялық анализ тәсілінің дендеп еніп келе жатқан кезі-тұғын. Шығармашылық соны әдестің жазушылар тарапынан жақсы игірілуіне бұл мақаланың үлкен септігі тиді деген ойдамыз.

Әлбетте, әлем әдебиетінің қазақ көркем ойына Сағат ағамыз арқылы жасаған әсер-ықпал қарым-қатынасы бұнымен ғана шектелмейді. Уақыттың тарлығына байланысты біз осы арда тоқтауға мәжбүр болдық. Қалғаны алда тереңдей зерттеледі деген үміттеміз.

Сөзді қорыта келе айтарымыз: ұлттық әдебиеттің өсуіне тіке шығармашылық тәжірибемен қоса, өзгелер қол жеткізген озық үлгілердің, жаңа шаң берген соны бағыт-бағдарлардың тигізер септігі де аз емес. Әрине, ондай тың жаңалықтармен дер уағында танысып, өзіміздікіндей қылып сіңіріп әкетуде сыншылар қауымының атқарар рөлі айырықша болмақ. Себебі, олар ұлттық әдебиеттің күнбе-күнгі тыныс-тіршілігін бақылап отырумен қабат, өзге ел сөзөнеріндегі соңғы құбылыстарды, тың беталыстарды өз уағында байқап, көңіл таразысынан өткізіп, сонан соң барып оны қандас қаламгерлер назарына ұсынып отыруға да міндетті. Бұл үшін кемеріне толған кемелділік керек десек, сөз жоқ, Сағат Әшімбаев осы талап биігінен көріне алған санаулы саңлақтарымыздың бірі. Оған жазған шығармалары толық айғақ. Оның бұдан кейінде ұлттық әдебиетімізге тұрақты түрде қызмет ете беретініне күмән жоқ.

*Арықбаев Б.Т.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты*

ӘШІМБАЕВ ФОРМУЛАСЫ

Белгілі бір уақыт аралығында өзің үшін «жаңалық» тауып, бірақ сол олжанды әлі ешкім таппағандай, танымағандай күйге түсіп, күйгелектеп, айналаңа жар сала жүретін кез болады. Саған дейін талай көреген көз, аңдағыш көңіл тамсанып, таңырқаған байлыққа, сұлулыққа жақсылық жасағың келіп «Мынаны көрдіңдер ме?» деп дабырайтып

айтқаныңа кейін қатты ұяласың. Өзіңнен бұрын онымен етене жақын, таныс үлкендер бұл «жаңалығыңа» күле қарағанын кейін есіңе аласың. Кеш түсінесің. Бірақ сол кезде ұялатын, ыңғайсызданатын түк жоқ сияқты еді. Себебі, «тап-таза» едің... Сол «жаңалығыңды» тапқаныңа шүкір. Таппағанда, кезікпегенде қайтер едің?

Алдыңғының сөзімен айтқанда диалектика заңдылығы деген, осы шығар. (Кейін оқығандарымыздың жаңалық емес екенін енді түсініп жүрміз ғой!). Екінші курста әрқайсысымыз ақын, я жазушы болғымыз келіп бір-бір классиктің кітабын құшақтап жүретін кезде Жарасқан поэзиясына жолыққан едік. Оның лирикалық өлеңдері мен эпиграммалары, балаларға арналған жырлары мен сындары көңілімізді ерекше толқытты. Бір күні ақын болғымыз келсе, бір күні сыншы, келесі күні сатирик боламын деп Жарасқан қалам тартқан жанрдың әрқайсысын тіске басып көргенбіз. Тіпті ешкім оқымаған он бес шақты эпиграмма да жазылған. Махаббат туралы өлеңде сан жоқ. Жарасқанның арнау өлеңдері де объектісінің ерекшелігін, мінезін тап басып, юмормен де жазылатын. Енді, сондай топтамасына келгенімізде өмірден ерте озған достарын жоқтаған жырларына кезіктік. Кеңшілік Мырзабеков деген талантты ақын болғанын, Сағат Әшімбаев деген ғажайып дос, білімді сыншы болғанын сонда білдік. Ду-думанның, сырлы кештердің куәсі болған махаббат жырлары енді көп оқылмайтын болды. Одан гөрі Жарасқанның Сағат туралы айтқан ойлары көп толғандыра бастады. Албырт романтизм, жастық желік бір сәтке сап тыйылып, біз неге Жарасқан сияқты ақын, Сағат сияқты сыншы болмаймыз деген ой іштей мазалады. Сол арнауудағыдай сөзді бір-бірімізге айта аламыз ба, айта қалсақ соған лайық боламыз ба деген жауапкершіліктің алғашқы жүгін сонда ғана ойлағандай едік. Әбіш Кекілбайұлы «Үнемі бір жаққа асығыс аттанып бара жатқандай қапылатын да жүретін. Лапылдап атып, лапылдап батқан күн сияқты аса бір шуақты адам еді», деп еске алыпты. Бірде Нұрлан Оразалин де «Ол үнемі асығып жүретін. Бір жерде жаңа кітап шығыпты десе, елден бұрын тауып алып оқитын. Соны оқуға үлгермей қалатындай сезінетін. Шешен еді. Айтқанын жеткізе түсіндіріп, өз ойын дәлелдеп шығатын», деп еді. Оралхан Бөкейдің «Сағат оқыса жетеді. Содан сұрап алармын», деген әзіл-шыны аралас атақты сөзін естідік. Сағат Әшімбаев туралы естеліктердің қай-қайсысы да, ауызекі сөздің бәрі де ылғи жақсы сөз, риза лебіз. Соған лайық адам, сыншы, азамат бола білген қысқа ғана ғұмырында «көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейтін аталы сөзге пайымдық тұтастығымен жетіпті. Өзін жағалаған, ағалаған жастардың біреуінен көмегін аямапты. Қысыл-таяң шаққа тура келген замандасының көшін түзеуге жан салыпты. Ұлт басындағы кез келген

мәселеге ұсақ демей, ірі демей жан алысып, жан берісіп кірісіпті. Сағат Әшімбаевтың шыншыл болмысына, әділ сөзіне, ғибратты ғұмырына көзімізді сатып қараймыз, қызығамыз. Әшімбаевтың сындарымен танысқан шағымызда әдебиет деп аталатын бүтін әлемнің жай-жапсарына қаныға қоймаған, газет-журналдардан ғана көріп, оқып жүргеніміз болмаса тірі ақын-жазушымен таныспаған едік. Әдеби өмірдің былайғы жұрт естісе сенбейтін атмосферасын сезінбеген кезімізде бәрі кітаптағыдай болады деп ойлайтынбыз. Ардың сөзі ғана, әдебиет болашағы ғана талқыланып жататын рухани кемел әлемдей елестейтін. Көркем шығарма жарыққа шығады, сын жазылады, сыншы құрметтеледі деп ойлаппыз. Ылғи қошеметке бөленіп, сый көреді деп түсініппіз. Сыншыға бәрі жарасатындай еді. Әлдеқашан классик деп мойындалған ақын-жазушыларымыз Сағаттың сынына ілініпті, биік талғамынан өтпепті. Ә, солай болуы керек деп қабылдаппыз. Сөйтсек, Әшімбаев Кекілбаевша айтқанда: «өз тұсындағы әдебиеттің ескеруге болатындай есімдері мен туындыларының ешқайсысын да елеусіз қалдырмапты»; «өңкей көкей жасықтарды көзінен тізіп ап, өңшең арық-тұрықты иығынан шұқылап бағатын орынсыз қазымырлыққа салынбапты»; «нағыз жасықты жұрттың өзі айтпасаң да тани алады» деп түсініпті. Өмір көркем шығармадағыдай емес екен. Әдеби өмір сында да айқын көрінбейді. Шығармашылығына сын айтылған қаламгердің қандай күй кешкенін сыннан білуге болушы ма еді. Сыншының әдеби өмірге емес, сынға белсенді араласқанына куә кітаптары, естеліктері білімпаз адамның дидарын айқын көрсетеді. Пушкин заманында қандай ақынның кейін ескерілмей кеткенін, Толстойдың Пушкинді кімнің түсіндіруінен кейін мойындағанын, «Ағайынды Карамазовтардың» Достоевский өмірімен тікелей байланысын, Карамазовтардың прототиптерін Әшімбаевтың жазғанынан оқып алып, тап бір өзіміз тапқандай тоқмейілсу пайда болғанда тоғышарлыққа қарсы пайымдары сананды қайта бір сілкіп өтетін. Әшімбаевтың уайымы – әдебиет хәлі. Абай айтатын «уайымсыздығыңа уайым қылды» берік ұстанған сыншы халықтың рухын оятуға күш салып, қаперсіз жүрісін уайым етті. Сағат Әшімбаев айтқан әлеуметтік ой-сананың дамуы, эстетикалық мұрат, көркемдік талап, рухани тоғышарлық бүгін де әдебиеттің гөй-гөйі. Түзеле алмай жатырмыз ба, әлде енді оңалып келеміз бе деген сауалға соған уайым қылатын адамның жоқтығынан емес, Сағатша күйіп-піспегендіктен жауап таба алмай келе жатқан жоқпыз ба?! Рухани күйдің мүшкіл хәлін, проза мен поэзияның қайталауға ұрынғанын, сынның қайратсыздығын, драматургияның көңілсіздігін, публицистиканың қайтқан жүзін сөз қылғансып «ыңыранамыз да отырамыз». Нақты, не себепті осы күйге

душар болғанымызды білмегендіктен, одан шығудың тетіктері мынау-мынау деп ұсынбағандықтан, оның орындалуын табанды түрде бір-бірімізден талап етпегендіктен де рухани ауажайлышылыққа тап болып отырмыз. Неге сөзге тоқтауды ұмыттық? Тыңдауға ниет, естуге құлық болмаған соң, кім сөзін шығын қылғысы келеді. Майданды іздеп жүріп араласа кететін елдің бәрі Сағат еместігі еске түседі. Әдебиетке ерте араласып, ерте танылған сыншы алғашқы «Сын мұраты» кітабы үшін Жастар сыйлығын алды. Ой тәуелсіздігіне жету шығармашылық адам үшін ең қиын жол. Біреудің ықпалынан шықпау дамуға апармайды. Немесе бағалауда да өзге ұлттың жазушыларын өлшем етіп алудың өзі тәуелділіктің көрінісіндей еді. Оны біз қазір түсініп жүрген шығармыз. Бірақ қазақ жазушыларын «Қазақтың Шолоховы», «Қазақтың Чеховы» деуді қою керектігін алғаш айтқан да Сағат болатын. Сыншының артында қалған әдеби мұрасы – оның өмірлік қағидалары мен ұстанымдарының айқын көрінісі. Алпысыншы жылғы тегеурінді топтың ішінде әдебиеттегі сапарын сыннан бастаған ақын-жазушыларымыз біртіндеп проза мен поэзияға біржола ауысқан шақта айтарын айғайламай жеткізер, біліммен, парасатпен ұқтырар сыншыға әдебиетіміз зәру еді. Сол тұтса Төлеген Тоқбергеновтің қасына жас Сағат Әшімбаев іркілмей келіп қосылған. Содан өмірінің соңына дейін әдебиеттің – ардың сөзін айтып өтті. Нәзік, жараланғыш болмысы ұлт, әдебиет мәселесіне келгенде қайраттанып кететін тұлғаның сыни еңбектері кейінгі жас буынға үлгі орнына қала бермек. Мейлі кем айтқан тұсы болсын, қызбалықпен ақын-жазушылардан артық талап еткен тұсы болсын, соның бәрі сыншы өмірінде болуға тиіс жағдаяттар ретінде есте болады. Айналаңдағы қаламдастармен бірде тату, бірде кату тіршілік кешіп жүретінін, сонда да ар ісінен айнымауыңды Сағат жолы еске салып тұрады. Оның бүкіл шығармашылық өмірінің лейтмотиві – азаматтық. «Азаматтық манифесі айқын емес халықтың болашағы да айқын емес» деген Монтень сөзін өзі де берік ұстанды. Оның сыншылығы алдымен азаматтықтан туған ба деп ойлайсыз. Өйткені, туған елдің әдебиетінің дамуына мүдделі болды. Соған қызмет етті. Өзінің азаматтық парызы, борышы деп қабылдады. Сыншысы ғана емес, әдебиеттің жоқшысына айналды. Сағат Әшімбаевтың айтқандарын, «Азаматтық формуласын» ақыл емес, кеңес деп қабылдағанымыз жөн. Ол – Сағаттың өзінің манифесі. Ал оны біз ұлттың азаматтық манифесіне айналдыра аламыз ба? Ол өзімізге байланысты. Адам, ең алдымен, азамат болмай, ұлтына жақсылық жасамайды екен. Біз бүгін азамат деген сөзді жалпақ жұртқа қаратып айта береміз. Ал Сағат үшін ол ең биік дәреже еді. Оның қазақ телевизиясына «Жүректен қозғайық», «Парыз бен қарыз»

бағдарламаларын шығаруының бір төркіні осы болатын. Өзін осы жұмысты істеуге міндетті санады. Ол үшін қанша күресті, әр бағдарлама эфирге шыққан сайын қандай дау-дамайдың астында қалса да жеңілмегені сол азаматтық позициясынан – айқындаушы күшінен еді. Ұлт мәселесінде кез келген дүниеге немқұрайлы қарамау керек деп түсінді. Келеңсіз құбылыстар, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты, озық пен тозықты, жақсы адам мен жаман адамды айырмаудың кесірінен болып жатқанын ашық айтты. Бұл жерде ол енді әдебиет сыншысы емес, қоғам қайраткері ретінде көрінді. «Государства погибают тогда, когда не могут более отличать хороших людей от дурных» деген Диоген сөзін тарқатып талдауы ең алдымен оның мемлекетшілдігін көрсетер еді. Азаматтық пен немқұрайлылықтың одақтаса алмайтынын, осы екеуін ажырата білуді түсіндіруге тырысты. «17-18 декабрь! 1986 жыл. Мен бұл күндерді ұмытқан күні ұлт намысы деген ұғымды да ұмытатын шығармын. Ал оны ұмытқан жерде барыңнан да жоғың жақсы» деп жазыпты күнделігінде. Азаматтық позициясын – формуласын кейінгі ұрпақ ұстанар, я ұстанбас. Ұлт намысын өмірден биік қояр, я қоймас. Оған Сағат зәру емес, біз мұқтажбыз. Әшімбаев өзі сол формуласынан бір ауытқымай ғұмыр кешкеніне сенесің. Ұлт болу үшін алдымен азаматтық, азамат болу үшін рухани елгезектік қажет. Соны ұғындырудың бір жолы жаппай насихатпен айналысу еді. Сағат Әшімбаевтың азаматтық болмысы Желтоқан оқиғасы кезінде айрықша көрінген. Ең көп айтылар сөз, ескерілер мінезі осы болса да, одан аттап та кете алмайтының тағы аян. Рубикжан Яхинге тапсырып, алаңдағы көріністі түсіріп алған кезі, ондағы қағажулар мен қақтығыстар естеліктерде анық жазылған. Көлбай Адырбекұлының «Казахское дело» мақаласындағы жан тебіренерлік оқиғалар Сағат Әшімбаевтың сыналған тұсы екенін де қазір ойлайсың. Сол сыннан аман өткен, сол амандыққа ұлтжандылығымен қапысыз жеткенін кейінгі біз бағамдай алсақ, сол да – сабақ. Алаңда қақаған аязда дірдектеп, бір-біріне жабысып отырған қаракөздердің тұсынан қолынан қайран келмей «қайтейін-ай» деп өтіп бара жатып, жан қалтасындағы дәрісін өзі алуға шамасы келмей қалғанын көз алдына елестетудің өзі жанға ауыр. Жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің «Желтоқсан» әңгімесіндегі көңілсіз көрініс тура сол естелікті оқыған кезде көз алдына келеді. Өзің де іштей «қайтейін-ай» деп күбірлегендей боласың. Тура сол қысылтаяң шақта Сағат Әшімбаевтың басына төнген қауіптен біреу қорғаса, біреу қуанды. Сағат өзі сәт-сапар тілеп, қолдау көрсеткен екі інісі «Парыз бен қарыз» хабарынан кейін үстінен арыз жазып, жоғарыға шағымданыпты. Онсыз да қайта-қайта Орталық комитеттің жиналысына түсіп жүрген

Әшімбаев үшін бұл оңай соққы болмағаны анық. Осы оқиғаны айтқан Болат Қазиев ол «інілерінің» атын атамауды жөн көріпті. Көлбай Адырбекұлы да қазбаламапты. Бізге де керегі шамалы. Әйтеуір, олардың есімін жақсы білетін жанның барын білемін. Ең алдымен, ұстаз алдында, ұлт алдында қарабет болу тіпті «оңай» екенін есте сақтауға жақсы. Сағат Әшімбаевты «Алашорданың көзқарасын насихаттаушы», «ұлтын әсіре көтермелеуші» деп қудалап (жоғарыдағы арыз негізінде), біраз әурелеген. «Алтын қордағы» «Бес ғасыр жырлайды» хабарының біразын ұлтшылдықтың сарыны бар деп қырқып тастапты. Содан жиналыстан-жиналыс, тергеуден-тергеу болып, әбден қалжыратқан. Бірақ оған бола жеңіле салған Сағат болмапты. Әшімбаевқа жазылған жоғары жақтың теріс мінездемесін, сол жиналысқа қатысқан (жиналыстың мақсаты Әшімбаевты Телерадио комитеті төрағасының орынбасары қызметінен босату) ұжымы түгел жоққа шығарып, адал азамат, іскер басшыны қорғап қалыпты. «Жұрт тарап жатқанда Әшімбаев отырған орнынан қозғала қоймайды. Жанынан өтіп бара жатқан Рафаэл Жұмбаев жапсарлас орындыққа тізе бүкті. Зал іші босаған кезде Әшімбаев терең күрсініп, іштегі шерін бір-ақ шығарды. Қоңырқай жүзі күңіреніп: «Реке, ұжымыма ризамын!», – деп қою кірпігін жұмып-ашқанда, қос жанарынан қос тамшы төмен қарай жылыстады» (К.Адырбекұлы. «Казахское дело»). Ұлтының рухани қазынасы үшін талмай қызмет қылған тұлғаның дидары жарық. Өзі ғана, осының бәрін мен істесем деген өзімшілдікке салынған жоқ. Халықтың керегіне жарайды-ау деген адамдардың бәріне қолұшын созды. Бұл, ең алдымен, ұлтқа жасалған жақсылық деп есептесек болады. Сағат Әшімбаев тәуелсіздікті көрмей кетті деп мен өкінбеймін. Ол көрмеген жарық күнді ұрпағы көрді, ұлты көрді. Сексен алтының қаһарлы күні табандап тұрып алған ұлтының қайратын көрді. Халқының алдындағы азаматтық ерлігі үшін билікке жақпай, таяқ жегенде қорғап қалғандарға қаратып: «ұжымыма ризамын!» деген сөзі енді уақытпен жаңғырып: «Ұлтыма ризамын» деп естілетіндей. Ұлтың да саған риза!

Қастай Д.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің студенті
Ғылыми жетекшісі – с.ғ.д., профессор Г.С. Сұлтанбаева

**ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БАСТЫ КРЕДОСЫ – АҚИҚАТ:
ЖУРНАЛИСТ САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ АВТОРЛЫҚ
ТЕЛЕХАБАРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Журналистика – қоғамның ақпараттық өмірінің айнасы. Ол тіршілікті қарапайым сипаттап қана қоймай, онда болып жатқан іс-әрекеттер жөнінде бұқараға ой тастайды, қоғамға жол сілтейді, халықтың бағыт-бағдар алуына көмек береді. Осылайша уақыт ағымында маңызды қоғамдық – саяси рөл атқарып, жұртшылықта әлеуметтік белсенділік туғызып, шындықты нақтылай ашып, дамудың жаңа жолдарын өзінше жариялап отырады. Журналист бұл салада қоғамдық-саяси қызмет жасаудың өнерін игере біліп, әлеуметтік процестерге кәсіби үн қосады, авторлық еңбегімен ұрымтал келеңсіздіктерді шешуге белсене араласады. Себебі, ол қандай да бір мәселені көтермесін оның бәрін халықтық тұрғыдан қозғауға, ұлттық мұрат тұрғысынан ұғындыруға басым күш салады, әрқашан аудитория жағында сөз көтеріп, бұлжымас халықтық позиция ұстайды. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамдағы басты ақпарат кезеңдерінің міндеттерін жан-жақты түсініп, жас ұрпақты тәрбиелеу және тағы да басқа толып жатқан сан-саладағы көкейкесті міндеттерді қоғамдық индивидтердің бойларына сіңіру үшін парасаттылық тұрғысынан барын салады. Бір сөзбен, осы аталған мұраттардың ізгілігінен үнемі көрініп, журналистиканың тезінен тайқымағандары - экран биігінде, журналистиканың тарихи сатыларында жетерлік. Соның ішінде өзінің мамандығы үшін жаралған болмыс-бітімімен, әдеби сының қазанында еркін қайнап, ұлтының борышына, халқының мақсұтына аянбай қызмет еткені бар. Оның ғұмыр сәулесіне жеке бастық қамы, дүниеқоңыздық атаулары мүлдем жат. Кірікпейді де! Өйткені, оның парасат биігінен түспеген перзенттік жалғыз атауы – журналист, журналист Сағат Әшімбаев.

Талантты сыншы, әдебиет әлеміндегі жақсыға жаны қуана, жаманға жирене қарайтын, алғыр ойлы азамат алпысыншы жылдардың орта шетінде “синкретті өнер” атанған теледидар саласына ден қойды. Оның «тележурналистиканың төбе биі атанған» Нүртілеу Иманғалиұлымен ақылдаса жасаған алғашқы хабары “Жүректен қозғайық” деп аталады. Бұл құрылымы жағынан — телеклуб түрінде

өтетін хабар. Осыған дейінгі Дулат Исабеков жүргізген “Әдептен озбайықты” Сағат Әшімбаев осылайша “Жүректен қозғайық” деп алмастырды. Хабарда бір топ білімді, ойы озық, көзі ашық азаматтар ұдайы эфирге шақырылды. Түрлі тақырыптарды талдады. Бағдарламаға телевизиядағы жауап беретін Жүрсін Ерманов бастаған шығармашылық топ алғашқы хабарларды Алматы малдәрігерлік және Қазақ ауыл шаруашылығы институттарында өткізді. Түрлі тақырыптарға орай студент жастар мен келетін қонақтар өз көзқарастарын, байламдарын білдірді. Сағат Әшімбаевтың алғашқы телевизиялық хабарларына қатысқан қонақтар сапында Ұлықпан Сыдықов, Мақаш Тәтімов, Күләш Ақжолтаева, Өтебай Қанахин, Әбдімәлік Нысанбаев, Бақтажар Мекішов сынды түрлі саланың жүйріктері бар. “Жүректен қозғайықтың” барлығы 14 саны түсірілді [1]. Олар телевизияның көпшілік аудиторияға арналған:

- ақпараттық;

- мәдени – ағартушылық;

- ұйымдастырушылық;

- танымдық функцияларын уақытылы жүзеге асырып отырды.

Кейіннен Сағат Әшімбаев телевизия саласына жанрлық ерекшеліктеріне қарай жіктегенде теледискуссиядан тұратын жаңа бағдарлама “Парыз бен қарызды” енгізді. “Парыз бен қарыздың” телевизиялық миссиясын талдағанда:

1) қазақ теледидарында қазақ зиялыларының басын қосып проблемалық мәселелерді ұтымды көтеру;

2) айтулы ақындар- жазушыларды, танымал ғалымдарды бір үстелдің басына жинап, олардың ел, ұлт туралы толғақты ойларын халыққа жеткізу;

3) көгілдір экран арқылы ұлт рухани танымын кеңейту мәселелерін ашып алу орынды. Сағат Әшімбаевтың осы авторлық бағдарламасына өз заманының қатарлас жазушысы Ғаббас Қабышев: «Басқасын былай қоя тұрғанда, көгілдір экранды ой ордамызға, көңіл айнамызға айналдырған «Парыз бен қарыз» хабарының бір өзі ғана Сағаттың Халық Ұлы, Қазақ Ұлы екенін танытып берген жоқ па!?»- деп баға берді. Сағаттың кезекті осы хабарына бірде Камал Смайылов пен академик Төрегелді Шарманов қатысады. Эфир басталғанда комментатор қазақ мектебінде оқып, алыс ауылда білім алған адамдардың ешкімнен кем болмағанын айтады. Бұл “ұл-қызымыз қазақша білім алмаса, ортасынан кем қалады” деген қисынсыз пікірге берілген дәл соққы еді. Сағат: “Міне, менің қасымда екі азамат отыр. Екеуі де сонау Жезқазған даласында, қасиетті Ұлытауда туып-өскен, қазақ мектебін бітірген. Қараныздаршы, осылар қазір кімнен кем?” деп

қонақтарды экраннан таныстырды. Камал Смайыловтың кейінгі естелігінен тележурналистке: “Өзінің сезімтал білгіш әдегімен біздің білім-тәжірибеміз, атқарған қызметтеріміз туралы қызына айтып, сол жолы қазақ мектебінің намысын, маңызын қорғап жатты” [2] деген мәліметтерді кездестіруге болады.

Бүкіл Қазақстан Желтоқсан көтерілісін бастан кешкенде Сағат Әшімбаев басын бәйгеге тігіп, аландағы оқиғаларды шатырдан түсіртіп алды. Ол оның өз мамандығына деген адалдығының белгісі. Журналист осылайша тарихи бейне жасады. Алайда оны, сексенінші жылдардың соңында ғана жарыққа шығару мүмкіндігі туған... Сағат Әшімбаев, сонымен қатар, проблемалық хабарлар жасаудың шебері. Әсіресе, Семей ядролық полигонын жабу туралы бүкілхалықтық қозғалыс кезінде талантты журналист экран бетінен түспеді. Арал теңізі тартылып кеткендіктен, оның маңындағы халықтың судан да у ішіп, ауадан да у жұтып отырғаны туралы ащы шындықты апта сайын айтып, дабыл қақты.

Сағат Әшімбаев өзінің ортасында көзінің тірісінде-ақ бағаланған талант. Жалпы, қоғам қайраткері, халқының сүйікті азаматы Сағат Әшімбаевтың бүкіл шығармашылық, қайраткерлік қызметін негізгі үш салада бөліп қарастыруға болады. Яғни, ол – белгілі әдебиет сыншысы; осы уақыт тынысын дөп баса білген жалынды журналист-публицист, халқының қамын жеген, елі үшін күрескен қоғам қайраткері. Міне, осы құндылықтарының тізгінін тең ұстап, шын мәніндегі үлкен азамат болып қалыптасып, халқының алдында парызын өтеп кетті [3]. Оның қыруар еңбегі мен журналистік жалыны көбіне үлгі болып қана қоймай, қазақ журналистикасы мен публицистикасын жаңа биікке көтерді. Онымен бірге жүрген қатарлас достары, жазушы-ақындар, саясат қырандары Сағаттың көкірегінде тұнған алтын сандықты байқап, оған жылы лебіздерін білдірді. Мысалы, Төлен Әбдіков өзінің «Батыл да байыпты» жазды атты естелік мақаласында: «Жақсы адамды еске алсаң, жаның тазаратын секілді. Сағат мінезге бай, жақсы жігіт болатын әрі талантты еді... Батылдық пен туралық – мінездің тентектігі емес, ол өмірлік принциптен, адалдықтан, жауапкершіліктен тұрады. Сағатта осылардың бәрі болды [4]» десе, қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов: «...Сағат өзі жасаған көптеген әдеби-публицистикалық, проблемалық бағдарламалар қазақ телевизиясының алтын қорына қосылды...Қиындығы да қызығы да мол Телевизия басшылығында қайратты парасатты ұйымдастырушы қырынан көре алды...[5]»-дейді. Сағатты мәңгілік парасат биігінен көріп, оның табиғатына әділ де адал пікір айтқандардың бірі жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Тұрлыбек Мәмсейіт. Ол өз пікірінде майталманға: «...Қыран

ғұмыр кешіп, өмірден ерте кетпкенімен, орнында ошағы, отты өшірмес ұрпағы бар, соңында мол әдеби мұра қалдырған, адамдықтың туын биік ұстап, азаматтық формуласын жасаған, сөйтіп өзі де парасат биігіне көтерілген мемлекет, қоғам қайраткері Сағат Әшімбаевтың ұлттық көркемөнерімізден алатын орны таудай десек, халық жүрегінен оның мәңгілік орын алатыны да күмәнсіз...[6]», - деп оңтайлы, дөп баға береді.

Саналы ғұмырында туған халқының қалыбына, рухани мәдениетінің көтерілуі мен ұлттық сана-сезімінің дамуына Сағат Әшімбаев бар күшін салды. Оның көңіл руханияты адалдық аталатын өлкеде қанат жайып, ұрпағын ұлылыққа бастады. Ол жасаған телефильмдер мен жанарының жаратылысында қалып, уақыты болғанымен ғұмыры жетпей кеткен «Асыл мен мысал», «Қасиет пен қасірет» туындылары да халықтың көз алдында қалықтап, көмескі тартпай тұрады да қояды. Оның қаламынан төгілген әрбір сөз өзінің құзырына еніп, оқырманның санасын сілкілейді. Себебі, оның дарынын көкте ұстап тұрған бір таңба болса, ол – шынайылық. Хас талант өмірінің әр өткелінде азамат, сыншы, журналист, қайраткер, адал әке бола білді. Атаққа емес, абыройға қызмет етті. Екі жеңін түріп, өзінің бастаған ісіне бел шеше кірісіп кететін оның табындылығы туған жеріндегі Хан-Тәңірінің табиғатын аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қарағұлов Ә. Баспасөз және уақыт тынысы. (Жылдар. Адамдар. Оқиғалар). – Алматы: Қазақстан, 1976. – 143 б.
2. Смайылов К. Естеліктер. – Алматы: Қазақстан, 1987. – 76 б.
3. Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. (бірінші том). Әдеби сын. – Астана: Елорда, 2006. – 13 б.
4. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: 1982. – 50 б.
5. Әшімбаев М. Сағат. (Естеліктер мен эсселер). – Астана: Елорда, 2012. – 114 б.
6. Әшімбаев М. Сағат. (Естеліктер мен эсселер). – Астана: Елорда, 2012. – 116 б.

4-СЕКЦИЯ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Темірболат А.Б.,
*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің қазақ әдебиеті және әдебиет
теориясы кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

ПРОГРАММИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Метод программированного обучения был впервые предложен американским профессором-психологом Б.Ф. Скиннером в 1954 году. Он сразу же получил развитие в трудах ведущих зарубежных ученых. Его отдельные положения были разработаны российскими специалистами: Талызиной Н.Ф., Ильиной Т.А., Беспалько В.П., Гальпериным П.Я., Матюшкиным А.М.Ю Вадюшиным В.А. и др.

Программированное обучение подразумевает работу студента по некоей программе, в процессе выполнения которой, он овладевает необходимыми знаниями. Оно предоставляет возможность строить процесс обучения с учетом индивидуальных особенностей аудитории.

Роль преподавателя в данном случае заключается в отслеживании психологического состояния студента и эффективности поэтапного освоения им учебного материала, при необходимости регулирование программных действий.

Основными характеристиками программированного обучения выступают:

- индивидуальный темп обучения;
- полное усвоение учебного материала;
- пошаговый контроль;
- высокий уровень самостоятельности.

Обучающая программа складывается из последовательности шагов, каждый из которых представляет собой микроэтап (step) овладения студентом определенными знаниями или действиями. Каждый шаг программы обычно состоит из 3 кадров:

- 1) информационного, в рамках которого дается необходимая информация об изучаемом предмете, явлении;
- 2) контрольного, проводимого в форме задания для самостоятельного выполнения;

3) управляющего, предполагающего проверку студентом решения поставленной перед ним задачи и на основе результатов проверки получения им указания о переходе к следующему шагу[1].

В зависимости от характера шагов различают три алгоритма обучения:

- линейный,
- разветвленный,
- смешанный и др.

Данные алгоритмы могут быть реализованы путем использования компьютеров, программированных учебников, методических материалов и т.д.

При линейном обучении студенты проходят все шаги обучаемой программы последовательно. Задания при этом обычно сводятся к тому, чтобы заполнить одним или несколькими словами пропуск в информационном тексте. После чего студент сверяет свое решение с правильным, которое до этого было закрыто. Если его ответ оказывается правильным, то он переходит к следующему шагу. Если же его ответ не совпадает с правильным, то он повторно выполняет задание.

Основные принципы линейного программированного обучения:

1) принцип малых шагов, предполагающий градацию учебного материала на малые части (шаги) в целях облегчения его усвоения обучающимися;

2) принцип немедленного подтверждения правильности ответа, предполагающий возможность студентом проверить правильность своего ответа на поставленный вопрос при переходе к следующему заданию;

3) принцип индивидуализации темпа учения, предоставляющий обучающемуся работать в оптимальном для него темпе;

4) принцип постепенного роста трудности, предполагающий построение учебного материала по мере его усложнения;

5) принцип дифференцированного закрепления знаний, предполагающий неоднократный повтор выводов, важнейших положений в различных контекстах с конкретными примерами;

6) принцип единообразного хода инструментального учения, предполагающий линейную структуру обучения.

Разветвленная программа обучения предполагает использование таких контрольных заданий, в которых шаги состоят из задачи или вопроса и набора нескольких ответов, в числе которых обычно один правильный, а остальные ошибочные. Студент выбирает вариант, являющийся, по его мнению, верным. Если он выбрал правильный

ответ, то получает подтверждение и указание о переходе к следующему шагу программы. Если студент выбрал ошибочный вариант, ему разъясняется сущность допущенной ошибки, и он получает указание вернуться к какому-либо из предыдущих шагов программы или же перейти к некоторой подпрограмме.

Смешанная программа обучения строится на основе синтеза линейных и разветвленных программ.

Ее отличительными особенностями являются:

1) деление учебного материала на различные по объему части (шаги) в зависимости от дидактической цели, которая должна быть достигнута в результате освоения данного фрагмента программированного текста с учетом возраста обучающихся и особенностей рассматриваемой темы;

2) подготовка заданий, подразумевающих как выбор студентом правильных ответов, так и заполнение пробелов, имеющихся в тексте;

3) невозможность перехода обучающегося к следующей части программы без овладения им содержанием предыдущей (присуща всем видам программированного обучения, но при смешанном играет особую роль);

4) дифференциация содержания отдельных частей с учетом способностей проявляемых обучающимися и степени их достижений в освоении дисциплины.

Важнейшим условием программированного обучения является разработка текста (программы) в соответствии с предъявляемыми требованиями.

Программированное обучение в современной науке относят к дидактической системе, а не просто к методам или формам занятий. Ибо его основу составляет разработка программы – определенной последовательности учебных действий и операций обучающегося и преподавателя.

Существенными особенностями программированного обучения являются:

1) обратная связь, обеспечивающая систематическую информацию о продвижении студента (учащегося) в усвоении программного материала и позволяющая управлять ходом образовательного процесса;

2) цикличность, подразумевающую повторяемость последовательных учебных операций при изучении разных частей (шагов, фрагментов) учебного материала.

Программированное обучение включает несколько операций, выполнение которых направлено на освоение определенного объема

знаний, завершение конкретного этапа обучения. Например, оно может быть использовано на занятиях по истории казахской литературы. Тема практического занятия «Анализ сюжета рассказа М.О. Ауэзова “Серый Лютый”»

Шаг 1.

Операция 1. Получение и освоение обучающимися новой информации: прочитать рассказ М.О. Ауэзова «Серый Лютый».

Операция 2. Восприятие и осмысление обучающимися предложенной информации: понять содержание и сюжет произведения.

Операция 3. Проверка полученных знаний с помощью контрольных вопросов: раскрыть основную идею рассказа М.О. Ауэзова «Серый Лютый»; охарактеризовать проблемы, поднятые писателем; описать героев произведения; определить место и время действия.

Операция 4. Проверка полученных знаний с помощью тестов:

Назовите имя мальчика, являющегося главным героем рассказа М.О.Ауэзова «Серый Лютый»:

- а) Курмаш;
- б) Ержан;
- в) Хасен.

Как звали волка, вокруг которого разворачиваются основные события рассказа?

- а) Аккаска;
- б) Тасшайнар;
- в) Коксерек.

Какая проблема поднята в рассказе М.О. Ауэзова «Серый Лютый»?

- а) проблема взаимоотношений человека и общества;
- б) проблема взаимоотношений человека и природы;
- в) проблема «человек и цивилизация».

Операция 5. Оценка ответа, которая сразу же объявляется обучающемуся: правильно / неправильно; точно / неточно; полно / неполно и т.д.

Операция 6. Альтернативное указание о дальнейших действиях:

а) если ответ правильный, точный, полный, то дается указание перейти к изучению новой информации, заключенной в **Шаге 2**.

Переход к шагу 2. Начало нового цикла:

Например:

Операция 1. Получение и освоение обучающимися новой информации: прочитать работы литературоведов, изучавших рассказ М.О.Ауэзова «Серый Лютый».

Операция 2. Восприятие и осмысление обучающимися предложенной информации: запомнить особенности языка и стиля произведения) и т.д.;

б) если ответ неправильный, неточный, неполный, то дается указание еще раз прочитать рассказ М.О.Ауэзова «Серый Лютый», разобраться в его содержании, получить консультацию у преподавателя и т.п. После чего даются *дополнительные контрольные вопросы и задания*, выполнив которые обучающийся переходит к освоению шага 2.

Использованная литература:

1. Программированное обучение. Цели, виды программ // <http://biofile.ru/psy/11474.html>
2. Ситаров В.А. Дидактика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., стереотип. – М.: Академия, 2004. – 368 с.
3. Технология программированного обучения // <http://psyvision.ru/help/pedagogika/43-ped-tech20/480-ped-tech3>
4. Лебедева О. В., Хайновская Л.П. Программированное обучение на уроках русского языка // Концепт. – 2015. – № 10 // <http://ekoncept.ru/2015/15374.htm>

*Болатова Г.Ж.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті, филология
ғылымдарының докторы,
Әбдісәмет Қ., 2 курс студенті*

С.ӘШІМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

«Қоғамды қозғайтын, адам санасын өзгертетін тұлғалар болады. Олар өзінің қатарынан, заманынан озық туады. Өткен ғасырдың алпысыншы – сексенінші жылдарының арасы қазақ руханиятына дарындыларды үйіп-төгіп беріп-ақ еді. Өкініші, солардың көбінің ғұмыры қысқа болды. Орыс әдебиетінің бағына туған Писарев секілді күйрықты жұлдыздай жарқырап жанып, ағып түскен жарықтарымыздың бірі – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына, ұлттық сананың өсуіне үлкен үлес қосып кеткен асылымыз Сағат Әшімбаев еді» (М.Жолдасбеков).

С.Әшімбаев сынға аса бір сүйіспеншілікпен қарап, оны шынайы өнер ретінде бағалаған. «Сын – өнер, – дейді ол, – сын уақыт қажеттілігіннен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой сананың өзгеше бір формуласы». Ендеше оның да өзіндік ерекшелігі, жазылу стилі, мазмұны мен түрі, көркем заңдылықтары бар. Публицист сыннан жоғарыда көрсетілгендей өзіне тән өзгешеліктерімен бедерленіп, философиялық ой тереңдігімен, сындарлы тұжырымдарымен тартымды оқылуын талап еткен. Сөйтіп, көркем шығарманың өзіне тән эстетикалық әсер ләззаты болатыны сияқты сынның да өз эстетикасы барын саралайды. Сыншы жазушыны да, тың қауым оқушыны да ойлантып, толғантуға, өз пікіріне сендіріп, илантуға, ойлай білуге үйретуге тиісті екенін зерделейді. «Өнерге өліп-өшкен шынайы сүйіспеншілік жоқ жерде сын да жоқ,» – дейді А.Пушкин – осыдан таратсақ сынның аты шындық та, заты – сүйіспеншілік. Өйткені, достық сын жек көруден емес, сүйіспеншіліктен туады. Сондықтан да сынның аты ащы болғанымен, заты тұщы, демек, шын мәніндегі сын шындыққа сүйіспеншіліктен ғана туады», – деп ойын өрбіте түседі С.Әшімбаев. Сөйтіп, сынды үлкен өнер тұтып, осы жолда барлық мүмкіндігін сарп етуді көздемеген адамнан сынға еш уақытта пайда келмейтіндігін тұжырымдайды. Сын туралы ақпарды осындай шеберлік дәрежесінде жеткізу білу кез-келген сыншының қолынан келмесі хақ. « Жазушының белгілі бір шығармасын

сөз ету, яғни оның қуанышын, жақсылығын жан-тәнімен ақтарыла айту сыншылар үшін таптырмайтын ең қажет қасиет».

Сын дегеніміз – объектісін, эстетикалық, әлеуметтік, философиялық тұрғыдан талдай отырып, оқырманды жан-жақты ойлауға, жағдайға басқаша көзқараспен қарауға үйрететін жанр. Сын, сыни шығарма қай кезде де қоғамдық-әлеуметтік ойдың жаршысы, философиялық-эстетикалық ойлаудың шырқау шыңы болған кезде ғана шынайы өнер шығармасы қатарынан орын алады. Сағат Әшімбаев өзінің сын туралы еңбектері мен сыншыл ой туралы толғаныстарында сол кезеңдегі, яғни, өткен ғасырдың 70-80 жылдардағы әдеби көркем сынымыздың жай күйіне жан-жақты талдау жүргізеді.

«Қазақ әдеби сынының күн тәртібінде тұрған проблемалары аз емес, – дейді Сағат мырза келесі бір «сыншыл ой туралы сыр» атты мақаласында, – қазіргі сынымыздың хал-жағдайы, творчестволық атмосфераның деңгейі даму тенденциясы да байсалды әңгімеге зәру.» Бұл тұрғыда сынымыздың өткен кезеңдеріне сын көзімен қарау, объективтік қорытындылар жасау өмір талабы, уақыт қажеттілігі екендігін ескертеді.

1970 жылдар сынына жаңа серпіліс, өзгеше бетбұрыс әкелген негізгі құжат СОКП орталық комитетінің 1972 жылғы «әдеби көркем сын туралы» қаулысы болды. Бұл тарихи қаулы әдеби көркем сынның эстетикалық даму процесіндегі түбірлі жаңа бетбұрыстың, жаңа кезеңнің басталуының басы болды. «Сынға деген сынаржақ көзқарас түзелді, енді сынның өзі түзелуі керек» деп, оның сынға белсене араласқан тұсы осы кезең.

Қаулыда сол уақыттағы әдеби сынымыздың жетістігі, табысы терең талдана келіп, кейбір сын мақалалар мен рецензиялардағы үстірттік, қарабайырлық, мазмұн қуалаушылық, ой-пікір жұтандығы, эстетикалық-философиялық деңгейінің төмендігі атап көрсетілген болатын. Осы орайда С.Әшімбаев аталған қаулыны басшылыққа алған «Жазушы» баспасының «Уақыт және қаламгер» атты сын мақалалар жинағын шығара бастағанын қуана құптады. Сын әдебиет теңізінің компас құбылнамасы. Бұл тұрғыда жаңағыдай ұжымдық сын жинақтарының танымдық, тағылымдық рөлі айрықша болмақ. Осы «Уақыт және қаламгердің» осы бес кітабын алып өзінің сыни ой-пікірлерін «Сыншыл ой сипаты» атты мақаласында жалғай түседі сыншы.

Ең бастысы – «Уақыт және қаламгердің» осы бес кітабын ынта ықыласпен оқып шыққан адам соңғы он жылдағы әдеби өміріміздегі көркемдік процеспен біршама таныса алады. Сыншы туған халқының рухани мәдениетін, оның алтын қайнары әдебиетін білмеу біліксіздік,

рухани бейшаралық екенін айтып, «Уақыт және қаламгер» бес томының осы орынсыздықтан құтқаратынын, өздерін интеллигент санап жүрген азаматтардың туған жұртының әдебиетін оқымайтындығына қынжылысын да жасырмайды.

Бұл ойын ары қарай дамытып: «Қазіргі әдебиетіміздегі сапасы жоқ сан қуу мен көбірек көлемге әуестік етек алып, оой айтудың ойсырап бара жатқандығына көз жұмып қарау азамат сыншыға абырой болмаса керек» - дейді. Сондай-ақ, әділ сынның азайып кеткендігіне қынжылатынын, «жоқты бардай, барды дардай көріп болмашыға мәз мейрам болушылық сын үшін әдебиетке әдейі жасалған әдепсіздік» екенін айтады. Өзінің мұндай тұжырымға келуіне, «Уақыт және қаламгер» тоқсанға жуық мақаланың ішінен әдебиеттегі көркемдік, бірақ барынша шын ірң адал жазылған ең болмаса тоғыз мақаланың болмағандығы себеп болған екен.

Сыншы С.Әшімбаев баспалардан шығып жатқан сын зерттеу кітаптарының бір де біреуін көзінен таса қылмай әрқайсысын қадағалап оқып, зердесіне түйіп отырған. Сол кезеңдерде жарық көрген З Қабдолов «Жебе» Р. Бердібаев «Ғасырлар толғауы», Т.Тоқбергеновтың «Үш тоғыс», С.Оразалиновтың «Шындық және көркемдік шешім», С.Байжановтың «замандас туралы толғау», А.Нағыметовтың «Адам және қоғам», Ш.Сәтбаеваның «әдеби байланыстар», «Өрнекті өріс» кітаптарына арнайы тоқталып, талдап саралайды. (Сыншыл ой сипаты)

Ол кітаптардың әрқайсысының алдына қойған міндеті мен жеке мақсат-мұратын, көтерген проблемасы мен көрсеткен мәселесін, қамтыған тақырыбы мен айтар ойын, талдау ерекшелігі мен өзіндік қорытындыларын, стильдік өрнектері мен тың тұжырымдырын т.б өзгешеліктерін тап басып танытып, олардың сынға қосқан үлесі мен орнын нақты көрсетіп береді. Сонымен бірге осы біразына тән ортақ жағдай, ортақ кемшілік – талдау мен пікір айтудағы концептуалдық жаңа көзқарастың жоққа жақындығын, бүкіл әдеби процеске немесе белгілі бір көркем шығарманы тарихи, социологиялық, философиялық, эстетикалық тұрғыдан алып жинақиап қараудың жете бермейтіндігін де батыл атап өтеді.

Кезінде М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтың т.б еңбектері жеке кітап болып басылып шықты. Олар – «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және әдебиет», «Өсу жолдарымыз», «Өміж және поэзия» сияқты дүниелер болатын. Қазақ сынының жай күйін жіті қадағалап, қандай кітап жарық көрді, кім не жазды, сынға кім қандай үлес қосты деген мәселелерге қатысты қатты көңіл бөліп, қалт жібермей отыратын С.Әшімбаев бұл турасында «Ащының дәмін татқан біледі, творчество азабын тікелей басынан өткеріп жүрген ақын, жазушы

жазған сындарлы сынның эстетикалық эффектісі профессионал сыншының төл еңбегінен тең түсіп жатпаса, кем түспейді» – дейді. Сөйтіп, олардың сыншыл көркем ойымыз көкжиегінің кеңейе түсуін мысқылдай болса да септігін тигізетініне құрметпен қарайтынын білдіреді.

Әшімбаевтың сыны байыпты да байсалды терең талдаулардан тұратын парасатты сын болды. Оның әрбір мақаласы өзін үлкен ойшыл, философ сипатында танытты. «Сыншыл ой туралы сыр» мақаласындағы: «Шамалы демекпіз. Сыншы таланты – аса сирек талант. Сыншылық екінің бірінің қолынан келе бермейтін қиын өнер екендігін кезінде сынның корифейі Белинскийдің жақсылап айтып кеткендігін білеміз. Сондықтан да сынды кез келген білімі таяз, білігі төмен теориялық даярлығы жоқ, сын эстетикасынан, тарихынан хабары шамалы жанардың ермегіне айналдырмау – сын абыройын қорғау болып табылады» деген жолдар соның дәлелі.

Оның «Биік мұрат тұрғысынан», «Әдебиет және мораль », «Роман арқауы – әлеуметтік шындық» аталған мақалалары осындай нағыз сындарлы сынның үлгісі дерлік ізерлі ізденістен туған дүниелер. Оларда өткен ғасырдың 70-80 жылдары жарық көрген прозалық шығармалардың жай – күйі, әсіресе роман сияқты күрмеуі мол күрделі жанрдың қыр-сыры, ерекшелігі, өзіне тән көркемдік жаңалықтары, көтерген мәселесі мен қозғаған проблемасы, қамтыған тақырыптары, осыған орай қаламгерлердің шығармашылық ізденістері, сюжет дамытудағы, образ жасаудағы, композиция құрудағы, мінез айшықтаудағы шеберлік тәсілдері әр қырынан салмақты саралана келіп, жалпы сол кезең әдебиетінің келбеті көз алдымызға тартылып, автордың сыншыл ойы жаңаша түйінделеді. Шындығында оның қаламынан туындаған сыни еңбектердей шығармалар жазу оның замандастарының да қолынан келе бермеді.

Өз өмірінің соңғы жылдары Абайға көбірек жүгініп, («Ақын жанын жабырқатқан жайлар», «Абай тағлымы – азаматтық тағылым») б) өмірдегі көп сауалға жауапты Абайдан тауып: «Абайдан артық ақын, Абайдан асқан данышпан да, кеменгер де жоқ. Абай биігі, Абай тағлымы - арманым», - дейтін. Ол «... Абай поэзиясының ұлылығының бір сыры – адам танудағы болуы мүмкін қателесуден, яғни соның соқтықпалы салдарынан орынсыз опық жеуден, жазықсыз жапа шегуден сақтандырады! Бұл қызықтыру үшін айтылған қызыл сөз емес. Шындығында да Абай поэзиясының адамтану мен адамтанудағы рөлі бүгінгі таңда тіпті айрықша. Ол адамды әр түрлі қателесулерден сақтандыру арқылы бәрімізге де көл -көсір көмегін тигізіп келе жатқан ақындардың ақыны», – деп, Абай поэзиясына баға береді.

Сындағы ілгерілеушілік пен жетістікті айтумен бірге сыншы, әңгіме орайына қарай, олық тұстарды да анық көрсетіп отырады. Соның бірі сын мақалалардың жазылуындағы формальық ізденістің аздығы. Таныс әуен, таптаурын соқпақтан арыла алмау, анығырақ айтқанда, «сын мақалалардың жазылу формасы өте жұтаң, біржақты, композициялық құрылымы да жадағай» деп қынжылады. Әсіресе, эссе, творчестволық портрет, интервью-полемика жанрыныңәлі бір ізге түсіп, дамымай отырғанын тілге тиек етеді.

Қазақ сынының өз кезіндегі жетістік-кемшілігін саралаған сыншы сол кезеңде әдебиетшілер арасында ара-тұра шаң беріп қалатын сынға риза боламаушылық, тіпті «бізде сын жоқ» деген сөздердің мәнісіне де егжей - тегжейлі тоқталады. «Тегінде «бізде сын жоқ» деген сөздің астарында екінші жағынан шындақ ат жоқ емес, – дейді бұл тұрасында, - шындығы сол, өзі де аз әрі санаулы ғана сыншыларымыздың творчестволық белснділігі де бәсең болып отыр». Сыншы пікірі – ақиқат. Бар кілтпан осында. Әдебиетші ғалымның бәрін сыншы санатына қосқанымызбен, олардың бәрі бірдей сыншы емес екенін, негізінде ол ғалымдарымыздың сыннан гөрі зерттеулерге көбірек араласатынын айтады сыншы. Жоғарыда «сын жоқ» немесе «санаулы ғана сыншы» дегеніміздің бір себебі осында жатқан сияқты. Екіншіден, әдеби процестегі көркемдіктің жай жапсары туралы толымды сындардың аздығы да «сын жоқ» дегеннің себебі болып отырғанына тоқталады. Бұл да рас.

Жоғарыда айтылып кеткен мәліметтерді ескере келе, оқушыларға немесе студенттерге берілген шығарманы талдау барысында туындыға сыни көзбен қарау, сын категорияларына негіздеп талдау үшін С.Әшімбаев еңбектеріне сүйенбесе болмайды. Сын жанрында, сын әлемінде сыншының алар орны ерекше. «Уақыт және қаламгер» еңбегінде білім алушы әдебиеттің барлық жанрларындағы біраз жаңа туындылардың жетістік–кемшілігі, қазіргі проза мен поэзиядағы негізгі бағыттар тұтастай алып қарағандағы көркем сөз әлеміндегі сүйініш пен күйініш туралы тың тұжырымдыр, маңызды мағлұматтар табылары сөзсіз. С.Әшімбаев жалпы сынға қатысты бір-екі мәселені де ортаға салады. Олар жеке жанрлар бойынша маманданған жанкүйер сыншылардың жоқтығы, сондай –ақ күрделі теориялық проблеманы, эстетикалық категорияны қуып, терең зерттеп жатқан сыншының аздығы, сонымен қатар сыншылардың белгілі бір мәселені тілге тиек еткенде басқа елдер әдебиетіндегі ұқсас құбылыстармен, тарихи деректермен салыстырып қарауға шорқақтығы, теориялық тұжырымдар жасауға ұмтылғанда фактіге негіз етіп тек қазақ әдебиетіндегі белгілі материалдарды айналсоқтап шиырлай берушілік сияқты мәселелер еді.

Әшімбаевтың қазақ сынының олқы тұстары туралы айтқан мұндай пікірлері дәлелді де нақты және қай кезде де өзінің мән – маңызын жоймайды деп ойлаймын. Және де оқыту үдерісінде осы мағлұматтарды пайдалану өте маңызды. С.Әшімбаев еңбектері берілген шығарма немесе романдағы жағдайға біржақты қарап қана қоймай, тереңінен жағдаятқа енуге, болашақ сыншы ретінде жағдайға дұрыс баға бере алуға үйретеді. Сондықтан сұндай еңбектердің оқыту үдерісінде алар орны ерекше.

Қазыбек Г.Қ.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент

КИНО ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДУБЛЯЖ АУДАРМА

Кино - әр салалы және алуан жанрлы өнер. Киноның салалары мен жанрларының туу, қалыптасу, даму тарихы бар. Сондай-ақ оларды бірінен-бірі ажырататын, жеке-жеке даралап сипаттайтын әрқайсысының өздеріне ғана тән көркемдік тәсілдері мен амалдары бар.

Әрине, әдебиет те, театр да, музыка да, сондай-ақ бейнелеу өнері де көп жанрлы және көп салалы өнер. Олардың да творчестволық мүмкіндіктері орасан мол. Олардың шығармаларын бірден болмаса да бара-бар қыруар адам оқи да, көре де, тыңдай да алады. Олардың да көркемдік әсері зор. Дегенмен, олардың шығармашылық мүмкіндіктері киноның мүмкіндігіне тең келе алмайды. Киноның құшағы кеңірек, серпіні алысырақ.

Киноның бұл қасиеттері ең алдымен оның синтезді өнер екенімен байланысты, былайша айтқанда ол қасиеттер әдебиет пен театрдың, музыка мен бейнелеу өнерінің озық шығармашылық дәстүрлерін киноның өз бойына әбден сіңіріп, өмір шындығын әсерлі сипаттап көрсету жөніндегі өзінің көркемдік тәсілдері мен амалдарын зор байыта түсуінен барып туған табиғи қасиеттер.

Роман, повесть, поэма сияқты әдеби шығармалар оқиғаларды кітап бетінде жазба түрде баяндау арқылы ғана өрістете алады. Сондықтан да оқырмандар оқиға көріністерін өз көзімен тікелей көре алмайды. Кітап бетінен оқығанын олар өз ой-қиялымен белгілі бейне ретінде көзіне елестетеді. Ал, бейнелеу өнері өмір құбылыстарын көрермендердің көз алдына тікелей әкеліп, көрнекі суреттей алады. Бірақ, бейнелеу өнері өмір құбылыстарын, сондай-ақ белгілі бір

оқиғаны әбден шығармалардағыдай ілгері өрістете алмайды, тек мүлде қозғалмайтын жансыз қалыпта ғана суреттейді.

Кино өнеріне келсек, өмір құбылыстарын, оқиғаларды әбден шығармалардағыдай бірден ілгерілетіп өрістете де алады және бейнелеу өнеріндей көзге көрінетіндей етіп көрнекі суреттей де алады. Мұның үстіне музыканың жүрек тебіренерлік әсерлі күшін де, сондай-ақ театрдың шебер актерлер ойыны арқылы көрермендер сезімін ерітерлік ықпалын да кино еркін пайдаланады.

Киноны синтезді өнер дегенімізден әдебиет пен бейнелеу өнерінің, музыка мен театрдың барлық қасиеттерін түгелдей сол қалпында өз бойына бірден жинақтай сіңіре салады деген жабайы ұғым тумасқа керек. Кино өнерінің тек өзіне ғана тән ерекше қасиеттері де өте мол. Әдебиет пен бейнелеу өнерінің, музыка мен театрдың көркемдеу мүмкіндіктерін, шығармашылық амалдарын кино өз қасиеттеріне үйлестіре бейімдей, батыл өзгерте пайдаланады.

Кино өнерінің шығармасы, яғни фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлері: кинодраматург (сценарий авторы), режиссер (автор ойын жүзеге асыру жолдарын анықтап, олардың орындалуына жетекшілік етуші), актер (кейіпкер тұлғасын экранда жасаушы), оператор (сәуле құбылысының барлық шарттарын ескере отырып, болып жатқан оқиғаны композициялық түрде кадрға түсіруші), суретші (оқиға орны мен киім-кешектің эскизін, ал мультипликациялық фильмде кейіпкердің сыртқы пішінін жасаушы), композитор. Сондай-ақ, фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар да (инженерлер, техниктер, лаборанттар мен жұмысшылар) үлес қосады; алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

Кино өнері - өзіне тән мәнерлеу амалдары, көркемдеу тәсілдері, эстетикалық заңдары мен шығармашылық дәстүрлері бар дара өнер. Көріністі әр тұстан, әр мөлшерде қамти бейнелеуі, адам өмірі мен табиғат құбылыстарын нанымды көрсете алуы, сондай-ақ кадрларды үйлестіре құрау тәсілінің тиімділігі кино өнерінің шығармашылық мүмкіндігін кеңейте түседі. Фильмді бірден миллиондаған адам көреді. Көрермендер ой өрісі мен білімін толықтырып, эстетикалық ләззатқа бөленеді, тәлім-тәрбие - жақсыдан өнеге, жаманнан сабақ алады.

Кино өнері негізінен төрт салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі кино, мультипликациялық кино және ғылыми-көпшілік кинематографиясы. Көркем фильм жазушының өмір шындығынан алып жазған сценарийі бойынша актерлердің қатысуымен жасалатын шығарма. Деректі киноға мәні зор жағдайларды нақты оқиға түрінде бейнелейтін фильмдер мен киножурналдар жатады.

Мультипликациялық (анимациялық) кино суреттер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып, фильм жасауды көздейді. Ғылыми-көпшілік кинематографиясы – жаратылыс пен қоғам құбылыстарын ұғындыратын һәм ғылыми жаңалықтармен, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Кино өнеріндегі жанр мәселесі (кинороман, киноповесть, кинопоэма, кинокомедия, киноочерк т.б.) кинодраматург пен режиссердің шығармашылық даралығы мен эстетикалық көзқарасына тікелей байланысты. Оның сан өзгеріске ұшырап, түр жаңғыртып кейде өзара бірігіп отыруы заңды құбылыс. Фильм жасау, оны көпшілік қауымға көрсету ісі шебер техниканы, қыруар қаржыны талап етеді. Әсіресе, фильм түсіру, жасау, әрі оның көшірмелерін көбейтіп басып шығару аса күрделі процесс. Кинофильм өндірісінің технологиясы кино жасауды ұйымдастыру жағынан бірімен-бірі байланысқан шығармашылық, техникалық бірнеше кезеннен тұрады. Оның ең алғашқы шығармашылық негізі - әдеби сценарийден басталады. Ал ең соңғы кезеңі киностудия жасап шыққан жаңа туындымен аяқталады.

Кино өнерінің басты саласы көркемсуретті кинематография болып табылады. Көркемдік бейнелер жасау тәсілдері мен амалдары жағынан сондай-ақ өмір шындығының ішкі мәнін айқындау, оқиғаны кең және терең өркендету мүмкіндіктері жағынан көркемсуретті кинематография өте бай.

Көркемсуретті кинематографияның өзіндік белгілерін, сондай-ақ негізгі шығармашылық принциптерін әңгіме еткенде, ең алдымен, оның негізі - сценарий екенін айта кетуіміз қажет. Әдеби сценарий кино өнерінің көптеген басқа салаларында да - документті кинода да, ғылыми-көпшілік кинематографияда да, мультипликациялық және оқу киносында да қолданылады. Бірақ, әр саланың сценарийі әрқилы. Көздеген мақсатына, шығармашылық бағытына байланысты олардың әрқайсысының өзіндік өзгешеліктері бар.

Көркемсуретті фильмдердің әдеби сценарийі - өмір шындығына, белгілі бір оқиғалар мен фактілерге берік сүйене отырып, жазушының өз ой қиялынан тудыратын көркем шығарма. Осылай болғандықтан сценарий авторы оқиғаны өзінше өрістетуге, сондай-ақ кейіпкерлер әрекетін өзінше белгілеуге, драматургиялық жағдайларды өз ойынан шығаруға әбден ерікті. Тек осылардың барлығы өмір шындығына өте сыйымды және нанымды болуы шарт. Автордың айтары өмір құбылыстарын түйіндеуі жоғары идеялы, өте көркем және аса әсерлі болуы керек.

Көркемсуретті кинематографияның екінші ерекшелігі оның шығармалары актерлердің тікелей қатысымен жасалатыны.

Көркемсуретті кинематографияны кейде ойналатын кино деп те атайды. Ойналатын көріністер ғылыми-көпшілік, оқу мен мультипликациялық кинода да кездеседі. Дегенмен актерлердің көркемсуретті кинодағы атқаратын, қызметін бұларға теңеуге болмайды.

Көркемсуретті фильмдерді әсемдейтін, көрермендер жүрегін елжіретер бірде лепіртiп қуантар, бірде қынжылтып ренжітер, сан алуан ой туғызар керемет әсерлі күш – актер, оның мәнерлі ойыны, нанымды қимыл-әрекеті, сыр ашар бет ажары, көзі.

Кино өнерінде актер мен жазушы шығармашылығы тығыз байланысты. Жазушының сценарийдегі айтам деген ойын көрермендерге мәнерлеп жеткізетін, оған жан беретін актер. Ал, актердің дарынды талантының жарқын ашылуына мүмкіндік туғызатын, шығармашылық азық ретінде коректендіретін, рухтандыра әл беретін жазушы еңбегі - әдеби сценарий, оның үйлесімді драматургиясы, шиеленіскен қызықты оқиғасы, кесек образдары.

Кино өнері – басқа өнер түрлері ішінде интернационалдық табиғатымен ерекше, көзге түседі. Кинематография тек синтетикалық өнер ғана емес, халықтар, адамдар достығының перзенті[1,6].

Көркем сөз, әдебиет, аударма, театр, музыка, бейнелеу т.б. көптеген өнер жиынтығының мәйегі болған кино өнері қазіргі таңда жан-жақты даму үстінде. Кино өнерін дамытудың жолдарының бірі – ұлттық әдеби шығармалардан нәр алып, жергілікті халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріннің ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен бай тарихын пайдалану арқылы заман суретін көрсете білу және ұлттық өнерді әлемдік деңгейге көтеру[2,35].

Қазір кинематография жүйесінде перспективалық тақырыптың жоспарлау тәсілі қолданыла басталды.

Ол бойынша елдің, қоғамымыздың өміріндегі негізгі даму бағыттары, басты тенденциялар мен құбылыстар, ірі-ірі проблемалар айқындалып, сосын олардың киностудиялардың тақырыптық жоспарларына енуі қамтамасыз етіледі. Әдебиетте әр жазушы өз тақырыбын өзі табады, өзінше ұғым, талғамына қарай өзі таңдап алады. Ал, кино – синтетикалық қана емес, жасалу табиғаты жағынан коллективтік, таралуы жағынан бұқаралық өнер болғандықтан, оған түсер салмақ та ерекше мол. Жақын болашақта қағаздың орнын пленка алады, кітап орнына экран жүреді деп болжайды ғалымдар.

Қалай болса да, кино қазір қолынан бәрі келетін және өзін қалағанның бәрі көретін (театрды өзің іздеп барасың, ал кино өзі іздеп келеді, фильмді қалаған кезінде көре аласың) өнерге айналды. Ол өнер телевизия арқылы заманның ғаламат күдірет-күшіне айналып отыр.

Сондықтан да, мұндай күдіретті күшті орнымен, барынша тиімді, нәтижелі пайдалану қажет [3.114].

Аударма - сөз өнерінде өзіндік орны бар үлкен бір күрделі сала. Оның сөз дамытудағы мәні де айрықша зор. Өйткені аударма арқылы бір халықтың таңдаулы көркем туындыларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады. Көркем аударманың ең негізгі атқаратын қызметі - әдеби, мәдени байланыс, яғни рухани үндестікке көпір болуы.

Қай халықтың тарихына көз салып қарасақ та, ол өзінің мәдени, рухани байлығын ең басты екі негізден алып дамытып отырған. Бірі - өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі - өзге жұрттың мәдени байлығын игеру. Осылай әр халық өзге елдің рухани дүниесімен сусындай отырып, өз мәдениетін өркендеткен. Осындай игі істің жандануына аударма айрықша қызмет атқарды.

Тіл – қатынас құралы. Әр елдің өз тілі болғандықтан, еларалық қатынастың бірден-бір көмекшісі ол – аударма. Сондықтан, кино өнерінде де аударманың алатын орны айрықша.

Сөз Алланың адамға берген үлкен сыйы, сондықтан оған шынайылықпен қарау керек деп Н.Гоголь айтпақшы, кино мәтінінің де өзіндік көркемдік ерекшеліктері мол. Өйткені ондағы монологтар мен диалогтар арқылы көрермен жүрегіне жету үшін бейнелі көріністі ақпараттау образ, көңіл-күй, эмоциялар сөз арқылы жақсы, ұғымды, әрі орынды жеткені дұрыс.

Бір тілде жасалып шыққан фильмді екінші тілге аударуды дубляж деп айтамыз. Дубляж жасау өте бір күрделі процесс. Демек, бір жасалған фильм қайта туып, екінші бір түр-сипатқа енеді.

Фильмдерге дубляж жасау дыбысты фильмдердің өмірге келуіне байланысты. Баяғы дыбыссыз фильмдердің кезінде дубляждың қажеті де болмайтын. Дыбысты фильмдердің шыға бастаған күндерінен бастап оның әр ұлттың санасына жетуі, әр ұлт өкілдеріне түсінікті болуы қиынға айналды. Міне, осы тосқауылдан бөгелмей өту тілегі өмірге дубляжды алып келді.

Фильмдерді дубляждау қиынның қиыны. Ол ерекше кәсіби шеберлікпен қатар шығармашылық ойлау жүйесінің кеңдігін, актер шеберлігін қажет етеді. Бұған қоса дубляж қызметкерлері тілдік нормадан жан-жақты хабардар болуы керек. Яғни, дубляж дегеніміз – сегіз қырлы, бір сырлылықты қажет ететін мамандық.

Ертеректе дубляжды өнер емес деген көзқарас та болған. Ол өзінің өміршендігін, халыққа қажет өнер екендігін дәлелдеді.

Дубляж жасау процесіндегі бірінші міндет сценарий мәтінін аударушыға жүктеледі. Дегенмен, мәтіндегі диалогтарды жолма-жол аудару салу жеткіліксіз. Ең алдымен, сол мәтіндегі сөздердің синхронды

(дыбыс, ырғақ мөлшерінің текстегі сөздермен бірдей болуы) және түпнұсқада сөйлеп тұрған актер мен оны аударып тұрған актердің ерін қимылдары бірдей болуы керек.

Мұнда ең қиын соғатын нәрсе, ол – бір сөзді әр тілде сөйлегенде еріндердің қимылдары да (артикуляция), сөздің мөлшері де (ұзындығы я қысқалығы) әр түрлі болады, яғни екі тілде айтылатын бір сөздің алатын уақыты да, бірі ұзақ, бірі қысқа болып екі түрлі мөлшерді қамтиды. Міне, осы бір қиын процесті реттеп, түзетіп, жөндеп, бір жүйеге келтіретін адамды редактор – «укладчик» деп атаймыз. Бір фильм мәтінін түгелдей «мөлшерлеу» (укладтау) үшін редактор көп күн бойы жұмыс істейді.

Осыдан соң дубляжға қатысатын актерлерді іріктеп алу керек. Бұл да өте бір жауапты кезең. Түпнұсқадағы актердің сөзін дәлме – дәл келтіре алатын, дұрыстап айтып бере алатын актерлерді іріктеп-сұрыптап ала білсең, істің алға басқаны. Әйтпегенде, талабың тасқа ұрып, жігерің құм болып, бір сағаттық жұмыс он сағатқа созылуы әбден мүмкін.

Дубляж режиссерлерінің бәрі де түпнұсқадағы актерлерге дауысы да, сөз сөйлеу мәнері де сәйкес адамдарды табуға тырысады. Дубляж өнерін әрбір актер жете біле бермейді. Дублердің әрбір сөзі синхронды болу үшін өте-мөте дәлме-дәлдік керек. Бұл өнерді тек қана актерлік шеберліктің шегіне шыққан және әрбір сөздің ырғағы мен әуенін мүлтіксіз білетін адамдар ғана игере алады[4.12].

Қазіргі көрермен сауатты, қандай рольді, қай актердің, қандай дәрежеде дыбыстап тұрғанын айыра біледі. Аударма фильмнің түсінікті, жатық болуы, көрермен көңіліне қонуы талантты аудармашыға байланысты екенінде сөз жоқ. Бірақ дубляж техникасының ерекшелігіне байланысты кез-келген автор қолжазбасына «қиянат» жасауға тура келеді. Бірақ бұл түпнұсқадан алшақтап кету деген сөз емес, сол сөздің дәл баламасын тауып, оны еріндікке сәйкестендіре беруде[5.13].

Дубляж – фильмнің басқа бір тілде дүниеге келуі, екінші варианты болғандықтан оған қойылар талап та жоғары болу керек. Оны тәржімалаумен тәжірибелі аудармашылар, кино саласында жұмыс істеген көркем сөз шеберлері айналысқан жөн. Бұны тек аударма деп ұқпай, өнер деп қарау керек.

Бүгінгі күн дубляждың міндеті – түсінікті, көкейге қонымдылықпен бірге түпнұсқадан кем болмау, оригинал деңгейінде тұру керек.

Уақыт талабы осындай болғанда, қазіргі аударма фильмдерде ақаулықтар жетерлік. Ол сайып келгенде сол мамандарға тіреледі.

Дубляждың төл режиссері, төл аудармашысы, төл редакторы, төл актерлары болған жерде ғана жақсы дубляж жұмысы шығады деп сенемін. Алдымен аудармашылардың сапасын жақсартуға қатты зер салу керек. Қаламы жүйрік, тілі ұстарған, тәжірибелі аудармашыларды іріктеп алған дұрыс болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сиранов Қ. Кино. Жылдар. Ойлар. – Алматы: Өнер, 1983.
2. Құрманғалиқызы Г. Әуезов және кино. – Алматы: 2000.
3. Смаилов К. Фильм осылай туады. – Алматы: Өнер, 1981.
4. Әбусейітова М.Б. Дубляж өнері // Жаңа фильм. – 1974. – № 6.
5. Нұркина Ж. Фильмдер қазақша сөйлейді // Жаңа фильм. – 1982. – № 15.

Әбдікүлова Р.М.,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,*

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Мекебаева Л.А.,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы,*

филология ғылымдарының кандидаты

Ж.АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ «ҚАРА БАҚСЫ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК БАЯНДАУ ТӘСІЛДЕРІ

Көркем әдебиеттегі халықтың азаттығы, әділдік-теңдік мәселесі туындыларының басты арқауларының бірі. Жазушы мұраты, көзқарасы мен қолтаңбасы шағын жанрдағы туындыларынан танылады. Айталық, «Әнші» әңгімесі негізінен өмір көріністерін, уақыт шындықтарын терең танытады. Ал, кейінгі жазған дүниелерінде жазушының өмірге көзқарасы кеңі түседі. Демек, қоғамдағы бірлік пен қайшылықтың сырын сезіну арқылы ар-ұждандық пен пәлсапалық мәселені суреттеуге бағытталады. Сыншы Ә.Мендеке: «Жүсіпбектің «Әнші» әңгімесі сырт карағанда телеграф сымы арқылы берілген суыт хабарға ұқсаңқырайтын осындай қысқа-қысқа сөйлемдермен басталады. Дендей үніліп, әр сөздің суретін көкейіңізге түсіріп байқасаңыз, осы үзіктегі сөйлемдердің әрбірінің сол кездегі қазақ қоғамына, қазақ қоғамының «денсаулығына» қойылған нақты диагноз екенін аңғарасыз» - деп жазады [1].

Ж.Аймауытұлы шығармасының өмірді қамтуы, келелі мәселені қозғауы үнемі үздіксіз дамып, өсіп, тереңдеп отырады. Сондай-ақ олардың ішкі жан дүниесінің құбылысы, ымырасыз тартыс, өмір қайшылығын көрсету де тереңдей түседі. Осындай ізденістен туған туындыларға «Қара бақсы», «Қызыл отау, Қызылбике», «Жаңабайдың жанындағы трагедия» әңгімелері және «Күңкейдің жазығы» повесін жатқызуға болады. Бұл шығармалардағы көркемдік тәсіл, диалог, тартыс, табиғат суреті кең қамтылып ерекше көп мағынаға ие болатыны байқалады.

Ж. Аймауытұлы алғашқы әңгімесінің өзінен-ақ композиция жасауға шебер екенін танытқан жазушы. Ол осы мақсатына жету үшін ылғи да алдымен түр үйлесіміне ұмтылады. Тіпті әңгіме, повесі болмасын, әйтпесе романы демейік, соның бәрінде де композициясы өте күрделі келеді, соған қарамастан оқиға шынайы, сыр-сезім сенімді суреттеледі. Мұның өзі жазушы кез келген шығармасында көркемдік түрді идеялық мазмұнға ұштастыра біледі деуге болады. «Жазушы әңгімелері – ел тұрмысын, заман тынысын дәл танып, шынайы суреттеп, көркем бейнелей алған құнды дүниелер» - деп жазады Б.Байғалиев [2, 178].

Ж. Аймауытұлының прозалық шығармаларын оқи бастағаннан-ақ сыншылар оның туындыларының ең негізгі табысы – лиризм екендігін айта бастады.

Жүсіпбек Аймауытұлының «Қара бақсы» әңгімесінде де кейіпкердің жан дүниесінің күрделілігін ашу үшін және түрлі жағдайға ұшырайтын кейіпкердің рухани ішкі байлығын жұтатпай құтқару үшін композициялық ерекше тәсіл есебінде ақ өлеңді молынан қолданады. Мысалы:

«...Қаратайын қайындатып, қызығын әлі көрген жоқ. Қарабегі қалада жүр, білім алып, өнер тауып, жетіліп елге келген жоқ. Кенже – асау қара балапан, оны баулып, оқуға әлі берген жоқ. Бес жылқысы барымтадан қайтқан жоқ. Қайдан қайтсын? Ағайын, туған намысқа қызып жатқан жоқ» [3, 101].

Ж.Аймауытұлының «Қара бақсы» әңгімесінде кездесетін осы қайталаулар, ырғақ, ұйқастар шығарманың кейбір тұстары ақ өлең үлгісінде жазылғандығын көрсетеді. Жас ғалым Ч.Берсигурова былай дейді: «Ақ өлең дәстүрі тек қазақтың классикалық қорын молайтып қана қоймай, сонымен бірге қазақтың прозасына да кең ықпалын тигізуде. Ақ өлең дәстүрі ретінде қазақ прозасындағы Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкеев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов т.б. қаламгерлердің шығармашылығында кең үрдіс алды» (4, 207-208).

Жазушы әңгімеге қатысатын кейіпкерлерді ерекше талғаммен таңдайды. Шығарманың басты тұлғасы – Көшербай және оның жары Күлше бола тұра, сонымен қатар бүркітке де ерекше орын бөлінеді. Қалғандары осылардың төңірегіне топтастырылған.

Әманда қазақ халқының арасында қайғы мен қуанышты қатар есте тұтып, оны тіпті кезінде ұлттық тағдырымен біте қайнастырып көрініс беретін аң-құс жиі ұшырасатыны белгілі. Міне, осы дәстүр бойынша бұл жердегі бүркіт те табиғаттың символы ретінде алынады. Сөйтіп, ғасырлар бойғы құс пен адамның бір-бірімен байланысы арқылы адам да, құс та табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі екенін ескертеді. Ол мақсатын жүзеге асыру үшін жазушы шығармада бүркітті табиғат пен адамды байланыстырушы деталь есебінде пайдаланады:

«Бүркіт емес, қырдың қыраны. Қапсағай, жебелі саусақ, жезтырнақ. Қайқы жауырын, қарашегір, қанды көз, орақ тұмсық, делден танау, балуан батыр, еңкіш еңсе, мұз балақ, үш түлеген тас түлек» [3, 100].

Осы сипатта бүркіттің әңгімеде көрініс табуы оқырманға сөзсіз қарама-қайшылық әсер туғызады. Өйткені, бүркіт – тазалығы бүлінбеген табиғаттың баламасы ретінде алынады. Жазушы еңбегінде адам мен табиғат, ондағы аң-құстар әлемі – көркем туындының фоны болумен бірге уақыт тынысын да танытады.

Күлше бейнесі де ерлі-зайыптының құндылығын сездірумен қатар – сүйіспеншіліктің, құрметтеудің, ерінің ісіне күйзелудің, шыдамдылықтың, байыпты ақылдың иесі ретінде символикалық мәнге ие. Себебі, ол мыңдаған жыл бойы күйеуінің алдында барлық ауыртпалықты өз мойнымен көтеріп беделге ие болған типтік тұлға ретінде өз биігінде көрінеді. Әсіресе, кемтар күйдегі күйеуіне деген шексіз сүйіспеншілік, әрекет – Күлшенің ғасырлар бойы сан мың түрлі қиындықты бастан кешкен шыдамды ұлттың жан тазалығын мегзейді. Осы бір кіршіксіз тазалық оны отбасының қасиетті тұтқасына айналдырады. Күлшенің үш ай бойы төсекке таңылған күйеуінің жанында риясыз көңілмен болуы, Көшербайдың ауыр дертті жеңіп шығуына мол ықпал етеді. Мұның өзі белгілі бір дәрежеде Күлшені қазақ халқының идеалы дәрежесіне дейін көтереді. Сондықтан да оның мінезінде сабырлылық та, байсалдылық та, шыдамдылық пен шешуші сәттегі батылдылығы да жетерлік: «Алған жары ақ сұлгісін салқын суға батырып, маңдайына жапсырып, қол-аяғын уқалап, екі көзі мөлдіреп, күні-түні отырғаны қасында,» - деп көрсетеді Ж.Аймауытұлы [3, 100].

Күлше – қайсар мінездің, мәңгілік құндылықтың үлгісі. Оның бейнесінен ұлттық колоритті көруге болады. Жазушы Күлше бейнесі арқылы әйел-ана орнын, еңбегі мен тұрмысын, батылдығы мен

қайратын мінез қырларын кеңінен суреттейді. Мәселенки, Ж.Аймауытұлының «Қара бақсы» әңгімесіне назар аударыңызшы. Азат жолдан басталады төмендегі көріністердің кісіні жайбарақат қалдырмасы сөзсіз. Онда жазушы Көшербайдың бастан кешкен қасіретін көрсету арқылы оқиғаға жан бітіріп, маңызды мәселені қозғай алады:

«Күлшежаны күн астына көз салды. Көзін салды, көп қадалды, сарғайды. Күн астынан шаң көрінсе, шаң ішінен жан көрінсе, жарылар ма еді жүрегі!

Аншы, мерген, бақсы, тәуіп, қожа, молда, акын ұры-қолға тұрмас кезбе бас. Күлшежанның көп күткені осылардың бірі ғой. Басым-басым!.. Шығып барад. Найзаменен сұғып барад!.. Ой Күлшетай-ай! Ақылымнан жаздым ғой, - деп Көшербай ауық-ауық талады.

Сорлы Күлше дамыл таппай күн астына қарады. Қараудан да қамықты. Күннен күнге дерт мендетіп Көшербай да дамықты. Дамыққан сайын, сұлуы да жабықты; күйді, жанды, тартты азапты, тамұқты...

Күндерде бір күн бақсы келіп қалыпты тамырын ұстап, құмалағын салыпты» [3, 101-102].

Келтірілген мысалдың соңғы сөйлемі әңгімені эпикалық жанрға ұластырып жібереді:

«Бұған тиген су перінің салқыны,
Салқыны емес, бейне оттың жалқыны,
Қол-аяғың от ішінде қалқиды.
Бойыңды улап, басылған екен қарқыны.
Миға шапқан сол кеселдің сарқыны:
Кете қоймас, көрмей сірә, талқыны.
Қол-аяғың сауыққанға ұқсайды,
Қозғап көрші, дәу де болса, қимылдар,
Дәу-перімнің неғып тимед шарпуы?» [3, 102].

Әңгімедегі бұл жолдар сауығып кетуден үмітті кейіпкердің көңіл-күйіне толығымен сай келеді деуге болады.

Бағзы заманнан бері қарай адам баласының арманы – қоршаған ортаның құпиясын ашу екені белгілі. Әр дәуірде білім-білігінің деңгей-дәрежесіне қарай дүние құрылысы жайлы түрлі пікір қалыптасатыны сондықтан. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары ауыз әдебиетінің элементін пайдаланудың басты себебі, қазақ халқының көптеген фольклорлық дәстүрін қолдануына байланысты болатын. Бұл сол кездерде әдебиетті әлі де ұлттық дәстүрден ажырамаған қазақ оқырмандарының талап-тілегін қанағаттандыратын да еді. Міне, Ж.Аймауытұлының да өз

шығармасында алдымен фольклорға жүгініп, оны өмір шындығымен байланыстыруға әуестенуі де осы талапқа байланысты болатын.

Фольклор ұлт талабы бойынша орындалған рухани ескерткіш. Сондықтан да онда ұлттың мыңдаған жылдық тарихы қамтылады. Соны орнымен пайдалана білгендіктен де осы тәсіл жазушының басты ерекшелігіне айналған.

«Қазақ әдебиеті бірнеше ғасырлық дәстүрі бар ауыз әдебиеті арқылы жүйеленген әдебиет. Өйткені кез келген идеяның – ұлттық көркемдік-эстетикалық, саяси және материалдық негізі болмаса, онда ол өмір үшін қажетсіз. Егер жаңа жанрды туғызатын көркемдік-эстетикалық қажеттілік сол ұлттың өз ортасында жасақталмаса. Онда сыртқы әдеби әсердің маңызды бір нәрсе жасауы екіталай», - деп жазады А.Ісімақова [5, 48].

Ж.Аймауытұлы қолтаңбасының бір ерекшелігі, ұлттың дәстүрлі жырын болып жатқан оқиға орай икемдеп, ақырында шығарманы өз идеясына бағындыра алатыны дер едім. Мысалы:

«- Басқа шапқан, бәлекет!

Бас жынымды жабармын,

Жайынды сенің табармын,

Баспен сені қағармын!» [3, 102].

Ж.Аймауытұлы бақсы өнерін әдемі, нанымды суреттейді. Шығармада бақсы өз ісін жақсы меңгерген, құтқарушы ретінде суреттеледі және соған қарапайым халықты сендіреді.

«Бақырған бақсының емі қонды ма, болмаса шын көңілімен ден қойды ма, әйтпесе өз бойындағы қуаты жеңді ме, әйтеуір үш күннен кейін қыранын қолына қондырып, тымағын алшыдан тастап, кешкі мезекте үй жанында Көшербай отыр еді. Кер маралдай керіліп, ақ жаулығы көлбіреп ақ боз үйге сүйеніп, атқан таңдай масайрап, Күлшежаны тұр еді. ... Арбадан орысша киінген сыпқыр қара сұр жігіт атып түсті:

– Қалқам-ау, Қарабек пе?! – деп Күлше саңқ етті.

– Жан қып жаратқаныңа шүкіршілік! – деп қыранын тұғырына қондырып, Көшербай ұлына құшағын жайды.

Өмір қалай сәнді!» [3, 106].

Осы бір Көшербайды өмірге, сенімге қайта оралтқан әсерлі символикалық сурет жазушының шеберлігін көрсететініне дау жоқ. Автордың айтпақ болған ойы көркемдік сапасымен өзіндік жарасым тауып, әсерлі бейнелегенде ғана ол шын мәніндегі көркем туынды дәрежесіне көтеріледі.

Өмірдегі қайшылықты құбылыстарды ретімен, сәтімен суреттеген шығарма ғана өзіндік стильде жазылады. Демек, қалың

көпке түсінікті болады. Ж.Аймауытұлы шағын жанр, жекелеген кейіпкерлер арқылы адам әлеміне үңіліп, соның негізінде өмір шындығын көркем де, шынайы баяндайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өмірхан М. Адамсақ // Қазақ әдебиеті. – 1999. – 26 қараша
2. Байғалиев Б. Жүсіпбек Аймауытов // Жұлдыз. – 1989. – № 6. – 178 б.
3. Ж.Аймауытов Повесть пен әңгімелер, аудармалар // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т.2. – 270 б.
4. Берсигурова Ч. Поэзия және ақ өлең дәстүрі // М.Әуезов және әлем әдебиеті: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – 415 б.
5. Исмакова А. Жанровые предыстоки современной казахской прозы // Известия АН РК КазССР. Серия филологическая. – 1985. - № 3 – С.47-52.

Қалқабоева С.Ә.,

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінің профессоры,


филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ МЕНГЕРТУ

Жаһандану үдерісі жүріп жатқан бүгінгі заманда өркениетті, қуатты елдің қатарына қосылуға қол жеткізу әлемдік білім кеңістігінен орын алумен де өлшенеді. Бұл мәселе оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, оқу үрдісін жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту, жан-жақты дамыған рухани жан дүниесі бай жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты. Оқыту мен тәрбиелеудің мұндай басым бағыттары рухани жаңғыруға бет алған мемлекетіміздің бағдарламаларында да көрініс алып отыр.

Жоғары оқу орындарында білім беруді дамыту ісі кәсіби білікті мамандардың ұдайы шығармашылық ізденісі негізінде білім алушыны сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асатыны анық. Содан да болар қазіргі таңда білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін оқытушының біліктілік яғни құзіреттілік қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған субъектілік тәжірибеге аса назар аударуда. Теориялық сауатты, жан-жақты білгір, заманауи техника мен оқытудың соны әдіс-тәсілдерін менгерген шығармашылық тұлға –

бүгінгі аудиторияның иесі әрі жетекшісі-ұйымдастырушысы. Бүгінгі кәсіби маман болмысы төмендегідей қабілеттілікті меңгеруге тиіс:



Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу – заман талабына сай білім берудің басты көрсеткіші. Сондықтан қазіргі ғылым мен білім беру саласында ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру жолдарын дамыту мәселесі алдыңғы қатарға қойылып отыр.

«Құзіреттілік» дегенді қалай түсінеміз деген сұраққа жауап берер болсақ, кәсіби біліктілікті танытатын бұл ұғымның мазмұны өте ауқымды. «Құзіреттілік» (компетентность) терминін алғаш енгізген американдық лингвист Ноам Хомскийдің айтуынша, құзіреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзіреттерді меңгеруі. Ал педагогиканы зерттеуші ресей және қазақстандық ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, құзіреттілік деп білім берушінің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығын да айтады екенбіз. Сонымен қатар тұлғаның білімін, біліктілігін, дағдысын, мінез-құлығын, көзқарасын т.т. бағалаудың сапалық критерийі ретінде қарастыру да бұл ұғымның мазмұнын толықтыра түспек. Білім алушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі де құзіреттілікті танытады екен. Құзіреттілікке бағытталған оқыту үрдісінде жете білушілік, барлығынан хабардар болу сияқты қабілеттілік маман біліктілігінің негізін құрайды. Демек маман бойынан табылуға тиісті басты қажеттілік – кәсіби құзіреттілік.

Кәсіби құзіреттілік – маманның білімділік деңгейі, тұлғалық, сапалық сипаттамасы. Маманның кәсібилігі теориялық білім жүйесі мен оны тәжірибеде тиімді әдістермен қолдана білетін құзіреттілік дағдыларыларынан көрінеді. Оқытушы маманның кәсіби құзіреттілігін

танытатын компоненттер де көп. Атап айтсақ, ақпараттық, коммуникативтік (қатысымдық), әлеуметтік, функционалдық, когнитивті, жүйелі, мотивациялық, *рефлексиялық*, метақұзіреттілік т.б.

Ақпараттық құзіреттілік – мамандардың компьютерлік білімділігі, мультимедия, электронды пошта, интернет сияқты жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу мүмкіндігі. Ақпараттық құзіреттілік алынған ақпаратты сыни електен өткізе отырып, жаңа міндеттерді шешуде пайдалана алуға, ақпараттарды өңдеуде, талдауда, жинақтауда, қорытуда, дәлелдеуде, жүйелеуде қолдана алуға жеткізеді. Демек ақпараттық-технологиялық құзыреттілік – бағдарлай білу, өз бетінше іздене білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

Коммуникативтік құзіреттілік – топпен бірлесіп жұмыс жасай алу, дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу, адамдар арасындағы сенімділік, сыйластық, түсінушілік, бір-бірін тындау, этикет сақтау, дәстүрді білу, қайшылықты шеше алу, сынды қабылдау, қателігін түсіну, түзету қабілеттері. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істей алу дағдыларын, адамдармен қарым-қатынас, байланыс жасау тәсілдерін, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдай алу біліктілігін арттырады. Коммуникативтік құзыреттілік өзінің көзқарасын әдеп нормасына сәйкес жеткізуде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Әлеуметтік құзіреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.

Мотивациялық құзіреттілік себептер, дәлелдер, мақсаттар, қажеттіліктер сияқты мотивтер негізінде жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін көрсетуі мен кәсіби қызметке қызығушылықтың болуын білдіреді.

Рефлексиялық құзіреттілік өз қызметі мен дамуының, жеке жетістіктерінің деңгейін, нәтижесін саналы бақылай білу, креативтілік, алға ұмтылушылық, шығармашылық, өзіндік талдауға бейімділік сияқты қасиеттер мен ерекшеліктерді қалыптастырумен анықталады. Рефлексиялық компонент жеке жетістіктерге бағыттаушысы, өз-өзін танып басқару, кәсіби шеберлікті жетілдіру, жұмыстың дара стилін қалыптастыру болып табылады.

Жоғарыда талданған «қүзіреттілік» ұғымының мәнін айқындап жинақтай айсақ, білім берушінің қызметі – жаһандануға бет алған қоғамда бәсекеге қабілетті, өмір өзгерістері мен заманауи жаңалықтарға икемді, кәсіби білікті, шығармашыл тұлғаны дамыту және қалыптастыруға бағытталған болуға тиіс. Кәсіби маманның бойында білім, білік, дағды, іскерлік, ерік, күш-жігердің болуы білім алушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі болып табылады. Демек бұл ұғым кәсібилікті және біліктіліктің жоғары деңгейін айқындайды.

Білім беру жүйесін әлемдік стандартқа сай қалыптастыру уақыт талабы екендігі, оны іске асыру жанаруды қажет ететіндігі айқын. Осындай биік мұраттардың орындалуында қүзіреттілікке бағдарланған оқыту үрдісін дамытудың маңызы зор. Білім алушыны дара жетістіктерге апаратын шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту мен қалыптастыруда әдебиеттің орны өзгеше.

Әдебиеттің эстетикалық, танымдық, қоғамдық, тәрбиелік, дүниеге көзқарасты қалыптастырушылық сияқты жақтарының бар екендігін ескерер болсақ, бүгінгі кәсіби маман қүзіреттілігін қалыптастыратын көптеген факторлар әдебиетті оқыту арқылы іске асатынын мойындаймыз. Әдебиетті – сөз өнері, шешендік өнер десек, сөздің қызметі – ойды жеткізу, қарым-қатынастың құралы. Ойды дұрыс әрі жүйелі жеткізу, шешен әрі көркем сөйлеу – бүгінгі таңда мамандықтың қай-қайсына да аса қажетті қабілеттің бірі. Әдебиетті оқыту нәтижесінде білім алушы болашақ кәсібіне керекті қүзіреттілік дағдыларының бәрін де меңгеруге мүмкіндік алады. Көркем шығарманы мазмұндық, идеялық, тәрбиелік тұрғыдан талдау нәтижесінде оның маңызын бойға сіңіріп, қоғамның саналы азаматына айналады. Ал әдебиетті көркем өнер ретінде танып, оның көркемдік қырларын сөз ету – эстетикалық талғамды, сезімдік түйсіктерді дамытатыны да аян. Тақырып аясында жинаған ақпараттық мәліметтерді саралап, тұжырымдай білу шығармашылық ізденісті қалыптастырса, сыни талдаулар жасау субъективтілік, даралық, тұлғалық қасиеттердің орнығуына септігін тигізері анық. Әдебиет пәнін оқыту үдерісінде жиі қолданылатын әдеби процесс, көркем шығарма, образ характері төңірегіндегі пікір сайыстар, сұхбаттасулар, ой бөлісулер сияқты қарым-қатынастық диалогтарды жүргізе білу коммуникативтік қүзіреттілік дағдыларын меңгертеді. Әдебиетті оқытуда осыншама кәсіби қүзіреттілікті меңгерту тәсілдерінің қолданылуы бұл пәннің заманауи оқу үдісінің алдыңғы санатында тұрғандығын танытса керек.

*Үмбетов М.Б.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты*

ӘДЕБИЕТТІ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Тілі, ділі әр алуан халықтардың тарихи болмысы, дүние танымы, тағдыр-талайы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрып үрдістері, психологиялық бітімі, бәрі-бәрі көркемөнер туындыларында мүмкін болғанша бейнеленеді, суреттеледі. Әрине, ол шығармалардың көрерменге, немесе, оқырманға әсер-ықпалының әр қилы болмағы сол туындыны жасаған, яки, жазған автордың білік-біліміне, тәлім-тәрбиесіне, өмір тәжірибесіне тікелей байланысты болады. Орта мектеп оқушыларының сол шығармаларды көру, есту, оқу арқылы эстетикалық, этикалық тұрғыда ләззат алады, рахаттанады, жан дүниесі жаңарып, толысып байиды. Ал, әдеби көркем шығармашылықты көп оқыған, оның қыр-сырына қаныққан оқушы келешекте отаншыл, елі мен жерін сүйген азамат болып қалыптасады. Міне, осыдан келіп көркем әдеби шығармаларды оқыту арқылы тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ парасатты да іскер, байыпты азаматтарын тәрбиелеп шығаруда орта мектептің атқаратын рөлі өте зор екендігі анықталады.

Жалпы білім беретін он бір жылдық орта мектептің, негізінен, үш бөліктен тұратыны белгілі. Олар: 1) Бастауыш сыныптар – 1-4-сыныптар аралығы; 2) Ортаңғы деңгейі – 5-9-сыныптар аралығы; 3). Жоғары буыны – 10-11-сыныптар аралығын қамтиды. Оқу бағдарламалары бойынша осы барлық буындарында да әдебиет мәтіндері оқытылады. Негізінен, мұндағы «Қазақ әдебиеті» деген жалпы атпен жүргізілетін оқу пәндерінің мазмұндық құрылымы қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінен, ежелгі дәуір әдебиеті нұсқаларынан, ислам дәуіріндегі әдебиет, XV-XVIII ғасыр әдебиеті, XIX ғасыр әдебиеті және XX ғасыр әдебиетіндегі көркем шығармалар түрлерінен тұрады. Бірақ, оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, аталған әр сатыларға қазақ көркем әдебиетінің ең-ең деген тәлімдік-тәрбиелік мәні бар, этикалық, эстетикалық жағынан бағалы жанрлары лайықталып, іріктеліп, таңдалып алынған.

Олай болатыны орта мектепте әдебиеттен өзге де ғылым салаларынан бастапқы мәліметтер беретін дүниеауи пәндер де жүргізіледі емес пе? Сондықтан, орта мектептің әдебиет пәндері

бағдарламалары қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің барлығын тұтастай қамтуды мұрат тұтпайды. Ең жақсы дегендері ғана рет-ретімен сыныптар бойынша орналастырылған.

Алдымен бастауыш сыныптарда жеткіншектің туған әдебиетке деген ынта-ықыласын, қызығушылығын туғызу, ояту мақсатында ұғымға жеңіл, жаттап алуға оңтайлы мәтіндерге баса назар аударылған. Ондағы оқу құралы «Әдебиеттік оқу» деп аталады. Ал, Рахметова Сағира Рахметқызы мен Жаманқұл Пернегүл Қадырқызының авторлығымен жарық көрген «Әдебиеттік оқу бағдарламаларында» (Алматы: РОНД, 2003. – 16 бет.) оқытудың басты міндеттері былайша көрсетілген:

- «1. Көркем шығармаларды оқуға сүйіспеншілігін арттыру:
 - оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру;
 - қазақ және әлем балалар әдебиетімен таныстыру;
2. Көркем шығарма бойынша түсінік қалыптастыру:
 - шығарманан тақырыбы мен идеясы (негізгі ойы, автордың ойы, кейіпкердің сезім-күйі, әрекеттері, қарым-қатынасы);
 - сюжет пен композиция (жағдай, оқиға үзгі, оқиға жүйесі мен жалғасы және олардың себеп-салдарлық байланысы);
 - әдеби кейіпкер (қатысушы, кейіпкер, іс-әрекет, кейіптеу, тіл);
 - әдеби-теориялық ұғымдар (тенеу, метафора, эпитет, т.б.);
 - көркем шығарманың тілі (тілдің бейнелілігі, көп мағыналылы, т.б.);
 - жанр түрлері (әңгіме, өлең, мысал; мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш, ертегі, аңыз, шешендік сөз, т.б.)».

Бұл бағамдаулар ә дегенде өте күрделі көрінері даусыз. Алайда, осы күрделіліктің бәрі бастауыш сыныптар мұғалімінің шебер ұйымдастырылған әдеби әдістемелерімен жеңіл, қарапайым баяндаулары арқылы оқушы зердесіне құйылады.

Осындай әдепкі әдеби білім-біліктері, әдеби ұғым-танымдары бар бастауышты бітірушілер, енді, 5-сынып табалдырығын аттайды. Осы сәттен бастап, орта мектептің 5-9-сыныптар аралығын қамтитын ортаңғы бөлігі басталады. Оны тыңнан жасалған «**Базалық білім беру аймағы**» деп атап жүрміз. Өйткені, тәуелсіздігімізді алған уақыттардан бермен қарайғы жылдарда қазақ әдебиеті пәндерінің оқу материалдарына қадау-қадау елеулі өзгерістер енгізілді. Бір кездердегі қызыл коммунистік идеологияны насихаттайтын, отаршылдарды дәріптейтін шығармалар алынып тасталды. Сөйтіп, біз ондай методологиядан мүлде бас тарттық. Жаңадан қазақ халқының тарихи шынайы өмір-тірлігін, заманалар бойғы өзіндік дүниетанымын, ұлттық рухын, ділін бейнелейтін өлең-жырларына, әдеби көрем қара сөздеріне

кеңінен орын берілді. Осындай жаңаруларға сәйкес, 5-9-сыныптар аралығындағы әдеби білім беру ісі екі сатыдан тұратын болып ұйғарылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мақұлдауы бойынша базалық білім құрылысы былайша түзіліп түсіндірілген: «Атап айтқанда, 5-7- сыныптардағы әдебиет пәні жеке әдеби нұсқаларды оқып-үйренуге негізделген әдеби оқу сипатында құрылды, ал 8-9-сыныптар тарихи-әдеби негіздегі әдебиеттің бастауыш курсы сипатында берілді. Оның үстіне енді 5-6-сыныптардағы әдеби білім түгелдей алғанда және де әр жылғы курсты жекелей алғанда әр түрлі болып құрылды. Атап айтқанда, 5-7-сыныптар жанрлық-хронологиялық принципте, ал 8-9-сыныптар тарихи-хронологиялық принципте. Алайда осы жанрлық-хронологиялық, тарихи-хронологиялық принциптер әр сыныптың өз ішінде сызықты (линейный) болып келгенімен 5-9-сыныптардың арасындағы бағдарлама тұтас алғанда сатылы бұрандалы (ступенчато спиральный) принциппен дидактикалық блоктар түрінде сыныптан сыныпқа өткен сайын сатылай күрделеніп, жаңа мазмұнда оқушы білімін жаңа деңгейге көтереді». Нәтижесінде, сыныптан сыныпқа көшкен сайын әдебиет пәндері мазмұндық-тақырыптық құрылымы жағынан бірден бірге биіктеп өсе береді. Сөз өнерінің өзге көркемөнер түрлері арасынан алатын орны, артықшылық қасиеттері кең ауқымда барынша дәлелденеді, оның адам баласының ой-зердесіне әсер-ықпалы, жан дүниені байытатын пәрменді рухани азық екендігі, жанрларының өздеріне тән сипаттары атап-атап көрсетіліп баяндалады. Әрбір кезең, дәуір ақын-жазушыларының өмірінен мәліметтер беріліп, шығармашылықтары ғылыми негізде талданады. Оқушылардың сөйлеу мәнері, жазу машықтары жетілдіріледі. Өз беттерінше ізденіп, өзіндік ой-пікірлерінің қалыптасуына ықпал жасалады. Көрнекті жазушылардың шығармаларын тауып оқу, конспектілер жасау талап етіледі.

Және де әдеби-теориялық ұғымдар мен пәнаралық байланыстарға да жете көңіл бөлініп, олар өгілген тақырыптардың мазмұндық түзілісіне орай ұсынылып отырады. Сөйтіп, тоғызды бітіріп, аттестат алып шыққан жасөспірім ендігі жерде, ары қарай өз бетінше ізденіп, көркем шығармашылықтардың қадыр-қасиетін өзінше шамалай алатын деңгейге жеткізіледі.

Орта мектептің соңғы жоғары буыны 10-11-сыныптарға арналған Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы қоғамдық-гуманитарлық бағытты ұстанады. Есейген, оң-солын анық ажырата бастаған оқушылардың бұған дейін алған базалық білімдерін жан-жақты

толықтырып, азаматтық тұлғасының қалыптасуына жәрдемдеседі. Әдеби көркем шығармаларды ғылыми-теориялық тұрғыда саралап тану барысында олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының мызғымас іргетасы қаланады. Тәуелсіз елінің мұрат-мақсаттарын бәрінен де жоғары қоятын отаншыл, білікті маман болуға даярланады. Мұндай қасиеттерге 10-сыныпта ХІХ ғасыр әдебиетін, 11-сыныпта ХХ ғасыр әдебиетін оқып, зерделеу арқылы қол жеткізеді. ХІХ-ХХ ғасырларда отаршылдық езгіні көрген қазақ импровизатор ақындары мен жазба көркем әдебиеті өкілдерінің шығармашылықтарын толықтай оқып талдап, ой елегінен өткізеді. Ол шығармаларда халық тарихының қалай көркем суреттегендігіне, ел басынан өткерген әлеуметтік оқиғалардың көркемдік тұрғыда қалай игерілгендігіне мән береді. Сонымен бірге, әдебиет теориясы мәселелері мен пәнаралық байланыстар туралы біліктерін толықтырады. Келешекте көркем әдебиет туындыларын дұрыс бағалай алатын, оның қоғамдық мән-мағынасын өзінше лайықты бағалап, тиісті тұжырымдар жасай алатын болады.

Жоғарыда айтылған жайларға орай біз алда ұсынып отыратын әдеби тақырыптарды ашу барысында орта мектеп оқу бағдарламаларына сәйкес жекелеген сыныптардағы әдеби материалдарды оқытудың неғұрлым тиімді жолдарын қарастырылып, игеру әдістері баяндалады. Әдебиет пәні мұғалімінің ойын қозғап, жаңаша оқыту тәсілдері турасында пікір алысуға күш саламыз. Орта мектепте оқытылатын барлық пәндердің оқу бағдарламалары әр сыныптардағы оқушылардың жас шамасына орайластырыла жасалған. Себебі, жыл өткен сайын оқушының бойы да, ойы да өсіп толысып отыратындығы баршамызға мәлім емес пе? Қазіргі біздің заманымызда бұл мәселе ең басты өлшеуішке айналып, алдыңғы орынға шықты десек қателесе қоймаспыз. Өйткені, біз ғылымның барлық саласының қарыштап дамып, бұдан аз уақыт қана ішінде, тіпті, ойымызға келмеген жаңа техникалық жаңалықтар ашылып, өмірімізге еніп жатқан ХХІ ғасыр басында отырмыз. Телевизия, компьютер, компьютер арқылы басқарылатын интерактивті тақталар, аудио-видео құрылғылары, таға басқа да толып жатқан жаңа технологиялар халыққа білім беру жүйелеріне дендеп еніп, жастарды оқыту әдістемелерінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналды.

Осы жерде біздердің, мұғалімдердің, бір есімізде болатын жай – ол оқушылардың дүниежүзілік ауқымдағы жаңалықтар мен бұрынғы-соңғы алуан түрлі тілі, ділі өзгеше халықтардың өмір-тұрмысы, әдет-ғұрып салттары туралы ақпараттарды молынан қабылдап жатқандығы. Соған сәйкес, бұлар әлі бала ғой деп, оларға тым жоғарыдан қарауға есте сақ болғанымыз жөн. Бұл, әсіресе, әдебиет пәндері мұғалімдеріне

үлкен жауапкершілік жүктейді. Олай болатыны көркем шығармашылық белгілі бір халық тарихынан, оның бастан кешкен оқиғаларынан тыс тұрмайды. Әдебиет халық тұрмысын көркем бейнелейді, көркем суреттейді. Ал, мектеп оқушылары оны кітаптардан, телевизиядан, тіпті, қолдарына ұстап жүрген смартфондарынан да күнде көріп, естіп-біліп жүр. Демек, оқушылардың ақпараттар алатын арналары мейлінше кең, сала-сала. Бірақ, солай бола тұра олар көркем өнер туындыларын қалай тұшына қабалдау керектігін біле бермейді. Көрген фильмдерінің оқиғалық даму желісін қызықтаумен ғана шектеліп келеді. Ал, сол көрсетілімдерге өзек болған, оларға нәр беріп тұрған көркем әдебиет шығармашылық түрлерінде өмір шындықтарының қалай көрініс табатындықтарынан жеткілікті малұматтары жоқ.

Сондықтан, мектеп оқушыларына өмір және көркем шығармалар жайлы түсініктерді әдебиет пәндерінің мұғалімі жан-жақты айтып ұқтырады. Қалай айтып ұқтырады? Міне, әңгіме осында! Осы жерден келіп, мұғалім көркем әдебиет материалдарын қай сыныптың оқушысына айтқалы тұрғанын күні бұрын ойластырады, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескереді, жоғарыда айтқанымыздай олардың ақпарат алып жүрген арналарын, ақпараттық аппараттарын мүмкіндігінше шамалап, болжап, ой елегінен алдын ала өткізіп алады. Сөйтіп барып, әр сыныптың оқушысының ой-санасына лайықты сөз мәтінін дайындайды, әдістеме түрін таңдайды. Тақырыпқа байланысты оқушылар қойып қалуы мүмкін сұрақтарға да әзірленеді. Ал, енді, ауызша-жазбаша сөз мәтінін түзу әр мұғалімнің білік-білім деңгейіне, эрудициясына, өмір тәжірибесіне, темпераментіне тікелей қатысты болады.

Андап қарағанда, жалпы білім беретін он бір жылдық орта мектепте бастапқы мағлұматтар беретін өзге дүниеауи ғылымдар арасында көркем өнердің үш саласы арнайы пән ретінде оқытылатындығын байқаймыз. Олар: музыка – Ән-күй деген атпен жүргізіледі; живопись – Сурет сабағы ретінде жүргізіледі; сөз өнері – жай ғана Әдебиет деген атпен оқытылады. Біздің жағдайымызда бұл – көркем әдебиет болып шығады. Әңгімені бұлай бастап отырған себебіміз – орта мектепте әдебиет пәні 5-сыныптан бастап бар пәрменімен, жүйелі түрде жүргізіле бастайды. Әрине, бастауыш сыныптарда 1-4-сынып оқушыларына бастапқы әдеби мағлұматтар берілгенін жоққа шығармаймыз. Ол Әдебиеттік оқу деген атпенен тіл сындыру, әдебиетке қызықтыру-еліктіру және тәрбиелік мақсаттарды көздейді. Ал, 5-сыныптан бастап, оқу бағдарламасы Қазақ әдебиеті деп аталып, біршама ғылыми-теориялық талдамалы бағытта өрістейді.

Сөзіміздің дәлелі ретінде алар болсақ, мәселен, 5-сыныпқа арналған әдебиет бағдарламасы эп дегенде «Кіріспе. Әдебиеттің өнердің бір саласы және оқу пәні ретінде сипаты» деген тақырыппен ашылған. Оған 1 сағат бөлінген. Ал, 6-сыныпта «Көркем әдебиеттің адам өмірінен алатын орны» (1 сағат), 7-сыныпта «Кіріспе. Көркем әдебиеттің қоғамдық мәні, эстетикалық, тәрбиелік құдіреті. Көркем әдебиеттегі суреттеу тәсілдерінің алуан түрлілігі. Сөз басы» (1 сағат), 8-сыныпта «Кіріспе. Оқулықтың мәні, мазмұны туралы» (1 сағат), 9-сыныпта «Кіріспе. Әдебиет пәнінің мақсат-міндеттері мен мазмұны. Көркемдік мәдениеттің ілгерілеу нышандарын танытатын, даму тенденцияларын анықтап, жүйелеп көрсететін жеке әдебиет туындыларының үлгілері» (1 сағат) делінге атаулар қойылған. Демек, мұғалім аталған сыныптарда, ең алдымен, ұйымдастыру жұмыстарынан кейін кем дегенде 30-35 минут бойы көркемөнер, оның ішіндегі көркем сөз өнерінің табиғаты, эстетикалық-этикалық бітімі, әсер-күші, мазмұндық құрылысы туралы мағлұмат береді. Қалай береді? Бұл, ең алдымен, мұғалімнің әдеби-теориялық білімінің қаншалықты екендігіне байланысты. Күнбе күн әдебиет, мәдениет әлемінде болып жатқан тың жаңалықтардан хабардар болып отыр ма, жоқ әлде баяғыда институтта алған, бұл күндері күнгірт тартып ұмытыла бастаған түсініктермен жүр ме? Мәселе осында.

Мысалы, 5-сыныптың баласы шамамен 11-12 жастарда десек, оларға әдебиеттің көркем өнердің бір саласы екендігін өнердің өзге салаларымен салыстыра отырып, қызғылықты етіп баяндау қажет. 10-11 жастардағы балалардың ой-санасына лайықты оңтайлы жол табу керек!

Мұғалімнің білік-білімі неғұрлым мол болса, сөзі де соғұрлым қарапайым, жатық, түсінікті болады. Көп білім адамды қарапайым етеді, оқушыларға етене жақын етеді. Өзі жақсы біліп тұрған тақырыбын баяндаудың тиімді тәсілдерін тез-ақ тауып алады. Аристотель заманынан бастап, бүгінге дейінгі теориялық түсініктерді жеңіл де жұғымды тілмен баяндап шығады. Мәселені баяндап, түсіндіру барысында нақты мысалдар келтіріп, оқушылардың әдебиет пәніне арнаған дәптерлеріне ең маңызды түсініктерді жаздыртып қояды. Мәселен, көркем әдебиеттің өнердің басқа түрлерінен не себепті, қалайша даражалы, артықша болатындығын және әдебиеттің қанша тегі бар екендігін, олардың әрқайсысының түрлерін(жанрларын), т.б. нақты мысалдар арқылы дәлелдеп айтады, көрсетеді. Көрсеткенде оқушылардың бір мезгілде көру, есту арқылы мәселені жете ұғуына ерекше мән берілуі шарт. Ол үшін мұғалім аудио-видео құралдарын,


немесе, күні бұрын түсірілген дискілерді, касеталарды, плакаттарға сызылған схема-көрнекіліктерді пайдалануы қажет!

Мұғалімнің бұл әрекеті бір жағы жас баланың қызығушылығын, ынта-ықыласын арттырады, бір жағы оқушыларды зеріктірмей бірден бірге жетелеп отырады.

Осы жерде оқытушы бүгінгі жаңа технологияны пайдалана ма, жоқ әлде өзі күні бұрын ойластырып келген плакаттарға сызылған схемалар, әлде өзге бір амалдарын қолдана ма, ол – оның өз еркіндегі шаруа. Нәтижесінде, 5-сынып оқушысы әдебиеттің көркемөнердің бір айрықша бөлігі екендігін, оны жазған ақын-жазушылардың, жасаған авторлардың ерекше талантты өнерпаздар екендігін біле бастайды. Нақтылай түсу үшін мұғалім көркем сөз шеберлерінің ішіндегі, көбінесе, новелла, әңгіме, повесть(ұзақ әңгіме) жазумен айналысқандарды (Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүрепов, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Әбіш Кекілбаев, Шыңғыс Айтматов, т.б.) оқушылардың әдебиетке арнаған дәптерлеріне жаздыртады. Сөз өнерінің тектері мен жанрларын атап шығады.

Аталған жайлардың оқушы жадында берік сақталуы үшін шамасы мынандай схема ұсынуға болар еді. Мұны интерактивті тақта арқылы көрсетіп қойса да болады.

ӘДЕБИЕТТІҢ ТЕКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІНІҢ СХЕМАСЫ



Осында көрсетілген әрбір әдебиет тектеріне(род) тиесілі ұғымдарды өз ішіне қарай таратып түсіндіру барысында мұғалім өзінің қабілет-қарымына орай оқушыға қызғылықты болатындай схемелар жасап, ол түрлердің(жанр) табиғатын ашатын мысалдар жазып қойғаны ұтымды шығар еді. Мысалы:

1. НОВЕЛЛА – көлемі шағын, шымыр жазылған проза түрі.
2. ЭЛЕГИЯ – мұңлы-күйлі, сарғайған сағыныш лепті сыршыл өлең түрі.

3. ТРАГЕДИЯ – аса қайғылы зарлы хал суреттелетін, кейіпкерлерінің опат болумен аяқталатын шығарма түрі, т.б.

Мұнан соң сыныпта оқушылар ұққан, бойына сіңірген білімді(ақпаратты) бекіту мақсатында мұғалім үй тапсырмасы ретінде оларға әр жанр түріне сай өз бетерінше жазушылардың шығармаларын оқып келуді міндеттейді. Біздіңше, осындай-осындай амал-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың көркем шығармашылықтарға қызығушылығын арттырып, келешекте тәлімді, парасатты азаматтық тұлғасын қалыптастырамыз.

Асқарова А.Ш.,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ СЫНИ МАҚАЛАЛАРЫН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өнерді терең түсіну, әсем нәзіктікті көркем түрде сезінудің жетілгендігі – бұл керекті шарт, өйткені мұнсыз сын да жоқ! Сын – әдеби шығармашылықтың ерекше түрі. Сын әдебиеттің қозғаушы күші десек де болады. Қазіргі әдеби процесс және оның даму үдерісі жайлы сында не айтылып жатыр, сонымен қатар оның қалай айтылғанының маңызы назардан тыс қалмауы керек. Сондықтан да әдіскерлердің гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға және жоғары мектептерге «Сын көркем шығарманың интерпретациясы ретінде» деген эклективті курс енгізгені немесе сыни мақалаларды әдебиет сабағында оқытуды ұсынғаны жөн болар еді. Бұл эклективтік курстың мақсаты – әдеби сын мен публицистиканы сыни тұрғыдан оқыту болмақ. Ол білім алушыларға қазіргі көркем шығарманың көп қырлылығын түсінулеріне жол ашып, оған әр буын өкілдерінің қызығушылық танытуларын ынталандырады. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда шынайы сын ауадай қажет. Өйткені ақпараттар тасқыны үдеп, әр алуан жанрлардағы шығармалар көбейіп, қаражаты барлар жазғанының бәрін талғаусыз шығарып жатқан тұста, оқырманға жол көрсетер, жөн нұсқар сынның қажеті тіпті артып отыр. Бұл ретте әдеби сынның маңызы да, рөлі де, сөз жоқ, айрықша жоғары. Ол оқырманның көркемдік талғамын ұштауда, шығармалар нөпірінің асылы мен жасығын таразылауда, сөйтіп, көкжасық дүниелердің әдебиет айдынын басып қалмауын қамтамасыз етуде айрықша құдыте танытып, қызмет етпек. Десек те, бүгінгі күні әдеби сынның қауқарсыздық танытып отырғаны, әдеби процесті үздіксіз сүзгіден өткізіп, заманмен қатар жүруде кештеу қалып

отырғаны жасырын емес. Мұның себептері де жеткілікті. Мәселе, білікті де шыншыл сыншылардың болмауында емес, керісінше, сыни шығармалардың көбірек оқыла бермеуінде, оны қаржыландыратын, тарататын ұйымдардың ықылассыздығында болып тұр. Қазақстан Жазушылар одағының жыл сайынғы дәстүрлі әдеби жыл қорытындысын жасап, әдеби шығармашылық процессті таразылайтын алқалы жиынының да пәрменді әдеби талқыға қарағанда, кәдуілге формальды қалып алып бара жатқандығы да жасырын емес. Қалай болғанда да сынсыз, сыни талдаусыз оқырман талғамының да, қаламгер қарымының да өспейтіні, биік белестерге қол жеткізбейтіні сөзсіз. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының осынау жауынгер де сергек саласының өзіне лайықты орнын белгілеу, тиісінше қанатын кеңінен жаюына ықпал ету шараларын қолға алу әбден керек-ақ. Бұл ретте, Жазушылар одағының «Сын» журналының жұмысын қайта жандандырса, «Қазақ әдебиеті» газетінде сыншылардың еңбектеріне көбірек орын берсе, қазақтың қазіргі көркем әдеби процесінің жай-күйін саралайтын еңбектердің жарық көруіне түрткі болса, құба-құп болар дейміз.

Сонымен қатар, жоғарыда айтқанымыздай, гуманитарлық мамандықтар бойынша білім алушыларға сыни мақалалардың әдебиетті шығармашылық тұрғыдан оқытуда зор жемісті мүмкіндік тудыратынын қаперде ұстаған жөн.

Сондай-ақ, қазақтың белгілі сыншысы С. Әшімбаевтың шығармашылық мұрасын оқыту, біріншіден, тәлімгерлерді кітаптардағы сұрқайлық пен іш пыстырарлық сұрықсыздықпен күресуге бейімдесе, екіншіден, сыншылардың да жадағай, көркемдік қуаты әлсіз шығармаларды талғампаздықпен сараптай білуге дағдыландырады.

Туындап отырған қажеттіліктерге тоқталмас бұрын, әдеби сын және оның өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайық. Әдебиет бар жерде, көркем сын да бар. Сынның тууы да, қалыптасып дамуы да тікелей көркем әдебиетке байланысты. Өйткені әдебиет сынга талдау объектісі, материал болып табылады. Сын әдебиетті зерттейді, түсіндіреді және бағалайды. Сонымен қатар жазушы мен оқырман арасында дәнекер болады, кейде реті келген жерінде сот орнына да жүріп, үкім шығарады. Сын деген сөздің өзі гректің “критикус” – яғни “соттау” деген сөзінен шыққан. Б.з.д. VI ғасырдың өзінде Ксенофон Гомерді кейбір шалағай, ұшқары пікірлері үшін сынаған екен.

Сын тек әдебиеттік мәселелермен ғана шектеліп қалмай, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де еркін араласады, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыруда, жұртшылықтың саяси, діни,

көркемдік, эстетикалық, т.б. санасын қалыптастыруға да көп күш салады. Бұл сынның өзіндік ерекшелігінен туындап отырған құбылыс. Қазақтың белгілі сыншысы С.Әшімбаевтың тілімен айтқанда: “сынның беделі көркемдік-идеялық күресте ғана көрінбейді. Сын қай кезде де қоғамдық-әлеуметтік ойдың жаршысы болған жағдайда ғана өз беделін биік ұстайды. Сын шығарма қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, эстетикалық ойдың шырқау шыңы болған кезде шын мәніндегі өнер шығармасы қатарынан орын алады” [1, 376].

Әдеби сын белгілі бір шығарманың құндылығы мен кемшіліктері жөнінде алғашқы пайымдаулар жасайды. Бұл ретте В.Е.Хализев былайша мейлінше нақты көрсете білген: «Сын әдеби шығармалардың маңызды бағалауларының қоғамдық «лабораториясы». Бұл – әдебиеттанушылық білімнің өзіндік тұрғыда «ашытқысы», ынталандырушы бастауы, ғылымның қызғылықты және сиқырлы «арбаушысы»... Таным мұнда әдетте еркін, әлі де ешкім иемденген түрде іске асады» [2].

Бұдан байқалатыны – әдеби сынның әдебиеттану ғылымына алғышарт болатындығы. Әдеби сын жасаған түйіндерді әдебиет туралы ғылым әрі қарай дамытып, теориялық тұрғыда тереңдете түседі. Әдеби сынға негізінен публицистикалық қасиет тән. Ол көркем туындыны бағалап қана қоймайды, сонымен бірге кезең әдебиетінің күрделі проблемаларын аумағымен көтереді, болашақ даму бағыттарын айқындайды, әдеби бағыттар мен ағымдардың көркемдік-теориялық бағдарламаларын қалыптастыруға қатысады.

Көркем сын – бұл нақты шығарманы идеялық-көркемдік тұрғыда бағалау арқылы жүзеге асқан эстетика. Сын белгілі бір эстетикалық жүйе негізінде қалыптасады және теория мен көркем сынның тұтасуы болып табылады. «Бұл ретте тіпті бағалау теориясының талаптарын барынша қатаң сақтаудың өзі (сын теориясынан кеңірек), егер сыншының немесе эстетиктің талғамы мен көркемдік сезімталдығы болмаса, құндылықты қатесіз пайымдауға кепіл бола бермейді» [3, 317] деген пікірлеріне сүйенер болсақ, сыншы бойынан табылуға тиіс эстетикалық талап-талғам мен танымның шығарма құндылығын таразылауда айрықша маңызды орын иеленетіндігін байыптауға болады.

Сынды кәсіби, жазушы және оқырман сыны деп бөліп қарастырамыз. Заманауи сын – бұл қазіргі әдеби құбылысқа қарата айтылған пікір. Әдеби сын тіпті өткен кезеңдегі әдебиеттің жай-күйін саралай отырып та оны бүгінгі күннің позициясы тұрғысынан пайымдайды. Өйткені қандай да болсын көркемдік қуаты, көтерген жүгі мол елеулі әдеби туынды уақытқа тәуелсіз өткеннің де, бүгіннің де, тіпті

келешектің де сұраныстарына жауап бермек. Міне, осынау қасиеті де классикалық туындыны сынның нысанына айналдырады. Әдеби-сынни мақалаларда өз заманының табы бар, басқаша айтқанда, ол сол өз заманындағы әдеби шығарманы танып білудің өресін, деңгейін де көрсетеді. Осы жағынан алғанда сын көркем шығарманы әлеуметтік-тарихи, тарихи-әдеби контексте қарастыра алуымен маңызды. Бұлай болатыны сыншылар көптеген жазушылар туралы оларды классик ретінде емес, өзінің замандастары ретінде қарады. Осынау мақалаларды пайдалану оқушыларды өткен кезеңдегі әдебиеттің «жанды кейіпкерлерімен» ұшырастыру үшін де таптырмас құрал болмақ. Мысалы, М.Әуезовтың «Абай жолы» романына әр кезде жазылған сынни мақалаларды салыстырмалы түрде сабақ барысында өтуге болады. Осы орайда бір шығарма жайында әртүрлі тонда, яғни, сынаған не жақтаған, бейтарап әрі талдаған мақалаларды да қарастырған орынды. Бұл оқушылардың бір ғана пікірдің жетегінде кетіп қалмай, мәселеге әр қырынан қарауларына жол ашады. Сол секілді, олардың да бұл дискуссияға, әдеби пікір алмасуға қатысып, өзіндік ойларын ортаға салуларын ынталандырады. Өз ойларын дәлелдей білу дағдыларын қалыптастырады. Осы ретте, Қазақ әдебиеті сыны тарихына қатысты мәселелерді сөз еткенде, әрине, 1960-жылдардағы әдебиетіміздің жай-күйін айтпай кетуге болмайды. Осы тұс қазақ әдеби сынының жемісті кезеңі болды. Бірқатар жас сыншылардың сын кітаптары жарық көрді. К.Керейқұлов, Қ.Ергөбеков, А.Нағметов, Т.Мәмесейітов, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымов, Б.Сарбалаев т.б. өз кітаптарын соңғы жылдардағы әдеби процесті қарастыруға арнай отырып, ондағы жанрлардың баюын, тақырыптық өрісінің кенеюін, көркемдік ізденістерді талдап көрсетуде білімділік танытты.

Бұлардан басқа өздерінің күнделікті баспасөз бетіндегі сын мақалаларымен әдеби сынымыздың дамуы мен тереңдеуіне ойлы пікір қосып жүрген авторлардың саны да көбейді. Олардың қатарында Ш.Елеуқенов, Ә.Серікқалиев, Х.Садықовтың, С.Жұмабековтің т.б. есімдерін атау орынды. Бұлардың бәрі де қазақ әдебиеттану ғылымының бар саласында жемісті еңбек етіп жүрген — сыншы-ғалымдар. Солардың ішінде жарқырай көрінгені — Сағат Әшімбаев. Ол сын саласындағы аз ғана ғұмырының ішінде қомақты еңбек тындырып кетті. Әдебиет сынына соны серпін, өзгеше тыныс әкелді. Сыншы өзінше бір құбылыс еді. “Парасатқа құштарлық”, “Сыншыл ой сипаты”, “Шындыққа сүйіспеншілік” деп аталатын еңбектері қазақ әдебиеті сынына үлкен олжа салды. Бұл кітаптарында қазақ әдебиеті сынының міндеттері мен проблемалары көрсетіліп, болашақ бағдарлары айқындалды. Ол алдыңғы толқын – ағаларының, өз тұстас-

замандастарының, кейінгі толқын – жас сыншылардың еңбектерін тұтас қарастырып, оларға парасат биігінен әділ баға бере білді. Мысалы, белгілі ғалымдар жайындағы ойын: “Қазіргі әдеби процестің жылма-жылға бағыт-бағдарын белсенді түрде бақылып жүретін, соған байланысты өз ойларын газет-журнал арқылы ортаға салып отыратын С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Х.Әдібаев, Т.Кәкішев сияқты сыншылардың мақалаларында көпшіліктің көңілін аударып, ойын қозғайтын әдебиеттің әр алуан ортақ мәселелері әр деңгейде сөз болады. Ол мақалаларды оқып отырғанда бүгінгі қазақ сыны эстетикалық мәдениетінің өлшеусіз өскендігін, ой айту, талдау мүмкіндігінің шеңберін кеңейте түскендігін, жанрлық-стильдік ершелігін тануға болар еді. Сонымен қатар осы аталған авторлардың соңғы кезде сын майданының алғы шебінен көрініп, әртүрлі қызықты фактілері, танымдық мәліметтері, өзіндік ой, байлам-байыптаулары бар кітаптарымен өз оқушысын табарына сенеміз” – деп сабақтайды [4].

Сағат Әшімбаев шығармашылығы – әдебиет пен қатар өміртану мәселесі қатар қамтылған деп айтсақ артық болмас. Сыншы мақалаларында әдебиеттің әр жанрын талдай отырып, азаматтық категорияларға ерекше ден қойып, әр дарын иесіне адам деген қасиетті атаққа лайық болу үшін, өрелі азаматтық өлшемге шақырады. С.Әшімбаев «әдебиет дамуындағы шешуші факторлардың бірі ұлттық кемелденген сана-сезімнің құрамдас бөлігі азаматтық позиция» деп есептейді. «Азаматтықты және азамат болудың асқан абырой екендігін бүкіл ұлт болып ұлы мұрат тұтқан жерде рухани ой саласының алды – әсіресе, әдебиетте көркемдік-эстетикалық жетістіктің болмауы мүмкін емес. Өйкені мұндайда әдебиет ұлттың ұлы қаруына тәрбие құралына айналмай тұрмайды. Оның себебі, әдебиеттен артық ұлттың өзін өзіне танытатын, өзіне өзі көрсететін, өзі арқылы өзін тәрбиелейтін күдіреттің жоқтығынан да болса керек. Екіншіден, ұлттың қандай екендігі әдебиеттен көрінеді. Ұлы ұлттың әдебиетті де ұлы! Сол сияқты өзінде береке жоқ ұлттың әдебиетінде де, берекелі ештеңе болмайтындығын тарих көші дәлелдеп келе жатыр. Тағы бір шындық, әдебиеттің сипатына қарап ұлтының ұлылығының синонимі боп кетеді» [5, 138-139], – деген ойлы-философиялық, тәрбиелік мәні зор мақалаларын жас ұрпаққа оқытудың берері мол деп санаймын.

С. Әшімбаевтың көптеген сыни-әдеби мақалаларында көркем шығармаға белгілі бір түсіндірме берілген. Әрбір елеулі шығарма өзіне тән бейнелілігі, көп астарлығы, проблемалылығы, көркемдік қуаты бойынша әртүрлі түсіндірменің пайда болуын ынталандырады. Жазушының көтерген мәселесін, авторлық позициясын қоғам мүшелерінің әр түрлі қабаты әр түрлі қабылдайды. Я.М. Пархомоский

осы мәселеге қатысты: «Сын – осынау оқырмандар қабатының жазарман өкілдері, және олар бізге, оқырмандарға автордың айтпақ ойын, идеясын, оның ұстанымының нанымдылығын түсіндірмек болады», – деп жазған еді [6, 57]. Мұнда бір қызық жағдайға ұшырасамыз. Кейде түсіндірме жасау феномені қарапайым қабылдаушының шығарманы кәсіпқой сыншыға қарағанда да терең ұғынатынын көрсетеді. Автордың ұсынғысы келгеніндей емес, автордың түйсік деңгейінде өзі де бейсаналықпен қолданған, айтқысы келген ойларын түйсініп, ашып жататын жағдайдары кездеседі.

Әр түрлі түсіндірмені синхронды және диахронды түрде қатар салыстыру шығарманы замандастырдың түсінуіне ауырлық тудырады, оның тереңіне бойлауларын қиындатады, сондай-ақ классикалық шығарманың басқа кезеңдегі оқырмандардың қабылдауында жаңа қырларынан ашылуына да күрделілік алып келеді.

Әдеби-сыни мақалаларды зерттеу әр түрлі репродуктивті (жаңғырушы және шығармашылықпен құбылта әңгімелеу) және продуктивті монологты лебіздерді (оның ішінде әр алуан әдеби-сыни жанрлар – рецензия, эссе, портрет, шолу, проблемалық мақала және т.б. оқыту кезінде) үйретуде негіз бола алады.

Қорыта келгенде, әдебиетті тереңдетіп оқытуды көздейтін гуманитарлық мамандықтарда әдеби-сыни мәтіннің ерекшеліктеріне баса мән беріп, оның поэтикасын игеруге, сыншының жазушының көркемдік әлемін ашудағы құралдары мен тәсілдерін ашуға көбірек көңіл бөлінгені абзал. Сыни материалдар мәтіннің лингвистикалық белгілерін, ғылыми, публицистикалық және көркем стилдер тәсілдерін, әдеби тіл ерекшеліктерін танып білу үшін қосымша материал қызметін атқарады. Әдебиет сабағында сынды пайдалану мәдениетке тұтас, ал әдебиетке жанама тұрғыдан қарай білуді қалыптастырады. Білім алушыларға қазіргі көркем шығарманың көп қырлылығын түсінулеріне жол ашып, оған әр буын өкілдерінің қызығушылық танытуларын ынталандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 376 б.
2. Хализев В.Е. Проблемы теории литературной критики. – М., 1980.
3. Лукьянов Б. Методологические проблемы художественный литературы. – М.: Наука, 1980.
4. Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2006. – Т. 1. («Сыншыл ой сипаты» мақаласы»).

5. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 138-139 бб.
6. Пархомовский Я.М. Беседы о третьем слагаемом. – М., 1990.

Ниязова Ф.,

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЛЕКЦИЯНЫҢ ОРНЫ

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған бүгінгі таңдағы басты талаптардың бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп, жаңғыртып отыру және заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру. Студенттерге қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін игеруі өте маңызды болмақ. Инновация дегеннің өзі – ескіні жаңғырту, жананы енгізу, жаңа идея, жаңа әдіс дегенге саяды. Инновациялық технология элементтерін сан жылдар бойы отандық әдістемелік-педагогикалық тәжірибеде дәлелденген дәстүрлі оқытудың озық үлгілерімен ұштастыра отырып, жүйелі түрде бір ізділікпен оқыту сөзсіз өз нәтижесін берері хақ. Сондықтан да жоғары мектепте тамыры тереңнен бастау алатын, әлі күнге дейін маңызын жоймай келе жатқан дәстүрлі дәріс сабағының әдістемесін, стилін, оқу үрдісінде алатын орнын айтқанның артықтығы жоқ деп ойлаймыз.

Жоғары мектептегі оқу жұмысының негізгісі, оқудың дидактикалық бөлімінің ең түйткілді түйіні, ғылыми ақпаратты студентке жеткізудегі оқытудың неғұрлым тиімді, үнемді әрі таңдаулы түрі – лекция. Оның мақсаты – студенттердің оқу материалын жан-жақты жүйелі түрде, бірізділікпен меңгеруін қалыптастыру. Студенттердің ақыл-ойына, жүрегіне және ерік-жігеріне ықпал етуі жағынан жоғары оқу орындарында лекция бірінші орын алады. Ол аудитория үшін ғылым мен ғылыми-педагогикалық ойлау үлгісінің жүйесін байланыстырады. Лекция мазмұны – сол тақырып бойынша студенттер білуге тиісті мұқият іріктелген квинтэссенция. Лекция – бұл тек информация ғана емес, оқытушы мен студенттер қарым-қатынасы және бірлескен қызметінің әрекеті. Сондықтан да ЖОО-да лекцияны оқу жұмысының ешқандай формасымен алмастыруға болмайды [1, 8]. «Лекция» сөзі латынның «lection» – «оқу» деген сөзінен шыққан.

Лекция Көне гректерде дамыды, кейін орта ғасырларда Көне Римде нәтижелі болды. Кейін бұл форманың даму тарихын Ресейге ұлы ғалым Ломоносов енгізді. Ол студенттерді шешендік өнерге баулуға лекция арқылы олардың тілдік (сөздік) қорын жүйелі түрде молайтуға мүмкіндік береді деп есептеді. Өзінің лекциясымен аты аңызға айналған математик М.В.Остроградскийді атауға болады. Ол лекцияның ғылыми және әдістемелік жағына көп мән берген. Ол өзінің дәрісін ең бірінші өткен сабақтағы материалды қайталаудан бастап, жаңа тақырыпты талдап, сонысын түсіндіруге кіріседі екен. Атақты лекторлар ретінде тарихшылар О.В.Ключевский мен Т.Н.Грановскийді танимыз. Грановскийдің лекциялары ең үздік лекция ретінде саналып, оқулық атаулыны екінші жоспарға ығыстырды, сондықтан да біз оны жақсы лекторлардың қатарына енгіземіз. XIX ғасырдың ортасында ғылым мен техникалық білімнің өркендеуіне байланысты, бүкіл әлемде лекцияның үстіне практикалық сабақтар үстемеленіп қосылды. Лекцияны қайталау да студенттің өз бетімен кітап бойынша жұмысы болып есептелінеді. Белгілі орыс хирургі әрі педагог Н.И.Пироговтың пайымдауынша, лекция егер лектор жаңа ғылыми материалдарды терең меңгерген болса немесе сөзге шешен адам болса, онда оқытудың бұл формасы оған қиындық тудырмайды деген екен.

Лекцияны оқу және тыңдау – лектор үшін де, студент үшін де күрделі, әрі ауыр жұмыс. Лектор шындығында үш жақты қызмет етеді: лекцияны шығарушы, оны қоюшы және орындаушы. А.П.Чеховтың тұжырымдауынша, лектор бір мезетте ғалым, мұғалім және шешен ретінде көрінеді. Тимирязевтің пайымдауынша, лектор фотограф қана емес, суретші де бола білуі тиіс. Ол кітапты қайта баяндап беретін акустикалық құрал емес, оның қызметі сонымен қатар жоғары шығармашылық деңгейде жүзеге асуы тиіс-тін айтты. Тимирязевше айтсақ, лекторда ғылыми мәселелерді дұрыс шешуге деген құштарлық пен идеяны іске асыру қабілеті тең болуы керек. Міне, осындай лекциялар Д.И.Менделеевке де тән. Лекция студентке де оңай болмайды, ол түрлі педагогтардың сабақ беру үлгісін пайдалана отырып белсене әрі қарқынды жұмыс істеуі тиіс. К.Д.Ушинский: «Қиялдау әрқашан да оңай, әрі жағымды, ал ойлау қиын», - деген-ді. Студент лектор ойын қалт жібермей қадағалайды, негізгілерін саралап, принципті қағидаларын сын көзімен қабылдап, ақпаратты толық сезінуге және де ең қажеттілерін өз ақыл қоймасында, жадында сақтауға тырысады. Сонымен қоса ол неғұрлым толық түсінікті әрі анық етіп жазып үлгеруге төселуі тиіс. Лекцияны оқу барысында оқытушы қыруар жүйке және интеллектуалдық күш жұмсайды, алайда ол студентке қарағанда едәуір қолайлы жағдайда болады, өйткені ол өзінің

күні бұрын әзірлеген лекциясын бірыңғай баяндайтындықтан, оқытушы уақыты субъективті түрде тез өтеді. Ал студент болса, лекция бойы қозғалмай отырып ақпаратты қабылдауы, талдауы және көкейіне тоқуы тиіс. Пән бойынша ескерту жасауға кеткен әр минуттың өзі жүздеген минутты жоғалтуға әкеп соғады. Сондықтан әрбір студент лекция сабағын жауапкершілікпен және адалдықпен тыңдауы, лектор еңбегін құрметтеуі тиіс.

Қазіргі кезде материалды лекция түрінде өткізуге көптеген наразылықтар туындауда. Осы пікірді құптамайтын ғалымдардың пікірі төмендегідей:

- Лекция студентті пассивті қабылдаушы ретінде көрсетіп, оның өзіндік ойын тежейді. Сондықтан бұл пікірдің дұрыстығы ешбір даусыз.
- Лекция – өзіндік сабақтарға мән беруді шектейді.
- Егер оқулықтар болмаса немесе аз болған жағдайда ғана лекция қажет.

Бірақ тәжірибе көрсеткендей, лекциядан бас тартуға болмайды. Өйткені лекция – оқытудың ғылыми және білім деңгейін өркендететін процесс. Лекция болмаса, студенттің ғылыми дәрежесі төмендеп, семестр бойынша жүйелілік пен нәтижелілік бағыты нашарлайды деп ойлаймыз. Сондықтан да лекция ЖОО-дағы оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасы болып саналады.

Лектордың эмоциялық іс-әрекеті нәтижесінде студенттердің ойын қалыптастыруда лекцияның алатын орны ерекше. Лекция эмоциялық бояуы терең, ғылыми мазмұнға негізделсе, ойдың тұтастығы мен тыңдаушының қабылдау ерекшелігі артады. Көптеген оқытушылар үшін, лектордың міндеті тек қана өзінің пәнін жан-жақты меңгеру мен ойын анық жеткізе білуінде. Лекция қандай қажеттіліктерге негізделуі тиіс? Лекцияның қажеттілігі (немесе лекцияға қойылатын талаптар): оқытудың және лекцияның өнегелі жағы, ғылыми және информациялық жағы, ғылыми дәлелдемелердің, фактілердің, құжаттар мен тұжырымдамалардың, мысалдардың анық, айқын дәлелді жақтары, баяндаудың эмоциялық форма жағы (құрылуы); сұрақтардың логикалық әрі нақты құрылуы; әдістемелік өңдеу – негізгі ой мен пікірдің жарыққа шығуы, қорытындыларды айрықшалау, әр түрлі негіздегі мәліметтерді қайталау, анық және түсінікті тілмен баяндау, жаңа енгізілген терминдер мен атаулардың негізін түсіндіру, қажетті кезде аудиовизуалды дидактикалық материалдарды пайдалану. Аталған талаптар лекция сапасын бағалаудың критерийлері болып табылады. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті пәндерінен дәріс оқитын оқытушылар:

- Лекцияның мақсаттарын дәл әрі нақты белгілеуі керек;

- Лекцияның мәтінін өз стилімен мазмұндауы /жазуы/ керек;
- Лекцияның мазмұнын баяндау түрін алмастырып отыруы керек;
- Сөйлеудің қысқа тезисін алдын-ала даярлап алатын болуы керек;
- Ауызша сөйлеу стилін еркін меңгеруге тырысып, лекцияның мазмұнын баяндауға жаттығуы, соған қалыптасуы керек. Лекция стилі төмендегідей белгілер арқылы жүзеге асады:

- Форма мен мазмұнның бірігуінен және ойдың анықтығы мен сөздің түсініктілігінен лекцияның ғылыми және эмоциялық жағы көрінеді. Адамдардың эмоциялық қасиетінсіз еш уақытта адам бойындағы шындықты табу қиын. Бұл міндетті түрде студент жастарға арналған лекцияларға жатады. Бұдан шығаратын қорытындымыз, лекцияда әрдайым эмоциялық бояу болуы керек. Яғни ол лектордың көңіл-күйі мен сезімінен әрі өзінің пәніне деген сүйіспеншілігінен, қарым-қатынасынан басталады. Лекцияның эмоциялық жағы – тыңдаушы ойының тұтастығын және көңіл-күйін қалыптастыратын белгі.

- Лекцияның эмоциялық жағымен қоса, ол шабытпенен тығыз байланысты. Яғни шабыт шығармашылық күштің әрекетінен лекцияны баяндау сәтіндегі ойдың негізді болуын, түсініктілігін ашады. Шабыт лекциядағы эмоциялық бояуды күшейтуге, лекторға мысалдарды керекті жерінде қолдана білуіне, лекцияда қойылған мақсаттың орындалуына бірден-бір себеп болады. Әрбір лектор үшін шабыт белгілі бір жағдайда іске асады. Шабыт жоқ деп жүйелі түрде лекцияға дайындалудан бас тартуға болмайды, өйткені осы лекцияға ерекше ықыласпен дайындалудың негізінде ғана шабыт пайда болады. Осыдан барып ойдың шығармашылық қабілеті шындалады.

- Кейбір оқытушылар эмоциялық қабілеттен гөрі жасанды көтеріңкі леп пен пафосқа бет бұрады. Бірақ бұл студенттік аудиторияда кең қолданыс таба алмайды. Өйткені студенттер лектордың нәзік сезімімен баяндап тұрған сәті мен жасанды қасиетін ашықтан-ашық ажырата алады.

- Оқытушы міндетті түрде лекцияны өзіндік мәнерімен әрі мысалдарымен оқуы тиіс. Кейбір лекторлардың лекцияны баяндау мақамы басқа оқытушылардың оқыған лекцияларына ұқсауы мүмкін. Бұл жас оқытушыларға тән. Бірте-бірте өзіндік стилі мен лекцияны оқудағы әдістері қалыптасқаннан кейін, олар « ұқсас болу» әрекетінен бас тартады.

- Лектор халық шығармашылығынан, әдебиеттерден, өмірден алған мысалдары мен салыстырмалы мәліметтерін қолдана алады.

Тыңдаушыларға мәселенің төркінін ашу үшін, мысалы суретті, бейнелі, бояулы, ашық түс арқылы оның түйсігіне терең із қалдыру болып табылады. Лектордың, біріншіден, тыңдаушыны материалды түсінуі үшін үйіріп әкететіндей, қызықтыратын мысалдары болуы керек, екіншіден, ой тұңғығындағы қиялды ояту керек, үшіншіден, оқуға деген ынтасын қалыптастыруы керек. Міне, осы үш дәрежеге көтерілгенде ғана студенттер өз деңгейіндегі білікті де білімді маман иелері бола алады.

- Дәйексөздерді (цитата) қолдануды да лектор қадағалауы тиіс. Дәйек сөздердің көп болуы лектордың өзіндік ойлауын тежейді. Дәйек сөз лекцияға жазушының, ақынның шығармашылығын асқақтатуға, философиялық, ғылыми-теориялық ойлаудың мәнін ашуға, сонымен бірге, олар лектордың қорытындысы мен дәлелдемелерінің дұрыстығын жеткізуді көздейді.

- Шет елдерден енген сөздерді қолданғанда да бірізділік қажет. Егер қазақ тілінде шетел сөздерінің жалпы қабылданған термині болса, соны қолданған тиімдірек.

- Лекция стиліне лектордың сөздік қоры да әсер етеді. Сөздік қоры мол лектор ойын еркін, жанды, жүйелі, қызықты, нақты жеткізе алады. Сөздік қор - ғылыми және саяси ойдың барлық бояуын, байлығын көрсететін мән.

- Лектор сөздердің дұрыс айтылуына да көңіл бөлуі тиіс. Бұл туралы лекторлардың бәрі де білгенімен, нақты ережені негізге алмайды, яғни ережеге сүйенбейді. Кейбір лекторлар мен оқытушылар құрмалас сөйлемдерді жиі қолданады. Бірақ құрмалас сөйлемдерді қолдануда сөйлем мүшелері арасындағы байланыс үзіліп, ой айқындығы мен нақтылығынан айрылады. Ой логикалық жағынан дұрыс құрылған, аяқталған формада, жүйелі болуы керек. Ойдың нақты болуына сөйлемдегі сөздердің дұрыс құрылуы, интонациясы да қызмет етеді. Бұл әрбір сөйлемдегі сөздерге логикалық екпінді дұрыс қоюға әрі ойдың нақтылығына көмектеседі.

- Лекцияны әсірелейтін негізгі құралдың бірі - риторикалық сұрақтар. Бұл - лектор мен студентті жақындастыруға септігін тигізетін бірден бір құрал. Мұндай риторикалық сұрақтар арқылы тыңдаушы лектордың ойымен бірізді жүйеде жүреді. Бірақ оны керекті жерінде пайдалана білу керек. - Баяндаудың анықтығына жаргон сөздер кері әсерін тигізеді.

- Лекцияның мән беретін үлкен бір бөлігі ол лекцияның темпіне жүктеледі. Әрбір оқытушыда өзіндік тәжірибесі молайғаннан кейін оқу мәнері де қалыптасады. Оқырман автордың жазған шығармасын, әрбір сөздерін көз алдында көріп, ой елегінен өткізеді. Тыңдаушы лекторды

тікелей көріп отырып, тыңдайды. Мұнда лекторға тек оның интонациясы, бет әлпеті, мимикасы, қимылы, мәнері, жүріс-тұрысы көмекке келеді. Міне, осындай құралдардың барлығын да лектор гармониялық үйлесімде ұстауы тиіс.

Әдебиет пәндерінің ЖОО-да оқытылуы бағытында біршама әдістемелік тәжірибелер жинақталған. Дегенмен де белгілі академик, профессорлар, доценттеріміз бен аға оқытушыларымыздың лекция оқу үлгісіндегі мәнер-машығы, практикалық, лабораториялық сабақтар өткізу амал-тәсідері түбегейлі зерттеле қойған жоқ. Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытуды алғаш қолға алған жас мамандарымызға өнегелік сипаты мол лекторлық өнерімен танымал болған ғалым-педагогтарымыз аз емес.

Қазақ аудиториясына ұстаздық ету «өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» жолында шәкірттеріне терең білімі мен үлгі болар тағылымын арнаған атақты лекторлар еңбегі де ерен. Әсіресе, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің аса жоғары лекторлық шеберлікке ие дәрістері үздік лекциялар қатарынан танылады. М.Әуезов биік тұрғыдан пікір түйген әділ сарапшы да, ұстаз ретінде сан мың шәкіртті аузына қаратып, энциклопедиялық біліміне кенелткен тамаша тәрбиеші бола білді. Ғұламаның шешендік қырлары туралы шәкірті З.Қабдолов: «Қанатты кісі еді ғой, шабытсыз сөйлемейтін. Көл-көсір білім, ақыл, ой шәкірттерін әлде бір абзал арман, асыл мұрат аясында әлдилеп, әлдеқайда алысқа, биікке көтеріп әкететін. Әр шәкірт сөз өнерінің қиян-қилы құпияларын танып, шетсіз-шексіз сыр мен сезімге маңып, аспандай кең әсемдік әлемінде самғап, парлап, кете баратын. Мұхандай шешен адамды өз басым ғұмырымда көріп-білген емеспін. Мінбеде не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді. Және бір кереметі – Мұханды енжар тыңдау мүлде мүмкін емес. Өйткені ол жазғанда ғана емес, ауызекі сөйлеген сөзге де ғаламат суреткер болатын» [2, 84], – деп тұжырымдайды. М.Әуезовтің Қазақ университетінде еңбек етуі университеттің, бүкіл қазақ интеллегенциясының, қазақ әдебиетінің, қазақ журналистикасының, қазақ ғылымының бағы болғандығын дәлелді де дәл байыптайды. Мұхтар Әуезовтей ұлы ұстазының өнеге-үлгілерін бойына сіңірген, зергерлік тағылымын қаламына дарытқан, ғалымдық, абзалдық қасиетін үлгі тұтқан Зейнолла Қабдолов туралы да әрбір шәкіртінің жыр қылар аңыздары жеткілікті. Академик М.Қаратаев «Алуан қырлы әдебиетші» деген мақаласында: «З.Қабдоловтың жазушылығы ғалымдық, педагогтік кәсіптерімен қатар, қабат жалғаса дамып келеді. Ол көркем сөз шебері болумен қоса, оның зерттеушісі, сыншысы, сол көркем сөз құбылыстарының және оқытушысы» [2, 61], – дейді. Зейнолла Қабдолов

тәрбиелеген көсемсөз сарбаздары, талантты жазушылар қаншама. 3.Қабдолов қаламгерлігі, ғалымдығы, тәлімгерлігі хақында ғылыми еңбектер жазған филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын Қадыр Жүсіп ұстазының шеберлікпен ұштасқан тағылымды дәрістерін былайша тамсана еске алады: «Міне, ол аудиторияда. Алдындағы шәкірттері іштей тынып, ұйып қалған. Нұр төгілген жанарымен бәрін бірдей аялап, жан құшағына алғандай. Төгілген ой жас қиялдарға қанат бітіреді, биікке де көтереді, тұңғыық сырлар тереңіне бойлатады. Әдебиет қисындарын айтып-айтып келіп, бір кезек шәкірттер назарын ғылыми тұжырымдарға қада қазықтай байлайды. Өз пікірлерін дәлелдету үшін ауыз әдебиеті ғажайып нұсқаларын – «Қыз Жібектен» Махамбет, Жамбылдар жыр-толғауларына дейін, жазба әдебиетін – Абайдан Әбілдаға дейін жатқа соғып, тәнті етеді. Бірде Әуезовтің «Абайынан» үзіндіге кенелтеді, бірде Әбдіжәміл, Олжас, Сайын шығармаларынан бір-ақ шығарады. Ғажап! Ұстаздық шеберлік деген осы. Дәйім солай! «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға» Абайдың бұл бір шумақ өлеңі Мұхтардың да, Зейнолланың да ұстаздық кредосы, бойтұмары дерсің» [2, 85]. «Сөйлеп тұрған – Зейнолла Қабдолов. Зекең сөздерін қандай сезім күймен сөйлейді. Шыбынның ұшқаны білінбей қалды. Тыныштық әлемі әркімді әр қиялға бөлегендей. Жиырма минут бойына зал толы адам мамық сөз бесігінде тербеліп отырды» [2, 86], – деп, тебірене еске алады бұрын студент, Қабдоловтың шәкірті бүгін ғалым, филология ғылымдарының докторы Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің профессоры Қадыр Жүсіпов ағай. Қазақтың ғалым қызы Алма Қыраубаева Сәкен Сейфуллин деген қазақта дара туған тұлғаның халыққа сіңген сансыз еңбегін, қоғамдағы өрелі қызметін түбегейлі зерттеп, бірден бір жанашыры, жоқшысына айналған ғалым-ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлының Сәкен туралы эмоцияға толы дәрісін ерекше атайды. «Ақынның сұлулық нышанына айналған қасиетін, жаны таза – ары таза жанның саясаттың шырғалаңына түсіп тартқан азабын, «Тар жол, тайғақ кешудегі» қиын тағдырын, атылғанын айтты. Аяушылық сезіммен емес, ар биігінен айтты. «Сөздің қуаты шындығында» екенін ұқпаған адам жоқ. Сәкен Сейфуллин сынды алып тұлға алаңнан қарап тұрғандай әсерленді. Сілтідей тынған халықтың біразы үнсіз жылады. Іштегі суық намыс кенеттен көтерілген асқақ рухтың тегеурініне шыдай алмай, жас болып шықты. Сол күні Сәкен тойына жиылған жұрт Кәкішевті халық қаһарманындай сезінді» [3, 23].

«Университет аудиториясындағы мөлдіреген қыз-жігіттер бітімі бөлек, сөзі ерек профессордың лекциясында оның Сәкенге деген сүйіспеншілігін қызыға тыңдап отырады. Қағазға түскен үнсіз сөздер

аудиторияға кірісімен жанданып, қуаттанып, бірде зұлпықардай жарқылдап, ұйқыдағы сананы оятса, бірде сүнгі болып еріншек ойларды түрткілейді. Бірде мәуелі ағаш болып қызықтырады» [3, 24],– деген шәкірті Алманың сөзі барлық шәкірттері халықтың азаматына, білімнің беделіне айналған тұлға Тұрсынбек аға Кәкішұлы туралы айтылған орынды да оңды пікірлер. ҚР ҰҒА академигі әдебиеттану, фольклортану, түркология ғылымдары саласында ұлттық ғылымдағы сүбелі де соны еңбектеріне қоса, сан мыңдаған шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан ұстаз-педагог Рахманқұл Бердібай туралы: «Мерей мен мейірімге толы ақ-сары жүзі балбұлы жанып, кең кеудесін кере, өзіне тән маңғаздықпен әңгіме бастайтын.., әдемі қоңыр үнмен бейне бір домбырадан шертпе күйді төгілткендей керімсал сыр шертетін» [4, 28], – деп, шәкірті ф.ғ.д. профессор Ө.Әбдіманұлы айтқандай, кеменгерліктің көне көзіндей боп, кең маңдайы жарқырап, ақ-сары жүзінде нұр ойнап, мейірімге толы жанарын шүйіре тастап, маңғаз кейпін бұзбастан сөйлей жөнелгенде, толықша бұғағы бүлк-бүлк етіп, өзгеше бір сәндік берер кейпі көз алдымызға елестейді. Мұндай сөз өнерінің зергерлері, сөзден сұлу сарай соғар шешендеріміз, дәріскерлеріміз айта берсек тізімі толастамас.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы – төрт филология ғылымдарының докторы, бес филология ғылымдарының кандидаты, жеті филология магистрі, бір аға оқытушыдан тұратын ғылыми дәрежелілігі жоғары ұжым. Университет профессоры, ф.ғ.д. Ө.Молдахановтың терең тұжырымды концепцияларға құрылған, ғылыми мәліметтері нақты лекциялары студенттер аудиториясы үшін әр уақытта маңызды да мағыналылығымен ерекшеленеді. Ал ф.ғ.д., профессор, ғалым ұстаз Б.Т.Бораштың ұлтжандылық, өз ісіне берілгендік қасиеттері шәкірттеріне қашан да үлгі. Ұлт тілінің жанашыры, ғылым жолындағы стилі де дара, адалдықты пір тұтқан әдебиетші ұстазымыздың әр лекциясы шәкірттері үшін ұлағаты мол ғылыми ізденіске бастайды. Әр сабағы бір-біріне ұқсамайды, әдістемесі жөнінен де әр алуан қайталанбас сәттерге толы өтуімен құнды. Сонымен қатар кафедраның жас толқын әдебиетті ардың ісіне балайтын, әр дәрісін эмоцияға толы, әдебиетке деген сүйіспеншілігін әрқашан дәлелдеп жүрген жаңа буын өкілдерінің лекция өткізудегі өзіндік ерекшеліктерін атап өткіміз келеді. Ө.Ұлықпанова ғылыми стиль мен көркем стильді қатар ұштастыра отырып, ораторлық қасиеті мен сөз саптаудағы шешендік өнерімен ерекшеленсе, Г.Обаева – теория мен практиканы қатар ұстап, әдебиеттің теориялық тұсынан терең қаруланғанын, тілінің ғылымилығын әр дәрісінде дәлелдеп, студенттер

қауымын тәңгі етіп жүр. М.Балтымова – ойын көркемдікпен көмкеріп, теориялық мағлұматты ғылыми стильде нақты дәл жеткізудегі талантын танытып жүрген, көркем шығармаларды талдауда табандылықпен тыңғылықты іс тындырып жүрген жас ғалым. Р.Жұмағалиева – әдебиетке құштарлығын эмоцияға толы әр сабағында дәлелдеп жүрген, сөздік қорының, шұрайлы тіл байлығының молдығымен көсем сөйлеп, әр студентінің жүрегін жаулап жүрген жас ұстаз. А.Абдуллина – сабақ технологиясын жаңа әдістермен түрлендіріп өткізуде, өз шәкірттерін ізденгіштікке баулуымен, әр уақытта шәкірттерінің қасынан табылатын жанашырлығымен өзгеше.

Жоғары оқу орнының оқытушысы лекция оқуы барысында тек ғылыми мәліметтерді студенттерге жеткізуші ғана емес, ойлау мәдениетінің де жоғары үлгісі ретінде жан-жақты дамыған, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін игерген тұлға болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мамандыққа кіріспе. – Алматы: Ана тілі, 1990. – 208 б.
2. Жүсіп Қ. Қазақтың Қабдоловы. – Алматы: Арыс, 2005. – 248 б. ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы №9. Алматы, 1997. -138 б.
4. Бердібай Р. Және ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы фольклортану филология, туркология мәселелері. – Түркістан, 2008. – 439 б.

Набиулина Г.М.,

М. Акмолла атындағы Башқортостан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

ИСЛАМ В СОВРЕМЕННОЙ БАШКИРСКОЙ ПРОЗЕ

Статья выполнена при финансовой поддержке гранта РФФИ «Урал: история, экономика, культура» в рамках научно-исследовательского проекта «Духовные истоки башкир в фольклоре тюркских народов Евразии», №17-14-02604.

Проникновение Ислама в современную литературу начиная с конца 80-х – начала 90-х годов стала массовым явлением. Это не означает, что литературу нужно отождествлять с религией, тем не менее, оно порождает комплекс проблем, которые нужно изучить. В башкирском литературоведении накоплен опыт в изучении и научной разработке проблемы влияния религии к литературе. Теоретическим

аспектам данной темы посвятили свои работы Г.Б. Хусаинов, А.И. Харисов, Г.С. Кунафин, З.Я. Шарипова, Ф. Сибатуллин и др. Из истории советской литературы известно, что когда-то литература стала идеологическим оружием против религии. Литература как вид искусства реализуется в письменной форме и отражает внутренний мир человека в системе общественных отношений, сложившихся в конкретный исторический период. Исследование отдельных произведений, затем на более обширном материале можно представить грани соприкосновения литературы и Ислама, и таким образом можно интенсивно накопить ценные наблюдения в башкирской литературе по данной проблеме.

Воздействие, влияние и проникновение Ислама в литературу – общепризнанный факт, религиозно-литературные взаимосвязи обогащают литературу, без учёта которого неполны будут наши представления о современной литературе. Процесс воздействия Ислама на литературу не нов, однако в наше время он количественно увеличился. В связи с этим возникает необходимость в системном подходе. Как мы уже отметили, между литературой и религией существует тесная связь, установить это можно только путем литературного анализа, используя её приёмы: изучение средств поэтического языка и стиля, определить сходство между литературой и религией, специфическую между ними разницу, их отличие.

В современных башкирских рассказах, повестях, романах отводится немало мест описанию религиозности казахского народа, например, в рассказе «Аклима-Акулина» Зиннура Ураксина речь идет о чувашской девушки, семью которой в 1931 году выслали в Сибирь, они сумели сбежать на казахские степи и дочку Акулину отдали казахской мусульманской женщине на воспитание. Она дала Акулине мусульманское имя – Аклима, научила её мусульманским обычаям, научила читать дуа, молиться. Акулина приняла новую веру и до конца своих дней была верна ей. Также в романе З. Ураксина «Караван-Сарай» когда Ахтям попал в плен, казахи очень уважительно отнеслись к нему, когда узнали, что он читает намаз. И Муслсим Абсалямов в своем романе «Хальфа» с теплотой описывает казахско-башкирские отношения. Тем самым современные башкирские писатели показывают, что исламская вера не только сближает казах и башкир, но и делает их родственными душами.

В промежутке с 1998 по 1999-х годов народный писатель Республики Башкортостан Нугуман Сулейманович Мусин (1931) окончил свой роман «Там лежат останки батыра», посвящённый башкиру бурзянского рода, известному военному-начальнику, дипломату

Алдарбаю тархану Исякаеву (по некоторым документам его знают, как Исянгильдин). В произведении Н. Мусин поставив художественного образа известной личности, героического сына башкирского народа, читателя заставляет войти в мир XVIII века. До сего времени в работе восстановления личности, создании образа Алдар тархана наряду с учёными-историками как А. Асфандияров, И. Акманов башкирские прозаики Б. Рафиков, Г. Хусаинов потратили немало сил.

В романе «Там лежат останки батыра», исламские каноны чётко отражены в жизни башкирского народа. Например, после сватовства девушки следует ритуал сговора и никах – религиозный акт официального санкционирования брака молодых, который был «распространён в свадебном быту многих тюрко-язычных народов» [1, 65].

Как пишет Н. Мусин: «После прочтения Ахуном хазретом молитвы и свершения дуа» [2, 152], Аллагул просит у Исякая тархана выдать его дочь Хырбику своему сыну. После двустороннего согласия ахун хазрет произносил слово «Аминь, Аллаху акбар», прочитал аят никаха, пожелав молодым равной, хорошей жизни» [2, 152]! Здесь автор даёт достоверное и объективное представление проникновения Ислама в обычаи башкир, как мы наблюдаем, религия охватывает все жизненные аспекты.

В конце мая в бурзянский род приезжает Хаджи мулла по имени Ишбулат!

- Меня отправил виляй Казани Апраксин, - рассказал он. – Хожу и забочусь о религии, о жизни наших истинных мусульман. Виляй Апраксин сказал, пусть татары и башкиры не боятся, к их религии никто не будет покушаться» [2, 179]. Этот учёный человек, представитель религии приходится по душе и отцу Алдара, он его просит читать суры Корана (трапезу).

В романе мусульманство представляется как связующее звено всех мусульман, которые живут в разных краях. В диалоге с Хажибекком Алдарбай тархан говорит о принудительном христианизации.

«Пребывание Шункара в Тереке, в Кубане даром не пройдет <...>. Они говорят об освобождении от царя и создания (построения) сильного мусульманского государства» [2, 183].

Нугуман Мусин описывает героя своего романа Алдара батыра не только как известного военно-начальника и дипломата, но и религиозного человека. «Алдар батыр – мусульманин, поклоняющийся Аллаху. Исякай тархан считал своим долгом научить сыновей грамоте, пятикратному намазу, заучивать суры священного Корана [2, 217]. Знания в области религии Алдар батыру никак не мешают его военной

деятельности, наоборот только помогают. Например, переводчик Минкабак среди военных объявил себя «послом, который направлен передать слова Аллаха людям» [2, 216]. Алдар батыр быстро вычислил, что он использует имя Аллаха в своих целях.

Всё чаще приемы и методы исследования, выработанные в сфере изучения одного словесного искусства, успешно применяются – разумеется, с учётом новой специфики – в другой его сфере. Всестороннее изучение Ислама не может ограничиться методами, выработанными на литературном материале, равно как исследование литературы не может основываться на принципах, принятых в философии. Поэтому исследователю в данном направлении приходится уделять внимания реминисценциям, использованными автором.

Батыр читает суру «Йа син», отцу, который ждал возвращения сына на смертном одре. «Алдар батыр, торопясь сел около отца и начал читать «Йа син»:

- Агузубиллахимнашайтан
ырразим...Бисмиллахиыррахманырахим... Ясин валкуррани эль-
хаким» [2, 227].

В романе также упоминается о проведение сорока дней Исякая тархана, значит в бурзянские башкиры считали своим долгом соблюдать все атрибуты погребального обряда по мусульманскому обычаю. В речи героев романа также наблюдается религиозность, при встрече они приветствуют друг друга терминами как «Ассальямагальякум», «Вагальякумассалям», которые вошли с арабского языка вместе с Исламом. К примеру, Хажибек в диалоге с Алдар батыром вспоминает Аллаха: «Алдарбай тархан, во имя Аллаха, не позорь меня» [2, 229].

Алдар батыр говорит каракалпакскому батыру Ырысмухаммету: «Я смотрю на мирное существование, взаимопомощи мусульманских народов, как на благое, святое дело, предначертанное Аллахом» [2, 240].

В казахских степях Алдар батыр, когда ищет свою жену Гильмиязу и дочь Гульемеш, попадает в трудную ситуацию. В романе, как во многих произведениях башкирских прозаиков, подробно описывается башкиро-казахские взаимоотношения, также дается образ хана Младшего жуза Абулхаира (1718-1748) как в историко-документальной повести «Алдар батыр» Гайсы Хусаинова, в историческом романе «Карасакал» Булата Рафикова.

Таким образом, ценности Ислама в литературе, в творчестве конкретного писателя или же в художественной структуре конкретного произведения не сводится к обычным заимствованиям, здесь

религиозные элементы в литературном контексте также трансформируются и приобретают новую художественную функцию, то есть писатель, обращаясь к религии придает их элементам новое звучание, новый смысл, обнаруживая скрытую в них энергию и жизнеспособность, которые бы в ином освещении они могли бы остаться необнаруженными.

Проникшие элементы религии в литературу объясняются уже в рамках другой науки – в литературоведении, подвергнув рассмотрению и изучению реализацию их художественных значений. При таком подходе открывается возможность перспективного видения Ислама в другом ракурсе, более ближе к жизни простого человека. Рассматривая процесс проникновения религии в литературу нужно отметить их типологический характер, а типология литературно-религиозного развития порождает теоретическую проблему.

Связь литературы и религии носит генетический характер, решения которого требует выхода за традиционные рамки отдельной науки – литературоведения.

Использованная литература:

1. Султангареева Р.А. Башкирский свадебно-обрядовой фольклор. – Уфа, 1994. – 191 с.
2. Мусин Н.С. Там лежат останки батыра... – Уфа, 2001. – 496 с.

Баязитова Р.Р.,

*М. Акмолла атындагы Башқортостан
мемлекеттік педагогикалық университетінің
доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО ЭТИКЕТА БАШКИР В ТВОРЧЕСТВЕ М. АКУМЛЛЫ

(Статья выполнена при финансовой поддержке гранта РФФИ «Урал: история, экономика, культура» в рамках научно-исследовательского проекта «Духовные истоки башкир в фольклоре тюркских народов Евразии», №17-14-02604)

В процессе исторического развития народами выработаны нормы взаимоотношения людей, направленные на поддержание устоев общества, механизмы передачи знаний предшествующих поколений. Немалая роль в трансляции духовных ценностей, сохранении этнической идентичности принадлежит сказителям.

М. Акмулла, вооружившись одним из действенных методов обучения и воспитания – живым словом, призывал народы к просвещению, духовному возрождению. Непосредственное обращение к жизненному материалу, наблюдение и анализ реальных событий привели его к широким философским обобщениям. Его произведения, отличающиеся образностью мыслей, афористичностью языка, богатством содержания, являются бесценным источником изучения этноэтикета, этнической культуры в целом.

В творчестве М.Акмуллы [1] нашли отражение гуманистические традиции башкир, которые складывались веками и стали критериями оценки этикетного поведения. Представляют также интерес философские воззрения поэта о совершенном человеке. В стихотворении «Назиданья», например, он называет нравственно-эстетические ценности, которыми должен обладать каждый человек. На первое место Акмулла ставит совесть, на второе – честь и честность, на третье – ум, на четвёртое – благодарность, то есть умение быть благодарным за добро, доверие, на пятое – порядочность, на шестое – терпенье, ибо только терпеливый человек может достичь поставленной цели, страсть – седьмое из восхваляемых поэтом качеств личности.

В этом произведении М. Акмулла сформулировал основные духовные константы, моральные принципы и нормы башкирской этики. Подобные базовые ценности характерны для многих других народов. Например, в традиционно-бытовой культуре общения народа Саха, характерным принципом, одним из внешних проявлений культурного облика являются скромность и толерантность [2, 56]. Среди чувашей говорят о «семи благах», «семи заповедях». Их реализация являлась обязательной целью национальной системы воспитания. Чаще всего в число семи добродетелей включались трудолюбие, здоровье, ум, дружба, доброта, целомудрие, честность [3, 54]. В системе адыгской этики пять таких постоянств: человечность, почтительность, разум, мужество, честь [4, 16]. Гениальный поэт и мыслитель казахского народа Абай Кунанбаев в «Словах назидания» также призывал освободиться от пороков, унижающих человеческое достоинство, и стремиться к духовному совершенству [5, 3-4]. Как явствует из приведенных примеров, у разных народов была своя иерархия моральных и нравственных ценностей, но все они в совокупности представляли совершенного человека. Такие общечеловеческие ценности, как добро, моральный долг, честь, честность, доверие и т.п., характерны для многих этнических общностей, но то, каким из них отдается предпочтение, как они проявляются в поступках, поведении – отличает народы друг от друга. Л.Н. Гумилев отмечал, что народы

других культур отличаются от европейских, да и друг от друга, не только языками и верованиями, но и всем «стереотипом поведения», который целесообразно изучать, чтобы избегать лишних ссор [6, 42].

В творчестве поэта-просветителя М.Акмуллы можно выделить следующие принципы этикета: уважение и почитание старших, женского пола, гостей, родственников и самоуважение. В иерархии нравственных ценностей у многих народов на первом месте стоит почтительное отношение к старшим. Уважительное отношение к пожилым начиналось с почитания родителей, родных и близких. В стихотворении «Родство» сэсэн напоминает нам об этом:

Жизнь коротка, джигит,
как вспышка света,

Цени живущих рядом, помня это.

В своих наставлениях М.Акмулла ссылается на обычаи и традиции народа: «Обычай учит: поприветствуй старика», – говорится в стихотворении «Послушай истины простые». Проповедуя идею необходимости уважения к родителям, в народе говорят: «Рай находится под ногами ваших матерей». Согласно поверьям башкир, у людей, получивших родительское благословение, благодарность от пожилых людей, дальнейшая жизнь складывалась удачно.

Благодарность многих – это жизнь
продленная твоя.

Не жалея добра – сторицей

все вернется, знаю я!

(«Благочестие»)

Почтительное отношение к пожилым затрагивало все сферы бытия. При жизни оказывали почет и уважение, а после смерти сохраняли, светлую память о своих предках. В прошлом у многих народов бытовал обычай составления генеалогического дерева. Шежере башкирских племен и родов, например, содержали сведения по истории, этнографии, описывали обычаи и обряды, морально-этические нормы, служили укреплению семейно-родственных связей и сохранению преемственности поколений. Уважительное отношение к пожилым – это признак временного мышления. Согласно которому, человек, воздавая должное своим родителям и всем старшим, как бы обеспечивает себе будущее.

Особенность подобного временного мышления тонко подмечено М. Акмуллой в стихотворении «Послушай истины простые...». Поэт проводит мысль о моральной ответственности каждого перед самим собой, современниками, потомками. Например:

Того, кто жил достойно, помнят много лет,

И недруг имени его не очернит –
От лая пса не меркнет в небе лунный свет.
Коль потеряешь честь – утратишь

и почет,

Заслуга прежняя от срама не спасет,
Тогда и старый друг сочтет тебя врагом, –
Там, где возделывал ты хлеб, взойдет осот.

В произведении проводится мысль о том, что человек во все времена свои поступки соизмерял с тем, что о нем скажут современники, что по этому поводу говорили предшественники и расскажут представители будущего.

Продолжая речь о принципах этикета в произведениях поэта-эсэсна М.Акмуллы, необходимо упомянуть об обычае гостеприимства.

Если гость придет, ему ты почешь сердца
окажи,

Незаслуженной обидой не ожги его души.

Знай: беда уходит с гостем и приходит

благо с ним.

Заслужи его «спасибо» – словом

чистым и простым.

Эти строки из стихотворения М.Акмуллы «Благочестие» свидетельствуют о высоком статусе гостя. «Приезжая в любую деревню, вы можете остановиться в первой попавшейся избе, и вас не откажут принять, чего мы иногда не встречаем даже у русских, считающихся одним из гостеприимных народов. Хозяин старается при этом сделать для гостя все, что может», – писал Д.П. Никольский о башкирах [7, 98]. Обычай почитания гостя находит одобрение в исламе, поддерживался общественным мнением. Гостеприимство башкир можно объяснить спецификой традиционного типа хозяйствования, особенностями этнопсихологии. Д.Ж. Валеев, например, отмечал, что в психологии башкир важное место занимает понятие искренности, выражающее состояние открытости внутреннего мира человека, его доступности. О таком человеке говорят: «ихлас», «алсак» (отзывчивый, искренний) [8, 240]. Такие черты проявлялись прежде всего в отношении к незнакомым. Значение этой ценности М.Акмулла описывает следующим образом в произведении «Назиданья»:

Страсть – седьмое условие. Страсть – это пламя!

Это пламя небесное властвует нами.

Мудрецы говорят: все, что названо выше,

Совмещается в нас под единою крышей.

Етенсе киммэт нимэ – ихлас, тигэн

Ихласһызың эше кабул булмаҫ, тигән.

Акыллылар ошо һүззе белһә кәрәк:

Иман, акыл, әзәп, ихлас – юлдаш , тигән. («Нәсихәттәр»)

Гостеприимство, будучи одной из уникальных форм народной дипломатии, определяло также культуру межнациональных отношений.

М. Акмулла, безусловно, был великим мастером слова. Глубоко осознавая его силу, он считал, что слово способно и ранить, и заживлять глубокие раны. В народе считалось, что грубая человеческая речь подобно сабле режет душу, а ласковая – может растопить глубокие душевные переживания.

О слово! В нем сладкий мед, и яд,

Им могут ранить, им же исцелят... («Прошение султану Габидулле).

Поэт также призывал правильно строить свою речь, любить родной язык:

Девять бед из десяти влечет язык.

Распускать мудрец язык свой не привык.

Слово скверное сорвется ль с языка,

Знай: оно уж не отстанет ни на миг («Разум»).

Башкиры верили, что слово способно материализоваться. Оно для них было таким же телесным, как любая вещь, таким, как все живое вокруг, поэтому в народе говорят «дать слово» (как любую вещь), «нанизывать слово» (как бусы), «слово выходит», т.е. «слово за слово» и т.д [9:383]. Отсюда целый ряд запретов, тематических табу: не принято заранее говорить о том, что и когда делать, доехать до определенного места, сделать что-либо в такой-то срок и т.п., не рассказывали сны посторонним; если кто-то долго не возвращался, нельзя было думать, говорить о том, что с ним что-то могло приключиться, не причитать; не было принято вслух восхищаться кем-либо; хвалить детей, жену; говорить о собственных достоинствах, особенно мужчинам; запрещалось считать ни живых, ни мертвых; дотошно расспрашивать гостя, пока он сам не расскажет о себе; не разговаривать во время молитвы, во время трапезы, с неодобрением относились к сплетням.

Заслугой М. Акмуллы является то, что он не только ограничился описанием некоторых аспектов традиционной этики башкир, но и показал этическую рационализацию общепринятых ценностей, передал жизненный смысл и культурную значимость правил поведения в случае их соблюдения или нарушения. Рассмотрим отдельные строки его произведений, где лаконично, в образной форме отражаются моральные понятия, опыт многолетних наблюдений, желаемые нормы этикета,

высмеиваются пороки, а их легко запоминающиеся тексты напоминают «живые» правила этикета:

Одолели нас печали,
Но нельзя о них кричать. («Певец»)

Не просите подаянья,
Лучше пояс затянуть. («Певец»)

В тебе гордыня велика,
когда в довольстве ты... («В тюрьме»)

Великий просветитель был знатоком не только башкирской культуры. В поле его зрения были сферы духовной жизни родственных народов – казахов и татар. Он много странствовал по аулам и кочевьям башкир и казахов, встречался с сэсэнами и акынами, участвовал в поэтических состязаниях. Пребывая среди казахов, поэт близко познакомился с устно-поэтическим творчеством, обычаями и традициями казахского народа. Эти знания нашли отражение в его творчестве: «Святой закон казахи чтут: способен – помоги» («Кто есть кто») или «Недаром у казахов есть слова: болезнь – от пищи, ссора – от родства» («Желание»).

В философских и педагогических воззрениях Акмуллы есть одна отличительная черта: признание роли среды в формировании личности. Как известно, в различных этнических культурах стереотипы поведения имеют свои особенности, отличаются и методы воспитания. У каждого народа свои представления о добре и зле, нравственные ценности, верования, запреты и предписания, психологические качества. Согласно М.Мид, американского антрополога, исследователя процессов социализации детей в различных культурах, личность ребенка может быть понята только при условии знания окружающего его культурного контекста, поэтому необходимо тщательное изучение особенностей ближайшего культурного окружения ребенка. При этом важно учитывать климатические и географические условия, уклад жизни, знать в какой форме используются исконные традиции и обычаи и как люди осознают объективные факты своего бытия [10:9-10]. Знание языка и этнических особенностей обучаемых, этикета, способствовали Акмулле установлению атмосферы взаимного уважения и признания.

Родной язык поможет пусть тебе –

Тогда взаимность будет и доверье. («К ученым-современникам»).

В своей педагогической деятельности Акмулла стремился обучать детей на том языке, на котором они разговаривали. Он

призывал уважать личность ребенка. За гуманизм, искренность, ученость казахи назвали его «Акмулла», т.е. справедливый, ученый.

Изучение жизни и творчества М.Акмуллы показывает, что знание и учет этнических особенностей, стереотипов поведения в типичных ситуациях взаимодействия важно и в современном образовательном пространстве.

Таким образом, творчество поэта-просветителя является не только ценностью культуры, но и источником изучения духовного мира башкир и других народов Поволжья, Казахстана, средством воспитания, которое позволяет осуществлять толерантные отношения в процессе социально-культурного взаимодействия народов. Нам еще предстоит более серьезно изучить его труды, показать в научном мире его видение человека в обществе.

Использованная литература:

1. Акмулла М. Стихотворения. Перевод с башк. – Уфа: Китап, 2006; Акмулла. Шиғырзар. – Өфө: Китап, 2006.
2. Васильева Т.Г. Формирование культуры межличностного общения младших школьников на традициях народного этикета якутов. – Якутск: Изд-во Якутского госуниверситета, 2008.
3. Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ.сред. и высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 1999.
4. Бгажноков Б.Х. Адыгская этика. – Нальчик: Издательский центр «Эль-фа», 1999.
- Абай. Слова назидания. – Алматы: Өнер, 2005.
5. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М., 1997.
6. Никольский Д.П. Башкиры. Этнографическое и санитарно-антропологическое исследование. – СПб., 1899.
7. Валеев Д.Ж. Нравственная культура башкирского народа: прошлое и настоящее. – Уфа, 1989.
8. Култ слова и речевой этикет башкир // История и культура Башкортостана. Хрестоматия / Под ред. Ф.Г. Хисамитдиновой. – М., 1997.
9. Цит. по: Васильева Т.Г. Формирование культуры межличностного общения младших школьников на традициях народного этикета якутов. – Якутск, 2008.

*Солтанаева Е.М.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

Қ.ЫСҚАҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӨРКЕМ ПЕЙЗАЖ ФУНКЦИЯЛАРЫН ОҚИТУ

Қамшының сабындай келте ғұмырда күллі әлем бір өзіне қарап тұрғандай шексіз жауапкершіліктің қойтасын арқалап жүрген жанның бірі – жазушы. Жазушының жауапкершілігінің бір ұшығы қарапайым адамдар қарағанмен көре бермейтін дүниенің құбылыстарына айрықша назар аударып, әрбір сирек әсерді өзінше, тек өзінше пайымдауында болса керек.

Әрине, әдебиет деген көркем әлемге апарар әрбір жол – соны соқпақ. Әр жазушы өз стилінің ерекшелігіне қарай көркем мәтін элементтерін ұйымдастырады. Табиғат телімдерін шығарма философиясымен, оның көркемдік-идеялық астарымен байланыстырып шығармашылықтың шыңы көтерілгендер де бар.

Әдебиет есігін «Қоңыр күз еді» атты ақжауын жырымен қаққан Қалихан Ысқақовтың осы қатарға қойсақ, қателеспеспіз. Қ.Ысқақов шеберханасынан шыққан пейзаж көркем бүтіндіктің ортақ заңдылықтарына бағынып қана қоймай, түрлі көркемдік қызметке жұмсалады.

Шығармаларының бірде біреуінде ескерусіз қалмайтын жазушының жан жолдасы, сыршыл досы – «кіршіксіз айы» бар. Ол «ай шекеге шыққан» сәттен «тайга ішіндегі елу шақты үйлі шағын ауылға жарық беріп тұрған кенсе маңындағы лүкілдек дизель күрк-күрк жөтеліп барып, біржола өшеді де, ай сәулесімен таласа алмағандай баған басындағы лампалар бір сәтте жалп-жалп етіп жоқ болады» – ал мұнан кейін «манаураған ақселеу дүние, ақшағырмақ аспан» туады [1, 88].

Жай ғана мақпал түннің суреті деп ойлай қоймайсың мұны. Жалғасын күтер сабақтас секілді, әлдененің боларын аңғартады. Бұл пейзажды – оқиғаның бастауы, **әлқиссасы** десе де болады. Яғни пейзаж сюжеттің экспозициялық қызметін мүмтіксіз атқарып тұр.

«Дастарқанның үстінде көп жапырақтың көлеңкесі жыбыр-жыбыр билеп тұр, күрт-ірімшіктің қоқымын теріп, өтіп бара жатқан дәу қоңыздар секілді...». «Ағаш жапырақтары бұтақ арасынан орын жетпегендей бірін-бірі түрткілеп түсіріп жатыр...» «Ай ағаш жапырақтарының арасынан сүзіліп шықты...» [2, 95].

Ғажайып, жанды сурет. Жандылығы Ай бейнесінің сәт сайынғы өзгерісін дәл бейнелейтін етістіктерінде ғана емес, шығармада табиғаттың өзі бір кейіпкер ретінде көрініс беруінде.

Жарды **лық-лық** сабаған толқыннан да, сынық терезені **сылқ-сылқ** қаққан желден де, көкірегі қарс айырылғандай **аһылап-үһілеген** орманнан да табиғаттың өз әуені естіледі. Еліктеуіш сөздер соншалық орынды поэтикалық қызмет атқарып мәтінді сынғырлатып, жан бітіріп жібереді.

«Жыбырлаған шұбар шымылдық құр сүлдері қалған көмескі айдың бетін жабады. Меңсіз далаға бұлдыр сағым шашқан майда нұрдан түнгі мылқау дүние сүзгіден өткен уыздай қуқыл сарғыш реңге мелдектеп тұрады». Сөйтіп, пейзаж оқиғаға фон болып қана қоймайды. Ол бәрінен де «тамағым сау, қол-аяғым бүтін, әскер алмаған, мен мылқау» - деп толғанған кейіпкердің есіл жүрегенің нала мұңын күшейтетін драмалық құралдың қызметін атқарады.

«Күн желемік, тыста ақ жауын бүркіп тұр. Су тасығандай тау іші арыл-гүріл, орман көкірегі қарс айрылғандай аһылап-үһілеп қалады» [1, 152].

Байқампаз жан «аһылеген» орманды емес, арманы алдап, үміті үзілген бала жүректің күрсінісін естиді. Мұнда пейзаж кейіпкердің ішкі жан-дүниесінің қатпарлы да терең иірімдерін сезінуге мүмкіндік беретін таза психологиялық функцияны атқарады.

«Маймұрын толарсақтан саз кешіп өте шықты жанымыздан. Оның керзі етігінің шалп-шалп еткен дыбысы көпке дейін құлағымнан кетпей-ақ қойғаны». «Шалп-шалп» деген жалғыз ауыз еліктеуіш сөз кейіпкерге жағымсыз мінез теліп, оқыған адамға жиіркеніш тудырады. Кейде пейзаж кейіпкер мінезін жанамалай суретеуге де көмегін тигізеді.

Қ.Ысқақов шығармашылығы дегенде ең алдымен Алтай тауының бейнесі көз алдыға елестейді. Алтай тауын мекендеген халықтың тұрмыс-тіршілігі, тағдыр-тауқыметі осы мекенмен ажырамас бірлікте суреттеледі. Жазушы Алтайдың түрлі жыл мезгілдеріндегі, күн райындағы құбылысының суретін кестелі сөзбен салып кетті. «Біздің Алтай бауырына көктем кешігіп келеді. Сарғайтып барып, сағынтып барып, бір-ақ келеді. Ызғар табын күрт сындырып, тіршіліктің буын-буынын босатып, балқытып әкелер шуағы бар. Ит тұмсығы өтпейтін бытқыл орманы көп қарт Алтайдың аламыш-аламыш басы әлемнің көгілдір жаһанына үрке қарап, пандана қалатын шағы болады. Бұл осы көктем әлеті. Алтайдың қызығар шағы да, қызықтар шағы да осы кез...» [2, 37] – дейді көктемгі Алтай турасында. Мынау жазғы Алтай: «Алтайдың самаладай тізілген зеңгір шындары қызыл орамал байланып қырға шыққан қыз-келіншектер сияқты екен, солардың дін ортасындағы

етегін қылқанды орман, белуарын тау терекпен қымтаған Саралқа биігі қызыл мыспен қақталған жалпақ кісені шарт буынып жүзініп отырған ақ бас шалға ұқсайды» [2, 68].

Суреткер сипатында Өр Алтай, қарт Алтай, паң Алтай, ит тұмсығы өтпейтін быткыл орманды Алтай енді шығармадағы ой ырғағына сай, адамдардың жан дүниесіндегі рухани дағдарыспен қатар жүдеп қалатын кездері де бар. «Алтай шынында да жүдеп қалған екен; ұстарамен сыпырғандай, ағашын отап әкеткен таз-төмпешіктер, әр томары бір ағаштың моласындай құлазып жатқан құла жондар, өркеш-өркеш таулардың басы таз, иегі көптен қырынбаған көк сағал адамның ұртындай кедір-бұдыр, ортан белінде селтиген мысық мұрттай ала шұбар ағаш қалыпты, шанжау-шанжау жетім қарағайлардан басқа Бұқтырма бойындағы өзекте де дым жоқ, олардың өзі де бірі қисық, бірі молак, ешкімнің қажетіне жарамай, жұртқа тастап кеткен жүн жұрқаның жұрынтығы секілді. Қажымұрат жастық шағының белгісін таба алмай келеді [2, 128]». Мұнда Қ.Ысқақов пейзаж жасауда психологиялық параллелизмді пайдаланады.

Кейде пейзаж кейіпкерлер арасындағы сезімдерді пернелеп көрсету құралы. «Қарағай басын сыңсытып қоңыр баяу жел есті. Қарағай басынан үріккен бір топ ұзақ қайтып кеп қона алмай қара көк аспанда таңдай қағып жүрді. Қара көк аспанның қара барқыт шатырын қызған шаламен тесіп-тесіп алғандай шұрк-шұрк жұлдыздар жылтырайды. Жылтыраған шиедей еріннің жымыысы бар еді». Жылтыраған еріннің жымыысы деген тіркестің өзі Қажымұрат пен Зылиха арасындағы түсіністіктің орнағанын пернелеп көрсетеді.

Келесі телімде жазушы символдық параллелизм шебер қолданған: «Шөп-шаламды шиыршықтап, дөң басынан домалап түскен қара құйын өзеннен өте алмай жығылып қалды. Қыр астынан тіп-тік шаншылған талма түстің түтіні төбені түртіп тұр екен. «Мұрат» ауылының түтіні. Ол ауылда Зылиха мен Қажымұраттың түтіні жоқ. Екеуінің түтіні тұтанбай жатып жығылған. Өмірдің өткелінде жығылған» [2, 154].

Мұнда жанды кейіптегі құйынның өзеннен өте алмай жығылып қалған керемет образдылығы өз алдына, мәтінде символдық образдың әрі табиғат құбылысын, әрі адамдар арасындағы қатынас сілемдерін анықтайтын семантикалық аясы кеңейе түскен. Ол талма түстегі түтінді суреттей келе сюжет этапын дамыта түседі. «Түтін» - бұл қазақ үшін отбасының, туған үйдің символы. Шығарманың өн бойында «Мұрат» ауылының түтіні» мотиві әлденеше рет қайталанып келіп, шығарманың жетекші мотивіне – лейтмотивке айналады. Себебі роман оқиғасы осы «Мұрат» ауылы хронотопымен байланысты. Бас кейіпкер Қажымұрат

өз өмірін туған ауылы, «Мұрат» ауылымен сабақтастырғысы келеді. Бүкіл қажыр-қайратын осы ел үшін жұмсап, аянбай еңбек етеді. Ол дүниедегі болып жатқан нәрселерді дұрыс парықтап, терең түсіне алатын жан. Сыншы Төлеген Тоқбергенов: «Тұйық» психологиялық-лирикалық дүние. Оның бұлай аталуы бас кейіпкер Қажымұраттың мылқаулығына байланысты емес. Ол сол Қажымұраттай жақсы адамның жер ортасына жеткенше ел үшін тіршілік кешкенін, ендігі жерде жар сүйіп, бала қызығын көрмеген шерлі жанның былайғы өмір сапарының тұйыққа кеп тірелгенін меңгейтін сөз. Бірақ біз білген Қажымұрат болса тұйыққа тірелмек емес. Жазушының еркіндігіндегі шешімге таласар жайымыз жоқ. Өйтсе де Қажымұраттай адам бір күн де қарекетсіз өткізбек емес. Ал қарекетшіл адам тұйықта қалып, тығырыққа тығыла алмайды» - дейді [3, 398].

Біздіңше, романдағы басты проблематика туған жер, туған ауыл түтіні ұғымдарынан туындайды. Қажымұраттың жан жарасы да осында. Ол «Мұрат» ауылының елу тітінінің бірі болғысы келеді. Мәтіндегі: «Қажымұрат «Мұрат» ауылының елу түтінін түгел адақтап шықты да, майданға аттанған азаматтардың санын жүз жиырмаға жеткізді. «Япырай, солардың барлығының көзі аман болса, ұлан-ғайыр ел екенбіз-ау. Артында қалған тұяғы қаншама!» - деген секілді кез-келген жайға байланысты «Мұрат» ауылының елу түтінімен байланыстырылған толғаныстары осының дәлелі. Ол өзге жерде сұлтан болып, орден алып та көрді, енді ол дәл «Мұрат» ауылының, туған ауылының қажетіне жарағасы келген. Бірақ ол мүмкін емес. Осы бір сезімі сергек, жомарт жанның ішкі драмасымен шығарма атауын байланыстыруға болады. Ия, Т.Тоқбергенов айтқандай Қажымұрат қарекетсіз қалмас. Бірақ оның түпкі ойы, осы қам-қарекет «Мұрат» ауылы үшін жұмсалса, онда Қажымұраттың да өз мұратына жеткені ғой. Мәселе сонда, кейіпкер өмірін туған жерімен байланыстыра алмайды, мұнда оның жанын сыздатарлық жайлар өте көп. Басқа жаққа кетуі де себепті. Романның «Тұйық» аталуы да кейіпкер басындағы драмамен байланысты.

Роман соңындағы Қажымұраттың «Мұрат» ауылынан біржола кетер алдындағы пейзаждық эпизод та кейіпкер таңдауының салқынқандылықпен, ақылмен жасалғанын көрсетеді. «Кемер-кемер болып көз ұшына дейін созылған ну орманның төбесі сары күздің шапшағыр меңсіз аспанымен ұласып жатыр. Жауыннан соң дүние шыт жаңа тазарып қалған. Борық пен өзектегі шабындықтың ескі қылтанағы қайта көктеп, су тиген барқыттың түгіндей құлпырып шыға келіпті. Мизам басын шұлғытып салқын самал еседі. Ауа да тап-таза, орманнан шалқитын шайыр мен шірік жапырақтың иісін де жауын шайып кеткен

сияқты. Үркердей момақан ауылдың түтіні де тым-тырыс. ... телеграф сымдары сарнап тұр. Телеграф бағандарының гүілдеген қоңыр үні Қажымұрат кеуілінің қимас мұңын шерткендей бебеу қағып тынар емес».

Жазушы шеберханасындағы ерекше орын «Бұқтырма сарыны» повесіндегі пейзаждар галереясына беріледі.

«Қора төбесіндегі шөп сағдарын суырған құйын, сынық терезені сылқ-сылқ қакан жел ызыңы, ұлыған пеш мұржасының мұңлы гүілі дәп бүгінгідей құлағында қалыпты» - деген үрейге толы естелік әйтеуір бір бой шымырлатар қорқыныш әкеледі. Авторлық идеяға сәйкес үйлестірілгені сонша, оқыған жанды селк еткізер құдірет бар.

Әу баста қызы, одан немере қызы тастап қашып, әуелі жалғыз ұлының табытындай болған, су бетіндегі қылт-қылт әткеншек тепкен бакен жым-жылас жоғалғанда, күнделікті тіршіліктің күл-қоқысынан аспаған, назары пәс бейшара шал табиғаттың өзі бұдан жиіркенетінін ұғады.

Лай судағы жүзген Айдың тозғаның көріп, өз мойнындағы күнәнің зіл-батпан жүгінен езіледі.

Ақыры аяғы ауыр кезінде тура кіндіктің тұсынан ыңкита теуіп, өлтірген әйелінің дөң басындағы зиратына еңбектей жетіп, ақырғы рет ақ пейілінен ұзақ жылады. Енді табиғат адам жанын тазартатын, ағартатын катарсис ретінде көрінеді.

Сөйтіп, ол түнгі сұлу мұнардан «кірбісінсіз аспан» мен «кіршіксіз Ай» сүзіліп шығады.

Бұл – табиғаттың да, Тәңірінің де, шығарманың да – шешімі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов Қ. Ақсу – Жер жаннаты. – Алматы, 1989.
2. Ысқақов Қ. Әңгіме, повесть, роман. – Алматы: Ата-мұра, 2003.
3. Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі: (роман-эссе). – Алматы: Ана тілі, 2013.

*Оспанова А.А.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы, PhD*

ДАРХАН ҚЫДЫРӘЛИЕВТІҢ «МҰСТАФА ШОҚАЙ» ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ

XX ғасырдың соңы қазақ ұлты үшін қайырлы тарихи кезеңмен ұласты. Еліміз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік туын тікті.

Қазақстан жұрты әлемдік қауымдастықпен араласа бастады. Өткен уақыттың айтуға тыйым салынған тұлғаларының өмір тарихы жана ұстаным, жаңа таныммен зерттеле бастады.

Толып жатқан игіліктердің бірі – қазақ жастарының шет елдерге барып білім алуы. Токсаныншы жылдардың бас кезінде алғашқылардың бірі болып Түркия Республикасы біздің еліміздің жастарын оқуға тартты.

Білім іздеп шетке шыққан алғашқы лектің бір өкілі қазірде танымал ғалым – Дархан Қыдырәлиев.

Түркия Республикасы дегенде халық жадында Мұстафа Шоқай тұратын. Зерделі жас бірден осы бағытта ізденген, зерттеу жасаған.

Дархан Қыдырәлиев «Фолиант» баспасынан 2007 жылы жарық көрген «Мұстафа Шоқай» еңбегінде былай деп жазады:

«Менің ұғымымда дүниеде кездейсоқтыққа орын жоқ. 1998 жылы Егей университетінде профессор Исмаил Ақаның жетекшілігімен «Мұстафа Шоқай. Өмірі, қызметі және дүниетанымы» деген тақырып бойынша диссертация қорғадым. Бұл еңбек 2001 жылы Анкара қаласында атын өзгертпеген қалпы монография болып басылып шықты. Кітаптың «Мұхтариаттан мұғажырлыққа жалғасқан күрес» деген бөлімі Голландияда жарық көрген «Түркістанда жаңашыл қозғалыстар мен төңкерістер» атты халықаралық жинаққа енді; оған Баймырза Хайит, Хисао Коматсу, Тимур Қожаоғлы, Мехмет Сарай сынды Түркістан тарихының білгірлері жоғары баға берді» [1, 3].

Мұстафа Шоқай өмірін тұтас қамтып отырып, ел қамы деп ен шетте еңбектенген ғұмыры өзгеше адам туралы нақты-нақты мәселелерді қозғап жазған зерттеу шоқайтанудағы өзіндік бір үлес.

Кітап Мұстафаның өмірі балалық шақ, Мұстафа туған, өскен орта туралы «Бақытты балалық шақ» атты тараумен басталған.

Жас сәби өмірге келіп қуанған ата-ана, айнала жұрт. Оқушы еріксіз Мұстафаның қайғылы, жұмбақ қазасын ойлап, осы бір жарқын сәттер адам тағдыры тәлкек болған саяси зұлматтардың қою түтіні астында қалғаны туралы қамығады.

«Құндақтаулы нәрестені қолына алған имам, оның оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтқаннан кейін иіле түсіп: «Сенің атың – Мұстафа» деп үш рет қайталады. Сол-ақ екен шілдеханаға жиналған қауым бір қауқылдасып қалды: «Мұстафа – өз пайғамбарымыздың аты ғой, шырағым атына заты сай болсын!», «Мұстафа – таңдаулы, қалаулы деген мағынаға келеді екен, ұлыңыз халқына қалаулы азамат болсын!», «Басынан жақсылық кетпесін!», «Әзіреті Мұхаммет – Мұстафа пайғамбарымыздың өзі қолдап, қорғап жүрсін!», «Күнді көрмейсің бе, жарықтық. Алланың рахмет-мейірімі де бүгін ерекше түсіп тұр ғой» деген сияқты тілек-дұғалар тұс-тұстан айтылып жатты. Көпшілік арасында Шоқай бидің әкесі Торғай датқаның атын ауызға алып, қажылыққа екі рет барған марқұмның жақсылығын айтып, артынан ілтипат білдіріп жатқандар да болды» [1, 5].

Арғы аталары сөз ұстаған, ел жұртқа қадірлі болған, ендігі өмір ағысында да қадір-қасиетімен жасап отырған әулеттің зиялы ұрпағы Мұстафаның кішкенедең аңлап, байқаған жайлары келешек қайраткерлік болмысының қалыптасуына әсер еткендігін Дархан Қыдырәлиев шебер жымдастырып келтіріп отырғанын байқадық.

«Мұстафаны Шоқайдың кіші бауыры Оспан да ерекше жақсы көрді. Сондықтан 3-4 жасар баланың бойынан өзіне тән көптеген қасиет байқаған батыр көкесі оны жастай жанына ертіп, тәрбиелей бастады. Мұстафа да Оспан көкесіне ұқсағысы келетін. Ол ер мінезді, еңсегей бойлы, алып денелі, даусы жуан, түсі сұсты батыр көкесін мақтан тұтатын. Ерліктерін естіп, көріп, біліп оған еліктейтін. Оған «сен өскенде батыр боласың» дейтін Оспан көкесінің сөзі де үлкен демеу болатын. Әсіресе Оспан көкесінің 13 жасында Хиуа ханының ең таңдаулы үш атын алып кеткені туралы ел аузында жыр болып айтылатын оқиға бала Мұстафаның жігерін жанып, оны батырлық жасау жайлы неше түрлі қиялдарға жетелейтін...

Бірде ол көкесінің қарусыз елге әкірендеген полицей бастығын камшымен ұрып, аттан аударып түскенінің куәсі болды. Сонда байқады, көкесінен орыстың төресі де қаймығып, ығады екен. Сол жолы Оспан көкесі оған апасы айтатын ертегілердегі алыптардай, Алпамыс, Қобыланды сияқты батырлардай елестеп кетті. Қыр қазағы тегіс құрметтейтін көкесіне қарап тұрып Мұстафаның да батыр болғысы келді. Ерлік жасап, халқына пана болып, елін жаудан қорғауды армандады» [1, 7].

Мұстафаны әкесінің орыс оқуына беруді ойластыруы, Мұстафаның Ақмешіттегі көрген тамашалары әсерлі баяндалады. Бір ауыз орысша сөз білмейтін Мұстафа кейінде бірнеше шет тілінде еркін сөйлеген қайраткер тұлға, аса білікті заң маманы, жорналшы болды.

Кітаптың екінші тарауы сол бағыттағы алғашқы асу туралы айтады.

«Алғашқы асу» тарауында Мұстафаның Ташкенттегі орыс гимназиясына оқу жайы баяндалған.

«Осылайша 1902 жылы тамыз айында әкесімен бірге Түркістан өлкесінің астанасы Ташкентке келген Мұстафа гимназияға қабылданып, оның жатақханасына орналасты. Осы кезде жасы 11-ден асып, 12-ге қараған ұлына «орыстың оқуы өтіп кетпес» үшін, Шоқай би оны қосымша сондағы діни мектептердің біріне тіркеп қойды.

Алғашында бұйығы көрінген қыр қазағының баласы гимназиядағы сыныптарымен тез тіл табысып кетті. Бірінші сынапта үш пен төрт аралас баға алған Мұстафа келер жылы оқу озаты болды. Сол жылы сабақ үлгерімі жоғары болған алғыр бала тез көзге ілініп, генерал-губернатордың стипендиясын алды» [1, 15].

Дархан Қыдырәлиев жас Мұстафаның дүниетаным, өзіндік көзқарас өрісінің қалыптасуына ықпалы тиген саяси-әлеуметтік жағдайлар, жеке тұлғалар ғибраты, өз бетінше білімге құштарлықпен іздену бағыттарын нақтылы деректерге сүйеніп тартымды баяндайды.

Мұстафа Шоқайдың азаматтық тұлғасының қалыптасуындағы тарихи алғышарттар туралы танымды кеңіте түсетін мол мағлұмат береді.

«Мұстафаны ғылымға жетелеп, оның талантын ұштай білген тұлғаның бірі – башқұрттан шыққан әйгілі этнограф ғалым Әбубәкір Диваев еді. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген құнды еңбектер жазған Әбубәкір Диваев «Түркістан археология әуесқойлары» ұйымының жұмысынан қалмайтын Мұстафаны бірден аңғарды. Жақын танысып алғаннан кейін Диваев оны үйіне шақырды. Ғалымдығымен бірге азаматтығы, парасат-пайымы да жоғары, биік болған Диваев үйіне келген Мұстафа мен оның достарын жақсы қабылдап, олармен сұхбат құрды» [1, 17-б.].

Ә.Диваев Мұстафаның түрікшілдік бағытта қалыптасуына елеулі ықпал жасағандығы осы еңбекте айрықша мән беріліп баяндалған. Д.Қыдырәлиевтің бұл жөнінде зер салып отырып, жасаған байламдары бағалы.

Көпшілік жұртшылық «Әсіре түрікшіл» Мұстафаның қалыптасу жолындағы өздері біле бермейтін бұл фактіні нақтырақ ұғына түседі.

«Маржанидің жолын ұнататын Әбубәкір Диваев Мұстафаны салған жерден Ташкенттегі түркістандық жәдитшілдердің жетекшілерімен таныстырды. Түркістандағы жәдитшілдік-жаңашылдық қозғалысына ұйытқы болған мүфти Махмұт хожа Бехбуди, Мүнәууар қари Абдурашидханов сынды жәдитшілдермен

танысқан Мұстафа, мұнда «усул-и жәдит» мектептері туралы білді» [1, 18].

Кітапта жас Мұстафаның түркі әлемінің азаттығына арналған күрескерлік, қайраткерлік ғұмыр жолының бастауында бағыт сілтеген Мүнәзуар қари, мүфти Махмұт хожа Бехбуди сынды адамдардың аты ілтипатпен аталады.

Азаттық үшін ауыр күрес жолы жатқанын Мұстафа бірте-бірте сіңіріп, ұғынады. Әкесі Шоқайдың өзін орыс оқуына беруіндегі түп мақсатты түйсінген.

«Орыс мектептерінде оқып жатқан түркістандық шәкірттердің тәрбиесіне үлкен мән беретін Бехбуди, Түркістаннан Ресей Мемлекеттік Думасына мүшелікке орысша білетін және заң факультетін бітірген азаматтардың өтуін жақтайтын. Сондықтан ол ұлтшыл, елшіл жастармен кездескенде «орысша оқыңыздар, заң біліңіздер, біздің күресіміз заңның шеңберінде өрбуі тиіс» деп айтып отыратын» [1, 18].

Мұстафаның есею, еліне таныла бастауы – осы гимназиядағы кезең. Алтын медальмен бітіргелі тұрғанында генерал-губернатор орыс баласын ұсынып, ол орыс баласының Мұстафа менен артық оқиды деп, медальдан бас тартуы сол кезеңдегі бұратана халыққа деген саяси қысымның бірінен хабар береді.

Осылайша, Мұстафа кішкенеде айнала өмірдегі, құқықтық құбылыстардың кереғар бағыттарын бақылап, барлап өседі.

«Есею жылдары» атты тарауда Мұстафаның Петербор университетінің заң факультетінде оқыған тұсы баяндалған.

Шығарма авторы Мұстафаның Петербордағы ортасы, айнала дүниеге өзіндік көзқарасы туралы аса мол дерек, мәлімет беріп отырады.

Әйгілі шығыстанушы В.Радлов тұрғысындағы ой-пайымы негізсіз емес сияқты.

«Мұстафа алмандардан басқа ұлттарға шынайы жаны ашымайтын, күштінің әлсізді билеп-төстеуін заңдылық деп білетін Радловтың бойынан ориенталист ғалымның бейнесін көрген еді. Кейін бір мақаласында ориенталист ғалым туралы «биолог-ғалым көбелектерді зор ынтамен жинап, коллекция дайындағаны сияқты, Радлов та бізді дәл сондай зерттеу объектісі ретінде ғана көрер еді. Оның түрік халықтарына деген сүйіспеншілігінің бар-жоғы осы ғана болатын», – деп жазған Шоқай әділін айтып отыр» [1, 24].

Кітапта автор Мұстафаның Петербордағы саяси бағытын түзу жолындағы ортасы, ол қатысқан үйірме туралы егжей-тегжейлі мәлімет береді.

Петерборда тұрып жатқан ақмешіттік адвокат Серәлі Лапин, 1912 жылғы Осман мемлекеті мен Болгария, Греция, Сербия арасындағы Балқан соғысы, бұған Ресей ұлтшылдарының қатысы туралы айтылған деректердің астарында Мұстафа Шоқайдың түрікшілдік бағытында ширыға түсу себептері ашыла түскен.

«Ресей шовинистерінің осман түріктеріне қарсы жасаған митингілері, олардың «Аясофия мешітінің үстіне шармық (крест) асу» туралы көтерген ұрандары Петерборда жоғары оқу орындарында оқып жатқан түрік-мұсылман жастарының ашу-ызасын тудырды» [1, 27].

Мұсылман-түрік студенттерінің алдында Балқан соғысына Ресей араласатын болса қандай бағыт ұстанамыз деген сұрақ тұрған. Қызба қанды кавказдықтар мұндайда төзуге болмайды деп, көтеріле сөйлеседі. Мұстафа осындайда нақтылы шараларды атқару міндетін байсалды баяндап отыратын болған. Бәрі бәтуаға келіп, ортақ қаулы да шығарған.

Түріктерге көмекке қаржы жинау, қарсы жақты қолдаушыларға қосылмау т.б. жайлар ойластырылады. Ал Ресей түріктерге қарсы соғысқа кіре қалған күнде теміржол, телеграф, көпір түзу жоспарларын ойластырған.

Мұстафа елге келіп қайтуында елдегілерге бұл шаралар жөнінде мағлұмат берген.

Сол әңгімелердің әсерімен Петерборға елден Өтеген Садықұлы деген досы келіп, Түрік елшісіне көмек үшін әкелген аздаған қаржысын тапсырып кетеді.

«Оларды Турхан паша оңаша қабылдап, айтқан сөздерін мұқият тыңдады. Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы түркістандық қандастарынан азын-аулақ алтын ақша әкелгенін айтқанда, елші шыдай алмай жылап жіберді. Ол өзін-өзі ұстай алмай, әсерленіп, көңілі босап, көзінен жас парлап, ұзақ жылады. Оны көріп Мұстафа мен Садық қосыла жылады. Әңгіме барысында белгілі болғандай, Турхан паша қазақтар жайында ештеңе білмейтін болып шықты. Оның әсіресе «сіздер мұсылмансыздар ма, әлде христиандар ма?» деген сауалы Садықты ойландырып тастады. Содан кейін Мұстафа елшіге Түркістан жайлы және оны мекендейтін түрік халықтары туралы баяндап берді» [1, 29].

Петерборда Мұстафа чех, поляк, фин жастарымен байланыста болған. Орыс демократтарымен пікір алысып тұрған.

Дархан Қыдырәлиев І дүниежүзілік соғыс кезіндегі Түркістандағы саяси-экономикалық ахуал, азаттық күрес мұраттары тұрғысында байсалды әңгіме өрбітеді.

1916 жыл оқиғалары ел басына түскен ауыр күндер еді.

Мұстафаның осы тұста шын мәнінде қайраткерлік ғұмыры басталғанын көреміз.

Келесі тарау «Қос төңкеріс арасында» деп аталады. Мұнда 1917 жылғы Ресейдегі ақпан, қазан төңкерістері тұсындағы Мұстафа Шоқай өміріндегі елеулі сәттер қамтылып, баяндалады.

«Осындай қиын жағдайда Мұстафа Шоқай өз халқына қызмет жасау жолын іздеді. Ол отандастарымен бірігіп, Керенский басқарған Уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын арнайы Комитет құруына қол жеткізді. Елдегі саяси қозғалысқа да Мұстафа Шоқай белсене араласып, іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды» [1, 41].

Қым-қуыт дүрбелең уақытта алға мақсат қойып, әрекет ету үшін асқан саяси қырағылық, білім, біліктілікке қоса соншалықты отаншылдық, ұлтжандылық қажет екендігін Мұстафа Шоқайдың 1917 жылғы тынымсыз ұйымдастырушылық, жетекшілік белсенділігі айқындай түсті.

Түркістан халқы көп ұзамай үкімет ауысып жатқанымен, билеуші ұлттың үстем пиғылы өзгермей қала беретінін ұғынған.

Түркістанда осы кезеңде қилы дүрбелең уақиғалар болып өтті.

Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев сол тұстағы саяси ахуалды саралай келіп мынадай тоқтам жасайды.

«Оқиғалар ағымы бұл екі автономияның да ғұмырын ұзақ еткен жоқ. Құрамындағы халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мансұқ еткен түрлі саяси топтардың өзара арпалысты күресі жағдайында мәселенің басқаша шешілуін күту қиынсыз еді. Бірақ бізге мәлім басы ашық жағдай сол, М.Шоқайұлы өмірінің соңғы сәтіне шейін Түркістан халықтарының тәуелсіздігі олардың мемлекеттік тұтастығына байланысты деген ойда болды. Осы ойдың жалынды насихатшысы болып өмірден өтті» [2, 223].

Дархан Қыдырәлиевтің Мұстафа Шоқайдың Тәуелсіздік күрес жолын тарихи хронологиялық негізде көркем тілмен баяндап шыққан еңбегінің шоқайтанудағы мәні даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдырәлиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант. – 2007. – 320 б.
2. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС. – 2004. – 400 б.

*Шортанбаев Ш.А.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы*

Ж. АЙМАУЫТОВ ПЕН Қ. ЫСҚАҚОВТЫҢ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Алаштың көрнекті қаламгерлері Жүсіпбек Аймауытов пен Қалихан Ысқақовтың шығармашылығын оқыту барысында ондағы табиғат суреттерінің, көріністерінің шығарманың мазмұнына, идеялық мұратына, композициялық тұтастығына кейде тікелей, кейде жанама әсерін тигізіп отыратынын жадымызда ұстауға, ескеруге тиіспіз. Жүсіпбек кейіпкерлерінің жан-әлеміндегі, көңіл-күйіндегі өзгерістер табиғат көріністерімен жымдасып, шығарманың шырайын кіргізіп, құлпырта түсуге септігін тигізетіні Қалихан Ысқақов романдарымен салыстырыла, жан-жақты қарастырылмақ. Алтайдың әсем табиғатын, ғажайып сұлу орман-тоғайларын, сылдырап аққан өзенін, яғни, Марқакөл мен Күршімін, Бұқтырма мен Ақсуын, қайталанбас тау-тасын суреттеудегі Аймауытов пен Ысқақовтың суреткерлік шеберлігі, өздеріне ғана тән көркемдік әдіс-тәсілдері, қаламгерлік шешімі сөз болады.

Мәселен, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы адам мен табиғатты қатар суреттеу, әсіресе, табиғатты бейнелеуді көтеріңкі леппен бастап, сол деңгейден түсірмей аяқтау, ақ өлең үлгісіне салған көтеріңкі пафосы қаламгердің өзіне тән ерекшелігі ретінде бағаланса, көркем туындыдағы мұндай суреткерлік шеберлік Қ.Ысқақовтың «Тұйық» романының да негізгі белгілерінің бірі екендігі анық байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», Қ.Ысқақовтың "Тұйық" романдары кейіпкерлерін тікелей іс-әрекет, динамикалы оқиғалы үстінде ашып көрсетумен де, ішкі психологиялық тартыстарымен де, философиялық ой-тұжырымдарымен де болсын, қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі үлес болып табылады.

Романда кездесетін табиғат көріністері оның мазмұнына, идеялық мұратына, композициялық тұтастығына кейде тікелей, кейде жанама әсерін тигізіп отырады. Кейіпкер жан-әлеміндегі, көңіл-күйіндегі өзгерістер табиғат көріністерімен жымдасып, шығарманың шырайын кіргізіп, құлпырта түсуге септігін тигізетіні анық. Алтайдың әсем табиғатын, ғажайып сұлу орман-тоғайларын, сылдырап аққан өзенін, яғни, Марқакөл мен Күршімін, Бұқтырма мен Ақсуын,

кайталанбас тау-тасын суреттеуге келгенде Жүсіпбектің де, Қалиханның да қаламы жүйрік-ақ. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек романында «Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардын бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лапылдайды. Марқакөлдің жиегінде ..бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып, кеудесіне сыймай, кемерінен аса шыпылдайды»[1, 5]-деп ерекше леппен, сұлу да соны ырғақпен табиғат пен Ақбілек бейнесін, сезімін астастыра байланыстырса, Қалихан Ысқақов «Тұйықта» тамырын тіпті тереңге жібереді. «Ай қырқаға барып құлады. Аспан күмбезі жарты шекесінен қақ айрылып, іріген сүттің бетіндегі ақ шандыр көбіктей кіреукеленіп барып семді де, қара көк тұңғиыққа іркіліп Құсжолы ғана қалды; Жетіқарақшының сүйір басы шығыс көкжиекке сұғына кеп тоқтаған екен, мезгіл түн ортасына ауса керек»[2, 8]. Бұл - Қажымұраттың туған аулына келіп, өткеніне, қызығы кем өткен өміріне ойша көз жүгіртіп, осы бір мақпал түнді, тұнық аспанды сағынышпен еске алып жатқан сәті.Күздің осы бір мезгілін, түннің осы бір сәтін сағына жеткені аңғарылады.

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы адам мен табиғатты қатар суреттеу, әсіресе, табиғатты бейнелеуді көтеріңкі леппен бастап, сол деңгейден түсірмей аяқтау, ақ өлең үлгісіне салған шалқыма пафосы көз алдымыздағыдай есте болса, көркем туындыдағы мұндай байланыс Қ.Ысқақов романының да негізгі белгілерінің бірі. «Алтайдың самаладай тізілген зеңгір шыңдары қызыл орамал байланып қырға шыққан қыз-келіншектер сияқты екен, солардың дін ортасындағы етегін қылқанды орман, белуарын тау-терекпен қымталаған Саралқа биігі қызыл мыспен қақталған жалпақ кісені шарт буынып жүгініп отырған ақ бас шалға ұқсайды» [2, 21].

Автор енді бірде пейзажды кейіпкер көңіл-күйінен хабардар ете отырып, сюжетті дамытуға пайдаланғанын аңғаруға болады. Кейіпкердің сол сәттегі жан-әлеміндегі әлем-тапырық көңіл ауанын табиғаттың сұрқай, суық суретімен қатар алып, шығарманың әрін кіргізіп, өңіне қан жүгірткендей әсерге бөлейді. «Алтайдың құзар шыңдары да қызыл орамалдарын сыпырып тастап, көк шатыр мұздай суық тарта бастаған; манағы белдеудегі тау-теректің сары ала сілемі, онан жоғары мүк пен қынаның тықыр кілемдей қызғылт түгі күлгін тартып, ошақтағы қи қоламтасындай өлеусіреп өлуге айналған. Қарағай басын сынсытқан қоңыр жел, қоңыр күздің қоңыр барқыттай қою ымыртты көкірек сыздатар мұң ала келгендей, сол мұң алыстан талып жеткен сыбызғы сазындай көңіл шымшылап, көз алдынан қимас елес боп жамырады» [2, 21].

Өлгінде ғана туған өлкесінің тамылжыған түніне, алқаракөк аспанына талмаусыра көз тіккен Қажымұраттың есіне алмағайып кезеңнің аласапыран уақыты, соғыспен тұспа-тұс келген жастық шағы түскенде, денесі түршікті. Жаңа ғана көңіліне жылу құйып, жүрегіне нұр сыйлағандай болған табиғат көрінісі де кейіпкер ойымен астасып, қуқыл тартқандай сүреңсіз күй кешкен. Жігіт көңіл-күйінің пәс тартқан сәтін жазушы табиғат әлеміндегі өзгерістермен шебер қиюластырып, шығарма оқиғасының ары қарай қалай өрбитінін, өріс алатынын оқырманға жымын білдірмей аңғартып тұрғандай әсер қалдырады. Табиғат құбылысы адамның сана-сезіміне, ойына әсер ете алатынын жазушы табиғи түрде боямасыз жеткізеді. Сюжеттің өріс алуына, дамуына септігі бар ішкі иірімдер өнер туындысына тән үлгіде шебер қолданылып, роман тынысына серпін береді. Колхоздың азын-аулақ малына жем-шөп әкелемін деп жолға шыққан Қажымұраттың жалғыз өзі әбден титықтап, арып-аршыған сәтінде табиғаттың изең-изең ырғалаң жүрісі, толқында лықсыған қайықтай изең-изең шұлғыған шана шаршаған жігітті шала мас қып маужырата бастады.

Шырша мен қарағайлы жыныстан шошайып қана қылтиған шың-құздардың ұшар биігі де теңселіп тұрғандай еді. Малақайының милығынан күн сығалады; оның да шар табағы қызыл тастай кірпік қақпай қатып қапты. Аспанның түсі бөлек, жап-жасыл екен, мынау құлазып йен қалған дүниенің күңіренген суық күмбезі секілді» [2, 99-100] – деп суреттесе, «Қырқадан құлықтанып ай туған. Көз жетер аймақтың реңі кашып, сұрғылт тұман басқандай аспан шелдене қалды. Тас қамау сұр шатқалдың аңғары бұрынғыдан да азынап кеткен секілді, тас керең дүниенің ызғары жабырқау көңілге иығындағы қаптан бетер зілді еді» [2, 105] – деп кейіпкер көңіл-күйінің зілмауыр тартуын табиғат құбылысындағы өзгерістерімен қабат ала отырып, оқиға барысын, дамуын қоюлата түседі.

Қалихан Ысқақов Алтайдың ғажайып сұлулығымен қатар, оның жадап жүдеген, талан-таражға түскен ауыр халіне де аяныш білдіреді. Бір кездері жайқалған ну өлкенің адамдардың салғырттығынан, табиғат-Анаға деген немқұрайлығынан болар, тозуға айналған бет-бейнесін де көз алдымызға әкеледі.

«Алтай шынында жүдеп қалған екен, ұстарамен сыпырғандай ағашын отап әкеткен таз төмпешіктер, әр томары бір ағаштың моласындай құлазып жатқан құла жондар, өркеш-өркеш таулардың басы таз, иегі көптен қырынбаған көк сағал адамның ұртындай кедір-бұдыр, ортан белінде селтиген мысық мұрттай ала шұбар ағаш қалыпты, шанжау-шанжау жетім қарағайлардан басқа Бұқтырма бойындағы өзекте де дым жоқ, олардың өзі де бірі кисық, бірі шолақ ешкімнің

кажегіне жарамай жұртқа тастап кеткен жүн-жұрқаның жұрынтығы секілді. Қажымұрат жастық шағының белгісін таба алмай келеді» [2, 61]. Одан әрі автор қолдан жасалған қысастықтың, талан-таражға салудың түбі неге соғатынын меңзеп, «- Жер қалмады!»- деп кейіді Әлмұрат. –Жазық түгілі тепсеңнің бәрін көртышқанша тепкілеп тауыстық. Ал пайдасы бокқа тұрмайды. Артымызды жауып тұрған тек мал» [2, 162] - деп табиғаттағы, экологиядағы жұтандықты адамдардың тіршілігімен, іс-әрекетімен байланыстырады. Табиғаттың да қоғамның бір бөлшегі екенін, егер оны күтпесе, аяламаса, құритынын, тозатынын автор әдемі сездіріп, қатпары қалың сауалдың зауалы ауыр екенін айтып отыр.

Бүгінгі таңда ғаламдық проблемаға айналған бұл мәселенің бастауы кешегі күндерде жатқанын Қ.Ысқақов өткен ғасырдың 60-жылдарында-ақ аңғарып, ұрпағына ұқтырып отырғандай. «Кемер-кемер болып көз ұшына дейін созылған ну орманның төбесі сары күздің шапшағыр меңсіз аспанымен ұласып жатыр. Жауыннан соң дүние шыт жаңа тазарып калған. Борық пен өзектегі шаңдақтың ескі қылтанағы қайта көктеп, су тиген барқыттың түгіндей құлпырып шыға келіпті. Мизам басын шұлғытып салқын самал еседі. Телеграф сымдары сарнап тұр. Телеграф бағандарының гуілдеген қоңыр үні Қажымұрат көңілінің кимас мұңын шерткендей бебеу қағып тынар емес» [2, 217]. Автор туған ауылына жиырма жылдан соң қайта оралып, сағына табысып, көңілін жібітер елі барын, артына аландатар атамекені, қара орманы барын медет етіп, қимай қоштасып бара жатқан Қажымұраттың ала-құлаң көңілін, алабұртқан сезімін, ішкі сезім буырқаныстарын оны қоршаған табиғат құбылыстарымен бірлікте ала отырып жырлайды.

Қаршадайынан тағдырдың тауқыметіне ұшыраған, адасқан, жол іздеп тарыққан, қайта табысқан, бақытына «қолы жеткен» Ақбілектің, Қажымұраттың өмірінің, тағдырының терең оймен, өзіндік пәлсапасымен берілуі, адам тағдыры, адамдар арасындағы теңсіздіктің, оны ішкі иірімдері мен сыртқы бітім болмысынын табиғат құбылыстарымен егіздің сыңарындай өрілуі, адам психологиясының, жан сезімінің шебер көрсетілуі, рухы биік, жүрегі таза адамдар арқылы шынайы суреттелуі, міне, осының бәрі – қайталанбас сөз зергерлері, табиғат мүсіншілері Жүсіпбек Аймауытов пен Қалихан Ысқақовтың романдарының тоғысар арнасы, адам мен табиғат арақатынасын бейнелеудегі шынайы суреткерлігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Ақбілек: роман. – Алматы: Раритет, 2003. – 240 б.
2. Ысқақов Қ. Қараорман. – Алматы: Өлке, 2005. – 368 б.

*Оспанова Г.Т.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы*

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

«Оқыту технологиясы» ұғымы педагогикада және жеке әдістемеде әсіресе соңғы уақытта кең таралып отыр. Байқауымызша, бұл ұғымның педагогикада пайда болуы техногендік өркениеттің дамуымен байланысты және XX ғасырдың басындағы Еуропаның елдері мен АҚШ-та «технология» ұғымының өзі де, оған байланысты мәселелер де арнайы зерттеулерге арқау бола бастаған кезге жатады. XX ғасырларда педология шеңберінде «педагогикалық технология» термині туындады. Осы кезеңде педагогикалық техника ұғымы да кеңінен қолданылады. «Педагогикалық технология» ұғымы рефлексология идеяларына негізделген.

«Білім берудегі технология» термині оқытудың техникалық құралдарын (ОТК) қолдаумен техникалық құралдарын қолдану әдістемесі мәселелерін қарастыруда оқыту технологиясы (50-60 жж.), сондай-ақ педагогикалық технологиялар термині қолданыла бастады. 60-жылдары педагогикалық технология қандай да бір әдістемені, мысалы, бағдарламалық оқытуды ғылыми негіздей отырып қолданылуы тиіс деген түсінік қалыптасты. 70-жылдарға қарай педагогикалық тәсілі туындады [1, 47].

«Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innove – жаңа) – жаңаны енгізу деген этимологиялық мағынаны білдіреді. Инновация - бұл жаңаны енгізу үрдісі болып табылады. Жаңашылдық - өз бойында жаңаның мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіруші құбылыс.

Инновация терминінің тарихын қарастыратын болсақ, алғашқы атауын XIX ғасырда ғылыми еңбектерде қолданылғанын анықтаймыз. Алайда, инновация термині жаңа өмірін XX ғасырдағы австриялық ғалым Иосиф Шумпетердің «инновациялық комбинация» еңбегінде бастады. Инновация термині алғашқыда экономика саласында өз ұғымдық аппаратын қалыптастырды. Экономика саласында инновацияның мәнін (Осло жетекшілерінің «Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям» еңбегінде сипаттауы бойынша) жаңа немесе жаңарақ өнімді, үрдісті, маркетинг әдістерін, іс практикасын ұйымдастырушы әдістерін енгізу ретінде білдірді.

Инновация ұғымы Ресейде 90-жылдардың бас кезінде орыс ғалымдары В.И.Днепров, Золвзяинский, Лазареваның еңбектерінде пайда болды. Олар “инновация” ұғымын білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану және тарату іс-әрекеті деп сипаттады.

Алғаш «инновация» С.И.Ожегов сөздігі бойынша: бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық деп анықталды.

Инновация ұғымына берілген бастапқы глоссарий тарихи тізбекте, әр ғылымның саласында жаңа тұрғыда түсінікке ие болды. Мысалы, И.Милославский айтуы бойынша: «Инновация – кез келген жаңалық емес, ол тек қолданыстағы жүйенің эффективтілігін күрделі көтеретін жаңалық».

Сондықтан да білім берудің алдына төмендегі міндеттер қойылады: жас ұрпақтың осы заманғы әлеуметтік-мәдениеттік жағдайға әлеуметтенуі сынды күрделі мәселені шешу, оның өзіндік өзектілігі арқылы сәйкестік сипатын иеленіп, шығармашылық мүмкіндікті дамытуына жол ашатын ізгілік түсінігін қалыптастыру.

Қазіргі заман жаңашылдық, жаңа көзқарас, жаңалықтар заманы. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес болуы тиіс.

Яғни, біз студенттерді оқытудың жаңа әдістерімен таныстырып, тәжірибеде қолдана білуге үйретуіміз керек. Жаңалықтардың түрлеріне келер болсақ, алдымен білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделетін жаңалықтар, оған: материалдық және рухани; құрылымдық және технологиялық; негізгі, іргелі, стратегиялық жаңалықтар жатады. Білім беру ұйымдары мен саласындағы жаңалықтарға: жаһандық, ұйымдық, жеке және аяқастынан туындаған және ірі және ұсақ, сырттан келетін және ішкі, сыртқы жаңалықтар жатады. Сонымен қатар, жаңалықтар белгілі бір өлшемдермен өлшенеді. Мысалы ғалым К.Ангеловский төрт өлшемді анықтаған: біріншісіне жаңалық енгізілетін саланы жатқызса, екіншіге – жаңашылдық үдерісті және жаңалықтар енгізу амалын, үшіншіге жаңашылдық іс-әрекеттердің ауқымы мен көлемін, төртінші критерийге жаңалықтардың пайда болуын жатқызған. Жаңашылдық үдерісі белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- жаңалықты табу (іздеу, қалыптастыру және бейімдеу);

- қалыптасқан жаңалықты зерттеу: тәжірибеде тексеру, бағалау, сынау және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сараптаудан өткізу;

- жаңалықты мамандар тарапынан қайта қарау және кемшіліктерін түзету;

- жаңалықты қолданысқа ендіру, теориялық тұрғыдан зерттеу, тәжірибеде қолдану;

- жаңалықты одан әрі дамыту [2, 72].

Оқытудың инновациялық әдістері соңғы нәтижеде болашақ маманның құзыреттілігіне ықпал ететін студенттердің инновациялық және шығармашылық тәжірибелер жинақтауына ықпал етеді. Инновациялық деген ұғымды біз жаңа, жаңашыл деп қолдандық. Оқытудағы инновацияның мәні, оқытудың жаңашыл әдістерінде, сонымен қатар білім алушылардың белсенділігі мен динамикалығы арқылы анықталады. Оқытудың белсенді әдістері (ОБӘ), шындығына келгенде, интерактивті (ағылшынның interaction сөзінен алынғанда, динамикалық ықпал ету дегенді білдіреді), себебі белсенді әдістер ықпал ету әдістерінен оқытушы мен білім алушылардың қарым-қатынастарына ұласады. Бұл дегеніміз тұлғаның өзін-өзі дамытуының жолы болып табылады.

Инновацияны мазмұны, құрылымы, сипатына байланысты әртүрге бөліп қарастыруға болады. Мысалы мазмұнына байланысты ғалымдар: модификациялық, комбинаторлық, радикалдық, деп бөлген. Модификациялық инновация дегеніміз, қолда барды дамыту және оның түрін өзгерту, бұған В.Ф. Шаталовтың математикадан жазған тірек конспектісін жатқызамыз. Комбинаторлық инновация, бұрын қолданыста болмаған белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру, мысалға әдебиет пен тілді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел бола алады. Радикалдық инновация, білім беру жүйесіне мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен өлшемдерді, деңгейлік және сапалық оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Сипатына байланысты саяси-әкімшілік, білім беру жүйесіне өзгерістер саяси билік тарапынан әр түрлі әкімшілік шаралардың көмегімен енгізілуі, нормативті-редуктивтік, яғни ең алдымен мамандар енгізілетін жаңалықты сараптап, даярлайды одан кейін оқытушылар дайындықтан өтеді содан кейін жаңалық қолданысқа енеді. Эмпирикалы-рационалдық, мұнда зерттеу, дамыту және тарату кезеңдері бірте-бірте кезектесіп жүзеге асырылады.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас (жаңа базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жетілдіру, оқу әдістемелік кешендерге көшу, т.б.), жаңаша ойлау қалыптасуда. Қазір дәстүрлі білім беруде студенттерге тек пәндік білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгеруге ғана бағытталып,

олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөліп отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар сабақта интерактивті әдістерді қолданудың маңызы зор.

«*Интерактив*» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» – бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Пассивті оқыту әдістері – оқушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тыңдау және көру);

Активті оқыту әдістері (белсенді) оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

Интерактивті оқыту әдістері – inter (өзара), akt (әрекеттесу). Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады [3, 85-б.].

Ал, білім берудегі интерактивті технология - оқу үдерісінде ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, студенттің үдеріске қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту технологиясы. Интерактивті технологияны оқыту үдерісінде пайдалану әдістерін өз ішінде үшке бөлеміз:

- техникалық құрал-жабдықтарды қолданбай өту әдісі;
- техникалық құрал-жабдықтарды жарым-жартылай қолдану әдісі;
- техникалық құрал-жабдықтарды қолдана (аудиовизуалды) оқыту әдісі.

Интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарды қолданбай өту әдісіне жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, карусель – айналмақ, шағын топтармен жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миға шабуыл (мозговой штурм), броундық қозғалыс, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тыңдау, ролдік

(іскерлік) ойын, сығымдау әдісі, өз позицияңды ұстан, дискуссия, дебаттар т.б. жатады.

Қазіргі күннің білім беру салаларына қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт дайындап шығару болғандықтан, жоғарғы оқу орны оқытушы-профессорлары алдына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Соған байланысты студенттерге ақпараттық білім негіздерін негіздеу, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу іс-әрекетін жүзеге асыру болып отыр. Осы орайда педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, студенттердің білім-білік, дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізетін ақпараттық технологияның бір түрі – интерактивті технология. Мұндағы интерактивті сөзі «inter-бірлесу, аст-әрекет жасау» мағыналарын білдіреді, бұл нақты уақыт режимінде қолданушы мен ақпараттық жүйе арасында диалог құрушы құралдар ретінде. Интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарды қолдана оқыту әдісіне компьютерді, мультимедиалық проекторларды немесе бейнемагнитофондарды пайдалану жатқызылады. Аталған құралдардың барлығы білім беру секторларында, оқыту орталықтарында жиі қолданылады. Осыған байланысты Smart technologies Inc. компаниясы 1991 жылы дүниежүзінде бірінші болып интерактивті тақтаны ұсынды. Интерактивті тақта оқу пәндерін түрлендіруге көмегін тигізіп, оқытудың барлық кезеңінде, яғни бастауыш, орта мектептерде және жоғарғы оқу орындарында білім сапасын арттыруға ықпал етуде.

Интерактивті тақтаның көмегі оқу барысында өте зор екені зерттеу жұмыстарында айқын көрсетіліп жүр. Бұл – жаңашыл аудиовизуалды техникалық құрал-жабдықтар мен оқытудың үдемелі де қарқынды әдістерін қолдану арқылы тыңдаушыларын қызықтырып, сабаққа белсенді түрде қатысуын арттыратын, материалдарды меңгеруді жеңілдететін, сонымен қатар студенттерге ауқымды оқу материалдарымен көмектесісі келетін оқытушыларға өте тиімді таңдау.

Бұл технологияның өзін мұғалім түрліше (орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен) іске асыру мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге студенттің әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Интерактивті әдіс кезінде:

- сабақ үстінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынас орнайды;

- ондай қарым-қатынас білім алушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде қалыптасады;

- онда білім алушылардың жауабынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды болады.

Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға уйрету. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда балалардың бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Бұл әдісте білім алушы мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

- мұғаліммен (сұраққа жауап берген кезде);

- өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеген кезде);

- шағын топтармен (топпен жұмыс істеген кезде);

- белгілі бір топпен, аудиториямен (сауалнама алғанда)

- кейбір техника түрлерімен (компьютермен интернетке шыққанда т.б.).

Интерактивті әдістің ерекшелігі – бала өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады. Интерактивті әдістеме білім алушылардың мынадай мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді:

- олар мол мағлұмат алып, өздері айтқан пікірге логикалық түсініктеме беруге жол ашады;

- өз пікірлерін терең ойланып айта алатын болады;

- мәселені талқылаған кезде бұған дейін алған, тәжірибеде жинақтаған білім қорын пайдалана алады;

- бір - бірінен жаңа мағлұматтар ала отырып, білімін толықтыра алады;

- шындыққа көз жетуі үшін дәлел іздеп, ойын анықтап көрсете алады;

- Интерактивті әдісте таным қабілеттерінің мынадай түрлері қолданылады:

- фактілерді еске алу;

- ойлану;

- алған білімін жаңа жағдайға пайдалану;

- талдап, синтездеп үйрену (бір ортақ шешімге жету үшін, барлық идеяларды біріктіру);

- баға беру (сапасын анықтау).

Бұл әдіс осылай жастарды жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады. Бұл ретте ең алдымен оқытудың формалары мен түрлерін, әдістерін түрлендіріп, жанартып отыру, білім беру ісін технологияландыру (озық техникаларды мысалы: ғаламторды, интерактивті тактаны, электронды оқулықтарды т.б. пайдалану) керек. Ең бастысы білім алушыларды оқу әрекетінің субъектісі ретінде дамуын қамтамасыз ету керек. Олардың оқу әрекеттерін ынталандыруда барлығының көзқарастарына көңіл бөлу керек, пікірлеріне шынайы қызығушылық танытып, келісуі оларды белгілі бір шешім қабылдауға мәжбүрлемеу, пікірлерін сынауға, жоққа шығаруға, кемсітуге жол бермеу керек.

Интерактивті әдіс кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы керек;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау керек;
- оған өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік жасау керек;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолының бірі – сабақта оқытудың интерактивті әдісін қолдану болып табылады [4, 22].

Сонымен, интербелсенді оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту педагогикада басымды бағыт болып есептеледі. Жалпы алғанда өркениеттің прогрессивті дамуының негізгі қозғаушы күші шығармашыл тұлға екені белгілі. Өйткені біздің заманымыздың электрондық, атомдық, космостық де аталып жатуының өзі адамның ақыл-ойының, санасының жетілгендігінің нәтижесі, бір сөзбен айтқанда, осының бәрі адам шығармашылығының жетістіктерінің көрінісі.

Сондықтан оқу үдерісінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі, өз бетімен білімді игеру дәрежелері дидактика мен мектеп практикасында үнемі басты проблеманың бірі болып табылады. Заман ағымымен тығыз байланыста болатын білім беру үрдісі қай кезде де әрбір адамның жалпы дамуының кең ауқымдылығын қамтамасыз етуі шарт. Негізінен тек мұғалім түсіндіріп, оқушылар тындап, сұрағына жауап беріп, не жоспар бойынша практикалық жұмыстар орындаған формасына қалыптасып алғанбыз. Сабақты осылай өткізу, әрине баланың ойлануына, ой жүйесінің дамуына кең мүмкіндік бермейді. Ойланып отырған адамды қалай анықтаймыз десек, ол оның дайын жауапты енжарлы күтіп отырғаны емес, белгілі бір жұмысқа деген белсенді (проблеманы шешу) әрекеті деп білеміз.

Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі мен дербестігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Сондықтан оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру-әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі болып есептеледі.

Көптеген авторлар оқушылардың сабақтағы белсенділігі «саналылық және белсенділік», саналылық, белсенділік, дербестілік» «саналы белсенділік және дербестік» деген сияқты сөз тіркестерімен беріп дидактиканың принциптері ретінде қарастырады [5, 36].

Т. Шамова белсенділіктің маңызды рөлін ескере отырып, оны жекеше дидактикалық категория категорияға бөліп қарастырады [35, 59] Шын мәнінде саналылық пен белсенділік принциптері арақатынастарын алсақ, онда мақсатты белсенділік толық ұғынған жағдайда болады, сондай-ақ белсенділіксіз саналылық нәтижесіз болатынын көреміз. Оқушылар белсенділігі болмас оқу үрдісіне толық қатыса алмайды. Ендеше белсенділік білім мақсатарына жетудің негізгі шарттарының бірі.

«Белсенді әдістері» терминін қолдану белсенді емес енжарлы да әдістер бар деп жорамалдауға тура келеді.

Белсенділік (лат. Activus - әрекетшіл) - бұл психикалық көрініс, қарқынды немесе бір ерекше әрекет жасауда көрінетін адам мінезінің бір қыры.

Педагогика үшін анықтаушы сұрақтардың бірі - кез-келген әрекет барысында баланың позициясы, оның әрекетші ретіндегі белсенді және өзіндік рөлі. Жеке адам белсенділігі - оның болмысындағы негізгі мәселенің бірі. Ф. Энгельс айтуынша: «әрекетшілдік - тіршілік иесінің бәріне тән өз бетімен жауап қайтару қабілеті». Адамның белсенділігі өз қажетін қанағаттандыру үрдісі кезінде көрінеді. Жануарлардың әрекетшіл-мінез- қылығы мен адам белсенділігі арасында айырмашылық осыдан көрінеді. Жануар мінез-қылығындағы әрекетшілік табиғи жаратылысындағы (ол тіршілік үшін күрес нәтижесінен туындап, табиғи сұрыпталудағы бейімделгіштік көрініс дене құрылымы, инстинкт жиынтығы) ерекшелігі. Олар өздері тұтынатын объектіні алдын-ала белгілеп анықтағандай болады және соны игеруге бағытталған белсенді талпысын білдіреді. Қажеттіліктерін қанағаттандыру үрдісі сыртқы ортаға барынша толық бейімделулерін қамтамасыз етеді [6, 122].

Адамның белсенділігі басқаша, бұл әрекетшілдіктің көзі - адам қажеттілігі. Қажеттілік оны тәрбиелеу барысында қалыптасады. Адамзаттың қоғамдық тәжірибесін меңгеруге баланың әрекеті мен мінез-қылығын бағыттайтын белсенді үрдіс - оқыту деп аталады. Оқыту белсенділігі жағдайларына байланысты жүргізілген белгілі дидактикер

- Р.А. Низамов, В.Ф. Шмаргун, Л.П. Аристова, В. И. Орлова, Н. А. Половникова, Т.И. Шамова еңбектерінде ол түрлі- түрлі бағытта түсіндіріледі.

Белсенділік болса студентте шығармашылық қалыптасады. Шығармашылық, шығармашылық қабілеттер және олардың дамуы адамзаттың мәңгі мәселелерінің бір қатарына жатады. Ғылыми білімдердің даму тарихында бұл мәселе әр түрлі мектептердің және бағыттардың зерттеушілерінің назарын өзіне аударып келеді. Педагогикада креативтілік ретінде тапқырлық, қиял, түйсік, мәселелерді шешу секілді қабілеттер түсіндіріледі. Мұнда, бұл қабілеттердің көп қырлылығы айтылады. Креативтілік - шығармашылық білім беру іс-әрекетінің негізі, бірақ ол тектілік қабілет болып табылмайды. Ғылымда «креативтілік» ұғымына төмендегідей ғалымдар анықтамалар ұсынады.

Е. Торренстің пікірінше, креативтілік - бұл арнайы емес, өнімді ойлау, зиятқа, жеке сипаттарға жүгінетін жалпы қабілет деп түсіндіреді. Ол шығармашылық үдерісті мәселені қабылдау, шешім қабылдау, болжамды құру, түрлендіру, шешімін табумен сипатталады деген. Торренстің пікірінше, креативті болу – тереңірек қазу, алысырақ қарау, қателерді түзеу, мысықпен әңгімелесу, тереңірек сұңғу, қабырғаны жарып шығу, күнді жағу, құмда сарай тұрғызу, келешекке сәлемдесу [7, 25].

«Креативтілік – шығармашылыққа жалпы қабілет, тұлғаны тұтастай сипаттайды, белсенділіктің әр түрлі аясында пайда болады. Аталған анықтамадан шыға отырып, мұны В.Н. Дружинин, креативтілік бұл қабілет, ал қабілет – өмірлік әрекет барысында дамитын қасиет және креативтілік – көлемі тұрақты емес, «белсенді креативтілік» қалпында пайда болатын дамушы деп анықтайды [8, 165].

Креативтілік орта әсер еткенде тұлғалық сапа ғана қалыптасады. Дегенмен, қандай да жетілген инновациялық білім беру ортасы болмасын, онда жоғары деңгейдегі креативтілік қалыптаспайтыны сөзсіз. Сондықтан да зерттеуімізге субъект мәселесін өзекті етіп қарастыруды жөн көрдік. Өйткені, тұлғаның субъектілік ерекшеліктері көбінесе іс-әрекетке қатысты сипатталады. Бірақ, субъект ақиқатты бейнелеп қана қоймайды, ол әрқашан осы ақиқаттың мән-мағынасын айқындап, оның құнды жақтарын ашып, оған өзіндік мазмұн береді. Субъектілік қасиеттің ерекше белгісіне әлеуметтік сипат жатады.

Субъект табиғаты мен мәнісін ашатын тұжырымдамалар, ілімдер педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бірқатар ресейлік және шетелдік ғалымдардың (К.А.Абдульханова, А.В. Брушлинский, Г. Олпорт, К. Юнг және т.б.) зерттеу нәтижелері болып табылады.

Қ.М. Нағымжанованың зерттеулерінде университеттің инновациялық білім беру ортасындағы студенттерге ықпал ететін субъектіліктің құрауыштарын анықтау үшін ғылыми еңбектерге кең ауқымды талдау жасалған. Осылайша, студенттің субъект ретіндегі креативтілікті меңгеруін танытатын мәндік сипаттамалары былайша қорытындыланып, жинақталған:

1. Белсенділік;
2. Арнайы қабілеттердің тұтастығы, ықпалдастығы;
3. Инновациялық іс-әрекет жүйелігі;
4. Дербестік;
5. Саналылық;
6. Жасампаздық;
7. Ізгіліктілік;
8. Рух күші;
9. Жауапкершілік;
10. Қайраттылық, жігерлілік;
11. Бастамашылық;
12. Өзіне сенімділік және басқаларға сенім артуға қабілеттілік; педагогикалық жеке стилінің авторы бола алу;
13. Дүниені тану мен өзгертіп, түрлендіруге қабілеттілік;
14. Әлеуметке бағдарланған белсенділік;
15. Өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі өзіктендіруге қабілеттілік;
16. Инновациялық үдерістерді, педагогикалық мәселелерді өзікте ете алу;
17. Педагогикалық технологиялардың белгілі бір түрлерін меңгеріп, оларды жетілдіре алу;
18. Өмір сүру мен іс-әрекетте жеке-даралық сипаттағы стратегиялар мен мәнерлерді қолдана алу, яғни бірегейлікпен танылу;
19. Өз даралығын, құндылығын күшейте алу – деп қарастырады [10, 6].

Әрине, бұл тізімде студенттің креативтілігінің субъект ретінде танудың барлық қасиеттері түгелімен қамтыла қоймағаны анық. Бірақ осылардың өзінен-ақ студент креативтіліктің қалыптасу нәтижесінде белсенді түрде әрекет жасайтыны, дүниені тани алатыны, сана мен ерік арқасында өзін, педагогикалық іс-әрекетті, оқытушы-студент арасындағы қарым-қатынасты үздіксіз дамытып, жетілдіретіні және өз мәселелерін өзі шешуге қабілетті екені көрінеді.

Жоғары оқу орындарында креативтілік қалыптасады, өйткені тұлға күрделі құрылымдық, көпдеңгейлі, ашық, белсенді болғандықтан оның көптеген бағытта өзгеру мен даму мүмкіндіктері болады. Бұл

бағыттар қандай да бір мәселеден бастау алады. Жоғары оқу орындарының инновациялық білім беру ортасында білім алу кезеңі қабылданатын әсер бағыттарды белгілі бір тұсқа, нысанға көздейді. Кейде даму бағыты оңымен емес, кереғар бағдар алуы әбден мүмкін. Сондықтан адамның тұлға, педагог ретінде оңды дамуы белгілі бағыттарды көздеуі керек:

- өмірлік тәжірибесінің субъектісі;
- пәндік тәжірибесінің субъектісі;
- қарым-қатынас тәжірибесінің субъектісі;
- өзін-өзі тану тәжірибесінің субъектісі болып табылады.

Заманауи мектептің жұмыс тәжірибесі оқытушы қажетті ақпаратты анық және дұрыс жеткізіп қана қоймай, жаңа, сонылы идеяларды ойлап тауып, жүзеге асыра білуі, мәселелелі педагогикалық жағдаяттар мен міндеттерді шешудің дәстүрлі емес түрлерін таба білуі, яғни ойлау креативтілігін меңгеруі тиіс.

Ғалымдардың еңбектерінде талдау жүргізу негізінде, «рефлексия» - кең ауқымды да, көп мағыналы ұғым деген тұжырым жасаймыз. Оған төрт түрлі мағынада анықтама береміз: біріншіден, психологиялық тұрғыда ынықтама беруге тырысамыз. Бұл жерде рефлексия – ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділік ретінде көрініс табады. Екінші кезекте логикалық-гносеологиялық анықтама береміз, яғни, рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістерін талдау ретінде қарастырылады. Үшінші кезекте элеуметтік-философиялық анықтама береміз. Рефлексия – өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы ретінде түсіндіріледі. Төртінші кезекте педагогикалық анықтама береміз. Рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы ретінде қарастырылады.

Рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы. Рефлексияны қалыптастыруда өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі реттеу бір-бірінен бөлінбейтін үрдістер болып табылады. Сондықтан осы үрдістердің әрқайсысына сипаттама бере отырып, өзіне тән ерекшеліктерін ашып көрсетеміз. Сонымен қатар студенттерде педагогикалық рефлексияны қалыптастырудың қағидаларына, құралдарына сипаттама береміз.

Интерактивті оқыту әдістері – *inter* (өзара), *akt* (әрекеттесу). Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың

тең құқылы субъектісі болып табылады. Ал, білім берудегі интерактивті технология – оқу үдерісінде ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, студенттің үдеріске қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту технологиясы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану. – Алматы, 2009. – 85 б.
2. Мыңбаева А.К., Садвакасова З.М. «Оқытудың инновациялық әдістері, немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады». – Алматы, 2010. – 101 б.
3. Ангеловский К. Учителя и инновации: кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1991. – 158с.
4. Реутова Е.А. Применение активных и интерактивных методов обучения в образовательном процессе вуза. – Новосибирск: Изд-во, НГАУ, 2012. – 58 с.
5. Активные и интерактивные формы проведения занятий при подготовки бакалавров сферы обслуживания: учебно-методическое пособие. – М., 2011. – 152 с.
6. Управление образовательными системами пособие для студентов вузов / Под ред. Т.И.Шамовой. – М.: Владос, 2001. - 319 с.
7. Давыдова Г.А. Творчества и диалектика. - М.Наука, 1976. – 175 с.
8. Психология. Учебник для гуманитарных вузов /Под общ. ред. В.Н. Дружинина. – СПб.: Питер, 2009. – 656 с.
9. Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастыруының ғылыми негіздері. – Алматы, 2010. – 112 б.
10. Шошабаева С. Субъектілік белсенділік жағдайында болашақ маман ретінде студенттердің креативтілігін қалыптастыру // Жас ғалымдар мен студенттердің «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, 8-11 сәуір, 2014. – II том. – Б. 141-145

Ғылыми басылым

**Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері,
әдебиет сыншысы, жазушы-публицист
С. Әшімбаевтың 70 жылдығына арналған**

**«ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ:
ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ» атты
халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 6 қазан, 2017 жыл

Жинақ авторлық редакциямен жарыққа шықты

ИБ 111269

Басуға 03.10.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 15,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №4667. Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.